



TURKIC
АКАДЕМИЯСЫ



М.О. ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ
ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР
ИНСТИТУТЫ

МАҒЖАН

Шығармаларының
ақадемиялық
толық жинағы

ЕКІНШІ ТОМ



Астана, 2023

ӘЖК 821.512.122

КБК 84 Қаз 7-44

Ж 87

Баспаға М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының
Ғылыми кеңесі ұсынған

Басылым ҚР ФЖБМ Ғылым комитетінің BR20281009 «Қазіргі әдебиеттану мен
өнертандың өзекті мәселелері» атты конкурстан тыс нысаналы бағдарлама
аясында әзірленді.

«Академиялық басылым» сериясының негізі 2020 жылы қаланған

Идея авторы және жоба жетекшісі:

ҚР ҮФА корреспондент-мүшесі, филология ғылымдарының докторы
К.И. Матыжанов

Пікір жазғандар:

ҚР ҮФА академигі, филология ғылымдарының докторы Д. Қамзабекұлы,
филология ғылымдарының докторы, профессор Д. Ысқақұлы,
филология ғылымдарының докторы Н. Ақыш

Томның редакция алқасы:

К. Матыжанов (жалпы редакциясын басқарған), Ш. Мустафаев, С. Қасқабасов,
А. Қалиева, Т. Қыдыр, Т. Әкімова (жаупапты шығарушы), Н. Мұрсәлімова,
Ж. Рақыш (жаупапты редактор), Ж. Салтақова, Ш. Сарiev, Н. Сәрсек.

Ж 87 Мағжан Жұмабайұлы

Шығармаларының академиялық толық жинағы. / Үштомдық. 2-том
/ Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: К. Матыжанов,
Т. Әкімова, Ж. Рақыш, Н. Сәрсек – Астана: Түркі Академиясы,
2023. – 568 бет.

ISBN 978-601-339-232-5 (жалпы)

ISBN 978-601-339-236-3 (2-том)

Мағжан Жұмабайұлы шығармаларының академиялық жинағы ғалымның 130
жылдық мерейтойына орай текстологиялық зерттеулер негізінде сараланып,
мазмұндық, мәтіндік, құрылымдық түрғыдан толықтырылып шығарылып отыр.

Жинақтың екінші томына М.Жұмабайұлының поэмалары, «Шолпанның
құнәсі», «Алатрудың етегінде» әңгімелері мен аудармалары топтастырылған,
мұрағат материалдары мен фотосуреттері берілген.

ӘЖК 821.512.122


КБК 84 Қаз 7-44

ISBN 978-601-339-232-5

ISBN 978-601-339-236-3

© М.О. Әуезов ат. Әдебиет және өнер институты, 2023

ПОЭМАЛАР



ҚОРҚЫТ

Алтайға жер жүзінде тау жоқ жеткен,
Алтайға бетегедей алтын біткен.
Бейіштей алтын Алтай етегінде
Ертеде алаш елі мекен еткен.

Ол күндер көз жетпейтін ерте күн ғой,
Ерте күн – ертегідей ерке күн ғой.
Өткен күн – ұстаптайтын сұлу сағым,
Жалғыз-ақ желден жүйрік жетеді ой.

10 Өткен күн ертегімен таласқандай,
 Уа, дүние, ол күндерде алаш қандай?!
 Ой-қырдан орғып-қарғып еріккенде,
 Алтайда ойнақ салып жүрген андай.

Сол күнде бір ер бопты алты алашта,
Қаны бір қалың елмен, жаны – басқа.
Елікпей ес білгелі еш нәрсеге,
Өзіндей үйірілмеген албырт жасқа.

20 Қорқыт деп қойған еken ердің атын,
 Оңған ел ер деп атар азаматын.
 Талайлар таңданыпты күнде көріп
 Қорқыттың мінезінің тым-ақ жатын.

Қорқытқа ес білгелі бір ой түскен,
Айнымай сол ойменен күнде у ішкен.
Ой билеп, үйден, елден безіп кетіп,
Жұрт оны қауесет қып жынды дескен.

Поэмалар

Ежелден белгілі ғой көптің сырсы,
Боласың, көптей болсаң, көптің ери.
Көпкө егер ісің, ойың үйлеспесе,
Күмән жок, кім болсаң да соғар «пері».

30 Қорқыт та ерте ат алды «пері соққан»,
Қорқыттың жан болмады жанын ұққан.
Ой екен қандай ғана Қорқытты улап,
Айырған дос, туысқан, елден, жұрттан?

Қорқыттың мынау ой ед есін алған,
Жанына ерте қүннен жара салған:
«Топырақ боп ертең шіріп қалмақшымыз,
Өміріміз неге шолақ тәтті балдан?

40 Әншнейін өмір деген ермек үшін,
Күні ертең соғар жүрек сөнбек үшін.
Ойланып, қалай ғана уланбассың,

Берілсе адамға өмір өлмек үшін?

Бір кезде көл толады құрымақ үшін,
Күні ертең гүл гүлденед солмақ үшін.
Біраз күн адам тұрар, өмір сүрер,
Құртқа жем, шіріп, сасып, болмақ үшін.

Сары суға қан берілген айналмаққа,
Өліммен тіл берілген байланбаққа,
Әлпештеп, ардақтаған денең шіріп,
Желменен топырақ боп айдалмаққа.

50 Көз ашып жұмғандай-ақ өмір шолақ,
Алдыңды көз ашсаң-ақ ажал қамап.
Өмірде мынау шолақ неге керек
От-үміт, ойын-күлкі, таудай талап?

Әлдекімге адам деген ермек үшін,
Жүректе от ойнайды сөнбек үшін.
Ойланып, қалай ғана уланбассын,
Берілсе адамға өмір өлмек үшін».

60 Қорқыттың жүйрік жанын жай тасындаі
Жанышқан осы ойлар ед қорғасындаі,
Паршалап тілім-тілім, ерте өртеп,
Кіршіксіз жас жүрегін көз жасындаі.

Ой билеп, жап-жас Қорқыт елден безді,
Түгел ол ойын-күлкі, қойды сөзді.
Елікпей, үйірілмей еш нәрсеге,
Алтайдың алаптарын жалғыз кезді.

Алтайдың Қорқыт кезді алаптарын,
Ешкімге үқтыра алмай жанның зарын,
Ата-ана, дос, туыскан – бәрін тастап,
Талақ қып қара көзді қарақтарын.

70 От-адам отпен ойнап сынар бағын,
Жүйрік жан қажу білмес, қуар сағым.
Тағы бол, құніреніп кезіп кетті,
Қорқыт та шешпек болып жан жұмбағын.

Аяңдап алдыменен тауға келді,
Асқарға: «Өмір не?» – деп сұрау берді.
Жаны – тас, жүрегі – тас тау не десін,
Өзінен: «Өмір не?» – деп қайта сұрды.

80 Бұрылып таудан ақырын орман барды,
Оған да: «Өмір не?» – деп сұрау салды.
Ежелден ой білмеген меніреу орман
Қақып қарағайы аң-таң қалды.

Сұраса суға келіп: «Не, – деп, – өмір?»
Беті құр соғылғанның жыбыр-жыбыр.
Желге айтып ед, ол жынды не деуші еді,
Басы жоқ, аяғы жоқ сыбыр-сыбыр.

Күн анау ешбір үнсіз алас ұрган,
Ай да бір – өгіз де бір аузын буган.
Қылмындан қар қатындаі көзін қыскан
Жұлдыздар тазарта алмас жүректі удан?!

90 Не керек, Қорқыт кезді тынып жатпай,
Ешбір зат тастамады зарын шақпай.
Көк мылқау, жері мылқау – бәрі мылқау,
Өртенді ер жұмбағына жауап таппай.

Тұнерді бұрынғыдан Қорқыт бетер...
Есалаң ескен желдей өмір өтер.
Күмәнсіз өлерінді біле тұрып,
Дүниеде талаптану, тұру бекер.

100 Көз ашып, өмір шолак, жұмумен тең,
 Тағы да өз өмірің соққандай сен.
 Арандай қарсы алдында аузын ашқан
 Жоқ па еken шыныменен ажалға ем?

Кім білед, өлмейтуғын ел бар шығар,
 Кім білед, ажалға да ем бар шығар.
 От-суы, топырағы қасиетті,
 Кім білед, өлтірмейтін жер бар шығар.

Әуесі уланбаған өлімменен
 Сөз де жоқ, өлу түгіл, «өлім» деген,
 Адамзат таппаса егер ажалға айла,
 Не қылмақ пайдасы жоқ білімменен?! –

110 Деп ойлап, қайырылмай ешбір затқа,
Ажалдан қашып шығып құтылмаққа,
Айрылып Алтайынан кетті Қорқыт,
Өлімнен аман ел мен жер таппаққа.

Түзеді күншығысқа Қорқыт бетін,
Адамға жаяу, жалғыз жол тым шетін.
Арыды, ұшырасты сансыз жаумен,
Сонда да ұзбеді ол еш үмітін.

120 Талса да тоқтамады, Қорқыт жүрді,
Бетпақ шөл, өтті талай қырды, өрді.
Қажыған, қаны кеүіп мезгілінде
Алыста мұнарлаған қара көрді.

Жапанда бір буалдыр қарандыған,
Жасаған Қорқыт жанын тыңдырмадан...
Қараға жылдам басып жетіп келді,
Қорқытты қайғы басты түннен жаман.

Көзінен сорғалады жас бұлақтай,
Жапанда қағулы бір қара тақтай.
Тақтайдың түбінде бір қазулы көр,
Тастаған үңірейтіп, бетін жаппай.

130 Әлдекім жапан түзде бір көр қазған,
Басына тақтай қойып, сөздер жазған:
«Өлімнен құтылмайсың қашқанменен,
Мынау көр – сенің көрің, Қорқыт жазған!»

Мынау сөздерді оқып ол түн боп кетті,
Басқандай жүргегіне болды шоқты.
Көл болып көздің жасы төгілгенмен,
Заулаған баса ала ма ол жандағы өртті?!

Ой өсті, қалың өрттей уын шашты,
Ауыр ой қорғасында жанды жанышты.
Қарсыдан қашқан көрі шыққаннан соң,
140 Бұрылып Қорқыт кейін қадам басты.

Түзеді енді бетін батыс жаққа,
Қайғылы, қажу бар ма о бейбаққа?!
Жапанда жалғыз өзі күбірлейді,
Сөздерді тақтайдағы алған жатқа.

Апырмай, табылmas па ажалға айла,
Өмірден, табылmasа, қандай пайда?!

Жүрістен дене түгіл, жан шаршады,
Өлімнен аман ел мен жері қайда?

Бір жан жоқ қыбырлаған, дала, дала...
150 Келеді Қорқыт сорлы жаны жара.
Ай-жыл өтіп, ер әбден арыған шақ,
Алыста бұлдырлайды тағы қара.

Қорқыттың ынтасы өлген, көңілі қаяу,
Қараға баяу басып келді таяу:
Тағы көр, тағы тақтай, тағы жазу,
Тәнірі Ие-ау, тегі, сенде бар ма аяу?!

Терең ғып тағы біреу бір көр қазған,
Басына тақтай қағып, жазу жазған:
«Өлімнен құтылмайсың қашқанменен,
160 Мынау көр – сениң көрің, Қорқыт жазған!»

Қорқыттың қайғысы енді болды басым,
Жаздың не, жазбадың не жан жарасын?!

Есі ауып байтақ уақыт жатқаннан соң,
Көтеріп бір мезгілде алды басын.

Ойменен пара болған жан жыртылып,
Мерт болған ессіз жүрек айға ұмтылып:
Кеудеде құр әншейін шықпаған жан,
Тұрды да кетті Қорқыт сүйретіліп.

- 170 Алыста сөнген оттай үміт өлді,
 Сұм тағдыр қатты қақты созған қолды.
 Сонда да қажу білмей ойлы Қорқыт
 Дүниенің төрт бұрышын кезбек болды.

Қалмады жер жүзінде бармаған жер,
Қорқыттың қанды жасы тамбаған жер.
Басса да қайда қадам сорлы Қорқыт,
Алдынан қарсы шығад қазылған көр.

- 180 Қазылған, онға барса, онда да көр,
 Қазылған, солға барса, солда да көр.
 Шоңқиып көрге қонған күшігендей
 Көр сайын қара тақтай қағулы тұр.

Алдынан кез келеді бір көр қазған,
Басына тақтай қағып, жазу жазған:
«Өлімнен құтылмайсың қашқанменен,
Мынау көр – сенің көрің, Қорқыт жазған!»

Дариға, табылмақ па ажалға айла?!

Жерде-жер өлім жүрмес болу қайда?!

Алдыңнан, қайда барсаң, көр кез келед,
Өлімге, сорлы Қорқыт, басың байла!

- 190 Не пайда шомылғанмен қанды жасқа?!
- Не пайда басты ұрғанмен тау мен тасқа?!
- Дүниеде ажалдан күшті алла болмас,
 Көрмессің кезгенінде көрден басқа.

Шықпаған кеудесінде шыбын жаны,
Қасықтай кеүіп, бітіп қалған қаны:
Аяндал, аруақ боп Алтайына
Күнірентіп қайтты Қорқыт жерді зары.

- 200 Қайтса Алтай, баяғы Алтай күнірекен,
Асқарға аспан төніп емірекен.
Керіліп бұлтпенен бал алысқан
Еркенің не ісі бар ой-шерменен?!

Мелшиген баяғыдай меніреу орман,
Ойнаған асая бұлақ шапшып ордан.
Жел анау қорінгенді бір сүйсе де,
Жар таппай жаны бірге «мәнгі» ah ұрған.

Ел мынау баяғыдан малын баққан,
Малындай алдындағы жусап жатқан:
Қайғысы, қуанышы бәрі де ойсыз...
Сиырдай бәрі өкіріп, бәрі шапқан.

- 210 Қайтты да айналғандай есалаңға,
Ләм-мим деп бір сөз қатпай тірі жанға,
Күніреніп жер бауырлап жатып алып,
Ұйқысыз қосты Қорқыт таңды-таңға.

Бір күні шошып тұрып көргендей тұс,
Кесіп ап қарағайдан, қылды қобыз.
Қыл тағып қобызына сөйлетіп ед,
Алтайды күнірентіп шықты лебіз.

- 220 Қобыздан мұнды дыбыс соргалады,
Майпандарап ә дегенде жорғалады;
Біресе асая тайдай ойнақ салды,
Біресе сары нардай ырғалады.

Дуылдан қырдан жерге түйілгендей,
Долданып дауыл құмды үйіргендей,
Басылып біраздан соң сылқ-сылқ құлед,
Дүшпанын мұқатқанға сүйінгендей.

Біресе жүйрік желдей кетеді есіп,
Асқарды аттап өтті, дария кешіп.
Біресе әлдекімге тіл қатқандай,
Желменен жапырақтай күбірлесіп.

230 Біресе от сықылды аспанға асқан,
Жоқ әлде ор қоян ба орғып қашқан?!
Біресе күрсінгендей, күніренгендей,
Жандай-ақ қап-қараңғы қайғы басқан.

Қобыздың сарнағаны зарлағандай,
Қан шашып әлдекімді қарғағандай.
Журегі мың жара боп паршаланып,
Күйініп көзінен жас парлағандай.

240 Күніренді, жылады зарлап қобыз,
Жанды өртеді толқынды, мұңды лебіз.
Жасын төкті көл қылып шерлі Қорқыт,
Жан жыласа, жыламай қала ма көз?!

Қобыздан осылайша шықты сарын,
Бірде мұз, бірде дауыл, бірде жалын...
Қарағай мен қыл сырнай не деуші еді,
Шығарды сарынменен Қорқыт зарын.

Таба алмай жерді кезіп ажалға айла,
Дариға, ажалға айла болу қайда?!

Азырак улы ойларын бөлмес үшін,
Жабысты шерлі Қорқыт қарағайға.

- 250 Қызырый ашуменен күн батқанда,
Ерініп, еркеленіп таң атқанда,
Қарны тоқ, қайғысы жоқ, жаны тыныш
Малдай-ақ қор-қор үйиқтап ел жатқанда.
- Байлары малман-малмаң мал баққанда,
Батырлар балпаң-балпаң ел шапқанда,
Ішкені - мас, жегені - тоқ, бәрі де мәз,
Кедейлер көк есектей зыр қаққанда...
- 260 Қорқыттан серпілмейді қалың уайым,
Қолынан тастамайды қарағайын.
Қобыздың лебізінде мұң молайды,
Зымырап өмір шіркін озған сайын.
- Өмірде жүрген жерін қанды ор ғып,
Шеше алмай жан жұмбагын шерлі Қорқыт,
Жұбанды қолындағы қобызымен,
Көрге де қобызымен кірді Қорқыт.
- Өткен күн ертегі ғой, тамаша таң,
Ойласаң өткен күнді, жұбанар жан.
Байқасаң, адамзатта болған ба ақын
Қорқыттай атасынан бата алмаған?
- 270 Ақын – жел, есер, гулер жүйрік желдей,
Ақын – от, лаулап жанар аспанға өрлей.
Қиялы, жан-жүрегі – ойнаған от,
Ақынды аласұртар тыныштық бермей.
- Жай адам қияға ондай қол сермей ме?!
Ақынға аз нәрсе ауыр ой бермей ме?!
Қиялмен арсыға ұшқан, сағым құшқан
Жүйрік жан алдында ылғи көрмей ме?!

- Жел жүрсе, терең теңіз тебіренбей ме?!
- Көр көрсе, ақын жаны күніренбей ме?!
- Көргенін кеңес қылыш күніренсе ақын,
- 280 Тыңдаған тірі жанға шер бермей ме?!
- Құшақтап қарағайын сарнаса ақын,
- Толғанып, жасын төгіп, зарланса ақын,
- Шеткекерек түршіп біраз тыңдағайсын,
- Баспалап, төніп, жаншып келме жақын.
- Жақындық қажет емес жүйрік ойға,
- Шер – сиқыр алыстан-ақ тарамай ма?
- Ақынды алыс тыңда, көп тілеймін
- Қағылып кете көрме қарағайға!
- Ақынның қарағайы – жары да сол,
- 290 Ата-ана, малы-мұлкі, жаны да сол.
- Сезімпаз қарағайдың нәзік қылы
- Ақынның жүргегіне жалғанған ол.
- Сорғалап сиқырлы үн шығар ішектен,
- Шықпақшы ішектен емес, үн жүректен.
- Үзілсе ішек, үзілмек нәзік жүрек,
- Сондықтан, сұрағаным – тыңда шеттен.
- Серпілмес терең жаннан қалың уайым...
- Тұсірмес қолдан ақын қарағайын.
- Үнінде қарағайдың мұң молаймақ,
- 300 Зымырап өмір шіркін озған сайын.
- Атасы ақындардың – ақын Қорқыт
- Өмірде жүрген жолын қанды ор қып...
- Шомылып көз жасына сарнай, зарлай,
- Құшақтап қарағайын жатыр Қорқыт.

* * *

Ол күндер көз жетпейтін ерте күн ғой,
Ерте күн – ертегідей еркек күн ғой...
Откен күн – ұстаптайтын сұлу сағым,
Жалғыз-ақ желден жүйрік жетеді ой...

310 Откен күн ойды әлдиlep тербеткендей,
Ойынды Алтай бойына өрлеткендей.
Тыңдасаң құлағың сап сар даланы,
Қорқыттың сарыны әлі күніренткендей...

Тыңдасаң, есітесің жаныңменен,
Сар дала күніренеді сарынменен.
Ерте естіп сол сарынды, ерте уланып,
Мен сорлы көптен әуре зарымменен.

320 Ес білдім, аласұрдым сағым қуып,
Жете алмай, бетті талай жаспен жуып.
Артымда – ор, алдымда – көр, өтеді өмір...
Дариға, бесігімнен көрім жуық.

Көп заман жетеледі жынды жүрек,
Ойладым: «Жүрек жетер, ой не керек?!»
Тәтті у еді, сол удан неге айныдым?
Дариға, үміт өлед, жүрек сөнед.

Бір күнде жолдас болдым құйынменен,
Өмірді алмақ болдым ойынменен,
Ойын тынды, жолдасым жоқ боп кетті,
Бұл күнде уланамын ойымменен.

Мағжан

330 Енді менің жолдасым – жалғыз қобыз,
Сарна, қобыз, мұң-зарлы шығар лебіз!
Сен жыласаң, жылармын мен де бірге,
Жан жыласа, жыламай қала ма көз?!

336 Өмірде арманым жоқ – Қорқытқа ерсем,
Қорқыттай жанды жаспен жуа білсем.
Жас төгіп сүм өмірде сарнай, зарлай,
Құшактап қобызымды көрге кірсем!..

ЕРТЕГІ

Бүгін жаным өртке оранған жанга ұсап,
Бүгін жаным тым аңсады от құшақ.
Жынды жүрек тығылады аузыма,
Тілім-тілім тілсе келіп у пышақ...

Бүгін жүрек отты қарақ іздейді,
Бүгін жүрек күшті арақ іздейді.
Құшар едім... ішер едім... жылар ем...
«Сен» деуші жоқ, бәрі де шет: «Сіз» дейді...

10 Аласұрад, жынданады жас жүрек,
 Қарақ керек. Арақ керек! Не керек!
 Бәрі де жоқ, жалғыз жолдас – қиялым,
 Жұбатады айтып маған тәтті ертек...

Ертек, ертек, ертек, ертек – ерте екен,
Ерте қунде ешкі жүні бөрте екен...
Хан Абылай немересі Кене хан
Аспанға өрлеп заулап жанған өрт екен.

20 Ертедегі адамдардың бәрі де ер,
 Түн жағында ел бар екен орыс дер.
 Орыс елі Арқаға қол салған соң,
 Жас Кененің жүргегінде қалың шер.

Елім дейді, жерім дейді, жанады,
Жеткіншегі Ер Наурызбай баланы
Ертіп алып, қорғамақ бол қазағын,
Абылайдың ала туын алады.

Ту алады, орыс елін шабады,
Ер талмайды, аста тұлпар талады.
Ел-жүрт іздел Алатауға барғанда
Өз бауыры қырғыздан қаза табады...

30 Ертек, ертек, ертек, ертек – ерте екен,
Есіл Кене заулап жанған өрт екен.
Жас бөріден, сол ерінен айрылып,
Алты алаштың жүргегінде дерт екен.

Ертек, ертек, ертек, ертек – ерте екен,
Хан Кене өлді, Науан да өлді ақбекен.
Тұлпар өлсе, қалмай ма оның тұяғы,
Тартып туған артында ұлы жоқ па екен?!

40 Кене артында жас арыстан Сыздық бар,
Төс үстінде желкілдеген қара жал.
Ерден туған ердің жолын қуады:
Ер иманы – ел, айнымайтын елім – жар.

Жап-жас Сыздық қорғамақ боп қазағын,
Ту көтеріп, қарға ілді садағын.
Балаусасың қанды майдан көрмеген,
Құтты қадам болғай еді, қарағым!

Сыздық батыр тұлпар атын ерттеген,
«Алты алашым, енді маған ер!» – деген.
Көп соққы жеп, сүле болған сорлы алаш,
Алты алаштан алты адам да ермеген.

50 Алты алаштан алты адам да ермеген...
Алаш сорлы келешегін көрмеген.
Орыс алды, қимылдаған қазақ жоқ,
Қайран Сыздық құса болды шерменен.

Қайран Сыздық елден үміт үзеді,
Жап-жас Сыздық елден, үйден безеді.
Жатып өлмей, жортып жүріп өлем деп,
Түркістанның бетпақ шөлін кезеді...

Ертек, ертек, ертек, ертек – ерте екен,
Сыздық ердің жүрегі шер, дерт екен...
Арып-ашып бір қопаның бойына
Келген кезде – қас қарайған, ымырт екен.

Қараңғы тұн жерге кебін төседі,
Қонайын деп Сыздық аттан түседі.
Қоректенбек болып жатар алдында,
Қанжығадан қос қоржының шешеді.

Қоржын іші бөлек-бөлек қалта бар,
Қалта толған мейіздейін малта бар.
«Шөл далада жалғыз отыр ер балаң,
Жел-ау, жел-ау, алты алашқа айта бар!»

Мойынға алса, адам көнбек қыынға,
Жалғыз өзі қалың қопа бойында
Шақпақ шағып, от тұтатып Сыздық ер
Отыр еді, ешиәрсе жоқ ойында.

Тұкті қабақ жауып түскен кезіне,
Ұшқын шашып, от ойнап түр көзінде.
Қырлы мұрын, қырмызы ерін, қап-қара
Тікенектей түк шығып түр жүзіне.

Қол – иекте, басы төмен иілген,
Тегі, ойда ғой батыр жаны қүйінген...
Бір мезгілде... сылдыр-сылдыр... қамыстар,
Жел ме әлде қамысты құшып иірген...

60

70

80

Жел білінбейд, сылдыр... сылдыр... көп қамыс,
Сылдыр... сылдыр... жақындады жат дыбыс.
Дыбыс тынды. Бұ не болды? Не екен?
Әлде ерге шапқалы түр жолбарыс?

Сол мезетте қамыс ақырын ашылды,
Әлдекімге тәжім қылып, бас ұрды.
Ай мен күндей бір келіншек сыланған
Шыға келді, балқып нұры шашылды.

90 Сыздық отыр ой ұшына шыға алмай,
Кім екенін, не болғанын ұға алмай.
Сыландаған сұлу келіншек келді де,
Амандасты қолын женен шығармай.

Жеңін беріп сұлу келіншек сыландалап,
Тал шыбықтай жүзге іліп бұрандалап,
Сызылып қана жанған оттың басына
Отырды ақырын жұлдыздайын жымындал.

100 Сыздық сонда кәрмен қабақ түйеді,
Сұлу келіншек босатпады жүйені.
Көзінен от, қабағынан қар жауды,
Бір көз салып, кім екенін түйеді.

Қас батыр ғой, қысылмады, саспады,
Сынамақта бір малта алып таstadtы.
Сұлу келіншек былқ-сылқ етіп қылмындал,
Малтаны алды, жеңін тағы ашпады.

Көңіл түйген нәрсе енді болды анық,
Сыздық батыр қабағынан қар жауып,
Келіншекке қаһарменен: «Кет!» – деді,
Беліндегі садағын шешіп қолға алып.

- Сұлу келіншек «хи-хи-хи» деп құлгендей,
110 Дыбысы шықпай, ішегі қатып өлгендей,
 Былқ-сылқ етіп түрегелді судырап,
 Судыр-судыр жансыз жібек жүргендей.
- Сылдыр-сылдыр сыйырласты көп қамыс,
 Тек тұрмайтын, жыбырлайтын желауыз.
 Сылаң-сылаң сұлу келіншек жоқ болды,
 Сыйыр тынды. Жыбыр қалды. Жоқ дыбыс...
- Отқа қарап отыр Сыздық, көзі – от,
 Қарасады, арбасады от пен от.
 Айнала өлім. Құм жамылған үнсіз шөл,
120 Күбірлейтін, жыбырлайтын жел де жоқ.
- Құм астында демі біткен бетпақ шөл,
 Сұлу келіншек – жезтырнақ қой қанішер.
 «Тырнағымды көрсе, біліп қалад», – деп,
 Жеңнен қолын шығармаған мәні сол.
- Жезтырнақтың тырнағы бар өткір жez,
 Алып, күшті, жүгіріп кетсе, желден тез.
 Пері менен диудың ойнас баласы...
 Бола алады аң да, құс та, шал да, қыз.
- Бүгін келіншек болып кепті Сыздыққа,
130 Алдап-арбап батпақшы ғой қызыққа.
 Жемекші ғой өлтірген соң қытықтап,
 Ер жүрегін малып-малып түздыққа.
- Қырмызы ерні қыбырлады батырдын:
 «Неге әлі мен «Кет!» деп соған ақырдым?
 Күлген болып, көнген болып, әурелеп,
 Ойынын көру керек еді пақырдын.

- Сөз жоқ, енді ол намыстанып, арланып,
Кетті ыза боп: «Қап, бәлем!..» – деп қарғанып.
Біраздан соң, түн ортасы кезінде
140 Келмес пе екен дауылданып, кәрленіп»,-
- Деді дағы ер қаранды жан-жаққа,
Маң-маң басып жүріп біраз ар жақта.
Тауып алды дөңбектей бір қара тас,
Ер қолына дөңбек тасың қаңбақ та!
- Дем шығарма, салса да тас салмағын,
Қары түгіл, ауыртады бармағын.
От басына тастады да, дөңбекке
Сыздық батыр жапты қара қапталын.
- Атын алыш кетті өзі анадай,
150 Сескеніп бір жан-жағына қарамай.
Тұсаулы аттың тасасында отырды,
Бұғып қана тоңған қойшы баладай.
- Ашыққан ат үзіп жатыр күріс-күріс,
Ол үзгені тырбық-тырбық баялыш.
Айнала – өлім, жыбырлаған жел де жоқ,
Естіледі жалғыз ғана дем алыс.
- Естімейді қулақ ешбір тықырды,
Әлде пері әпсүн оқып түкірді?
Бетпақ шөлдің көгі де бір сүр кебік,
160 Айы нұрсыз, жұлдызы үнсіз сықылды.
- Тым болмаса, сылдырласа қамыстар!..
«Әлдеқайда, Қырда, Сырда алаш бар...»
Шулаған аң, шұбырған мал, шалқар көл,
Мұнарлы тау, балдай бұлақ, ағаш бар.

Сыздық мынау елден безген ел үшін...
Сыздық мынау шөлге көмген жас күшін...
Бетпақ шөлде Сыздық өлер, құм көшер...
Жүректе у... жарып қарап кім ішін...

- 170 Өлер батыр... тастар оны құм көміп...
 Қарға-құзғын үстінде жүрер үңіліп...
 Сыздық өлер... алаш құрыр... есіл ер...
 Бір мезгілде кетті ме көзі ілініп.

Бір мезгілде жындаған ойнап жел шықты,
«Фио-фию» деді. Тілін кім ұқты?
Сыбырлады, жыбырлады жорғалап,
Шөл шулатып, құм аузына құм тықты.

- 180 «Фио-фию, фио-фию» есті жел,
 Бұғып жатқан баялышты құшты жел.
 «Жынды неме, мұның не?» – деп, мырсылдал,
 Селк-селк құліп, селкілдеді сексеуіл.

Сылдыр-сылдыр қамыс басты сылдырға,
Жел сүйсе оны, жан кіреді құрғырға.
Жел – жас жігіт, қамыс – қыз ғой көңілшек,
Еркі қалып, салған «қойшы, құрғырға».

Уледі жел, дауылға ол айналды,
Көкке қою қара бұлттар байланды.
Қыбырлады тұншығып жатқан құмшықтар,
Серпілді де, ер садағын қолға алды.

- 190 Әр дыбысқа енді құлақ түрулі,
 Көз тігілді, қолда садақ құрулы.
 Жезтырнақ қой келе жатқан кәрленіп,
 Диу ашулы, пері жүріс, жын шулы.

Сол секундта жаншып жап-жас қамысты,
Жындей, түндей қап-қара бір албасты
Жымып қана келді дөңбек жанына,
Сол секундта батыр көзін қан басты.

Тартайын деп оңтайланды садағын,
Сонда албасты: «Ө-ә, Сыздық қарағым,
Жатырмысың ұйықтап қаннен-қаперсіз?!
200 Мына маған қалай кәрмен қарадың?!»

Келдім. Кеттім. Орныңнан да тұрмадың!
Кім ұмытар сенің тұқымың қылғанын.
Кене – әкемді, Абылай ағамды өлтірді,
Бәлем, сенің құрытайдың ұрпағың!» –

Деді де ол, көзі оттай жайнады,
Жез тырнағын өз тісіне қайрады.
Қайрады да көмді тасқа тырнағын...
Ессіз шіркін қайдан білсін айланы.

Сол арада «талдау жердің тұсы» деп,
210 Сол арада «дәл жүректің басы» деп,
Көзі қан боп, қарт бурадай қалшылдаپ,
Дәлдеп тұрып тартып қалды ер Сыздық.

Тырнақ тіліп тас шыңғырып – «шақ!» деді,
Сол секундта тартылды садақ – «так!» деді.
Тәлтіректеп, аузынан кесек қан атып,
Жезтырнағым «аһ» деді де, «қап!» деді.

«Сыздық сұм-ай, орарыңды біліп ем,
Ордың да сен тындың. Болды тілегің.
Бір сұрауым: тағы да атар ер болсан,
220 Бір оғыңмен азаптанып өлемін».

Сөз орнына Сыздық сақ-сақ күледі,
Екі атса ғой Тырнаққа Құдай береді!
Біраз тұрып, тәлтіректеп жезтырнақ,
Сүйретіліп қопаға қарай жөнеді.

Жол берді оған, қамыс тағы ашылды,
Намысы жоқ қамыс тағы бас ұрды.
Біраз сыйыр. Біраз жыбыр. Дыбыс жоқ.
Көк айықты, жел де енді басылды.

230 Ешбір үн жоқ. Үнсіз өлік – бетпақ шөл,
Жыбыр-жыбыр. Жанын берді, өлді жел.
Тұншықкан құм. Мәңгі бұққан баялыш,
Қатып қалған, селкілдемейд сексеуіл.

Айнала өлім, шегі-шексіз шөл де шөл...
Шөл мен өлім арасында бір-ақ жол.
Ер Сыздықты тағы ойлар биледі,
Иекте тұр жаңа садақ тартқан қол.

240 Әлдеқайда, Қырда, Сырда алаш бар...
Мұнарлы тау, балдай бұлак, ағаш бар...
Есіл елді, есіл жерді жат алды...
Ойлы ұлына бұл кең дүние болды тар.

Ойлар басты, жүйрік жанға ой батты...
Ұзамады, ағарып ақырын таң атты.
Ұры ойлар жанды жеді, қанатты,
Тарам-тарам алма беттен жас ақты...

Күні кеше айбынды Абылай бабасы,
Ақылы кең, алты алаштың ағасы,
Шын хан еді-ау, қорғаны еді-ау қазақтың,
Өлді Абылай, солды қазақ даласы.

- 250 Өз әкесі Кенесары кім еді?
 Заулаған өрт, ойнаған от, Күн еді.
 Алаш деп – у, қазағым деп қан жұтып,
 Қаза тапты, қазағым, құнің тұн еді!..
- Сыздық мынау қайғы қуып, шөл безген,
 Кім біледі, көмер оны құм кезген.
 Бүйткенше ол, неге жүріп кетпейді
 Кене, Науан салып кеткен қанды ізбен?!
- 260 Өлім іздең адам белін бусын да,
 Ерден туған ердің жолын қусын да.
 Жолбарыс ер жалғыз өлсін майданда,
 Жаспен емес, қанмен бетін жусын да!..
- Осы ойлармен ерттеді атын мінгелі,
 Шөлден безіл, қанды жолға кіргелі,
 Алаш елі, сары сайран жері үшін,
 Жапанда емес, жау қолында өлгелі.
- Осы ойлармен Сыздық атын ерттеген,
 Тап сол кезде ер жүрегі өрт екен...
 Заман озды, адам тозды, ерлер жоқ...
 Заман озды, ер заманы ерте екен...
- 270 Ертек, ертек, ертек, ертек – ерте екен,
 Ерте күнде ерлер екпінді өрт екен.
 Хандарынан, ерлерінен айрылған
 Алты алаштың жүрегінде дерт екен!
- Ертек, ертек, ертек, ертек – ерте екен,
 Хан заманы, ер заманы ерте екен.
 Ерте заман, алаш аман – айбынды ел...
 Ерте күнде ешкі жұні бөрте екен...

Поэмалар

Ертек, ертек, ертек, ертек – ерте екен,
Ерте күнде ешкі жүні бөрте екен.
Күніреніп күрсін де, алаш, тыңдай бер,
Ертегі айтад дерпті балаң Жәжекен.

280

Бітті ертегі. Аласұрад жас жүрек,
Қарақ па әлде? Арақ па әлде? Не керек?
Арағы да, қарағы да құрысын!
284 Қиялтайым, айтшы тағы, тағы ертек!..

БАТЫР БАЯН

Жүргегім, мен зарлымын жаралыға,
Сұм өмір абақты ғой саналыға.
Қызыл тіл қолым емес кісендеулі,
Сондықтан жаным күйіп-жанады да.
Құ өмір қызығы жоқ қажытқан соң,
Толғанып қарауым сол баяғыға.
Түйіннің тоқсан түрлі шешуі бар
Әдемі ертегідей баяғыда.
Әдемі өткенді ойладап айнымасам,
10 Сұм өмір күшті уын аяды ма?

Ертегі уатпай ма баланы да,
Сөз сиқыр ғой, жазбай ма жараны да?
Ақын да бір бала ғой айға ұмтылған,
Еркімен өзі-ақ отқа барады да.
Жай тақтақ жабайыдан жол қалғанда,
Қанды ор бол ақын жолы қалады да.
Ойлайды, күніренеді, толғайды ақын,
Күрсініп көзіне жас алады да.
Ақында адамзаттан дос болмайды,
20 Жалғыз-ақ сырын сөйлер қаламына.

Мен де ойды ағытамын қаламыма,
Арқаның көз жіберсем алабына:
Сарыарқа – сары дария қырыры жоқ,
Көз болсын қандай қыран талады да,
Ішінде сары дария көз тоқтатар,
Көкшетау – Сары Арқаның аралы да.
Көкшеде күні кеше қойдай өрген
Түрлі аң, бөрі, бұғы, маралы да.

- 30 Айырылып асау, ерке аңдарынан
 Көкшениң тас журегі жаралы да!
- 40 Арқада жер жетпейді Бурабайға,
 Бөлөнген бүйра сыпсың қарағайға.
 Бұлт құшып мәңгі мен-зен Кекшетауға
 Бөлектау «ой, бауырымдар» анадайда.
 Оқжетпес найза қия – қыранға ұя,
 Қарасаң жанның шері тарқамай ма?
 Солардың ортасында Бурабай көл,
 Мөп-мөлдір, дөп-дөңгелек ұқсайды Айға.
 Бурабай – Арқа аралы, жер еркесі,
 Ертеде қоныс болған Абылайға.
- 50 Бауырында Бурабайдың қызыл ағаш,
 Көкшениң жалыменен біткен жалғас.
 Арудың ақпен өрген тұлымындей,
 Қарағай, қызыл қайың, тал аралас.
 Ертеде жел өтпейтін қызыл ағаш,
 Дариға, бұл күндерде жап-жалаңаш!
 Қабірінен әулиенің алашқа артық
 Ертеде Абылайға орда болған ағаш.
 Ордасын сол ағаштағы Абылайдың
 Меккедей тәуап қылған тамам алаш.
- Қын күн туған алассына,
 Шұбырып жапанның сар даласында,
 Кез болған жаудан үркіп «Ақтабанға»,
 Дұшпанның қалғандай боп табасына.
 Арқаға аяқ салып түскен барып
 Екі оттың – орыс, қытай арасына.

Күндерде сонау қара тапсырған ел
Тағдырын Абылайдай данасына.
Сол күнде ел қорғаған Абылайдың
60 Қылсаң да аз қанша тәуап моласына.

Алыстан орыс, қытай – ауыр салмақ,
Жақыннан тыншытпайды қалың қалмақ,
Артында – ор, алдында – көр, жан-жағы жау,
Дағдарған алаш енді қайда бармақ!
Сол кезде елге қорған болған Абылай,
Көп жаудың бірін шауып, бірін арбап,
Күндердің бір күнінде хан Абылай
Қалмаққа ойына алды ойын салмақ,
Ханынан: «Аттан!» – деген сөз шыққан соң,
70 Ордаға батыр, билер келді айдал.

Жиылды өңшең ноян ығай-сығай,
Байжігіт Тасболат пен би Толыбай,
Түу баста Абылайды хан көтерген
Қамқоры Қарауылдың шешен Қанай,
Ашуы жауған қардай, шөккен нардай
Қарт қыран Қанжығалы қарт Бөгенбай,
Бөкеңнің жас жолбарыс жеткіншегі
Аузынан жалын шашқан жас Жанатай,
Найзасын нажағайдай ойнататын
80 Жас барыс Бәсентиін Сарымалай.

Балталы екпінді оттан Оразымбет,
Сырғалы шапшаң оқтан ер Елшібек,
Өзіне тірі жанды тең көрмейтін
Тәкаппар Қошқарұлы өр Жәнібек,
Қалданға ханмен бірге тұтқын болған

Жолдасы Абылайдың батыр Жәпек,
Майданда от шашқандай оқ шашатын
Сырттаны Бәсентиіннің Сырымбет,
Осындай өңшең көкжал жиылсты
90 Күніреніп жолбарыстай «жау қайда?!» деп.

Әрі ақын, әрі батыр Қарабұжыр,
Айтатын өрлеп барып аспанға сыр.
Бұқар мен Тәтіқара жырлағанда
Толқынды тұнғиық боп төгілер жыр.
Осылай думанменен күндер өтіп,
Батырлар ерікті енді жатқанға құр.
Аттан деп әлі айтпаған Абылайға,
Көкжалдар дей бастады: «Жүр енді, жүр!»
100 Алайда Абылайдан сөз болмады,
Сондықтан бұғып, бықсып туды күбір.

Жиналған өңшең бөрі Бурабайға,
Алаштың кебесіндей ізгі жайға.
Батырлар бұғаудағы арыстандай,
Абылай тұнғиық бір терең ойда.
Бәрі де ел қорғаны – батыр, билер,
Аттанбай, тек жатуда таптай пайда:
«Жүрелік, жау басынар!» – деген сөзben
Салады Қанай биді Абылайға,
Би Қанай: «Бұ қалай?» – деп бастағанда,
110 Абылай сұрайды одан: – Баян қайда?

Қанайым, ойыңңиң удай, тілің шаян,
Амал не, келген жоқ қой батыр Баян.
Көп жаудың албастысы, ел еркесі
Баянның батырлығы алашқа аян.

Баянның аруақты құр атынан
Көп қалмақ болмаушы ма ед қорқақ қоян,
Наркессен, өрттей ескен, қайтпас болат
Баянсыз қанатымды қалай жаям?!

Би Қанай, аттанбайды хан Абылай,
120 Келмесе қандыбалаш батыр Баян!

Деген соң ойы теңіз хан Абылай,
Аяңдап батырларға қайтты Қанай.
Байлаулы бәрілерді аза қылмай,
Кестелеп, сөзін сипап айтты Қанай.
Күндеу ме, көтеру ме, кім біліпті,
Батырлар десті жалғыз «Баян бала-ай!»
Көкшениң бауырында өңшең көкжал
Күніреніп күтіп жатты күндер талай.
Жау десе жатпайтуғын батыр Баян,
130 Апымай, келмеуінің мәні қалай?

Жас Баян жауды талай көрмеп пе еді,
Сорғалап сұнқардайын төнбеп пе еді?
Майданда жолбарыстай жалғыз ойнап,
Сан қолға аш бәрідей кірмеп пе еді?
Жебесі көбе бұзып, жүректі үзбей,
Найзасын, сірә, шалғай сермеп пе еді?
Бірін айт, бәрін айт та, басқа батыр
Баяндай «Алашым!» деп еңіреп пе еді?
Бұл жолы кешігуі жәй емес қой,
140 Тұлпарым кез болды ғой орға, тегі!

Арқада бір өзенді дер Обаған,
Сол жерді аз ғана Үақ қоныс қылған.
Уақтың аз ғана өжет ерте күнде

Ер Көкше, Ер Қосайдай ері болған.
Сол ері ерте күннің Ер Көкшениң
Нәсілінен қайтпас алмас Баян туған.
Баянның ер ағасы батыр Сары,
Қос қыран тізе қосып жауын құған.
Айналып оны айт, мұны айт, Баянды айт,
150 Ер Баян алашының бетін жуған.

Ол күндер аз қазақ пен қалың қалмақ
Қыран мен қара құстар алысқан шақ.
Баласы алты алаштың Абылайдың
Астында ақ туының табысқан шақ.
Қазақтың батырлары бәрі қыран,
Сонда да бір батыр жоқ Баяндай тап...
Жауының бір жорықта бір сұлуын
Ер Баян алып қайтқан артына сап.
Баянның алып қайтқан сол сұлуы –
160 Балдырган бөбек дерлік он төрт жаста-ақ.

Сол сұлу сұлу екен атқан таңдай,
Бір соған бар сұлулық жиылғандай.
Торғын ет, шапақтай бет, тісі меруерт,
Сөздері су сылдырлап құйылғандай.
Бір улап көзқарасы, бір айнытқан,
Жұлдыздай еркелеген сөнбей-жанбай.
Лебізі – жібек лебі, жұмақ желі,
Кеусердей татқан адам қалар қанбай,
Шын ер гой батыр Баян алып қайтқан,
170 Еліне сол сұлуды естен танбай.

Ер Баян жас сұлуды алып келген,
Сұңқардай бабындағы сұқсыр көрген.

Қан жауып екі көзін қанды балақ
Ілмекке қоңыр қазды көніл бөлген.
Марал бар оққа ұшпайтын, тым сақ бірақ
Кезенде кез келсе де қандай мерген.
Болмасын жас сұлудың білгеннен соң,
Ер Баян қарындас қып ерік берген.
Алайда ер алысқан жүрегімен
180 Тенізде алысқандай күшті сенмен.

Қалмақтың қайсар қызы қайырылмаған,
Болаттай жасу білмей, майырылмаған.
Жап-жас қыз сүмдіғы мол сыр бермейді,
Жандай-ақ ойдан аулақ қайырмадан.
Алаштың аруы боп кетсе дағы,
Жанымен өз жұртынан айрылмаған.
Сүм сулу анадайдан «агатайлап»,
Баянда жан қоймаған жандырмадан,
Сонда да сыр шығармай батыр Баян,
190 Жастық қып жанын естен тандырмадан.

Осылай іштен күйген батыр Баян,
Баянның батырлығы алашқа аян,
Баянның інісі бар он бес жаста
Бөрінің бөлтірігі бала Ноян.
Ноянның бар ақылы білегінде,
Билемен асау жүрек, қайнаған қан.
Келгенде-ақ сұлудың бір қарауынан
Ноянның жүрегінде ұшқын туған.
Сол ұшқын өртке айналып жап-жас Ноян,
200 Алысып жүргегімен, аласұрған.

Жастықта жалындарып сүйген қандай,
Баладай өксіп жылап, күйген қандай!

- Көрмесең жан жарынды өлгендей боп,
Қайғырып күлден кебін киген қандай!
Кеудене жан кірмей ме, көзің шалса,
Өмірің жаңа ағарып атқан таңдай.
Кеуденді қасиетті сәуле кернеп,
Жүргегің сол минутта жарылғандай.
Не дерсің салпаң құлақ есектерге,
210 Өгіздей өмір сүрген сүймей-жанбай!
- Ноян да сол сұлуға тәтті балдай
Мөлдіреп қараушы еді көзі талмай.
Мас болып, дene түгіл, жаны елжіреп,
Жұтқандай сол сәулені демін алмай.
Алайда бұзық ойдан аулақ еді,
Сұлуды Тәнірі көріп табынғандай,
Жанса да жап-жас Ноян, сүм сұлу қыз
Көп заман жүрді бірақ көз де салмай.
Сонда да кейбір кезде ақ бетіне
220 Бір нәрсе жүгіруші ед ыстық қандай.
- Айға алтын күн нұрынан сәуле бермек,
Шалқыған махабbat от аспанға өрлеп,
Жүргегін өзі сүйген отты жүрек
Оятпақ тас болса да зарлап тербеп.
Басында сыр бермеген сүм сұлуға
Біраздан бола бастар қулкі кермек.
Нояннан о да көзін алмас болды,
Күйдіріп жас жүргегін жалын кернеп.
Шешілді екі жастың жұмбақтары
230 Екеуі бір інірде сайда кез кеп.

Сиқырлы гүлге оранған жібек майда,
Сылдырлап сылқ-сылқ құлген терең сайда,

Ерке өзен жанын өртеп, жармен ойнап,
Сүйгізген ақ бетінен күміс Айға.
Сондай бір жібек кеште жаны өртеніп,
Екеуі «әу!» дескендей барған сайға.
Аулақта сүйіскен жан ұшырасса,
Еріксіз тамырларға у тарамай ма?!
Анттасып, айырылмасқа сөз байласып,
Бастық деп арсыға адым санамай ма?

240

Жас Ноян қызды көріп от боп кетті,
Көздері қызыл жалын шоқ боп кетті.
Жер мен көк, ай, жұлдызды тұман басып,
Бір қыздан басқа нәрсе жоқ боп кетті.
Келді де қызға жалын сөздерменен
Шығарды жан ұшырып іштегі өртті.
Бір күйіп, бір суынып, бір елжіреп,
Бірсеке жас баладай жасын төкті,
Өртемей отты жүрек қоймақ па екен,
Тақады сұлу қыз да бетке бетті.

250

Қыз сонда: – Ноян бауырым, кебем! – деді,
Мен сенің сүйгеніңе сенем, – деді.
Сүйемін мен де сені, Тәңірі қуә,
Тән түгіл, жаным саған берем! – деді.
Нояным, бірақ сенен қалауым бар, –
Деді де, сұлу ойға тереңдеді.
Сұлудың сырға толы торғын беті-ай,
Бетінде ешбір толқын көрінбеді.
Біраздан көздерінде жас мөлдіреп,
Жас сұлу жылап тұрып күлімдеді.

260

Қыз сонда: – Қалауым бар, Ноян батыр,
Адасқан аққу құстай мен бір пақыр.

Арқаның еркесі боп жүрсем дағы,
Алыста туған, өскен жерім жатыр.
Откізген балаусадай бөбек күнім,
Барқыттай белес-белес белім жатыр.
Айбынды арыстандай құмда кезген,
Күніреніп қалың қалмақ елім жатыр.
Барқыт бел, қашқан қалмақ қалсын адыра,
Ата-анам – айым менен күнім жатыр.

270

Ер Баян біздің елге барған еді,
Көп қойға көкжал ойран салған еді.
Бөбегін шырылдатып ап кеткенде
Ата-анам жылап-зарлап қалған еді.
Сорлы анам көкірегін көкке сауып,
Қан жылап менен бір ант алған еді,
Ол анты: «Елдің шетін, анаң бетін
Бір көрмей, қозым, ерге барма!» – деді.
Анама сөзім – анау, өзім – мынау,
Жас Ноян, жүгінемін ер деп сені.

280

Көр болсақ, көрді көрмей, Тәнірі ондай ма,
Ер Баян неге батқан терең ойға?
Мен сорды көргеннен-ақ сүйген Баян,
Қосылсақ, Баянға ауыр дерт болмай ма?
Биікке кетпей киік ойда ойнаса,
Ашулы арыстанға мерт болмай ма?
Екеуміз Сарыарқадан сапар қылсақ,
Қатерсіз қосылұымыз берік болмай ма?
Қаны бір ел еді гой қазақ, қалмақ,
О да бір саған туған жұрт болмай ма?! –

290

Деп сұлу сыбырлады сиқыр сөзін,
Толтырып меруерттей жасқа көзін.

«Шыдашы, кәне күймей!» – дегендей-ак,
Ноянға тақап тұрып жалын жүзін.
Жас Ноян жас қанына тұншыққан соң,
Ұмытпай тұрсын қалай өзі-өзін!
«Жарайды, даярмын!» – деп айттып салды,
Ойланып бір минут та қылмай төзім,
Сол сайда уәделерін бекітісіп,
300 Екеуі аймаласты ыстық жүзін.

Сол уақыт мезгіл екен дәл таң алды,
Төзім қып албырт Ноян құтпей таңды.
Жүгіріп жан ұшырып, жаяу барып,
Жылқыдан екі жүйрік таңдап алды.
Азырақ азық алып, қару-жарақ,
Жүйрікке әсем әбзел, тұрман салды.
Сөйтті де Сарыарқамен есендеріп,
Екеуі ескен желдей кетіп қалды.
Кетті олар. Сәске болды, ауыл тұрды,
310 Алдымен Ер Баянға хабар барды.

Боз үйде жатыр екен Баян жалғыз,
Керілген құнге еркелеп жас жолбарыс.
Ауылдың ақсақалы сөзді әкелген
Деп бастап: «Баян-айым, бір масқара іс
Отken тұн болып қапты... – деп шұбыртып,
Жаудырды екі жасқа нәлет-қарғыс.
Алайда жас Ноянды ақтай сөйлеп,
Дей берді: «Қылды-ау бізге қалмақ қар қыз!»
Ер Баян сұп-сұр болып деді бірақ:
320 «Жарайды... Бар, ақсақал, ойланармыз».

Боз үйде жалғыз қалып Баян енді,
Жаралы жолбарыстай құніренді.

Корғасын миын, ойын төмен басып,
Ақылға алғыр құстай ашу төнді.
Бір көк сұр тұс енгізіп бар денеге,
Сүм жүрек қанды өзіне жинай берді.
Ақырда ашу ерді билеп кетіп,
Лап етіп сөнген шамдай ақыл өлді.
Өлді ақыл. Атып тұрып батыр Баян,
Боз үйден оқ жыландаштыра келді.

330

Ер Баян сол кеткеннен кете барды,
Мініп ап белдеудегі көк тұлпарды.
Дұлыға, қалқан, көбе қалған ұмыт,
Белінде жалғыз-ақ бір садақ бар-ды.
Бауырынан Обағанның орғып өтіп,
Арыстан айдалада дүбір салды.
Дауылдай талмай есіп, желдей ұшып,
Тұс ая Жолдызекке жетіп қалды,
Кермиық Жолдызектің даласында
Алыста екі қара көзі шалды.

340

Атығай қоныс салған Жолдызекке,
Құнарсыз, аңы татыр сорлы өзекке.
Жолдызек – жолсыз өзек, құтсыз, отсыз,
Алдымен жау да салған қолды өзекке.
Айрылып байлығынан, көп соққы жеп,
Көз жасы Атығайдың толды өзекке.
Алаштың Асан Қайғы данышпаны
Кетпеген «Қанды өзек» деп тіпті текке.
Ежелден құт дарымай, қағынған жер,
Қайғылы бір іс болды сол өзекте.

350

Алыста екі қара көрді Баян,
Кілегей қара бұлттай төнді Баян.

Ой шоқ боп, жүрек тоқтап, құр екпін боп,
Сұңқардай сорғалаған келді Баян,
Қыз түгіл, қаны бірге өз бауырын
Танымай қалғандай да болды Баян.
Байланған белде сала садағына
Қалшылдан қалды салып қолды Баян.
Ашуын арыстанның байқаған соң,
360 Майысып тұра қалды жап-жас Ноян.

Жас Ноян жүйрігінің мойнын бұрды,
Жас Ноян Ер Баянға қарсы жүрді.
Жақындаған келіп қалып ағасына
Түсінен шошыды да, тоқтап тұрды.
Жапанда аға-іні Баян, Ноян,
Алып кел көз алдыңа Ай мен Күнді.
Дұрысы, күміс күлген күндіз бенен
Тұнерген қара бұлттай қара тұнді.
Алайда ерке бұлан Ноян ұлан
370 Ашулы ағасына қарап күлді.

Бір күлді балдырғандай Ноян бала,
Ашылған шешек атып гүлдей жаңа.
Еріксіз сотқарлығын кешіретін
Еркелеп ерке ұландай құліп қана.
Көрсө де дауыл гүлді, басылмады,
Ер Баян арыстандай жаны жара.
Қалшылдан, көзі қан боп, қолын алмай
Байлаған садағынан белде сала.
Жас Ноян «Жан көке!» – деп сөз қатқанша
380 Сұлу да жетіп келіп: «Баян аға!» –

Дегенше, қалды тартып батыр Баян,
Баянның батырлығы алашқа аян.

Оқ тиіп жүрегінен құлап тұсті
Атынан бүктетіліп бөбек Ноян.
Жын шуы басқандай боп естімеді
«Жан көке, аға!» – деген сөзді Баян.
Садағын сол секундта тартты тағы,
Бір ашып, бір жұмбай да көзді Баян.
Үстіне інісінің денесінің

390 Түсірді тағы ұшырып қызды Баян.

Екі жас аттарынан ұшып тұсті,
Түскенде бірін-бірі құшып тұсті.
Жүректен атылып шыққан қанмен бірге,
Жалғыз-ақ «аһ, – десті де, – жаным!» десті.
Қомағай қара топырақ бұлкіл қағып,
Асығып екі жастың қанын ішті.
Күлдей қу, тұнжыраған тұндей болып,
Жия алмай, құр тенселіп, ақыл-есті,
Тұрды да біраздан соң батыр Баян,
Атынан есі аугандай құлап тұсті.

Бірталай талғандай боп жансыз жатып,
Тұңғызық, көмескі көп ойға батып,
Ер Баян есін жиып, екі жасқа
Бір қарап қара тастай қалды қатып.
Сол кезде сар дала да күнгірт тартты,
Еңкейіп бара жатты күн де батып.
Құшақтап ақ селеуді жылады жел,
Өзінің қасірет жырын қонырлатып.
Құшақтап екі жасты күніренді ер,

410 Көзінен ыстық жасты сорғалатып.

Қайғыдан жарылғандай қайран жүрек,
Унілеп үзілгендей есіл өзек.

Қасіреті қара тұндей Ер Баянның,
Алдында бүлдіргендей екі бебек.
Аузынан уызы шыққан екі жасты
Ер Баян сүйді құшып кезек-кезек.
Жапанды жапа-жалғыз еңіретті ерді
Әлгіде ойды улаған ашу кәзеп.
Ашудан бұғып қалған қорқақ ақыл
420 Күбірлей бастады енді «мұның не?» деп.

Зарланып, күніренді батыр Баян,
Мезгілде күңгірт тартқан кешке таман:
«Кен ақыл, отты қайрат, сырттаным» деп,
Ер едім еркелеткен алаш тамам.
Сындырдым азғана Уақ елім белін,
Елімнен кетіп елді қайдан табам?!
Жейтүғын өз күшігін болдым бөрі,
Ісімді мынау ағат немен жабам?
Қарабет болдым алаш баласына
430 Ер дер ме енді мені Абылай данам?!

Жорыққа қу қалмаққа жүрдім неге,
Тобына көк бөрідей кірдім неге?!

Тәтті бал, балауса тал жас сұлуды
Көр болғыр екі көзім, көрдің неге?!

Садақпен жүрегінен тартып кетпей,
Жыландај бауырыма сап келдім неге?!

Әйелдей баса алмайтын жүрек жынын
Есалан жүрекке ерік бердім неге?!

Буынып сол боз үйден шықпай өлмей,
440 Атылып оқ жыландај тұрдым неге?!

Ойламай, белді бекем будым неге,
Қозымды қас дүшпандај қудым неге?!

- Майысып Ноян қалқам, ерке марқам,
Қасқиып қарсы алдымда түрдүң неге?!
Бауырыма тас жүрегім жібімеді-ау,
Бір ата, бір анадан тудым неге?!!
Салдырап шіріп қалғыр саусақтарым
Қанымен өз қозымның жудым неге?!!
Күнәсіз екі жасты өлтіргенше,
450 Өлмедім ішіп уын үдың неге?!!
- Сұлу-ай, қалмай маған ердің неге,
Жыландаі бауырыма кірдің неге?!!
Қадалды оқ кірпігің жүрегіме,
Жүрегім тілім-тілім тілдің неге?!!
Жұлдыздай аспанда алыс жымындаған
Алыстан «ағатайлап» құлдің неге?!!
Секіріп суда ойнаған шабағымды,
Сүм сұлу, қармағыңа ілдің неге?
Тірлікте бетіңнен бір сүйе алмадым,
460 Тіл тартпай, ерке тотым, өлдің неге?!!
- Күй, жүрек! Көл бол, жасым! Өртен, ішім!
Алдымда айнам жатыр бөбек пішін.
Сүм садақ кетсе де үзіп жас жүрегін,
Жойған жоқ құлыншағым ерке түсін.
Сорлы ағаң атып жығып өз інісін,
Иіскейді енді зарлап аппақ төсін.
Тартқанда сынбадың-ау, сүм садағым!
Қайтейін, құрымадың, арда күшім!
Жоқ, әлде... жоқ... жоқ, әлде... өлтірдім бе
470 Інімді алты алаштың намысы үшін?!!
- Арқамдай жер жүзінде жер бола ма,
Айбынды алашымдай ел бола ма?

Алашта ертеде өткен екі арыстан
Ер Көкше, Ер Қосайдай ер бола ма?
Солардың нәсілінен Сары, Баян,
Барыстай ойын салған сар далада,
«Інісі Ер Баянның жасық Ноян
Атадан азып туған» дер бола ма?
Құл болса бір қыз үшін балдырганы
480 Алашқа бұдан да ауыр шер бола ма?!

Дариға, жұбанамын жел ойменен,
Тартпадым сүм садақты бұл ойменен.
Тандырган мені есімнен ғашықтық қой,
Бір тынбай сұр жыландай жаным жеген.
Өз бауыры, өз сүйгенін өзі өлтірген
Болар ма, сірә, сорлы адам менен.
Алдында «көкежандап» күліп тұрган
Садаға кетпедім ғой, қозым, сенен.
Ел беті енді маған болсын арам,
490 Алашым, аттанамын, жауында өлем!» –

Деп зарлап, күніренді жаралы ер,
Айырылған екі жаннан қаралы ер.
Зарланып көзінен қан тамшылатты,
Тұңғиық жанды жеген қап-қара шер.
Жүрегі тас болса да шыдай алмай,
Қамығып, қайғы басып, курсінді жер.
Молайтып минут сайын қасірет жырын
Жанында өксіп-өксіп жылады жел.
Бозарып бел артынан таң атқанда,
500 Соққыдан сенделгендей тұрады ер.

Күміс таң жерге күміс сәуле шашты,
Сәуле мен қараңғылық араласты.

Алыспас адал, арам бекерге ұзак,
Жеңіліп қараңғылық жылжып қашты!
Сол кезде жаны жара батыр Баян,
Үңгір ғып қара жердің бетін ашты.
Жапанда қазған сүйк тар үңгірге
Көтеріп көмді әкеліп екі жасты.
Топырақ екі жанын жасырган соң,
Ер Баян тағы көл ғып төкті жасты.

510

Ер Баян көмді екеуін дөң басына,
Тұсірмей бір топырақ ортасына.
Ап шыққан қаруларын сүйе-сүйе,
Ноянның көмді бәрін өз қасына.
Отырды топыраққа ұзақ басын қойып,
Шомылыш қанды ыстық көз жасына.
Біраздан мінді атына батыр Баян
Сиынып бір жаратқан Алласына.
Жолбарыс жортып кетті бетін түзеп,
Шаңдатып Абылайдың ордасына.

520

Жас Баян жауды талай көрген еді,
Сорғалап сұңқардайын төнген еді.
Майданда жолбарыстай жалғыз ойнап,
Сан қолға аш бәрідей кірген еді.
Жебесі көбе бұзып, жүректі үзіп,
Найзасын ылғи дәлдеп сермен еді.
Бірін айт, бәрін айт та, Батыр Баян
Туғаннан «Алашым!» деп еңіреп еді.
Көкжалдың осы жолы кешіккені,
Осында тұлпар орға кез кеп еді.

530

(Екінші тарау)

Өткен күн таң-тамаша ертегі ғой,
Ерлері ертегінің өрт еді ғой.
Айырылып от екпінді ерлерінен
Алаштың жанында ауыр дерт еді ғой.
Сонау дерт түгелімен ауып маған,
Дарифа, жүргегімді өртеді ғой!
Ер көрмей, көрден басқа, сұр өмірде
Шерлі жан шерлі кенес шертеді ғой.
Жадырап жаным, шерім тарқар еді,
Кеңесім тыңдаушыға сала алса ой.

540

Күніреніп ойлағанда алаш жайын,
Жанымды орай берсе улы уайым:
Кеудеме күннің нұры толғандай бол,
Жырлаймын алты алаштың Абылайын.
Арсыға асқандаймын, тәуап қылсам,
Кебедей Абылайдың Бурабайын.
Күніренген жырымменен мен разымын
Алаштың жоқтай білсем Баян айын.
Жырлаймын, күніренемін өткенді ойлап,
Кеудеме улы уайым толған сайын.

550

Кірейін кеңесіме күніренткен,
Ер Баян жөнелді енді Жолдызектен.
Қамшыны көміп-көміп алды батыр
Ашуын алатындан тұлпар көктен.
Мұңайып мәңгі мұңды белдер қалды,
Жынды жел сақ-сақ күліп сүйді беттен.
Жан-жақта жас қайындар қала берді
Иіліп әдеппенен сәлем еткен.

- Ер жортты, сәске болды, көзі көрді
560 Көкшені бал алысқан аспан-көкпен.
- Көкшеде өңшең көкжал аялдаған,
Қырандар қанаттарын жая алмаған.
Ханына Абылайдай: «Болады!» – деп,
Бір берген сөзден ерлер тая алмаған.
Ерігіп, әңгіме қып өткен күнді,
Қанішер Болат жайын баяндаған.
Қайратқа құса болған сол қырандар
Алыста қара көрді аяңдаған.
Жақындал қара ордаға келген шақта
570 Шықты айқай топтан шулап «Баяндаған»
- Аяңдал топқа тура келді Баян,
Келді де көпке сәлем берді Баян.
Қудай боп құс төресі топ төрінде
Отырған Абылайды көрді Баян.
Басқага мойын бұрып бір сөз қатпай,
Абылайға балпаң басып журді Баян.
Бәйтерек тұңғиыққа төнгеніндей,
Алдында қол кусырып тұрды Баян.
Тұрды да деді: – Алдияр, сөзім қысқа,
580 Екенім менің Баян алашқа аян.
- Алдияр, ел ағасы, ханым дана,
Алашқа ауыр күнде болған пана.
Кешігіп, күнәлі боп, енді алдыңа
Келді ерің іші жалын, жаны жара.
Тұңғиық кез болды ғой кешуі жоқ,
Болмаса шыққанда «Аттан!» ер тұра ма?
Талқыға жан жарасын сала алмаймын,

Мәнімді мен айтпайын, сен сұрама.
Тілегім – енді жауға аттаналық,
590 Қан көрсе, қас қыранда шер тұра ма?!

Абылай ерін күткен көптен зарығып,
Қолынан Баян айын алды тартып.
Алдына отырғызып, күміс кернеу
Керсеннен көкжалына берді сарқыт.
Берді де, бүгіп басын ойға кетті,
Асқардай ой билеген мәңгі қалғып.
Біраздан көтеріліп жан-жағына
Қарады жер-жиһаның бәрін тар ғып.
Қарады, қыран сөзі қысқа болды:
600 «Таң ата жүреміз!» – деп берді жарлық.

Ежелден Абылайда екі сөз жок,
Сөз шықты: «Болады!» – деп, тарады топ.
Топ тарап, ат-тұрманын даярлады,
Біраздан дамылдады ел, мезгіл тұн бол.
Жібектей жұмсақ жылы жаздың тұні
Бұлтымен құшақтады Көкшені кек.
Керілді ерке Көкше күміс Айға:
«Сәуленді, сәулем, көбірек, – деп, – төкші, төк!»
Бетінде Бурабайдың ерке толқын
610 Бір тынбай, күліп жарды сүйді шөп-шөп.

Тұн өтті. Жер шетінде алтын таңды,
Жорғалап, жүз бұралып, жел қарсы алды.
Сарғайып сары белден таң атқан соң
Абылай қолға: «Аттан!» – деп хабар салды.
Бәрі де болат тұяқ бедеу мініп,
Батырлар қатар түзеп келіп қалды.

Жөңкіліп күзді күнгі көшкен бұлттай,
Қап-қара, ортасы ой боп, қол қозғалды.
Асырып ертегіше айтқан жанға
620 Қара нар қайыспайтын жер шайқалды.

Жөңкіліп көшкен бұлттай барады қол,
Кейде қол түнерген тау, қайғысы мол.
Кей кезде тентек толқын екпінімен
Шүу қойып, шабуылдан алады қол.
Шаңы – бұлт, бұлт шаңға айналған соң,
Атаған ерлер жолын деп: «Шаңды жол».
Тартты қол. Қалды өрлер. Қалды белдер.
Бастаған Бұғыбай басшы қол көрмес шөл.
Бірнеше тәулік бойы тынбай тартып,
630 Қол енді жүрді бойлап бір айдын көл.

Балқаш қой – бұл айдыны сылдыр қаққан,
Балқаштың бетін мәңгі меруерт жапқан.
Қаратал, Аягөзбен – екі көзі,
Еркесі – Іле өзені ұзын аққан.
Басы егіз ерке Іленің: Кеңес, Текес,
Тәңірінің тентек Текес дәмін татқан.
Бойында сол Іленің қалың қалмақ
Абайлап Абылайды күтіп жатқан.
«Қайда, – деп, – қазақ?» бұрын желіккен жау,
640 Қөрген соң көп қазақты ойға батқан.

Қазақтың қалың қолы ерлер кілең,
Батырды көп қалмақты ойға терең.
Қазақтан құлықпенен құтылмаққа
Кеңесті қос қонтайшы – Ұса, Серен.
Жіберді, кеңесті де, жеті қалмақ,

Сөздері: «Абылайдан бар да тілен!
Ағаттық бізде болды, кешсін Абылай.
Ақ отау, айдаған мал бәрін берем.
Тағы да ер басына бір ару мен
650 Қара нар – айыбымыз, қалы кілем».

Жеті елші осы сөзбен келген ханға,
Қаратып өз жауабын ертең таңға.
Салады мынау сөзді хан Абылай
Би, батыр, қасындағы көп қыранға.
Салса да, алдыменен өзі айтады:
Түспеспіз, тірі болсақ, алдағанға!
Күні ертең не бергенін жолдан алып,
Қалғанын алсақ қолдан арғы таңда.
Ерлерім, ойым осы! – деді Абылай, –
660 Бұл ойды теріс дейтін адам бар ма?

Абылай айта қалса істің жайын,
Би, батыр теріс дей ме Абылайын.
Қалың топ тым-тырыс бол тұрған шақта
Дегендей: «Ерік иеде, біздер дайын!» –
Ерлігі алашқа аян батыр Баян
Тұрды да, деді: – Алдияр, Абылайым,
Мергеннің мылтығына қарсы жүрмес,
Қырдағы адам түгіл, құландайын.
Сөзімді не кектерсің, не жүптерсің,
670 Ойынды теріс дейді Баян айың!

Талқыға салмай шындық табылмайды,
Құлғана қожаны ылғи қабылдайды.
Қу қалмақ күні кеше алдамап па ед,
Шонқитып Ой қытай мен Өр қытайды.

Қытаймен күні бүгін жалғаспаса,
Қытайға қалмақ неге қанат жайды?
Абылай артық туған неге ұмытсын,
Қазаққа қалмақ сыры аяндай-ды.
Қалмақтың қарты түгіл, қалшасы да
680 Алдатпас, алдап кетер Абылайды!

Тоқтады Баян. Абылай тағы өз сөзін
Қайта айтты, біраз шытып қарлы жүзін.
Хан да екі, Баян да екі қайырысты,
Алмастан бір-біріне тіккен көзін.
Жиналып көздеріне қызыл жалын
Қалса да, сыр беріспей қылды төзім.
Қалың топ хан ашуын байқаған соң,
Ағытты: «Әрине!» – деп, сөздің бөзін.
Шешілді сөз, қол енді күтіп қалды
690 Елшінің ертеңінде келер кезін.

Алты алаш Абылайдай арғымағын,
Алаштың аруағына пар қылатын.
Бетіне Абылайдай ардағердің
Келуді алты алашқа ар қылатын.
«Бетіне келген жанды соғар кие!» –
Деп жырау, жауырыншылар жар қылатын.
Баянның сөзін естіп қариялар
Ішінен ерін аяп: «А, шырағым! –
Десті де, күрсінісіп кесіп қойды, –
700 Қайтад, – деп, – осы жолы, Баян, бағын».

Серпілді соныменен кеңес енді,
Қол күтіп жатып қалды келер күнді.
Жібектей жылжып өтіп жаздың тұні

Таң құлан күн шығыста иектенді.
Алтын күн алыстағы арайынан
Жарқырап шығып жерге сәлем берді.
Қол тұрды, ауқаттанды, хабар күтті
Ерлердің еріккені аңға жүрді.
Қол күтті, уақыт өтті, ерікті ерлер,
710 Ауыр ой биледі Абылай кеменгерді.

Қол күтті, уақыт өтті. Күн батар шақ,
Жерде-ақ ед қой көшіндегі қалың қалмақ.
Кең ойлы Абылайдай данышпанды
Қу қалмақ кеткені мен шын-ақ алдаپ?!

Күн кірді арайына, шапақ батты,
Қап-қара толқындарға толды жан-жақ.
Қол тынған, бір толқынсыз тұңғиықтай,
Мұшқіл бол Абылайға бір сөз салмақ.
Інірдің соңын ала хан Абылай
720 Серпіліп ерлеріне қылды жарлық.

Ерлерін жиып Абылай ел ағасы
Сұрайды: «Мынау істің не шарасы?»
Қырандар әрі-бері толқысқан соң,
Қанайы Қарауылдың топтың басы
Саңқылдап суырылып сөйлей берді:
Қытайдың қол ұсыным шекарасы,
Қалмақты Қытай кірген зерттер болсақ,
Қазақтың бірі қалмай мерт болады!..
Тұнжырап қалса дағы хан Абылай:
730 «Қайту!» – деп, сөздің болды бітуанасы.

Таң ата қол қозғалмақ кейін қарай,
Ұрылған көңілі қаяу хан Абылай,

Кол жатқан, жым-жырт басқан, Тәңір таяу,
Жалғыз-ақ жатқан ояу Баян бала-ай:
«Апырмай, алаш арын жоқтамастан
Жөңкіліп бұл қайтудың мәні қалай?» –
Деді де атып тұрып топ ішінен
Ерлерден от екпінді, жолбарыстай
Жүз жасты жолдас қылып тарта берді,
740 Таң ата: «Қайдасың, – деп, – қалың қытай?»

Кол қалды. Жүз жолбарыс майданды ойлап,
Тартады шабуылмен Іле бойлап.
Алдында ақ сұнқардай батыр Баян,
Екпіні қауға тиген өрттей ойнап.
Бедеулер болат түяқ желден ұшқыр
Алсызып, ауыздықты қарш-қарш шайнап.
Сәскеде сағымменен көрді Баян
Көп қалмақ Іле бойын жатқан жайлап.
Жүз бөрі аз дамылдал алысты да,
750 Ат қойды қалың жауға «Абылайлап»

Жүз қыран мың сан қолға араласты,
Оргыған асқар таудан судай тасты.
Шыдамай жүз екпінге, шулай беріп,
Қалмақты ә дегенде қара басты.
Біраздан есін жиып бөріккен ел,
Қару ап қара құрттай құжынасты.
Аз болса бір қазаққа жүз қалмақ кеп,
Ат қойып қиқу салып, қамаласты.
Тер саулап тебінгіден, қылыштан қан,
760 Шаң, тұтін будақ-будақ аспанға асты.

Аз қазақ көп қалмаққа салды тойды,
Аспан-көк қара тұтін шаңға толды.

Алдаспан ажалменен бәсеке боп,
Қанішер қайқы қара қанға тойды.
Жып-жылы адам қаны бұлкіл қағып,
Куалап жылжи берді ойдан-ойды.
Көк көбе шүберектей шүрк-шүрк болып.
Жыртқызды ерлер дал-дал тұла-бойды.
Анадай дөң басында Ұса, Серен
770 Қуыршақ құдайына қасқа сойды.

Шанқай тұс. Қызыл жалын бір жел ескен,
Зәндем от әуе айналып жерге түскен.
От түбі тоқтап қалған, жылжымайды,
Аспанда жоқ бір жапырақ бұлт та көшкен.
Сол кезде қара бұлттай қалың қалмақ
Қажытты жүз қыранды жаннан кешкен.
Қазақтың көбін аттан түсірген соң,
Қалмақтың қуаныш пен қиқуы өскен.
Сол кезде қалың топтың ортасында
780 Шықты шу: «Мұнда Баян! Баян!» – дескен.

Қалың қол ортасында батыр Баян,
Баянның батырлығы алашқа аян,
Екі көз екі қызыл шоқ боп кеткен,
Аузынан көбік болып бұрқырап қан.
Оң-солға алдаспанды сілтегенде,
Бұлақтай қалмақ қанын бұрқыратқан,
Жанында жалғыз жолдас – жас Жанатай
Қансырап зорға ғана кірпік қаққан.
Түзеліп отыруға халі қалмай,
790 Қисайып бара жатты құлап аттан.

Жолдас дер ердің ері-ақ қан майданда,
Жан беріп жолдасы үшін алдаспанға.

- Еңкейіп сүйемек боп батыр Баян
Жолдасы Жанатайға айналғанда,
Бір қалмақ еңгезердей көк найзамен,
Білмеген, сірә, тою қызыл қанға,
Қапыда қайран ердің сұбесіне
Бойлатып сұғып тұрып бұлғағанда,
Ер Баян Жанатайды алдына алып:
«Қыларың, қатын қалмақ, тағы бар ма?» –
- 800 Деді де, суырып алып жау найзасын:
«Алаштың аруағы, – деп, – қайдасың?» –
Жыландај жарқ еткізіп алдаспанды
Тұсірді топ еткізіп қалмақ басын.
Бұлақтай аспанға атып, қан шапшыған
Жараға тығып тұрып бармақ басын,
Қасқып қан майданда тұрып алды.
Қайран ер, қайсар Баян, жолбарысым!
Алайда уақыт өтті, құлап түсті,
Құшақтап Жанатайдай жан жолдасын.
- 810 Жер мен көк шыр айналып араласты,
Көз алдын қара тұтін тұман басты.
Тәтті бір жазғы таңда қалғығандай.
Ер көзін оқтын-оқтын жұмып-ашты.
...Көргендей болды ашулы Абылайды...
Қалың қол: – «Әне, Абылай!» – деп шуласты...
Тағы ашты жұмған көзін, тағы көрді...
Алдында жас ұлан мен толқын шашты...
Екеуі құшақтасып жап-жақын тұр...
Басымен ишара ғып амандасты...
- 820 Алдында Ноян менен ақша маңдай,
Жұлдыздай жымындаған сөнбей-жанбай,

Сұлудың сексен сырлы жұмбақ жаны-ай,
Ерніне өлде болса құлкі алғандай.

Жоқ... Құлкі жоқ, бетінде тамшы қан жоқ,
«Ағалап!» жанұшырып жалбарғандай.
Жоқ... өзі Жолдызекте жортады-мыс,
Алыста екі қара көз шалғандай.

830 Ұмтылды оқ жыландай... садақ пен қан...

«Көзімнен неге ақпайды қан боп жасым,
Жан беріп жазғаным ғой жан жарасын.
Кетсе де жаннан жара, қан кетпек пе,
Дариға, жазамнан да күнәм басым!
Күнәмді Тәңірі кешпес, кешер бірақ
Жауында жан берген соң алты алашым!»...
Қайран ер аласұрып, жанұшырып,
Көтеріп көз жұмулы алып басын,
Жан бауыры жас Ноянға ым қағып ед,
Жас Ноян құша тұсті толқын шашын.

840 Екі жас қайғысы мол құп-ку жүзді,
Екеуі құр қарап түр алмай көзді.
Көкесі жан бергенде, бөбек Ноян
Тұрғаны мәні қалай құшып қызды?
Дариға, беті қара сорлы Баян
Шығарған өз қолымен екі көзді:
«Іс өтті. Ажал жетті. Енді не бар?
Қоштасып айтысалық соңғы сөзді!
Келіндер, қарақтарым, кешіріндер!» – деп,
Ер Баян әлсіз ғана қолын созды.

Көз алды енді мәңгі тұман болды,
Жабырлап жан-жағына қалмақ толды.

Баянды балағаттап ісіп-кеуіп,
Бір қалмақ қалды теуіп созған қолды.
Сылқ етіп созылған қол жерге түсіп,
Жұзінің бірте-бірте нұры солды.
Баянның басын бірі кесіп алып,
Бұлғады наизаға іліп, онды-солды.
Қуанып қос қонтайшы Ұса, Серен,
860 Алғысқа көмді елірген қалың қолды.

Көңілінен Ұса, Серен кеткен қауіп,
Қуанып, сырнай-керней қылды сауық.
Алайда Абылайдан сескенген соң
Жөнелді ертеніне Қытайға ауып.
Алаштың ардагері батыр Баян
Бір қырда қала берді топырақ қауып.
Жаудан да мейірімді боп жылады жел,
Күніреніп, ер денесін құммен жауып.
Іленің толқындары әлі қүнге
870 Айтады ерге жоқтау ауық-ауық.

Ерлерді ұмытса да ел, сел ұмытпас,
Ерлерді ұмытса да ел, жел ұмытпас.
Ел үшін жаннан кешіп, жауды құған
Ерлерді ұмытса да ел, шөл ұмытпас.
Ел жауын зерттеп, өрт боп, тынбай жортқан
Ерлерді ұмытса да ел, бел ұмытпас.
Ел үшін төккен ерлер қанын жұтқан,
Ерлерді ұмытса да ел, жер ұмытпас.
Арқаның селі, желі, шөлі, белі,
880 Ерлерді ұмытпаса, ел де ұмытпас.

ҚОЙЛЫБАЙДЫҢ ҚОБЫЗЫ

Ертеде ел нары екен қалың Найман,
Қытайға қалың Найман қанат жайған.
Қалың Найман ішінде Бағаналы,
Қазакта бақсы асқан жоқ Қойлыбайдан.
Қойлыбай жын жүгендеп, пері мінген,
Алдында жорғалаған шашты шайтан.
Қойлыбай қобыз алса-ақ қалбаландап,
Қақаман жетіп келеді әлдекайдан.
Қақаман жалғыз көзді жынның ері,
Ерегіссе тау-тасқа салған ойран.
Дарханның Нәдір пері – аға жыны,
Ардақтап оған Шолақ деп ат қойған.
Қойлыекенің үшінші жан жолдасы –
Шайтанның шу асауы батыр Шайллан.

10

Қойлыбай бақсы болған қазақ асқан,
Жынменен жолдас болған бала жастан.
Азырақ әңгіме үшін сөз қозғайын
Қалың Найман жиылған бір зор астан.
Бір асқа жиылыпты Найман тамам,
Бай, биі, батырлары балпаң басқан.
Ішінде сол жиынның Барақ та бар
Аузынан арыстандай жалын шашқан.
Бәйгеге екі жұздей ат жіберіп,
Күрес сап жиылған жұрт ұрандасқан.
Ерігіп аңғал батыр, маңғаз байлар:
«Бәйгеге қобызың қос», – деп сұрасқан.
Қалқасы қалың Найман қалаған соң,
Қойлыбайың бәйгеге қобыз қосқан.

20

- 30 Найманның ұлы дүбір сол асында,
Әлеумет алқа-қотан дөң басында.
Айнала ығай-сығай, жақсы-жайсан,
Қойлыбай қобызымен ортасында.
Бас болып батыр Барақ қалаған сон,
Бәйгеге бақсы қобыз қоспасын ба?!
- Қойлыбай сонда айтады, шақырып ап
Ыңғайлы бір бозбаланы өз қасына:
«Ат шабатын жерде бір сексеуіл бар
Жарып өскен жапанның жартасына.
Қобызды сексеуілге байлап таста,
Мен сенем жын Қақаман жолдасыма».
- 40 Қалың Найман бәйгеге қобыз қосып,
Шуласып отырысты дөң басында.
- Бір кезде ат келетін мезгіл жетті,
Бозбала ат алдынан шауып кетті.
Сол уақыт жай отырған Қойлыбайды
Аруақ қалшылдатып, дірілдетті.
Аузынан қанды көбік бұрк-бұрк етіп,
Жап-жалаңаш қылышты қобыз етті.
Көздері қып-қызыл бол қанға толып,
Сарыны сар даланы күнірентті.
- 50 Бір мезгіл екпіндептіп, долдандырып,
Бір мезгіл жынын буып күбірледті.
Қалың құмды қап-қара бұлтқа қосып,
Қызыл жел құйындарып дүрілдетті.
Жан-жақты ың-жын, у-шу дауыс қаптап,
Шапқылап жын-перілер дүбірледті.
- Осылай ойнап, сарнап бақсы жатты,
Қалжырады, қап-қара терге батты.

Сол кезде ат келетін құба жонды
60 Тұтіндей будак-будак бір шаң жапты.
Сол шаңның ортасында бір сексеуіл
Ербендең ойнақ салып келе жатты.
Екі басы жерді ұрып кезек-кезек,
Сабалап қырды жол ғып жаралапты.
Байланған сексеуілге қобыз берік
Көз ашқанша жиынға келіп қапты.
Сексеуілді қопарып алғып келіп,
Қақаман жұбатады ерке қартты.
Қобыз келді, Қойлыбай көзін ашты,
70 Қалың ел тамашадан тас бол қатты.

Ертеде ел бар екен қалың Найман,
Қазақта бақсы асқан жоқ Қойлыбайдан.
Қалқаман, Нәдір Шолақ қолдаушысы,
Шаршамас шабарманы батыр Шәйлан.
Найманның арыстаны – батыр Барак,
Өмірінде жан ба Барак жаудан тайған.
Жарасқан бай менен биі, батыр, бақсы,
Алыста елестейсің заман қайран!
Айрылдық балпаң басқан батырлардан,
80 Аузынан уыз төгілген маңғаз байдан.
Құдай-ая, албастының ойнағындай,
Мынау сұм заманға кез қылдың қайдан?
Шіркін-ай, кер заманды күл қылар ем,
84 Бата алсам Бағаналы Қойлыбайдан!

ОҚЖЕТПЕСТИҢ ҚИЯСЫНДА

Арқада Бурабайға жер жетпейді,
Басқа жер ойды ондай тербетпейді.
Бурабайдың көлі мен Көкшетауды
Көрмесен, көкіректен шер кетпейді.
Қиясымен бұлт құшқан Оқжетпестей
Басқа тау ойды аспанға өрлетпейді.
Арқада Бурабайға жер жетпесе,
Алашта Кенекеме ер жетпейді.
Көкшеде күніренген Кенем қайда?!

10 Дариға, жүргегімді дерт өртейді.

Көкшени күндіз-түні мұнар басқан,
Қап-қара бұлтармен құшақтасқан.
Алдында бүйра жалды бөлек тау түр,
Көкшеге қосылмаққа қойнын ашқан.
Мөп-мөлдір, дөп-дөңгелек көл ортада,
Жел ойнап, ақ бетіне меруерт шашқан.
Сол көлдің жағасында Оқжетпес бар,
Жасаған мұнарадай құйып тастан.
Найзадай Оқжестпестің қиясына
Жалғыз-ақ Кенекем ғой қадам басқан.

20

Алашта талай-талай ерлер өткен,
Ерлерде Кенекеме кім бар жеткен?
Сүйремей елін өрге, көрге сүйреп,
Ер емес, «ершіктер» ол елді еңіреткен.
Жалғыз-ақ Кенекем ғой қайрат қылған,
Қазақты құтқарам деп қалың өрттен...

Бір кезде Кенекемді ойлар билеп,
Бір өзі Бурабайды кезіп кеткен,
Артында Оқжетпестің үңгір тау бар,
30 Сол тауда бірнеше күн мекен еткен.

Бір тұні тым құтырып жел ойнайды,
Жынды жел қатты сақ-сақ құле ойнайды.
Бетінен жел кеп сүйіп алғаннан соң,
Көбіктеніп құлегеш көл ойнайды.
Сол тұні сонау үңгір тау ішінде
Қабағын қарс жауып Кене ойлайды.
Қамалған қазағына жол таппаққа,
Жүргегін тілім-тілім тіле ойлайды.
«Қазағым, ханың да мен, қараң да мен,
40 Сен үшін жаным құрбан», – деп ойлайды.

Кенекем құлаштаған ой теңізін,
Бұлдыртқан бұлдыры заман қыран көзін.
Бір кезде серпіледі, шығарған соң
Ойлардың «үн» деген у лебізін.
Келеді маң-маң басып Оқжетпеске,
Құмдарға жолбарыстай тастап ізін.
Көзін жұмып, қияға шықсам-ау деп,
Ойлайды жоғарыға жөндеп жүзін.
Сол минут Оқжетпестің қиясында,
50 Жіберсе көзін ашып, көреді өзін.

Кенекем көзін ашып, таң бол қатты,
Қараңғы, көз көрмейді ешбір затты...
Нажағай маңайында жарқ-жүрк етіп,
Қарағай, сыпсың біткен шулап жатты.
Төменде, Оқжетпестің етегінде

Толқындар тасты сабап, тулап жатты.
Кішкене сескенгендей болғаннан сон,
Кенекем аузына алды аруақты.
«Аруақ» деп алғанша аузын жиып,
60 Көреді қарсы алдында аппақ қартты.

Қарт сонда қозғағандай болды басын,
Қолыменен көтерді түкті қасын.
Ойнаған ақ бұлттай денесі аппақ,
Жасаған бұлт ішінде барлық жасын.
Күнірекен көлдердің көбігімен
Жұғандай аппақ қылыш сақал-шашын.
Ізгі қарт «а» деп аузын қозғағанда,
Төменде судың шуы болды басым.
Қарт сонда күнірекен: «Аманбысын,
70 Кенежан, елдің ері жолбарысым!

Кенежан, берірек кел, сырттан балам,
Ел үшін елсіз жерде жортқан балам.
Сақтайтын қолдан-тілден сендей ерді
Ата пір қасиетті мен қарт бабаң.
Өз қолыммен төменнен тартып алдым,
Кияда күтіп сені сансыз заман.
Ел үшін еңіреп туған жолбарысым,
Білемін, жүргегінде бар бір жараң.
Сені улаған қазақтың қайғысы ғой,
80 Дариға, қазағындың күні қараң.

Алаштың алдын қара тұман жапқан,
Мынау орыс обыр ол еміп жатқан.
Заман азған шағында адам азбақ,
Көп ерлер жаумен брge елін шапқан.

Кешегі Абылайдан азып туған
Уәли анау қар қатынмен басы қаткан.
Шормандай шолтаңдаған шолақ билер
Орыстың шекпеніне елін сатқан.
Кенежан, елің қалды жау қолында,
90 Алып кет алашынды осы жақтан.

Тайсалма, тәуекел қыл, батыр балам,
Арсыға дұға асырар мен қарт бабаң.
Еңіреген ерге серік жолдас болар,
Балауса жас жолбарыс - інің Науан.
Жау қалың: азғантай ел, азғантай шак,
Болғай ед аруақ жар, Құдай панаң.
Мерт болсаң мақсұтыңа жетпей егер,
Сол сағат мен осы жерде тасқа айналам.
Алашта тағы сендей ер тууын
100 Төбеде тас боп шөгіп күтіп қалам».

Осы сөздерді айтып қарт ғайып болды,
Таудың үсті тамаша нұрға толды.
Тербеліп, күніреніп қара бұлттар,
Жер мен көк қасиетті жырға толды.
Бұлтты айдалап, сылдыратып сумен ойнап,
Ерке жел тасты құшып сақ-сақ күлді.
Аллалап ну қарағай шулай-шулай,
Төменде тулай-тулай толқын өлді.
Тамашадан тас болып біраз тұрып,
110 Көзін ашып, Кене өзін жерде көрді.

Сол кеткеннен Кенекем кете барды,
Жанына жас жолбарыс Науанды алды.
Алашты алып шығып ел қылмаққа,

Орысқа аш бөрідей ойран салды.
Үйсін, дулат, қырғызбен қол ұстасып,
Қытаймен қатынаспаққа ой ойланды.
Біле алмай надандықпен ердің ойын,
Сорлы қырғыз мерт қылды арыстанды.
Арыстан Алатауда мерт болғанда,
Оқжетпесте тұрған қарт тасқа айналды.

120

Содан бері бірталай заман өтті,
Алашты улай-улай жаман өтті.
Тұлпар – тулақ, ер арып аруақ боп,
Сарыарқа сайран жердің сәні кетті.
Жолбарыстар жортатын сар далада
Қорсылдаған доңыздар мекен етті.
Жалғыз-ақ Оқжетпестің қиясында
Шөккен қарт күншығысқа түзеп бетті,
Көп заман талмай-тозбай тау басында,
Алаштан Кенекемдей бір ер күтті.

130

Арқада Бурабайдай жер болмайды,
Алашта Кенекемдей ер болмайды.
Кене Арыстан мезгілсіз мерт болды ғой,
Алашқа бұдан да зор шер болмайды.
Ел азды, Арқа тозды, қайғы басты,
Күңіреніп біздей бейбақ жыр толғайды.
Құдай-ау, мәңгілікке қарғамасаң,
Кенедей енді неге ер тумайды?!

140

Кене жоқ, ізін басар іні де жоқ,
Дариға, жүрегімді дерт улады.

ЖҰСІП ХАН (Шын ертек)

Бар еken де, жоқ eken,
Аш eken де, тоқ eken,
Ертек, ертек, ертекте:
Ала қарғa – азаншы,
Қара қарғa – қазаншы,
Шыпшық терген шөмшектi.

Қарлығашы қалбаңдал,
Жапалағы жалбандал,
Көрсетіпті көмегін.
Құс атаулы, әйтейір,
Болыпты бәрі әбігер,
Мен білем бе себебін?!

Сөз бұл емес, сөз кейін,
Бұл сөздерім әншейін
Кеуде кернеп дем алыс.
Бұл – бұлаңы түлкінің,
Бұл – бастапқы бұлкілім,
Болғаннан соң жол алыс.

Тағы да айтам: бұл жерде
Жазбақ емен сендерге
Құстардың не қылғанын.
Бұл әшейін қомданып,
Даярланып домбыра алып,
Тамағымды қырғаным.

Ал тамақты қыралық,
Бөрікті жерге үралық,
Кіріселік кеңеске.
Кеңес мынау ұнаса:
Жер жүзінде тамаша
Талай жер бар емес пе?

Оңтүстікте алыста,
Үндістанға барыста
Иран дейтін бір жер бар.
Жер болғанда, ерке жер,
Жердің құты серке жер,
Не керегің табылар.

Күні жерге үнілген,
Жері гүлге көмілген,
Бір гүл сайын бір бұлбұл.
Асты бір гүл жайнаған,
Үсті бұлбұл сайраған,
Мейлің жыла, мейлің күл.

Бал бұлақты тауы бар,
Бұйра-бұйра бауы бар,
Бауы толған жеміске.
Бір жемісі жақұттай,
Бір жемісі ақықтай,
Бір жемісі күміс пе?!

Бір жақ беті қандай боп,
Бір жақ беті таңдай боп,
Үйіліп жатқан алмасы.

Бәрінен де бұл әжеп,
Саусағынды бірге жеп
Коятындаі алуасы.

Қойтұяқтай – түймедей,
Елі жейтін үймелей
Әсіресе шапталы.
Тағы елінде жібек көп,
Талайының жібек дейд
Еру киген қапталы.

Иран жері, не керек,
Жеміс, бұлбұл, гүл, жібек,
Төрт түлігі сай бопты.
Сай болғанмен, мәлім ғой,
Елінің дені қу кедей,
Бір уыс-ақ бай бопты.

Қашанда надан көп кедей,
Бір уыс байға беттемей,
Құл боп қызмет қылмай ма?
Желіккен байлар құл айдалап,
Еріккен байлар хан сайлап,
Әңгіме-дүкен құрмай ма?

Иранда сонау құт қонған,
Байға ғана құт болған
Бопты дейді Аббас хан –
Жасын тақта жасаған,
Күшігенге ұсаған,
Құлқы бұзық қақпас хан.

Елін бақпай, тақ баққан,
Бар жұмысы – тек жатқан
Алтын сарай ішінде.
Әйел жиған үйірлеп,
«Әйел!» деген күбірлеп
Өнінде де тусінде.

Шараптан ылғи шала мас,
Тажындағы тізген тас
Гаяхар, күннің көзіндей...
Арамтамақ Аббас хан,
Өз құлқына тап басқан –
Үәзір жиган өзіндей.

Сұм-сұрқия уәзірлер
Хан керегін әзірлер –
Шауып, шаншып, ел талап.
Бұқара қасқа бүгжендер,
Табанда ылғи тепкі жер,
Құл боп құрдай жорғалап.

Күндер өткен осылай,
Тістесіп құйрық ай мен ай,
Жылдың ізін жыл басып,
Күндерде бір құн хан Аббас,
Шарап ішіп шала мас,
Өзімен-өзі сырласып.

Отыр екен сарайда,
Тірі жан жоқ маңайда.
Кіріп кепті бас уәзір.

Қос шиқандай томпак ұрт,
Дорба сақал, құйрық мұрт,
Депті уәзір: «Иә, тақсыр!

Ұзын болсын жасыңыз,
Сізге құрбан басымыз.
Келгенімнің мәні бұл:
Бас балшысы түскірі
Балына не түскеңін
Сізге айтқалы келіп тұр».

«Кірсін!» – депті сонда хан,
Сонда оқтай зырлаған
Балшы ұшып кіріпті.
Кіріп құрдай жорғалап,
Құлдық ұрып үш қабат,
Тұрып сөйлей беріпті.

Сырласқаны көк аспан,
Жұлдыз қарап, бал ашқан
Тәуіп екені тағы бар.
Депті: «Алдияр ханымыз!
Сізге құрбан жанымыз!
Келдім алыш сүм хабар.

Жұлдыз маған не деді?
Жұлдыз жақсы демеді,
Қатер айтты ханыма.
Қатері сол, қысқа сөз:
Ханға қаза қатасыз
Оныншы күн таңында».

«Не? Не?» – деді, хан құп-құ,
«Не? Не?» – деді, қысты ашу,
 Қалшылдады, қақалды.
Ықылыш атты, қынқ деді,
«И-и-и-еет!» – деді,
 Сапсандатты сақалды.

«А, құтырған бадырақ құл!
Бұл былшылың қай былшыл!?
 Кет! Көрінбе! Шық! Жоғал!
Мен тілінді қырқайын!
Тұқымынды құртайын!
 Жендет! Жендет! Басын ал!»

Желден ұшқыр жын ба еді –
Жетіп келіп жендеті,
 Жалаңдатып қылышын,
Апыл-ғұптыл, әп-сәтте
Тап береді шаппаққа.
 Құрысын балы! Құрысын!

Балшыда үрей қала ма,
Көзі сыймай шараға,
 Кемсең қағып, жандармен:
«Ханым! Ханым! Сұлтаным!
Бір қасықтай қи қаным!
 Аллаға аян, сөзім шын.

Балға тұскен күн толар,
Жұлдыз сөзі сөз болар,
 Не пайда өліп мен төбет?..

Бірақ, ханым, ойлаймын,
Ақылдассак, айламен
Жұлдызды алдаң үрмас па ек?»

Хан бетіне қан жүрді,
Қисын қалай өмірді,
Арағы бар, қарағы!
Көзі сәуле шалғандай,
Дереу жұлып алғандай
Жендетіне қарады.

«Тоқтай тұр» деп ым қақты,
Жаны біраз жай тапты.
Алдамаққа жұлдызды,
Машайығын, молдасын,
Уәзір, қазы, қолбасын,
Бірін қоймай жиғызды.

Жаранына жылған
Аббас былай бұйырған:
«Тез ақылға салындар!
Жұлдызды алдау жөні не?
Сөйтіп, тірі, өлі ме,
Қалап, затымды алындар!»

Бәрі жерге үнілді,
Бәрі ойға көмілді,
Сақалдары салбырап.
Машайығы сүмиіп,
Молдалары мөлиіп,
Бере алмады бір жауап.

Хан бетінен қан қашты.
Жұрт та жым-жырт. Хан састы.
Алақ-жұлақ екі көз.
Сонда, анау балшыдан
Құлдық ұрып, бас ұрган
«Ханым!» деген шықты сөз.

«Ханым! – деді, – Алдияр!
Қайғырманыз, үміт бар,
Ойдан айла табылар.
Арыстаным, тірегім,
Қасық қаным тілегім,
Мен дәметпен дүние-мал».

Үміті құрғыр жылт етіп:
«Сөйле! – деді хан зекіп, –
Сөйле! Күнәң кешілер!»
Балшы сонда тоқтап аз:
«О, сұлтаным, шахыбаз,
Жұмбақ былай шешілер:

Оныншы күн таңында
Иран елі ханына
Қаза жетпек қатесіз.
Айла мынау сізге, хан,
Тап қазіргі сағаттан
Тақты тастап кетесіз.

Сіз кетіңіз, падиша,
Он күн біреу уақытша
Хандық құрсын тағында.

Жұлдыз сөзі дөп келер:
Тақта отырған хан өлер
Оныншы құн таңында».

Хан қуанып қопаңдап,
Қоразданып қоқаңдап,
Жалт қарады уәзірге:
«Қанатым сен, құйрығым,
Жұрт билеуге жүйрігім,
Сен хандық құр әзірге.

Айта қалса, хан қайтпас!
Қарсы келсөн, мынау бас
Осы жерде кесілер!»
Уәзір сонда сабазың,
Құлық-сұмдық сабагын
Судай ішкен есіл ер.

Жұзіне қуан өң кіріп,
Көзді тоқсан төңкөріп,
Қолды жайып жіберіп,
Бейне маймыл маймандал,
Біресе бейне жайнаңдал,
Біресе бейне тұнеріп:

«Сұбхан Алла! Сұлтаным,
Сізге құрбан жан-тәнім.
Күнім туды оқынан!
Бірақ... Алла, ханым-ай,
Мендей сордың ойы сай,
Келмес хандық қолынан!

Сондықтан таққа қария,
Оқымысты-дария
 Қазы лайық болар-ау!..»
Енді қазың қақалды,
Салалады сақалды,
 Тарбандады қос танау:

«Астапыралда... әзірмін.
Сөзінде бірақ уәзірдін
 Бір қата бар болмашы:
Аюға ақыл қонар ма?
Келтексіз тентек онар ма?
 Лайық болар қолбасы!»

Екі беті шиқандай,
Дәл қораздай қойқандай,
 Басып, жаншып, қиратып,
Ілгері шығып ентігіп,
Кызыарып, ісіп, бөртініп,
 Едірей мұртын ширатып,

Барқылдады қолбасы.
Не керек, сөздің қысқасы,
 Басқаға о да сілтеді.
Ақырда хандық қеңесі
Жүзі қара немесі –
 Жендетке барып жетеді.

Болғанмен қанша шала есті,
Оған да дереу ой тұсті:
 Хан болсын қалай жан қиып!

Аузы кетті ырбиып,
Ерні кетті дүрдиіп,
Қолы қалды тырбиып:

«Е! Құрмалдық мен бе екем?
Он күн деген күн бе екен?
Адыра қалсын бұл хандық!..»
Сөз тоқтады. Жүрт жым-жырт.
«А, Құдайым! Құткар!» – деп,
Айтысты іштен құрмалдық.

Сонда балшы сөйледі,
Сөйлегенде бүй деді:
«Бұған да амал табылар.
Ұнатсаңыз, халаіық,
Бұл он күнге лайық
Жүсіп деген бір сұм бар.

Базарда ылғи ер істер,
Өзі шебер мініскер,
Нағыз найсан, шаян тіл.
Осы отырған бәрінді,
Жазаласа ханымды,
Үры-қары дейтін ол!

«Хан, ханшасы, қолбасы,
Үәзір, қазы, молдасы –
Өңшең ұры обырлар.
Бұқара елді еңіреткен,
Кедей қылып күніренткен
Солар», – дейтін ол мұндар!

Мен ойлаймын, падишам,
Тап сол Жұсіп уақытша
Хандық құрсын тағында.
Жұлдыз сөзі іске асар:
Жұсіп жанмен қоштасар
Онынши күн таңында».

Жұрттың аузы шешілді:
«Мұндай итті, кесірді
Жермен-жексен қылмас па?!

Дұрыс, дұрыс! Сол сұмнан
Өз қанына сусаған,
Таққа лайық кім басқа?!» –

Десті осылай, сөз тынды.
Біз де ақырын сөзді енді
Жәнелтелік Жұсіпке.
Жүкең қайда шаян тіл?
Кайда болушы ед? Базарда ол
Қақталып, қасқа, ыстыққа.

Шаңқай тұс. Шым-шым шағыл күн.
Базар ызың, ың да жың.
Жабыр-дабыр сансыз жұрт.
Саудагер сұм жаны – мал,
Шиқан бетті, жұн сақал,
Сатқан, алған шартпа-шұрт.

Сәлде, шапан шұп-шұбар,
Арбандаған арбалар.
Есек, молда мөнірекен.

Дәруіш, балшы, ойыншы,
Ақсақ-тоқсак, қайыршы,
Жетім бала еңіреген.

Қап-қара бет, сұр дене,
Доп-домалаш бірдене,
Бұл – әйелі Иранның.
Сол базарда бар Жұсіп,
Отырды Жұсіп шай ішіп
Жолдасы біраз адаммен.

Отыр екен деп Жұсіп:
«Біз көреміз, не көрсек,
Хан, қазы, әкім, байлардан.
Кедейге күн жоқ таң атар,
Кедей сорлы жұбанар
Осы деп бізге жазған зан.

Ойласайшы, о жазған,
Сол занды өзін кім жазған?
Хан емес пе қазымен?..» –
Дей бергенде осылай,
Әскер көрінді анадай,
Сырнай-керней сазымен.

Шу ете тұсті жүргегі,
Сұп-сұр болды рені:
Кімге жаққан тұра айтқан.
«Болмаса игі ед бір сұмдық!» –
Деп күбірлеп, жым болып,
Жұсіп көзін қаша атқан.

Қарай қалды қол жаққа,
Қол келеді бұл жаққа.
Дүріл-дүріл, ызы-шу.
Самсаған қол. Сары дала.
Қызыл-жасыл, ақ-ала.
Арғымақ, Сырнай. Дабыл. Ту.

Сәлде. Сақал. Дұлыға.
Құлдар қолдың жолына
Кілем төсеп қайқандап,
Уәзір, қари, молдасы,
Қоразданған қолбасы
Қол алдында қойқандап.

Базар халқы қым-қиқу,
Енді жым-жырт... жығылу.
Бәрінің тілі байланып...
Жұртпен бірге Жұсіп те
Демін алмай, мысықтай
Болып, басы айналып,

Көзін жұмып, енді ашса,
Бұл не деген тамаша!
Уәзір оған бүйдеп тұр:
«О, сұңқарым, сұлтаным,
Саған құрбан жан-тәнім,
Тұр тезірек, таққа жүр!

Ханға құр су ұнай ма!
Саған даяр сарайда
Шербет, шарап, не тамақ...»

Сонда Жұсіп: «Тақсыр-ай,
Бізге арам ғой ол сарай,
Қылмаңызышы ақымақ!»

Сумаңдады уәзір сұм:
«Тәңірі күә, сөзім шын,
Иран ханы енді сіз.
Аббас тақтан тұсті өзі,
Сен хандық құр, іш те же.
Біз-ақ елді билерміз!»

Тұсі ме, бұл өні ме?
Күдік кіріп көніліне,
Жүкең ұртын шымшиды.
Жоқ, оп-ояу, ұйқы жоқ,
Зырлап кетті ойы – оқ...
Конды атқа, құнтиды.

«Олай болса, дұрыс, жүр!
Мен енді – хан, сендер – құл.
Шу! Сарайға тартындар!»
Кетті. Ызғытты аргымак,
Жетті. Жауһар асты тақ.
Ершің енді – алдияр!

Үлде-бұлде киінді,
Сімірді, жеді, тойынды.
Үйренді тақтың тәртібін.
Көні кепкен сұр кедей,
Бірер күн сейтіп ләм демей,
Басқаннан соң қарқынын,

Бастады Жүкең бір істі:
Ел билеуге кірісті –
Жақтап кедей, жалшыны.
Сыптыңдай тезекті
Өншең залым-кезептен
Еңбекші елді аршыды.

Жарлықты Жүкең жаудырды,
Уәзірді жер аударды.
Казының басын алдырды.
Машайғын, молдасын,
Қойқандаған қолбасын
Абақтыға салдырды.

Мұнапық талай мұндардың,
Елді сорған сұмдардың
Кырықтырды басын түймедей.
Байларды айдал жиғызды,
Тұмылдырық кигізді.
«Ух!» деді көп кедей.

Осылай өтті біраз күн,
Бай мен бекті соқты жын.
Алдында бар не сұмдық!
Оны Жүкең не қылсын?
Оның ойы: ел көрсін
Бір күн де болса әділдік.

Не керек, солай хан Жүсіп
Залымның қанын жосылтып,
Сорлының сорын ашқандай.

Мырза, молда, бай бәсөн,
Бәрі жуас, бәрі әсем,
Аяқты байқап басқандай.

Кезептерді қылыш жым,
Бұқара байтақ халықтың
Болды Жүсіп қалқаны.
Қуанған байтақ балаша:
«Жаса, Жүсіп, мың жаса!» –
Деп шуылдап алқады.

Күн артынан күн өтті,
Тірі қалған төбеттер
Есін жия бастады.
Тоғызыншы күн түнінде
Кірісті олар күбірге:
«Мынау Жүсіп шошқаны

Қойғанымыз ба осылай,
Қорлық көріп осындай?
Қара табан, тексіз ит
Не бескатты боздатты,
Байды, бекті, боздақты
Байлап қойды жіпсіз, ит.

Күшікті басқа секіртті,
Кедей итті көкітті,
Құтырған мынау мұндар құл.
Шейіт кетті-ау не серке...
Бізге де кезек күні ертең
Келмесіне кім кепіл?..

Әттең, Аббас, зат еді-ау!
Заттың ісі жат еді-ау:
Жұмысы жоқ бір істе,
Жатушы еді сарайда,
Арақ, қарақ, маңайда...
Не тілесен, соны істе...

Қой! Қорлықты көрерміз,
Бауыздалып өлерміз.
Жер бастырмас Жүсіп сұм.
Тап ертеңгі тұн бар ма? –
Құтырған ол мұндарға
Жалғыз қанжар жалынсын!..»

Кеңес тынды, таң атты,
Күн де батты, ел жатты.
Жүсіп жалғыз тағында
Отыр еді қатерсіз,
Балға түскен қатесіз
Оныншы күн таңында.

Көп тәбеттен бір тәбет
Кіріп, басып біртелеп,
Қадап қалды қанжарды.
Жүсіп үнсіз сылқ етті,
Хан кілемі бұлк етті,
Ханды жұтты, олжа алды.

Болды бектер кеңесі,
Жүсіп сордың денесі
Кескіленді, көмілді.

Абыр-сабыр басылды,
Жұртқа жарлық шашылды:
«Қаза жетті, хан өлді».

Жұрт жыласты, жылды,
Бектер бұлай күйінді:
«Алда, дүние-ай! Күн қаран!
Біз қалдық-ау сорменен!
Барса, келмес жолменен
Кетті-ау сұңқар Жұсіп хан!

Татып ажал шербетін,
Өлді Жұсіп. Ел – жетім!
Байтаққа кім болар бас?
Жәрдем берсін бір Құдай...
Уа, жамағат! Алақай!
Аббас келді! Хан Аббас!»

Сол арада бұрыштан
Құжырайған, құрысқан
Хан Аббасың бүкендең
Шыға келді, о, қасқа!
Жүрген екен тау-таста,
Қашып-зытып Жүкеннен.

Мырза, шора шуласты,
Көтерісп Аббасты,
Тағына алып барады.
Жұрт тұнеріп тұрды да,
«Қап!» – деп санын ұрды да,
Үн-тұні жоқ тарады.

Аббас таққа шоңқиды,
Қол тоқпағы қонқиды:
«Шүкір, шүкір, Алла! – деп. –
Енді тілден тыймайын,
Қалағанын сыйлайын,
Балшым қайда, бар ма?» – деп...

Сөйтіп, Иран тағына
Өңшең сүмның бағына,
Тағы отырды Аббас хан –
Жасын тақта жасаған,
Күшігенге ұсаған,
Құлқы бұзық қақпас хан.

Ел бақпады, тақ бақты,
Бар жұмысы – тек жатты
Алтын сарай ішінде.
Әйел жиды үйрlep,
«Әйел!» деді күбірлеп
Өнінде де тусінде.

Шараптан ылғи шала мас.
Тажындағы тізген тас
Гayhar Күннің көзіндей.
Арамтамақ Аббас хан
Өз құлқына тап басқан
Уәзір жиды езіндей.

Сұм-сұрқия уәзірлер
Хан керегін әзірлеп,
Шапты, шанышты, ел талап.
Бұқара сорлы бүгжендеп,
Табанда ылғи тепкі жеп,
Жүрді жасы сорғалап.

ҚАНЫШ БАЙ ҚИССАСЫ¹

Ұнар, ұнамасын қайдам,
Қисса айтайын Қаныш байдан –
Дорба сақал, тырбық тапал,
Талайыңа таныс байдан.

Қаныш байың қойлы бопты.
Қойлы бопты – ойлы бопты.
Оның ойы оймақ ауыз
Бір тоқал ғой, тойлы бопты.

Тойлы бопты, тоқал апты,
Қаныш байың қарқылдапты.
Ұл табуға міндепті екен,
Тоқал қасқа қысыр қапты.

Қысыр қапты тоқал қасқа,
Байдың енді пейілі басқа.
Басқа пейіл – басқа сойыл,
Тие берген таяқ басқа.

Таяқ басқа тие берген,
Таяқ тоқтар кезі келген.
Әрі бата, әрі қата
Тиіп, бір күн тоқал өлген.

¹ Сыр қазагы өмірінде қорлық көріп өлген адам, көбінесе әйел, өлген соң, қорлық көрсеткен адамды қарақүрт болып келіп шағады деседі (М.Жұмабаев ескертпесі).

Тоқал өлген тұлығынан,
Қаныш тағы аласұрган.
Тәңірі сонда: «Тоба!» – депті,
Қаныш байдың құлығынан.

Тәңірі сонда күйіп тіпті:
«Көрмедім, – деп, – мұндай итті
Тосқыны жоқ, тасқыным жоқ,
Қой, Қанышым, болмас!» – депті.

Тишу бір тұн. Майдың айы.
Бұлт бұркенген көгінде айы.
Жел тұншығып, жер тұншығып,
Сұп-сұлық боп сулы сайы;

Су өліктей сұп-сұлық боп,
Жүргегі жай соғып лұп-лұп,
Жағада іштен «жасын» оқып
Шәкірттерше шебі мұлгіп;

Шебі мұлгіп, қалғып қамыс,
Жансыз бұлтқа қайда жарыс,
Дүние тып-тын. Тишу бір тұн.
Осынау тұнде қайда Қаныш?

Қайда Қаныш? Қаныш үйде.
Қаныш бірақ күйсіз күйде.
Тынши алмай, дөңбекшіпті,
Төсек-орын үйқы-түйқы.

Үйқы көрмей, күрсілдепті.
«Тұні құрсын! Құрсын!» – депті.

Жұдырығы бәйбішеге
Әлсін-әлсін дүрсілдепті.

Дүрсілдепті кесек-кесек.
Кесек болмай: Қатын есек?!
Алайда ырсыл басылмапты,
Салғызыпты тысқа төсек.

Салғызыпты, жатып қапты.
Бір тұтам таң атып қапты.
Таңмен бірге жел оянып,
Әуе біраз салқындасты.

Салқындасты Қаныш бай да,
Бір балбырау тарап бойға.
Көрпеге енді көміле түсіп,
Қаныш байың кіреді ойға.

Ойға кіред, үйқы аралас...
Құшағында тоқал дейд жас...
Тоқал үзіліп барад дейді,
Кірпігінде мөлтілдеп жас.

Кірпігінде жасы мөлт-мөлт...
...Үйқы жеңді, ойы құңгірт.
Құңгірт ойы – көмескі түс...
...Келеді ақырын бір қаракұрт.

Қаракұртқа қарап отыр...
Әр қадамын санап отыр...
Құртты бұрын бір көргендей...
Көзін көзге қадап отыр...

Қадап отыр... құрт та жетед...
Қаныш таң боп, есі кетед.
Кәдімгі бір қарақұрттың
Көзінде жас мөлт-мөлт етед!

Көзі мөлт-мөлт. Келді? Жатты!
Өлген тоқал! Құдай атты!
Қаныш сасад. Қашпақ болад...
Аяқ-қолы тас боп қапты...

* * *

Тас бол қапты. Қайда қашад?
Құрт ақырын төске басад.
Басады да, дәл жүрекке
Көзіндегі жасын шашад.

Дәл жүрекке жасын шашад.
Жасын шашад, көзін басад,
Жылжып түсед... жоқ болады,
Қаныш: «Ух!» – деп, көзін ашад.

Көзін ашад. Кеудесі ісік.
Күйіп барад денесі ісіп.
Қалтылдапты Қаныш байың,
Құп-қу болып, құты ұшып.

Құп-қу бопты Қаныш байың,
Қозғапты енді бір Құдайын.
«Қаныш қатаң» дегеннен соң,
Жиылыпты бар ағайын.

Жиылышты ауыл-аймақ.
Қаныш сонда: «Мен бір мойнақ
Болдым. Мұндай қүйге тұстім,
Тоқал алып аузы оймақ.

Білесіндер: өлді... – депті, –
Қаракұрт боп келді, – депті. –
Жүргіме жасын жақты,
Өлуім хақ енді, – депті. –

Жұртым, тоқал алма! – депті, –
Әсіресе сөз шалға!» – депті.
Сөйдепті де Қаныш байын,
Ыңғылыш атып: «Алла!» – депті.

ӨТИРІК ЕРТЕК¹

Бір дегенім – білеу ғой,
Екі десем – егеу ғой,
Үш дегенім – ұскі ғой,
Төрт дегенім – төсек қой,
Бес дегенім – бесік қой,
Алтыны – асық десті ғой.

Жетім – желке емес пе,
Сегізім – серке емес пе,
Тоғызым – торқа болмай ма?
Он дегенім – оймақ қой,
Он бір қара жұмбақ қой.
Жұмбағым, балалар, үнай ма?

Жә, жұмбақты тасталық,
Басқа кеңес басталық.
Үй артында дәңеске
Алқа-қотан отырып,
Шуды қойып, жым болып,
Кіріселік кеңеске.

Ерте, ерте, ерте еken,
Ешкі жұні бөрте еken.
Сөз бастайын ертеден.
Сөйтіп кеңес қозгайын,
Бірақ сөзді созбайын,
Қайырайын келтеден.

¹ Бұл ертек сұлу суретші Арлаудың «Мысық, тышқан» деген он төрт суреті бойынша жазылған (М.Жұмабаевтың ескертпесі).

Арқаның оң бетінде,
Құба қырдың шетінде
Талай бетпақ дала бар.
Сол шөлдерден көп ары,
Таулы жерде жоғары,
Шираз дейтін қала бар.

Бұл Ширазым – сол Шираз,
Тамашасы мол Шираз:
Көгіне алтын себілген.
Көміп сәуле селіне,
Күні құліп жеріне,
Жерге жауһар төгілген.

Бұл Ширазым – сол Шираз,
Гүл, бұлбұлға мол Шираз,
Гүлі қызыл лағылдай.
Гүлгे қонған бұлбұлы,
Бұлбұлының бал үні
Жазғы сұлу сағымдай.

Осынау Шираз еркеде,
Ертегідей ертеде
Болған талай ақындар.
Үні бұлбұл үніндей,
Сөзі Шираз гүліндей,
Қайда олардай ақын бар?

Жырлап кетсе жорғадай,
Сөз тегілсе сорғалай,
Төгілгені – шекер, бал.
Жырына адам мас болар,
Көзіне ыстық жас толар,
Бойың балқып, шымырлар.

Бұл Ширазым – сол Шираз,
Тамашасы мол Шираз,
Баулары бар бүйра бұлт.
Бүйра бауда тізілген,
Адам үзбей үзілген
Қандай-қандай жеміс жоқ!..

Шираз қала – дәу қала,
Айналасы бау қала,
Бауы жеміс сыңсыған.
Үзімі еріп білінбей,
Тәтті дәмі тілінді
Шымырлатып шымшыған.

Өзім көрдім көзіммен,
Шираз елі үзімді
Бауырсақтай асайды.
Асауды місе қылмайды,
Кеп құрмай олар тұрмайды,
Үзімнен арақ жасайды.

Шираз елі – молдалы,
Молдалары сәлделі
Арақты шарап деседі.
Таңырқай мұртты көп тақсыр,
«Шарап – шипа», – деп тақсыр,
Кеү-кеулесіп ішеді.

Сонымен, Шираз елінде,
Екі-үш үйдің бірінде
Құмыршаға құюлы
Шарап тұрад быжылдан,
Құмыршасы тым сәнді-ак,
Әшекейлі, оюлы.

Сөз – бұл емес, сөз кейін,
Тақсырларға тимеймін,
Кезек келер бір күні.
Тыңдаушы неге демесін,
Мысық-тышқан кеңесін
Айтпақшымын бұл жолы.

Күндерде бір күн бір тышқан,
Сықси көзді сұр тышқан
Кіріп келді бір үйге.
Үй болғанда, оңаша,
Тізілген қаздай құмырша,
Таң болды тышқан бұл күйге.

Мойнын тығып мықшиып,
Жылти көзі сықсиып,
Жалт-жұлт етті, қаранды.
Қаранды да таранды,
Тамсанды да жаланды,
Тыя алмады аранды.

Сілекейі соргалап,
Шықты жымып жорғалап,
Болар-болмас жалады.
Тағы татып қарады,
Тәтті у бойға тарады,
Бойы балқып барады.

Татқан сайын тәтті су,
Тәтті суы – тәтті у,
Жылти көзі жайнады.
Күш қосылды қүшіне,
Мысық түсті есіне,
Тышқан тілді шайнады.

Қолды сермеп жіберді,
Үйдің іші тұнеді,
Күнгірт тартты көз алды.
Ықылышқ атты, «ық» деді,
«Тоқта, тоқта, тоқ!» – деді,
Өзінен-өзі сөз алды:

«Ай, дүние жалған-ай,
Іште кетті-ау арман-ай,
Не көрмедік мысықтан?!
Қанымызды ішті ғой,
Баста қайғы күшті ғой,
Өтті-ау өмір құсып қан!..

Аңдып тұрып тап беред,
Тап бергенде шап беред,
Талайға ол сүм салды ауыз.
Не қылмады қанды ауыз?!
Не қылмады жалмауыз?!
Не қылмады ол жауыз?!

Әттең, дүние-ай, не керек,
Көп жаманға кез болып,
Дәсіп жүр ғой ол жаман!..
Бір көрінсе көзіме,
Көрсетер ем өзіне,
Қалмас еді ол да аман!

Мынау батыр жүрекпен,
Мынау балуан білекпен
Алып ұрып, байлар ем!
Танытар ем әкесін!
Шағар едім шекесін!
Қос құлағын шайнар ем!»

Тышқан солай көпірді,
Көпірді де кекірді,
Ықылыш атты, «ық» деді.
Тап сол жерде мысық сүм
Тыңдал тұрған болып жым:
«Тоқта, тоқта, тоқ!» – деді.

«Тоқ!» – деді де, тап берді,
Тап бергенде, шап берді,
Тап сауырдан салды ауыз.
Сауыр ауызға ілікпей,
Құйрығынан сұліктей
Тістеп қатып қалды ауыз.

«Танимысың әкеңді?
Шағатұғын шекемді
Сен екенсің, көрейін!..
Жаман мұндар, есіріп,
Мұнша сөйлеп кесірді...
Сазайынды берейін!»

«Алди, алди, алдияр!
Бір-ақ ауыз сөзім бар,
Тыңдал, басым кесініз.
Айтқызады ғой жастық ит,
Жастық емес, мастық ит,
Қасық қаным кешініз!

Айық болсам, сізге мен
Тіл тигізіп, жынды емен...
Патшасына әлемнің.
Маған анау су қылды,
Су емес-ая, у қылды,
Түк жазықсыз өлем мен...»

Сөйдеп тышқан зарлап тұр,
Көзінен жасы парлап тұр,
Жерге мөлт-мөлт тамады.
Шиқылдады шашалып,
Қиқылдады қақалып,
Бүйірі бұлкіл қағады.

Бұлтындауды, бұлқынды,
Жан ұшырды, жүлқынды,
Құлді мысық мұртынан.
Үш босатты, бас салды,
Бес босатты, бас салды.
Сілекей шұбырды ұртынан.

Тікен мұрты тікиді,
Шегір көзі шікиді,
Бір «ап» деді, жеп қойды.
Сілекей шұбырды ұртынан,
Бір мырс етті мұртынан,
«Құтырган құл!..» – деп қойды.

Сөйтіп, мысық қылғыды,
Қылғыды да қалғыды,
Пысылдады, кекірді.
Қалғып кетті қорылдан,
Баспалатты мырылдан:
«Шүкір, шүкір, шүкір-ді».

Солай ұйықтап тұн өтті,
Тұн де өтті, күн де өтті,
Тышқан бойға тарады.
Тамақ керек тағы да,
Не кез келер бағына?..
Мысық жалт-жұлт қарады.

Мұртты тілмен жалап қап,
Алақтады, жалақтап,
Татарға түк көрінбейд.
Сілекейін жұтыпты,
Тышқан заты жытыпты,
Ешбір тықыр білінбейд.

Жердің бетін тұн басты,
Мысық оймен мұндасты...
Күлді, ойланды күбірлеп:
«Қой, бұл істі тастайын,
Мен бір істі бастайын,
Тек таң атсын сібірлеп».

Сібірледі күміс таң,
Жетті мысық жалма-жан,
Тартты тура мешітке.
Кірді жымып үндеңей,
Мінді ақырын мінбеге,
Кірісті бір кәсіпке.

Мырылдады азандай,
Сәлде салды қазандай,
Тасбиқ алды қолына.
Тап сопыдай сүмиді,
Тап молдадай мөлиді,
Кірді тәубе жолына.

Кіргені оның қалайша?
Кіргені оның былайша:
Қазан сәлде қаңқиды.
Таңырай мұртты таңқиды,
Қос құлағы салпиды,
Бір момын боп маңқиды.

Бір күрсінді, бұй деді:
«Күй, күй, жаным, күй! – деді, –
Асты бастан күнәйім.
Қалай сабыр қылайын?!
Мейірімі мол Құдайым,
Бір өзіңе жылайын!..

Не қылғаным, Жасаған,
Бәрі де аян бір саған,
Сенен қалай жасырам?!
Мейірімінді түсір деп,
Күнәйімді кешір деп,
Дәргайыңа бас ұрам.

Мейірімі мол Тәнірі ие,
Мынау мешіт үйінде
Ант ішемін атыңмен:
Енді арамдық етпен деп,
Тұмсығына шертпен деп
Енді тышқан затының!

Сұттай аппақ ниетпен
Бір өзіңе ант берем:
Енді өмірімде ет жемен!
Ұшыраса аш тышқан,
Тәжірибесіз жас тышқан,
Етімнен кесіп ет берем».

Осылайша сүм мысық
Көзді қойып бір қысып,
Күнірентті үйді сөзімен.
Бар көңілі бағанда,
Қарап қояд бағанға
Құйрығымен көзінің.

Қарамайды-ау бағанға,
Қарап отыр тағамға,
Тағамымыз – бір тышқан:
Құжырайып, құнтиып,
Тыңдал отыр жылтиып
Сүлік құйрық сүр тышқан.

Көріп мысық сәлдесін,
Естіп тәубе, Алдасын,
Ұйып мысық – молдаға,
Қос құлағы ербііп,
Қос танауы дедиіп,
Тартты тышқан ордага.

Келді де айтты: «Осылай,
Осылай да осылай.
«Тәнірі, күнәм ауыр!» деп,
Мысық зарлап жас төкті,
Бізге тимеске ант етті, –
Тышқан маған бауыр деп».

Орда тышқан үрпиді,
Бәрінің көзі жыртиды,
Ә дегенде таң болды.
Ұзамады, мәз-мейрам,
Бастады у-шу, той, мейрам,
Үйдің іші дан болды.

Отағасы, балақай –
Бәрі де айғай, алақай,
Бәрі ордаға ағылды.
Шербет, шарап, бал, сыра,
Сырнай, керней, домбыра,
Дабыл дан-дұң қағылды.

Гүжілдеді қобызы,
Безілдеді сыбызғы,
Бұрқылдады қорқоры.
Үзім, алма алқызыл,
Әрік, анар қан қызыл,
Шаптал, інжір, алқоры.

Соныменен, сөз қысқа,
Опыр-опыр топ тышқан
Ию-қиу тойда отыр.
Жалғыз-ақ бір қария,
Өзінше ойы дария,
Тойда отырып ойда отыр.

Қария айтты: «Әлеумет,
Құтты болсын қаниет!»
(Күңгірт көзін көтерді).
«Сонықі сұмдық болмасын!..
Сол сұм алдаң ұрмасын!..
Малданбалық бекерді».

Арақ ішкен өңшең мас,
Есі шала өңшең мас,
Дүрсе қоя берісті:
«Көр көрінед көзіңе,
Өз ақылың – өзіңе!
Сен бүйдеме игі істі.

Кері тартпа кәрісің,
Етек басу – бар ісің,
Қой сөзінді, оттамай!
Құй шарапты көпіртіп!
Бас, сырнайшы, лепіртіп!
Тарт, күрілдет, тоқтама!»

Ойшыл қария жұдеді,
Шиқыл-қиқыл ұдеді,
Ию-қиу бар халық.
«Мысық күнәсі ауыр ғой,
Бүгін бізге бауыр ғой,
Оған тарту тарталық!» –

Деді еліріп бір тышқан,
Сұлік құйрық сұр тышқан.
Қабылдады қалың жұрт.
«Пәле!» десті, елірді,
Сағым ішіп семірді
Сыры ежелден мәлім жұрт.

Соныменен сөз бітіп,
Сөз біткенде, тез бітіп,
Кеңес тынды, тарады.
Енді елшілер кешікпей,
Тартты тура мешітке,
Алып тарту-таралғы.

Кірді елшілер мешітке,
Сұмдық болар десіп пе?!

Ентелесті молдаға.
Көзді жұмып сұр мысық,
Оң жақ көзін бір қысып,
Басты «Алда! Алдаға».

Топ-топ болып тұр елші,
Сөз бастады бір елші:
«Тақсыр, мұнда келіпсіз.
«Еткен күнәм ауыр, – деп, –
Тышқан маған бауыр», – деп,
Антпен уәде беріпсіз.

Куаныш соған, қылдық той,
Өзінізге мәлім ғой
Бейбақ біздің халіміз.
Сізге әкелген тарту бар,
Азымызды, алдияр,
Көптей көріп алыңыз.

Оныңыз рас: құнә ауыр,
Енді бізге сіз бауыр.
Тарту – достық белгісі.
Міне алма алқызыл,
Үзім, анар қан қызыл», –
Келді мысық құлкісі.

Бір мырс етті мұртынан,
Сілекей шұбырды ұртынан,
Көзін қызыл қан жапты.
Бір «ап» деді, тап берді,
Тап бергенде, шап берді,
Топыр қылды жан-жақты.

Алда қалды адыра,
Сәлде қалды адыра,
Ұшты тәубе тәсбімен.
Көмді тырнақ мырылдап,
Қанды жұтты қырылдап,
Топ тышқанды қылды жем.

Елші түгел тұтылды,
Екі-ақ тышқан құтылды,
Жытты екеуі жорғалап.
Тек шықпаған жанымен,
Ордасына ханының
Жетті жасы сорғалап.

Өкпе ауызға тығылды,
Жетті екеуі, жығылды:
«Осылай да осылай».
Тақта отырған хан, уәзір –
Қабақ қарын екі дүр
Десті: «Апым-ай, бұл қалай?!»

Хан бүйірді таянды:
«Осылай болу аян-ды...
Мысық бола ма, өйтпесе?!
Ойла жылдам, ей, уәзір!
Осылан ақыл тап қазір,
Басынды алам, өйтпесе!»

Ханың басы қақиды,
Уәзір көзі ақиды,
Беті күлдей болды қу.
Құп-құ болды, бозарды,
Терлең кетті, қызарды,
Айтты: «Амал – соғысу.

Тышқан деген қалың ел,
Ерлігімен мәлім ел,
Алты әлемге даңқы бар.
Айбынды, айбарлы арыстан,
Ойы – дария, данышпан
Сіздей дана ханы бар.

Аттаналық қол болып,
Қол болғанда, мол болып,
Жауға соғыс ашалық.
Қанды судай шашалық,
Мысық жынын басалық,
Ұстап, дарға асалық!»

Хан бүйірді таянды:
«Осылай болу аян-ды...
Мысық бола ма өйтпесе?!

Жауға аттансын ел тегі!
Қанын тәксін көл-теңіз,
Басын алам, әйтпесе!»

Соныменен күн батты,
Түн түнерді, таң атты,
Қол қозғалды, ағылды.
Жер қайысты дірілдеп,
Сырнай, керней гүрілдеп,
Дабыл даң-дуң қағылды.

Қара ағаштай көп найза,
Күнде ойнады көк найза,
Алдаспандар жарқылдал.
Желкілдеді жалаулар,
Таңыраңдады танаулар,
Хан қақалды қарқылдал.

Ордасында хан қалды,
Ханмен біраз жан қалды:
Ақсүйектер, төрелер –
Қалың елді құл қылып,
Бұзықтығын бұл қылып,
Жатып ішер немелер.

Кетті сөйтіп қалың қол,
Қалың қолы – қалың ел.
Көбі – ойлы, азы – мәз.
Талайы барад тұнжырап,
Талайы барад қынжылып,
Көбі – жаяу, аттысы – аз.

Соныменен, қол кетті,
Қол кеткенде, мол кетті.
Барды, кірді соғысқа.
Мұны өтірік демендер,
Күнірекінді көк пен жер,
Өзге соғыс соғыс па?!

Будақ-будақ бу шықты,
Бу ішинен ту шықты,
Шыпқылдаған шықты шу.
Шұрқ-шұрқ болды көбелер,
Дал-дұл болды денелер,
Айғай-ұйғай, ызы-шу.

Соныменен, сөз қысқа,
Шөп те болса көп тышқан,
Мысықты ұстап, байлады.
«А, қанішер неме!» – деп,
Басқа, көзге төпелеп,
Ханға, ордаға айдады.

Хан бүйірді таянды:
«Осылай болу аян-ды...
Көрсетпе итті көзіме!
Жап зынданға қараңғы!
Қатыр аштан бәлемді,
Қыл бұрау сал өзіне!

Ертең әпкел ордаға,
Сот құрармыз ордада,
Бұгін пәлен демелік.
Бұгін өңшең майталман –
Қаза тапқан майданда
Шәйіттерді көмелік!»

Айтты да хан тоқтады,
Жұрт хан сөзін құптады,
Шақырылды елге азан.
Молда келді мөлиіп,
Сопы келді сүмиіп
Сәлделері бір қазан.

Қылмың қақты, қуанды,
Білектерін сыбанды,
Аруланды өліктер.
Өлік көрсе молдалар,
Сілекейі сорғалар,
Өтірік десен, өліп көр.

Табытқа өлік салынды,
Қара тулар алынды,
Көшті молда бастады.
Қолына алып Құранды,
Бір әннен соң бір әнді
Түйдек-түйдек тастады.

«Тәбәрәкті» тұқыртып,
«Жасынды» ашып сыпсыртып,
Суылдатып келеді.
Аузында – Алда, ойында:
«Қанша түсер қойынға?..
Жуырда кім өледі?»

Жетті табыт бейітке,
Түсіріліп шейіттер,
Көрге дереу көмілді.
Көрге көлгір молданың,
Жұртты алдағыш жорғаның
Өтірік жасы төгілді.

Соныменен күн батты,
Дамылдады, ел жатты,
Хан түн бойы қылды той.
Талай халық қаралы,
Талай халық жаралы,
Хан үйі – той, елде – ой...

Тоймен, оймен өтті түн,
Таң білінді, дүние – тын.
Ұлы сәске ел тұрды!
Зындандағы мысықты
Қарғылап ап күшіктей,
Жендет ордаға ап жүрді.

Ханың көзі жыртиып,
Қабақ қарны бұлтиып,
Тақта жатыр жантайып.
Қасында отыр уәзірі,
Тақсырлауға әзір-ді,
Қос құлағы қалқайып.

Хан қорқорын тартады,
Алдында айбалталы
Жендеттер тұр қақиып.
Хан қарады мысықта,
Қарады оған мысық та
Ашулы көзі ақиып.

Хан уәзірмен кеңесті,
Кеңескенде не десті:
«Мұның тұқымын құрталық!
Жалпы жүртқа жар қылып,
Майданға анау дар құрып,
Дереу дарға тарталық!»

Дереу жарлық берілді,
Майданға дар құрылды,
Мысық та алып барылды.
Хан да келді қолымен,
Үрс-ырс етіп, қолымен
Сипап қабақ қарынды.

Хан таяққа таянды:
«Осылай болу аян-ды...
Сал арқанды! Сал! – деді. –
Жендет, енді жақында!
Көм қылышты батырға!
Ал! Ал басын! Ал!» – деді.

Сонда мысық бұлқынды,
Жан ұшырды, жүлқынды,
Көзі шоқтай жайнады.
Тұсауды үзді күшімен,
Қыл арқанды тісімен
Бытыр-бытыр шайнады.

Босанды да тап берді,
Тап бергенде, шап берді,
Бірді белден тістеді.
Тышқан тырым-тырақай...
Әттең ғана дүние-ай,
Хан ауызга тұспеді.

Мысық кәрмен қарғыды,
Ерсіл-қарсыл орғыды,
Шиқылдатты талайды.
Дар майданнан жын ойнақ
Қылды мысық әп сәтте-ақ
Жып-жылмағай маңайды.

Сөйтіп, мысық топыр қып,
Демін алып отырды.
Сөз сейледі бұлайша:
«Жүрсейші иттер тек босып,
Олар – тышқан, мен – мысық,
Жеңеді олар қалайша?!»

Өңшең шірік, сасықтар!
Ажалына асықтар,
Көрді көрмей қазулы!..
Олар – менің азығым,
Бұл – Құдайдың жазуы,
Өзгертпек пе жазуды?!

«Анау көрім қазылған,
Бұл әзелде жазылған», –
Де де, үндемей жүре бер!
А, құтырған құлдар-ай!
Иесін қапқан мұндар-ай!
Ал, ендеше, өле бер!» –

Деді мысық, демікті,
Демін алды, тынықты,
Тұрды, кетті жайына.
Есін жиды көп тышқан,
Таққа тағы мінді хан,
Хан кірісті тойына.

Шербет, шарап алдырды,
Шарапқа сусын қандырды,
Сырнай-керней ойнатты.
Деді жұртқа: «Ит түге!»
Ханның осынау иттігі
Елді ауыр ойлатты...

Ел ел болсын дегендер,
Елдің қамын жегендер
Біріне-бірі сөз салды.
Аулақ үйге жиылды,
Ортаға үстел қойылды,
Дереу мәжіліс басталды.

Отырысты көп аға,
Қоңырау қақты топ аға,
Бүйірі бұлкіл қақты кеп.
Құжырайды, құнтиды,
Жырти көзі жылтиды,
Сөз аузынан ақты кеп...

«Ау, әлеумет, сөз мынау:
Мысық – бізге ата жау,
Бұл туралы қысқа сөз.
Ендігі сөз, хал мынау:
Арақ ішкен хан мынау,
Осыны ойлар келді кез.

Мысықты ата жау деуші ек,
Ханды асқар тау деуші ек,
Кімге пана болды хан?!

Даналығы осы ма?!

Паналығы осы ма?!

Елді жалмап, сорды қан.

Елдің көзі ылғи жас,
Хан тағында ылғи мас,
Бар білгені – бас алад.
Еңіреп жерді құнірентіп,
Бұқара қасқа қан жұтып,
Өз қанына шашалад.

Елді ұрысқа айдады,
Қарқыллады, қайрады,
Өзі қалды ордада.
Ел қазалы, көзі жас,
Хан тағында тағы мас,
Баққа ма осы? Сорға ма?

Күні кеше мысықты
Ұстасымен, кешікпей,
Керек еді дарға асу.
Зынданға оны жапқызды,
Тынықтырып, жатқызды!
Ақымақ ханда жоқ сасу...

Хан қырағы данам деп,
Ханның тілін алам деп,
Ұрылды ғой ел бейбак!
Ау, әлеумет, ойландар!
Ойлап қана қоймаңдар!
Қырыламыз ба хан деп-ақ?!

Қой, хан деуді қоялық!
Ханның көзін жоялық!
Мысық та жау, хан да жау.
Біреуі оның тыстан жау,
Біреуі оның іштен жау;
Жаудың ісі – ел талау...»

Кеңесті осылай көсемдер,
Шерді ағытты шешендер,
Сөз бір жерге құйылды.
Жеті тұнде қаранды
Бүгеженде, қарандап,
Жұрт майданға жиылды.

Жұрт жиылды, кеңесті,
Кеңескенде не десті:
«Ханды қазір байлалық?!
Онсын ұстап мысықты ап,
Хан, мысықты қосақтап,
Қаңғырталық, айдалық!» –

Десті осылай дүркіреп,
Көшкен бұлттай жөңкіліп,
Жұрт жөнелді ордаға.
Арақ ішіп, қылжаңдап,
Өзінен өзі ыржындан,
Хан отыр ед ордада.

Ел қазалы, азалы,
Азалы ел – ызалы,
Қылды орданы құл-талқан.
Ықылық атып қақалып,
Қол-аяғы мatalып,
Домаланып қалды хан.

Жұрт жөнелді жөңкіліп,
Жалаулары желкілдеп,
Аттан салып қиқулап.
Будақ-будақ бу шықты,
Бу ішінен ту шықты,
Шуылдады шиқылдан.

Лап қойысты мысыққа,
Атып тұрып мысық та
Тап-тап берді маңайға.
Талай жұндер жұлдынды,
Талай жері тілінді,
Ажал жетті талайға.

Көзді оттай ойнатты,
Ә дегенде тым қатты
Сүм мысықтың қарқыны.
Соғыса алмай көсіліп,
Қалың тышқан қысылып,
Қара қанға қалқыды.

Соныменен, сөз қысқа,
Шөп те болса көп тышқан,
Мысықты ұстап, байлады.
Байлап ап кеп ордаға,
Ханды қосып, ордадан
Екі сүмдүй айдады.

Қол ұстасып хан, мысық,
Екеуі де қан құсып,
Түннен бетер түнерді.
Қиран басып жөнелді,
Алақайлан ел енді,
Қуанышқа кенелді.

Едірейіп, қалқып,
Тырбық бұты талтиып,
Сөз сейледі қаптесер:
«Бірің сенің – тыстан жау,
Бірің сенің – іштен жау,
Кет, қанішер! Баскесер!

Кет, екі жау! Қаңғып өл!
Еркін қалдың, қалың ел!
Еңіреме енді, жасың тый!
Енді сені талау жоқ!
Енді құл ғып қанау жоқ!
Өзіңе-өзің болдың би!»

Соныменен хан, мысық
Кетті қаңғып қан құсып,
Куанышта қалың жүрт.
Деп: «Бұғаудан босандық!»
«Жасасын, – деп, – бостандық!»
Қол соғылды шарт та шұрт.

Біреу тұрды, биледі,
Біреу керней күйледі,
Дабыл даң-дүң қағылды.
Бітті осымен көнсім,
Тыңдаушы енді демесін:
«Онсын тышқан не қылды?..»

Енді өртегім байыды,
Ертегімнің айыбы:
Кемі – өтірік, көбі – шын.
Жоламас ем азға да,
Керек болды аз ғана
Өтірік қосу көп үшін.

Бұл аздың да, оқушым,
Қайта оқыши, бәрі шын.
Шыны мынау – бұл мысал.
Ертегімнің басында
Бала біткенге ашына
Жұмбағымды есіңе ал.

Бір дегенім – білеу ғой,
Екі десем – егеу ғой,
Үш дегенім – ұскі ғой.
Мысық – талаушы екені,
Ханның – қанаушы екені
Енді есіңе түсті ғой.

Екі жауын осынау
Қылған кейін ханталау
Қалың тышқан – қалың ел.
Төртімді енді төсек деп,
Бесімді енді бесік деп,
Өзің енді тарта бер.

Тоғызымды – торқа де,
Сегізімді – серке де,
Жетімді – енді желке де.
Ерте, ерте, ертеде,
Ешкі жүні бөртеде,
Құйрығы оның келте де!

ТОҚСАН ТОБЫ

Құмдықөл басы қара құрт,
Қара құрт емес, қалың жүрт,
Қалың жүрт құба дәңесте.
Арам, кірлі күбір жоқ,
Самбыр сөз бар, сыбыр жоқ,
Жүрт ақжарқын кенесте.
Ауылдан аулак, онаша,
Жиын түрі жаңаша,
Ескі – адыра, алыста.
Сапырылған қымыз жоқ,
Сойылған бағлан, семіз жоқ,
Жүрт ынтасы жұмыста.
Тұрлі сөзді қолға алад,
Талқылайды толғанад,
Кезекпен сөйлеп кенесед.
Бажыл болса баяғы,
Керіспен тынар аяғы,
Кенесті кенес демес ед.

Осылайша көп түрі,
Сөз күрделі, сөз ірі,
Кенесіп жата тұрсын топ.
Мен айтарлық сөз мұнда:
Осы кенес тобында
Кімдер бар да, кімдер жоқ?
Кімдер жоқтан бастайын,
Қысқа қайырып, саспайын.
Танаудан тізіп санайын:
Жалпы айтқанда, жоқ жауыз –
Жатып сорар жалмауыз

Еңбекші момын маңайын.
Балдырлайтын ардалап,
Пара алатын арбалап –
Атымен обыр орыс жоқ.
Сары обырдың серігі,
Жеті басты жебірі –
Қарғылы құтпан болыс жоқ.
Буаз бие қарынды,
Пара алмаса, арынды
Баяғының биі жоқ.
Топтан тәбет айдалып,
Тілі-қолы байланып,
Бидің енді қүйі жоқ.
Ұлыққа тамақ табатын,
Арсаландап шабатын
Ауылнай атты қүшік жоқ.
Аш қаншықтай кезеген,
Жалғайтын жұлдып өзегін –
Сұм, сұрқия, пысық жоқ.
Үйірлеп малай жалдайтын,
Жалдамайтын, жалмайтын –
Еңбексіз, обыр сасық жоқ.
Көлемі күйек сәлделі,
Көк мұздай жылтыр келделі
Ишан атты пасық жоқ.
Түкірік жағып көзіне,
Жүртты улайтын сөзімен
Өгіз көзді молда жоқ.
Екі беті торсықтай,
Борсандаған борсықтай
Бай баласы – бұл да жоқ.

Созылған сөздің қысқасы,
Қысқа сөздің нұсқасы –
Обыр, жебір, сұмдар жоқ.
Еңбексіз жейтін ит те жоқ,
Бейнетсіз жейтін бит те жоқ,
Жалпы айтқанда, жындар жоқ.

Жоқтарды осылай көгенде,
Танаудан тізіп түгенде,
Кімдер барға келейін.
Санасам бәрін, сөз ұзар,
Ұзын сөзге орын тар,
Біразын атап берейін.

Бұл жиында кімдер бар?
Ал айтайын, жаттап ал:
Жалпы еңбекші, жарлы бар.
Тап-талтұсте таланып,
Тірі күйі тоналып,
Софым болған сорлы бар.
Туғалы таңы атпаған,
Тұрмыста тұщы татпаған,
Өмірде өңшең өгей бар.
Өмірдің ішкен у сыйын,
Кер шолақты, көн киім,
Кеуреген көп кедей бар.
Жасықтан өзге жемеген,
Тек еңбегім демеген
Аш-жалаңаш, арық бар.
Аталмаған адам деп,
Аталған жәутік-жаман деп,
Кем-кетік, қасер-гаріп бар.

Күс табанын тас тілген,
Екі бетін жас тілген,
Бейнет баққан жалшы бар.
Өгізден өзге мінбеген,
Мінсе, мырза міндең
Қабағы қатқан малшы бар.
Сусынын сумен қандырған,
Білегін тегін талдырған,
Құлдай болған қоңсы бар.
Шай-шайлап еніреп зыр қаққан,
Сар далада зар қаққан,
Қатқан тонды қойшы бар.
Өмірде топқа кірмеген,
Тепкіден өзге көрмеген,
«Бағасы – байтал» әйел бар.
Дейтіндер десін, «Ой, Алла!»
Әйел енді оянды,
Болмаса былтыр, биыл бар.

Кеңестің бұл бергені:
Ердің екі ермегі –
Бәйбіше мен тоқал бар.
Ер апшысы қуырылып,
Биыл топқа сұрырылып,
Сөз сөйледі тоқалдар.
«Үш-ш-ш-шүкір» дейтін асықпай,
Қорғасын құйған асықтай
Бүйрек бетті бала бар.
Жұғыннан өзге жемейтін,
Арыздым, аштым демейтін
Желекті келін және бар.

Көйлексіз етке көн киген,
Бейнетпен көзі кіртиген,
Шеккені шер мен ыза, зар,
Итаяқтан ас ішкен,
Ас ішпеген, жас ішкен
Сауыншы сорлы қатын бар.
Ұзын сөздің түйіні –
Бұл тоқсанның жиыны,
Жұзден тоқсан түгел бар.
Жұзден тоқсан – еңбекші,
Он тоқсанға көнбекші,
Көнбесе, жаныштар жігер бар.

Ес біліп ойлап, толғанып,
Қолыма қалам алғалы
Сөйлеген емен жасыра:
Мен мұндымен мұндастым,
Адассам, ел деп адастым.
Он деген емен, асылы.
Он демедім, демеспін,
Ой кезінде көмескі
Жырладым елді жалпылап,
Жасырмай, жүзді жоқтадым.
Тоқсанға енді тоқтадым,
Толғанып, ойлап, талқылап.
Сөздің тоқтар түйіні:
Бұл – тоқсанның жиыны,
Осы – армансыз білгенім.
Тоқсаннан сонау он аулақ,
Сонау оннан мен аулақ,
Мен тоқсанмен біргемін.

ТОЛҒАУ

Тек ел деген сөзі үшін,
Ергенде, ердім ұранға.
Болмаса, аян досыма,
Досым түгіл, қасыма:
Аты бар деп атшы болп,
Қошемет қып, қосшы болп,
Ел бастаған ағаға
Адъютант болып ермедім.
Адъютант болып адамға
Ермеуіме көп белгі.
Көп белгіден бір белгі:
Ағаның азы қасарып,
Аузына ауыр тас алып,
Тұншығып оймен жатқанда;
Талай аға тез жүдеп,
Жөңкіле жүкті тартқанда;
Жеммен жүрер жабыдай,
Құрбының көбі тез түлеп,
Топырлап топқа шапқанда,
Жапанда жалғыз күніреніп,
Мен ойыма ергемін.

Еділ кездім, шөл кездім,
Кезгенімде не көрдім:
Қайда барсам, көр көрдім.
Айдарлысы құл болып,
Тұлымдысы тұл болып,
Еңіреген ел көрдім.
Қаралы көптің ішінде,
Қара салып басыма,

Елмен бірге еңіредім.
Бұл айып деуші дей жатар,
Мен мұны айып білмедім.
Мен еліме басшы емен,
Мен еліме қосшымын.
Күлкісін гүлге бөлейтін,
Жыласа, бірге жылайтын,
Жаны бір жолдас жырауын.
Жылағанда жалпы жұрт,
«Жылама, күл!» – дегенде,
Көне алмадым, көнбедім.
А дегеннен асылды
Тебіренген толқын бетінде
Көремін деп асықтым.
Асыққаннан не пайда,
Толғақсыз туар бала жоқ.
Ту баста толқын бетінде
Асығып күткен асылды
Көре алмадым, көрмедім.


Бұлқынған толқын бетінде,
Қалқыған қу тезектей,
Бір күн бура болғышыл
Бұзықтар болды көргенім.
Көргенім анық, алайда
Тезекке бола толқыннан
Ат-тонымды ап безбедім.

Бұл безуден саулығым:
Жүзден тоқсан толқында ед.
Анда-санда ес кіріп,
Сұрадым тоқсан саулығын.

Ақталмаймын, қалайда,
Толқынга жоқ-ты жаулығым.
«Жау» деген – жаудың жаласы,
Әділ болсан, өмірімді
Ақтарып әділ қарашы.
Отыз жыл өмір бойында
Жазғанымды жайып сап,
Екі жар ғып санашы.

Тексеруді отызды
Ауырсынсаң, қояйын.
Бір сөзімді есіңе ал:
Мен толқынға жау болсам,
Жеті жыл бұрын осыдан,
Төңкерістің таңында
Алты алашқа әйгілеп:
«Не бостандық, не құлдық,
Не езілу, не теңдік,
Не патшалық, не Кеңес –
Екіден бір!» – дер ме едім?!

ЭНГИМЕЛЕР



ШОЛПАННЫҢ КҮНӘСІ

I

Шолпан Сәрсембайға шыққан жылы өзіндей жас келіншектермен аулақта кенескенде: «Баласыз өмірдің қызығы жоқ қой», – деп аузымен ғана айтушы еді. Мал орнына сатылып, жаны сүймеген жанға жар болатын қазактың сансыз қыздарының ішінен әлдекалай өзінің сүйгеніне тиген Шолпан шынында бастапқы жылы бала керек қылмады. Ақ отаудың ішінде оңаша жатса да, яки күйеуін құшақтап жатса да, ол ылғи ішінен: «Жасаған-ау, бала бере көрме?!» – деп тілейтін еді.

«Балалы болсам, әдемі өмірім бұзылады-ау», – деп ойлайтын еді Шолпан... Болашақ бала, жас әлсіз нәресте сұлу құралған өмірді таусоғар диюден бетер бұзып, қиратып, астын үстіге келтіріп тастайтындаі көрінуші еді. Бала туса күйеуі екеуінің ортасында бір тікенек өсетіндей болушы еді... Туашақ бала күйеуімен екеуін бір-біріне берік байлаған жазғы кештің желіндей махабbat жібін үзіп кетер; қиуласып қосылған екі жаның арасына жат бір үшінші жан түскен соң, екеуінің де жалынды, екпінді махаббаты бүлінер, бәсендер, суынар деп қоркушы еді Шолпан.

Осы ойлармен Шолпан талай тұндерде, талай тан мезгілінде Тәңіріден: «Бала берме!» – деп тілеп еді. Күншығыстан ақ жібектей таң атып келе жатқан мезгілде, өзге адам сәждеге құлап, маңдайын топыраққа былғап, тасқа ұрып Тәңіріден бақытты тұрмыс, өшпес бақыт, кетпес байлық, әсіресе, бала сұрайтын кезінде, Шолпан күрсіне-күрсіне Жасағанға: «Бала бере көрме!»

деп талай жалынып еді. Затында баланы жек көргендіктен емес, ерімен екі ортасындағы жібектен нәзік махаббат жібі үзілмеу үшін, екі жанды бір-біріне қоса білген иманнан да ізгі махаббатқа басқа бір жан келіп, тап салмау үшін бала болмауын тілеп еді Шолпан.

Жас жүректің ұйтқыған оттай есалаң тілегі қабыл болды ма, кім білсін, түскеніне үш жыл толды, Шолпан құрсақ көтерген жоқ, құрсақ көтермегеніне Шолпан шын разы еді. Ері мен екі арадағы махаббат оты күн-күн сайын дүрілдемегенмен, бәсендемей, бір қалыпта тұрғаны сол баланың жоқтығы ғой деп ойлады Шолпан. Үш жыл бойы ері де ешбір уақыт бала жоқтамаған сықылды еді. Үш жыл бойы Шолпаннан басқа, Шолпанның оттай ыстық, желдей жібек құшағынан басқа еш нәрсе тілемеген сықылды еді. Оның өмірінің басы да, аяғы да, «ағузисы» да, «сұбханасы» да Шолпанғана сықылды еді. Дүниеде теңіз терең емес, адамның жаны терең, Шолпанның ерінің жанының терең түбінде қандай ой, қандай тілек жатқанын кім білсін, әйтеуір Шолпанға осылай көрінуші еді. Қысқасы, Шолпан үш жыл бойына оны осы ойдан қайтаратын ешбір сөз естіген жоқ, ешбір іс көрген жоқ. Дұрысы, «баласыз өмір – бос өмір» деген сөзді басқа талай адамдардан естіді, бір-ақ жаны сүйген жарынан естіген жоқ. Ғашық адамға Құранның аяты қасиетті емес, жарының сезі қасиетті, жарынан басқа адамның сезін не қылсын Шолпан!

Бірін-бірі қуалап, ай соңынан ай озды, бірін-бірі жетелеп жыл соңынан жыл озды, не керек, Шолпанның «бала болмасын» деген ойы бекігеннен бекіді.

Бірақ... жалпы жаратылыста да, адамның өмірінде де, адамның ойында да, өзгерістің даярлығы болмаса, дәл өзі ұзақ созылып барып болмақ емес. Өзгеріс қашан

да болса кенет болмақ. Екі ай, үш ай құз дейміз. Сонда құздің келгенін адам екі-үш ай бойына бірте-бірте сезіп жүрмейді. Бір-ақ уақытта, айталық бір-ақ түнде әжімді жүзді, жылауық құздің келгенін сезіп қалады.

Шолпанның «бала болмасын» деген ойы да бір-ақ түнде өзгеріп шықты.

Ұршыққа оралған жіптей басы-аяғы жоқ қыстың ұзын кеші еді. Інірде мал жайлап болған соң, Шолпанның ері әңгімелесіп отыру үшін құрбысы Нұржанның үйіне кеткен. Нұржанның үйленгеніне бес жыл болып еді. Бес жылдың ішінде үш баласы бар еді: екеуі ұл, біреуі қыз. Шолпанның ері Сәрсембай Нұржанның үйінде ұзақ отырып қалды. Сәрсембайды ұзақ отырғызған Нұржанның ұзақ әңгімесі емес, оның үш баласы еді. Әңгіме дейтін әңгіме де болған жоқ, тек бәрі үш баланың қызығына қарасып, мәз-мейрам болысты да отырды. Нұржанның екі ұлы былдырласып өлең айтқан болысады. Білектерін сыйбанып, алақандарына түкіріп, тұшталандалап, бір-бірімен күресеміз деп ұстаса бергенде, аяқтары бір-біріне шалынысып қалып, біреуі жығылады, екіншісі оның үстіне жығылады. Үйде отырған жүрттың бәрі қарқ-қарқ күліседі, мына балаларды кезек-кезек шақырып алып сүйіседі. Нұржанның әкесі шал немересін шақырып алып, асты-үсті, алды-артынан, тіпті сүймеген жерін қалдырмайды. Әсірсесе, Нұржанның кішкене қызының қылышы, тәттілігі балдан да тәтті еді.

Сәрсембай Нұржанның үйінде осы балалардың у-шуымен ұзақ отырып қалды. Жүртпен бірге о да қарқ-қарқ күлді. О да балаларды кезек-кезек сүйді. Жазаласа, Нұржанның кішкене қызын кеш бойы алдына алып отырды.

Нұржанның үйінде Сәрсембай ұзақ отырып, қайтуға шыққанда, ауылдың бәрі-ақ жатып қалған еді. Қайтып үйге кірсе, Шолпан да жатқан екен, бірақ ұйықтаған

жоқ екен. Шешініп Шолпанның жаңына жатты да, Сәрсембай Нұржанның балаларының ісін, олардың тәтті қылықтарын әңгіме қылып сөйлей бастады. Үнілемей, күрсінбей, «біздің баламыз жоқ-ау», – деген сықылды ешбір уайым сөз айтпай, қайта құле-құле сөйледі.

Сәрсембай әнгімесінің арасында жай сөздің екпінімен: «Балалы үй – базар, баласыз үй – мазар» деген сөз ып-рас-ау» дегенде, Шолпанның басында жаңа бір ой жарқ ете түсті: Үш жылдан бері балам болмасын деген тілегінің қата болғанда да есалан екендігі, бала болмаса екеуінің өмірінің қу мазарға айналатындығы, араларындағы жалынды махаббаттың заманың озуымен бір[те]-бірте май шамдай еріп сөнетіндігі, құшақтың ыстығы өмір бойы бір қалыпта тұрмайтындығы, екі жүйрік жүректің екпіні баяулаған кезде бір-бірінен жирендірмей, бір-біріне берік байлайтын бала екендігі, баланың ер мен әйел арасында дәнекер екендігі – міне, осы ойлардың бәрі сол сағатта ап-айқын боп Шолпанның көз алдына келді.

Сәрсембай балалардың тәтті қылықтарын құле сөйлеп, ұзақ әңгіме қылып жатты. Төсекте жатып Сәрсембай шын ынтасымен қарқ-қарқ құлгенде, Шолпан да бірге құлді. Бірақ бұл құлген Шолпанның жаңы емес, бет терісі ғана еді.

Сәрсембай манағы мақалды айтқаннан былай Шолпанның сұңқардай үшқыр жаңын, желдей есалан жүреғін қара жыландаі қап-қара ойлар орап алып, улай бастап еді. Тұпсіз теңіздің қара көк толқындарындаі қап-қара ойлар бірі[нің] артынан бірі келді... Үш жыл бойына созылған есалан тілек. Әлдеқайда алыста бұлдырлап келе жатқан кәрілік. Көзінің оты сөніп, сұп-сұр құлге айналған, күздей көнілсіз кәрілік. Жаның қанатын қырқатын, жүректің отын сөндіретін кәрілік. Бала болмаса, сол кезде сөніп бара жатқан өмірге кім сәулे

берер, кім оны жылтытар?.. Бала болмаса, сол кезде ішін-дегі дәні шіріп, кеуіп қалған шөптің қауызындай, бос өмірдің кемтігін кім толтыра?.. Жоқ-ая! Әлдеқайдады алыстағы кәрілікті қоя тұршы. Оған өмір не жетер, не жетпес, сол кәрілік жетпей-ақ осы күннің өзінде-ақ өмір босап қалайын деп тұрған жоқ па? Жаһанда онан құшті нәрсе жоқ деп, иман келтірген махаббаттың құші ерімен екеуін бір-біріне берік байлауға үш-ақ жылға жетіп, енді өз-өзінен сөнөйін деп тұрған жоқ па? Ессіз Шолпан үш жыл бойына бала болмасын деп тіледі. Енді сол бала болмағандықтан, ертегідей әдемі өмір қу мазарға айналайын деп тұрған жоқ па? Міне, Шолпанның жанында қаракөк теңіздің толқындарындай ұйтқыған ойлардың қорытындысы осы еді.

Сәрсембай әлдеқашан ұйқыға кетті. Бірақ Шолпан анау ойлармен уланып, кірпік қаққан жоқ. Қыстың ұзын тұні шайтанның шашындағы ұзайғаннан ұзайды. Шолпанның ойлары да терендергеннен терендең, қарайғаннан қарайды...

Күншығыстан ағарып алтын таң атып келе жатқанда Шолпан болар-болмас қубірлеп: «Жасаған-ая, бала бере көр!» – деп, жас балаша өксігін баса алмай, көзінен жасы парлап, Жасағаннан бала сұрап жатыр еді.

II

Осы тұннен былай қарай Шолпанның бар тілегі бала болды. Жатса да, тұрса да, ояу болса да, ұйықтаса да: «Жасаған-ая, бала бере көр!» деген тілекті Шолпанның не аузы, не жүрегі айтушы еді. Бірақ бірін-бірі қуалап, ай соңынан ай озды, тілей-тілей тілек тозды. Соға-соға жүрек тозды, тілек тозды, жүрек тозды – өмір тозды, қалайда Шолпан бала көтермеді. Талай тұндерде көз-

ден емес, жүректен ыстық жас төкті. Сопы болды, ылғи дәретпен таза жүрді, намаз оқыды. Күн сайын таң сіберлеп келе жатқаннан тұрып, сәждеге құлады, таспиқтың тасын санап, «сұбханалла» айтты. Бірақ бала болмады. Шолпан өзінің бұл сопылық жолға түсуінің себебі «бала» екендігін ешкімге айтқан жоқ. Жанынан жақын ері Сәрсембайға да айтқан жоқ. Сондықтан Шолпанның мынау мінезі Сәрсембайға да һәм басқаларға да жат, оғаш көрінді. Жақыны да, жаты да құлісті, келемеж қылысты. «Ой, сен пірәдар болайын деп жүрсің бе?» – деп күлетін болды Сәрсембай.

Ауыл тұяғынан Шолпанға: «Пірәдар келін», «Пірәдар женге», «Пірәдарabyсынымыз» деп ат қойды. Үлкен де, құрбы да, бала-шаға да құлді. Бірақ Шолпан жүрегінде-гі жараны ешкімге ашқан жоқ. Ашқанмен олар ұғар ма еді? Тегінде адамның жүрек сырын шеттің ұғуы мүмкін нәрсе емес қой. Теңіз терең емес, адамның жаны терең. Су түбінде жатқан зат жел толқытса да шықпақ. Ой түбінде жатқан сыр шер толқытса да шықпақ. Шықса шер мен сырдың көлеңкесі, сәулесі ғана шықпақ. Дүниеде адамнан қыын жұмбақ жоқ. Адам – шешуі жоқ жұмбақ. Шешуі деп атауға болатын болса, адамның шешуі жалғыз өлім. Осы ойлар Шолпанның жанында таспиқтай тіzlген ретті болмаса да, оның жаны соқыр сезіммен осы ойларға өзі барып тірелген еді, һәм Шолпанның жүрек жарасын ешкімге сездірмеске тырысуның себебі осы еді.

Не керек, жақын, жаттың ортасында жалғыз болды. Бітеу жара болды, жалғыз өртенді, жалғыз жылады, дүниеден безді, сопы болды. Бала сұрады, қалайда бала болмады.

Бала... сол бала үшін қандай ессіздік істемеді есті Шолпан! Ұшыраған молдадан дүғалық алыш бақты.

Аты естілген қожадан ішірткі жаздырып ішті. Көрінген сәлдеге үшкіртті. Шиқандай қып-қызыл бетті қожа бесті бұқадай сүзе қарап: «тіфу-тіфу!» деп үшкіргенде, қожаның «қасиетті» лебі шетке бытырамай, тура түгел ішіме барсын деп, жүрегі ойнап, жүзі бір қызарып, бір ағарып, бетін қожаның аузына тақап, тосып отырушы еді Шолпан. Ылғи: «Көзім қарайып, басым айналады» деген сылтау тауып, өзін бақсыға да қаратты. Тағы... тағы... не істемеді Шолпан?! Өртке ұшырап аласұрған жан не істейтін болса, Шолпан бәрін істеді. Бірақ бірінбірі жетелеп, жыл соңынан жыл озды. Баладан белгі болмады. Шолпан тілеуден талмады. Көзінде жас калмады. Дүниеден безді. Пірәдар болды, әулиеге ат айтты, қорасанға қой айтты: «Жасаған-ау, бала бере гөр!» – деді. Бірақ тілек іске аспай, аяғы жоқ жыр болды: Көл болып төгілген көздің жасы жерге сінді, тілек тозды, өмір озды, Шолпан бала көтермеді. Қанша жалынса да, қанша жыласа да, Жасаған оған бала бермеді. Кім біледі, Тәнірінің Шолпанға бала бермеуі өзінше дұрыс шығар, жөн шығар. Бастапқы жылдардағы Шолпанның: «Бала бере көрме!» деген тілегін қабыл қылып, тозбайтын, кайта түзетілмейтін тақтайына жазып қойған шығар. Шолпанның ендігі тілегі – болары болып, бояуы сіңген, соңғы пайдасыз бос тілек шығар. Ирі саудагерлердің бір аитар: «Сауда жоқ!» дейтін мінезі, кім біледі, Тәніріде де бар шығар. Тегінде Тәнірі де – ауыздықсыз, арсыз саудагер. Тізгінсіз, менмен әкім мінездері бар сықылды.

Мұндай мінезі болмаса, бұйрықымды бұздың деп атамыз Адамды ұжмақтан тырдай жалаңаш айдалап шығар ма еді? Топырағыма табынбадың деп әзәзілді ібіліске айналдырап ма еді?.. Кім біледі, Тәнірі ежелгі осы белгілі белдігіне салды ма? Қалайда Шолпанға бала бермеді. Дұғалық тағу, ішірткі ішу, үшкірту, түкірту, қактыру-соқтыру, намаз,

ораза, садақа, нәзір һәм басқа басы-аяғы жоқ құлшылықтан ақыр[ын]да Шолпан шаршады. Бұл құлшылықтардан ешбір пайда болмайтынына көзі жетті. Тілегі қабыл болмады – Тәңіріден тәуелі қайтты, өмір шіркін ескен желдей озып барады. Өмір – бір құрулы машина.

Тоқтау білмейтін, шаршау білмейтін жансыз машина. Өлдекімнің жас орнына қан жылағанын, әлдекімнің үміті өліп, гүлі солып жатқанын, дөңгелегінің арасында әлдекімнің қолы, аяғы, басы – барлық денесі кеткенін, деңесі ғана емес, жаны, жүргегі кеткенін не қылсын?! Қайрылып қараша білмейтін, аяу білмейтін өмір Шолпанның да жүргінен саулап аққан қанына, қанаты сынып өліп жатқан жанына кідіріп, бұрылып қараған жоқ. Жалғыз аузынан емес, барлық денесінен көбігі бұрқырап, таудан құлаған есалаң өзендей есалаң өмір озып бара жатты. Өмірдің әрбір минуты сайын Шолпанның ойының, Шолпанның жанының, әрбір үшқыны өліп жатты.

Өмір озады, тілек тозады, – бала жоқ. Енді не қылмақ керек? Жоқ, дүғалығы, молдасы, қожасы құрысын! Құлшылығы құрысын! Айтқанынан қайтпайтын қасарған тәкаппар Тәңірісі бар болсын! Жоқ, бала болудың кілті көкте емес, адамның өзінде шығар.

Бала болу ер мен әйелдің өзіне байлаулы шығар. Шолпанның бұл күнге шейін бала көтермеуі, кім біледі, оның шын әйел бола алмағандығынан шығар. Ермен жатқанда, барлық қазақ әйеліндей қаннен-қаперсіз жай бір жұмыс істегендей салқын жатуынан шығар. Ермен қосылғанда сол қосылу ісіне жан-денесімен беріле білмейінен, оның құшағының жалыны әлсіз болғандықтан, сүюінің оты кем болғандықтан шығар...

Осы әрі тәтті, әрі улы ойлардың билеп айдауымен Сәрсембайға жатқанда, тіпті екінші түрлі жата бастады. Денесі өртке, құшағы жалынға, аузы отқа айналды. Сәр-

сембайдың қойнына жата бастағанда, мойнына бұғалық түскен киіктің асау лағындей, өмірінде ер затын бірінші рет көретін он үш жасар жас қыздай дірілдеп, күйіп-жанатын болды. Құшақтағанда, Сәрсембайдың қабыргала-рын бір-біріне қабыстырғандай қысып-қысып құшақтайтын болды. Аузынан Сәрсембайдың ішіне от жібергендей құшырланып, жалынданап сүйетін болды. Шолпаннын улы құшағында сен соққан балықтай соқтығып, у ішіп айныған адамдай елжіреп жатып Сәрсембай: «Ой, сен кәрі боз, кәртайғанда жорға шығарайын деп жүрсің-ау!» – деп мырс-мырс құлетін еді. Сәрсембайдың мынау күлкісі Шолпанның жүрек жарасына бұрыш себетін еді. Сол кездерде оның көздеріне меруерттей мөлдіреп ыстық жас келетін еді. Жанынан жақын көрген Сәрсембайдың оның жан сырын, жүрек жырын ұқпағанына зығырданы қайнаушы еді, жүрегі уга толушы еді. Бала үшін дүниеден безіп, сопы болып жүрген кездерінде «пірәдар» деп келемеж қылғанына, сол бала үшін жан-тәнімен беріліп, әдейі есаланған шақтарында оған «жорға» деп ат қойғанына – Шолпан Сәрсембайға шын-шын ренжуши еді.

Бала... бала екеуінің де жоғы емес пе? Екеуіне бірдей керек байлам емес пе? Сәрсембай сол ортақ жоқты неге бірге іздеспейді? Баласыз өмірдің бос екенін неге сезбейді ол? Ол неге сол іздеу отына Шолпанмен бірге күймейді, бірге жанбайды? Еркек атаулы бала дегенде, ішкен асын жерге қойғанда, Сәрсембай неге бала деп аузына алмайды? Әлде... әлде... жоқ... болмас... болмас... кім біледі... жоқ... ендеше ол неге бала іздемейді? Неге... неге... шынында ол, әлде бедеу еркек пе екен? Тәнірім, Тәнірім... егер ол шынында, ол бедеу болса... бала болмау құлшылықтың кемдігінен, құшақтың салқындығынан болмай, Сәрсембайдың өзінің беде-

улігінен болса! Бес жылдан бері Шолпанның жүрегіне түскен жара мәнгі жазылмайтын жара болғаны ма? Жайнамаз үстінде төгілген ыстық жастар, жалынды құшақтар, отты сүюлер бір әсерсіз желге кеткені ме? Бала деген құр сөз болып, сағым-қиял болып қалғаны ма? Енді қалған өмірдің жапырағынан айрылған қайында жап-жалаңаш болып озғаны ма? Жалынды махаббат-пен қосылған өмір қиуы кеткен екі ағаштай бір-бірінен бірте-бірте айрылмақшы ма? Заулап жанған махаббат бірте-бірте бәсендереп, бықсып сөнбекші ме?.. Махаббат сөнсе, өмірде не қызық қалады?...

Сөз жоқ, Сәрсембай – бедеу. Сондықтан бала жоқ. Бала жоқ болған соң мен бақытсыз... мен бақытсыз болғанда Сәрсембай бақытты ма? Оның жүрегі жанбай ма? Өзінің екі өмірді улаушы екенін ойладап, оның жүрегі жанбай ма? Қартайған күнде өмірді жылыштатын от – бала оған керегі жоқ па? Сөз жоқ, мен бақытсыз болсам, Сәрсембай да бақытсыз.

Ендеши осы батып бара жатқан, өмір кемесін бақыт жарына кім сүйреп шығара алады? Шолпан. Жалғыз Шолпан. Бір өмір үшін емес, екі өмір үшін Шолпан осыны істеуге міндетті. Шолпан бала табуға міндетті. Тенізден терең, таудан зор күнә қылып болса да, ол бала табуға міндетті.

Ізгі тілек үшін істелген күнәні Жасаған кешпес пе екен? Жоқ, Құданың рақметі мол, ол кешеді. Тәнірі кешер-ау, бірақ адам кешер ме? «Ұрлық қыл да мал тап, Ойнас қыл да бала тап». Осы мақалды шығарған кісіге лағнет жаусын! Лағнет!.. Жасаған-ау, бір өзің кеше гөр, бір өзің!...

Шолпанның осы күнәлі ойлармен уланып, ыстық жасқа шомылып жатқаны Сәрсембайға тигенінің се-гізінші жылы еді...

III

Май айы. Ауыл қыстаудың жанына жылжып қана қонған. Шаршы тұс мезгілі. Кішкене жел бар. Маса жоқ есебінде. Көктө көкала торғын бұлттар маужырап қалғып, ерініп қана әлдеқайда жылжып бара жатыр. Ауада алтын торғын оралып жүрген сықылды... Желіде еркелікпен тартылып, мойнының ауырғанына қарамай қиястанып асau құлындар тұр. Олардың жанында құйрығы мен арқасын анда-санда салмақпен сипап тұрган сақа биелер.

«Құлыным-ау, құр мойның ауырады, қиястықтан пайда жоқ» деп ақыл үйреткен сықылды. Құлынның алды-артына тұсіп: «Бұ не болды саған? Не болды саған, құлыным?» – деп абыржып құлықтар жүр. Құлықтардың бұл мінезін ұнатпай, «өй, елпендереген сорлы, сабыр қылсаңшы, ешбір бәле жоқ!» дегендей кәрі айғыр құлағын әлсін-әлсін жымитып қояды. Қой әлі өрістен келген жок. Үшіктегі қарны ашқан қошақайлар «мәмә» деп зарлап тұр...

Сол уақытта ақ отауының алдында күнге жылынған мысықтай керіліп Шолпан отыр еді. Ол бір нәрсе тігіп отырған сықылды. Бірақ шынында ол тігіп отырған жоқ. Үш айдан бері аруақтай артынан қалмай жүрген күнәлі ойларын ойлап отыр еді. Бір ай болады, Шолпан күнәға белін берік байлаған. Ізгі тілек үшін ізгі күнә істеуге, бір бала үшін жан жары Сәрсембайға қиянат қылуға ол ойын бекіткен. Сәрсембай бүгін қонаға қалаға шығады. Әйтеір істейтін болған соң ұзаққа созып умен құр ула-на беруде не қасиет? Жарайды, соза беруде қасиет жоқ, бірақ лайық кім бар?

Болашақ балаға ата болуға лайық кім бар? Жылқышы Адамқұл... Дұрыс, құлмен жүрсе, сыр шетке паш бол-

мас еді, жабулы қазан жабулы күйінше қалар еді. Бірақ... Адамқұлдан қандай бала тумак? Күннен күн, құлдан құл тумак емес пе? Болса, бала құл болмасын, ұл болсын. Бала болса, мұт болсын, мұт болмаса жоқ болсын. Ынжық, жасық құл баланың болғанынан болмағаны игі... Жоқ, жоқ, Адамқұлы адыра қалсын! Жә, енді кім бар? Ешкім жоқ. Махаббаттың ақ қанатын кірлетуге тұратын әсіресе болашақ балаға ата болуға лайық ешкім жоқ. Шынымен ешкім жоқ па? Шойбай... жоқ... Жұмағали... жоқ... Әзімбай... Әзімбай... Әзімбай қалай бо-лар? Текті атаның баласы, өзі жас, дені сау, сымбатты жігіт. Жасы 18–19-дан артық жоқ шығар. Ұзын бойлы. Екі жауырынына екі кісі мінгендей. Үлғи құліп қана тұратын қой көзді. Жаңа шығып келе жатқан қара мұрты қара жібек сықылды. Ойбай-ау, сол Әзімбайдың өзі үш жылдан бері Шолпанға «женге» деп күнкілден жүрген жоқ па еді? Әлі ысылмаған жас қой: Шолпанға сөз айтқанда, сақа бозбалалардан естіген сөзді жаттап келіп қана айтушы еді: «Жас жүректің тілегі бір, жібектің түйіні бір»...

Ұршыққа оралған жіптей бас-аяғы жоқ ойлардың дәл осы жеріне келгенде, Шолпанның ерні құлгендей болды...

Дәл сол мезгілде үй артынан Әзімбай шығып: «Женге, іске сәт!» деп Шолпанның жанына жантая кетті. Ақын айтқандай, «бетке шықпай қала ма жүрек ізі», Әзімбайды көргенде Шолпан жүрегі аузына тығызып, бір қуарып, бір қызырып кетті. Шолпанға күнә қылып жатқанда, біреу үстінен шығып қалғандай, күнәлі ойларын Әзімбай біліп қойғандай көрінді.

– Ерте-кеш қолыңнан бір іс түспейді-ау, женге. Тігіп отырганың не? – деп, Әзімбай Шолпанның тізесінің үстіндегі көйлекті ұстаған болып, Шолпанның санын шымшыңқырап алды.

— Қойшы, сал жігіт! Бір түрлісің-ау!.. Жақсы ағаң бұгін қонаға қалаға шықпакшы еді. Соның бір көйлегінің жеңін ұштап отырмын. Сені де қалаға жүреді деп еді ғой.

— Жақсы ағам бүгін қалаға жүре ме?.. Жә, женге үш жылдан бері айтып жүрген сөзім өмір бойы аяқсыз қала ма? Жүрегің бір елжіреуді, аяуды білмейтін тас екен!

— Тағы бастадың ба? Сал жігіт, мені әуре қылып не қыласың? Анау пісіп тұрган қыздарға сөз айтсаңшы.

— Мен сенен қызы сұрадым ба? Саны көп, сапасы жоқ қыздары құрысын. «Орамал тастайды ғой теңдесіне» дегенді білмейсің бе?

— Жиырмаға жетпей алжысайшы. Сегіз жыл біреуге қатын болған сенің теңің мен бе?

Осы сөзді айтып күліңкіреп, көзін ерке мысықтай сығырайтынқырап сынап, Шолпан Әзімбайға қарады. Шолпанның мынау сөзінен, мынау көзқарасынан са-сынқырап, тығылыңқырап қалған Әзімбай:

— Жоқ. Жақсы көрген дегенім ғой. Тәнірі, неше жыл қатын болса да, бала таба алмаған әйел кәрі бола ма?..

Әзінің мынау сөзінен Әзімбай, тіпті тығылып қалды. «Бала» деген сөзбен Шолпанның жүрек жарасына тиіп, оны өзінен алыстаташп алғанын сезіп, Әзімбай үзілген сөзді енді жалғап алышп кетуге шамасы келмей, сөз орнына қолымен Шолпанның сол жақ санын қысып-қысып қойды.

Шолпан санынан Әзімбайдың қолын алды да, көйлекке қарап біраз ойланып отырып:

— Жақсы көргенің рас шығар ғой, бірақ жақсы ағаңың көзіне қалай шөп сал дейсің? Балалардың: «Ұрлық кылайық, қылсақ қылайық, Құдайды қайтеміз?» дегениңдей, Құдайды қайтеміз?.. Және сен жассың. Аузыңа да ие бола алмайсың ғой...

Мынау сөздерді айтқанда Шолпанның қара көздері тұңғылғы түпсіз теңізге айнала бастады. Әзімбайдың көздерінде есалаң от ойнай бастады. Әзімбай күнә, Құдай деген жаққа аяқ баспай, бар түйін соның сөзінде тұрғандай-ақ, асығып-сасып өзін бекітуге кірісті.

– Сыр шашып мен бала ма? Жоқ, саған қаспын ба?
Әй, женге-ай, менің жақсы көргенімді білмейсің ғой...
Жә, үш жыл бойы сүйрекенің де жетер. Бүгін тұнде келейін бе?.. Келем...

Әзімбайдың қолы жеңі ұшталып жатқан Сәрсембайдың көйлегінің ғана үстіне емес, Шолпанның өз көйлегінің үстіне барып қалып еді.

- Жарайды... бірақ... жарайды...
- Бір сүйгізші!..
- Сабыр қылсайшы. Эне, біреу келеді...
- Сал жігіт, үйге кіріп ас ауыз ти...

Жібек майдың сұлу тұні. Көкте бір бұлт жоқ. Қара көк барқыт кең көкте ойменен, мұңменен, салмақпен ақ алтын ай жүзіп барады. Не іздейді еken ol? Жарынан айрылған әйел ме еken? Баласынан айрылған ана ма еken?.. Қыстаудың сыртындағы сулы шілікте көлбақалар шулап жатыр. Бақ-бақ-бақ. Не дейді еken olар? Жан керек, жар керек, бала керек дей ме еken? Көл бойынан дамылсыз: «Құдірет-ау, Құдірет-ау» деген дауыс естіледі. Өмір бойы Құдіретті аузынан тастанмайтын қандай ауыр күнә істеді еken ol құс?..

Төсек ағаш үстінде Шолпан жатыр. Жатар алдында иісті сабынмен жуынған, сандықтан жаңа көйлек алыш киген. Ол кім үшін жуынған? Кім үшін киінген?

Кімді күтеді ол? Әзімбайды күтеді. Сегіз жыл бал алышып тұрған, еш шай деспеген жан жары Сәрсембайдың көзіне шөп салу үшін Әзімбайды күтеді. Не үшін? Бала үшін! Жасаған-ау, өзің кеше гөр, кеше гөр... Аяқ

даусы... Есікті ашып үйге кірді... Әзімбай... Тура төсек ағашқа келе жатыр... Шолпанда үн жоқ. Мойнына құрық түскен құландаі денесі дір-дір етеді. Жүрегі дәл аузында түр. Бір үн шығарса-ақ жүрегі аузынан атып шығатындей. Денесінің бір жері мұз. Тұлкі алған жас тазыдай екі иінінен демін алып, жалма-жан шешініп, Әзімбай көрпеге кіріп келе жатыр.

Тап сол минутта, тазының көздеріндегі, Әзімбайдың көздері де қып-қызыл шығар. Шолпан «ой, кет!» деп айқай салып жіберуге ойлады. Жоқ, үні шықпайды. Әзімбай көрпеге кірді де, «женге» деп жұлмалай бастады. Шолпан соққы жеген адамдай сыйырлад: «Сал жігіт, кішкене жай жата тұрсанышы...» деді. Ол күнә есігінен кірер алдында жүрек жарасын Әзімбайға ашпақшы еді. Жанын жеген жегіні суырып алып Әзімбайға көрсетпекші еді. Туғаннан бері қиянат жолына баспай, тас болып келген жүректің не үшін бүгін жібігенін айтпақшы еді. Оның іздеғені отты, жынды құшақ емес, бала екенін білдірмекші еді. Әзімбайды өз қасіретіне ортақ қылмақшы еді... Бірақ Әзімбай оны тындаған жоқ. Қоян қуған төбеттей көрпеге кіргеннен-ақ аласұра бастады. Бір ауыз сөзге келмestен Шолпанның денесін умалай бастады... Ойын бітті... Шолпан сұлап жатқан өлік сыйылды жатыр еді... Есалан, мас Әзімбай мас ойынмен әуре болып жатқанда, Шолпанның бота көздерінен мамық жастыққа ыстық мөлдір жас сорғалап жатыр еді. Әзімбайдың Шолпанның жанымен, көзінен аққан жасымен ісі болған жоқ. Өзімен-өзі әуре, Шолпанның денесімен әуре... Шолпанның басы астындағы мамық жастық шылқылдаған су болды. Түн ортасы ауған кезде су жастыққа беті тиіп, Әзімбай: «Өй, сен неге жылайсың? Пірәдар десе, пірәдарсың-ау», – деді. Есалан Әзімбайдың Шолпанды үққаны осы болды...

Таң ағарып келеді... Шолпанның бетінен бір сүйді де: «Енді, мен қайтам, ертең ертерек келем», – деді Әзімбай. Жылап-жылап шаршап талып жатқан жас баладай сұлық жатқан Шолпан: «Жоқ, енді тіпті келме!» деп айтуда оңтайланып еді, бірақ оның іздегені не еді? Бала. Осы бір түннен бала болса жақсы, болмаса... мынау түн өмір бойы Шолпанның мойнында лағынет қамыты болмай ма? Мынау күнә өмір бойы күнә болып қалмай ма?.. Бота көзінен мөлдір жасын жеңіменен сұртіп, Шолпан күбірлеп қана: «Кел, сал жігіт... кел...» деді.

IV

Шолпан екіқабат. Бес жыл бойы санадан сарғайып күткен тілегі болды. Уланған өмір гүлденді. Күнә күнә болып калған жоқ, күнә сауапқа айналды. Бала біткенін білген кезде қандай қуанып жүрді Шолпан, бір минут қабағы жабылды ма? Күн-түн күлкіден аузы тыйылды ма? Кішкене ғана аулақ қалса, алақанымен қарнын сипап-сипап, сол алақанын сүюші еді, ессіз Шолпан ішіндеңі жаны жоқ бір кесек етті ерні күбір-күбір етіп, айналып-толғанушы еді. Ессіз Шолпан! Жә, іздеген жоғы табылды. Басты байлап, естен айрылып, күнәға айдаған кесел жойылды. Енді Шолпанның Әзімбаймен арасын үзбеуі қалай? Шынымен-ақ оның сұық жолға түсіп кеткені ме? Шолпанға да ойнастың әдетке айналғаны ма? Жоқ. Ойнасты өнеге көретін, сұық жолды әдет қылатын әйел Шолпан ба-ай? Ендеше?! Бұл ендешеге жауап жоқ. Теніз терең емес, әйелдің жаны терең. Жеті қабат жер астындағы нәрсені білуге мүмкін, бірақ әйел жанының мінезін білуге мүмкін емес. Бір қарасаң, әйел – бала, күйерін білмей отпен ойнайды. Әйел – ердің Тәнірісі, жарата да алады, жоқ қыла да алады, сүйдіре де алады,

күйдіре де алады. Әйел – ердің құлы, табанының астында топырақ болады, ердің көленкесіне айналады, өзі жок болады. Әйелдің аруағы басса, ер күйеді, жанады. Бірақ өзінің жеке бір адам екендігін ұмытпайды, жоймайды. Ердің аруағы басса, әйел адамдықтан шығып, жоққа айналады. Есінен айрылады. Тілі байланады. Әсіресе әйел бұзық жанды болмаса. Ол уақытта мұндай әйелдің ердің көнгіш күні болуында еш дау жок.

Шолпан осындағы әйелдің бірі еді. Жанынан денесі, денесінен жаны айрылмайтын. Кімге берілсе де, жан-денесімен түгел берілетін әйел еді. Әзімбайға денесін уақытша ғана беріп, жанын аман алып қаламын деп ойлады Шолпан. Бірақ ой мен ісі біріне-бірі қабыспады. Үш-төрт айдың ішінде Шолпанның жаны да Әзімбайға құл болып, берік байланып қалып еді. Дұрыс, Шолпанның жаны Әзімбайдан айрыла алмағанға бала іздеген-нен аз азап шеккен жоқ. Ежелден көз жасына сараңдық қылыш үйренбеген Шолпан бұл туралы да талай түндерде жылады. Бірақ көз жасымен жанды түзетіп бола ма? Шолпан да болдыра алмайды. Әзімбайды көргенде басы айналғандай болып, денесі дірілдеп, тілі күрмелуші еді. Денесінде ыстық қан ойнаған мас Әзімбайдың жансыз нәрседей жұлмалап, умалауына қалай көнетінін Шолпан өзі де білмеуші еді. Шынын айтқанда, есалан Әзімбай тілге келуге, ойлауга мұрша да бермеуші еді-ау. Жарайды, не болса да Жасағанның жазуы шығар, іштегі баланың атасы болғандықтан. Әзімбаймен араны үзу[ге] тиіс емес те шығар. Құнә да емес шығар. Сәрсембай некелі ері болса, Әзімбай – баласының атасы: Жасаған өзі кешірер. Бірақ мынау жегідей жайылып бара жатқан өсекпен қалай күреседі Шолпан? Жас Әзімбай. Мас Әзімбай. Есалан Әзімбай! Мынау сырды тырнақтай жа-

сыруды білмейді. Кісі бар-ау деп айылын жиуды білмейді.

Көрінген жерде күшіктей арсаландаپ жатқаны. Жолықкан жерде жұлмалап жатқаны... Өсегі құрғыр жайылғаннан жайылып барады. Пірәдар келін қар келін деп аталса, Шолпан жұртқа не бетімен қарар? Анау күні енесі: «Осы, келін, Әзімбай сенің отауына неге қылжындаپ келе береді?!» – дегенде, Шолпан жерге кіріп кете жаздады-ау! Жұрты құрысын. Енесі құрсын. Өмірі құрысын. Сәрсембай... жанынан жақсы көрген Сәрсембай... Сол Сәрсембай Шолпанға баяғыдай ма? Неге ол бұрынғыдай жадырап жүрмейді? Неге ол ылғи ойлы? Екі жанды байлаған жібектен нәзік махабbat жібі үзілген сықылды емес пе?.. Баласы құрысын, баласы! Сүттен ақ махаббатты, балдан тәтті өмірді улаған баласы құрысын! Сегіз жыл бойы «сен» демеген Сәрсембай бір жылы сөз айтудан қалды. Қит етсе, сынықтан сылтау тауып, балағаттап тастайтын болды. Балағаттың аяғы жекуге, қамшыға айналып бара жатқан жоқ па? Күні кеше Сәрсембай Шолпанды неге үрдys? Бұрын барлық дүниесі суға ағып бара жатса ләм-лим демейтін Сәрсембай Шолпанды неге сілейтіп салды? Не үшін?

Бір шыны аяқ шоқыры қолдан түсіп кетіп сынған үшін! Сол үшін бе? Жоқ. Әзімбаймен ойнас қылғаны үшін! Ұрам деп айтып ұрмайды. Неге ол аузына тас салғандай үндемейді? Ол бірдене десе, Шолпан да айтар еді. Өзінің не үшін күнә қылғанын, бала үшін ойнас қылғанын айттар еді. Жоқ, үн жоқ. Балағаттау бар, тепкілеу бар. Махабbat жібі үзілді. Өмір бұзылды. Бәріне лағнет жаусын! Өмірді улаған сол іштегі балаға лағынет жаусын!..

Талай түндерде мынау түйінді шешу үшін қасіретпен сарғайған Шолпан талай ой теңізіне кірсе де, ой түбіне

жете алмады. Мынау жанды жеген жұмбаққа: «Ортасында екі оттың, мені, Тәнірім, қор еттің», деп зарлаудан басқа жауап таба алмады. Сәрсембаймен екі ара шиеленіскеннен шиеленісе берді. Екі жанның арасы алystағаннан алystай берді. Бірақ дүниеде адам таппаған жұмбақты заман таппақ. Адам құрығынан құтылғанмен, заман құрығынан құтылыш кететін еш нәрсе жоқ. Сәрсембай мен Шолпан арасындағы мынау түйінді де ұзатпай заман өзі шешіп берді.

Сентябрь жұлдызының соңғы күндері. Ауыл қыстаудың ғана алдында отыр. Салқын түн. Түсі суық сұр бұлттар аспанда бір-бірімен жарысып бара жатыр. Жердің бетін аппақ кебіндей болып боз қырау жапқан. Арба астында байлаулы жатқан бұзаулар тоңып, анда-санда «мө-мө» дейді. Олардың жандарында қарны кебежедей болып жатқан сиырлар еш нәрсені елең қылмай «пышпыш» етеді. Сәрсембай бүгін таңертең ғана қалаға мал айдал кеткен. Отауда, төсек ағаш үстінде шыт көрпеге оранып Шолпан жатыр. Оның қойнында ерке баладай көлденендең жатқан Әзімбай қор-қор етеді. Шолпан да үйқыда... Арбаның тысырлағанындей бір дауыс. Шолпан селк етіп оянып кетті. Сүйкеніп жатқан сиыр ма екен?.. Жоқ. Арба. Арбалы. «Әзімбай!..» «Ім-м-м-м-е-е», – деді Әзімбай. Шолпан тағы: «Әзімбай! Әзімбай!» – деп бір рет айтты да, сөздің пайдасыз екенін біліп, Әзімбайдың санын шымшып келіп алды.

- Ой, сені жын соғып кетті ме?
- Ойбай, масқара болдық, бір арба келе жатыр. Тұршы. Кетші. Жақсы ағаң болмаса игі еді...
- Мынау есінен адасқан шығар! Ол ұшып келе ме?
- Ойбай, тұр деймін, тұр. Эне, келіп қалды!.. Әзімбай жылжып шығып, үйдің артына қарай жүре бергенде, есік артында Сәрсембай арбадан түсіп жатыр еді.

– Бұл кім-әй?.. – деді Сәрсембай.

«Мен» деген жауап орнына қыстау желкесіндегі шілікке қарай жүгіріп бара жатқан Әзімбайды қөрді. Сәрсембай атты доғармастан үйге кіріп, үстіндегі қаптал күпіні жұлып тастай беріп, қолындағы құнтпен төсек ағаш үстінде жатқан Шолпанды шықпышта бастады. Жүргі аяуды ұмытқан шақ еді. Көзін қан жауып кетті. Еш нәрсені қөрмеді, еш нәрсені ойлай алмады. Ақылын ашу биледі, қолын құнт биледі. Шып-шып-шып... шып. Қөрпенің астында жатқан Шолпанда тірлік белгісі жоқ. Өлген адамдай сұлық жатыр. Шолпанның бұлай жатуы Сәрсембайдың зығырданын тіпті қайнатты.

– Ah-h, иттің баласы!.. – деп Сәрсембай қолындағы құнты лақтырып жіберіп, шыт қөрпені жұлып тастап, көзінен жасы бұршақтап жатқан Шолпанды қолынан сүйреп, төсек ағаштан жерге түсірді де, тепкілей бастады. Шолпанда ләм-мим деген бір сөз жоқ. Жеңіменен көзін сұрте береді. Басы тепкіленді, арқасы тепкіленді, қабырғасы тепкіленді. Үн жоқ. Етіктің өкшесі өкпеге ти-ген кезде «Ах-ах!» дейді Шолпан. Тағы үн жоқ. Өкше ішке тиді. Шолпан алақанымен ішін басып: «Бала!..» – деді. Мынау сөз Сәрсембайды құтырған қасқырдан бетер құтыртты.

– Иттің ғана баласы, мен сенен бала сұрадым ба?.. Мен саған ойнас жасап, бала тауып бер дедім бе? Сен иттің адал ісімді арамдап жүргеніңе жарты жыл болдығой!.. Шығарма дыбысынды!.. Өлтірем мен сен итті! Өлті-рем! Күнде күйгенше, бірақ күйейін!.. Өл ит, өл!..

Сәрсембай мынау сөздерді айқайлап айтқандықтан, ауылдың бәрі-ақ оянып қалып еді. Алдымен үлкен үйден жаман күпісін жамылышп сүйретіліп Сәрсембайдың кәрі шешесі келді. Оның артынан іле-шала, жалаңаш етіне байының ескі жеңсізін киген, жыртық ішкі киімінен ті-

зесі жылтылдаң, көрші бадырақтың қатыны қелді. Екеуі де есіктен ойбай сала кірді.

– Ойбай-ау, кісі өлтіресің бе, ойбай?.. Балам-ау, ақылмен іс қылсайшы...

– Ақылдарың өзіне, жұмыстарың болмасын. Өлтірем бұл итті, өлтірем!..

Кемпір мен қатын арашаламақшы болды. Ойбайласты, елбелендеңсті, біреуі қолмен қағылып кетті, біреуі аяқпен соғылып кетті. Болмады. Беті құп-қу, көзі қып-қызыл болған Сәрсембай тепкілеуден тоқтаған жоқ. Шолпанда тірлік белгісі жоқ. Бір кәлима сөз жоқ, дем де алмайтын сықылды. Әлде талып жатыр, әлде біржола өліп қалды?.. Екі қатын өздерінен еш кайрат болмайтынына көздері жеткен соң ауылды жимақшы болды. Бадырақтың қатыны есік алдына шығып:

– Ойбай-ау, ойбай! Өліп қалдыңдар ма? Келсендерші! Мұнда кісі өліп жатыр! – деп ойбай салды.

Өздері үрпісіп отырған ауыл мынау ойбайды естіген соң үйлерінен жүгіре шықты. Кимешегін қисық киіп, аяғына кебіс іле салып шыққан қатын, қақырынып-түкірініп, ауылды басына көтерген отағасылар, мәсісін қоңылтаяқ киген, өзінен-өзі ұялатын келіншектер. Кең қоныш етік, кең қолтық қаптал киіп. дамбалының ауы салақтап, семіз болмаса да семіз адамдай талтаң-талтаң басатын жаңа атқа мініп келе жатқан кісімшіктер... Сырыған ақ сұр бешпетін киіп, қолына асасын алып, зекет жиып жүріп, бір үйде қонып жатқан Темір қожа да келіп қалды. Ауылдың жиылудың күтпей-ақ, бадырақтың қатынының ойбайы шыққан соң Сәрсембай ұрудан өзі-ақ тоқтап еди. Шолпанда тірлік әсері жоқ, сұлық жатыр. Үстіндегі көйлек пара-пара. Денесі, беті, басы – бәрі қан. Аузынан да, мұрнынан да қан кетіп жатыр. Сәрсембай төсек ағаштың үстіне шығып отырды... Ой жоқ, ес

жоқ, қан жоқ, сөз жоқ, тіл жоқ. Оның өзі де талықсыған сықылды еді. Есіктен халық ағылып кіріп жатыр.

– Мына шіркін, есінен адасқан шығар, – деді біреуі.

– Ойбай, бетім-ау, өліп қалған жоқ па? – деді екіншісі.

– Өлсе, өлсін қар неме! – деді үшіншісі. Азан-қазан, абыр-сабыр. Темір қожа Шолпанның білегінен ұстады да: «Су бұркіндер!» – деді. Біреуі алып келіп су бұркіді. Әлдене уақытта Шолпан дем алыш, болар болмас: «Алла...» деді.

– Алладан садаға кет, иттің баласы! – деді Сәрсембай.

– Сәрсенжан, шырағым, сабыр қыл. Әйел ұрмайтын ер болмайды, бірақ...

– Тақсыр, сіз бұл араға кірменіз. Өлсін ол ит, өлсін!..

– Сәрсенжан, ақылыңа қайт, кісі өлтіру...

– Әйтеуір, ол маған қатын болмайды. Талақ болсын, Талақ! Талақ!

– Сәрсен, ашу дұшпан, ақыл дос, сабыр қыл. Пәлен жыл еш шай деспеген қосақтан айрылу оңай емес. Заты адап арамға айналса, қайтадан адалдаш алу шаригатта да, табиғатта да бар нәрсе... Мысалы, әйелдің олай-бұлай оғаш мінезі білінсе, оны шешіндіріп, төбесінен қырық шелек сұық су құю керек дейді шаригат...

Қожаның аузынан мынау сөз шығар шықпаста-ақ, бес-алты қатын жаңа есін жинап келе жатқан Шолпанды сүйрелеп ала да жөнелді...

Сентябрьдің салқын түнінде қараңғы шорам үйде бес-алты қатын тырдай жалаңаш шешіндіріп, сүйемелеп ұстап тұрганда Шолпанның шала-шарпы есі бар еді. Бір қатын тістеніп келіп, үлкен темір шелекпен мұздай сұық суды Шолпанның басына құя салды. Үн шығармады, бірақ селк ете түсті Шолпан. Тап сол секундта Шолпанның миында біткен өткен өмірі нажағайдың отындей жарқ етіп өтті...

...Жаңа шолпы тағып, сол шолпыны әдейі сылдырату үшін жүкті әдейі қайта-қайта бұзып жиғаны... Апасынан жалынып сұрап қыз ойнаққа барулары... Сәрсембайдың босаға аттағалы келгені... Бірінші тұн... Ушкірген қожаның бұқа көзі... Әзімбайдың қара мұрты... Тістенген қатын күбірлей-күбірлей екінші шелек суды құйып жіберді. Шолпан болар-болмас: «Алла...» деді...

– Қар бетпақ, саған Алла не керек?! – деді бір қатын.
– Ештеңе етпес, қарағым, жастық та... Құдай таупық берсін, – деді екінші біреуі.

Шолпанда басқа сөз болған жоқ, ой да жоқ еді. Денедегі қаннның мұзға айналуымен ой да күңгірт тартты, сөнді. Шолпан көзін жұма берді. Үшінші, төртінші, бесінші... шелек. Біразға дейін сұық суды құйып жібергенде, дене селк етіп кеткендей болып тұрды. Біраздан о да бітті...

Ертеңіне тұс кезінде Шолпан күшпенен көзін ашып, сыйырлап:

– Балам қайда?.. Әлгі неге келіп бір көріп шықпайды? – деді де, көрпенің бұрышын құшақтағандай болып, ерні беу-беу дегендей қимылдан, сұлық болып тағы талып кетті.

Күнмен таласа Шолпан өмірменен қоштасты.

АЛАТАУДЫҢ ЕТЕГІНДЕ

Піспектен шығып, Арасанға бет алып Алатаудың етегіне жеткенімізде күн батып бара жатты. Тап көз алдымызда – атақты Алатау. Аждаһадай бір иіріліп, сиқыр соғып, мәнгілікке қатып қалған мылқау дәу сықылды. Алыста көрінген қарлы таулар таза меруерттен тізіп жасаған хандардың тақтарындағы батып бара жатқан күннің қызыл сәулелері түсіп, меруерт тақтардың үстіне жақұтан тарам-тарам жол жүргізілген сықылды. Бергі қабаттағы қары жоқ қара таулар тұнжырап, тұнеріп ойысқа қарай төніп келе жатқандай. Күн батып қараңғылық қоюланған сайын таулардың тамаша көрінісі жат бола берді. Алақандай жазық Арқада өсіп, бұрын мұндай асқарды жақыннан көрмеген бізге ақшашты Алатаудың айбаты көңілімізге белгісіз бір сектену салғандай еді...

Бір мезгілде шүү-шүүден басқа үн шығармай келе жатқан екі жәмшіміз (жемшік) біріне-бірі қарасты да біреуі бізге:

– Бұдан былай енді ылғи өрге жүреміз және жол бір арба зорға сиятын тар болады, жазатайым болса, түбі жоқ жарға құлап кетуге мүмкін. Ренжімесеніздер, осы араға түнесек қайтеді? Мына жолдың дәл үстінде қырғыздың ауылы бар. Шәй-май ішем десеніздер қайнатып береді ғой, – деді.

Біз жәмшілердің сөзін мақұлдадық. Жәмшілердің аттарын аясақ та, қорықсақ та тауға тұнде кіргіміз келмеді. Және тауды құндіз көріп баралық дедік. Әсіресе бұрын көрмеген қырғыздың ауылын көруге асық болдық, сөйтіп ауылға бұрылдық.

Біз бұрылған ауыл үш-ақ үй екен. Ортадағы бозша үйге түстік, қарсымызға қолына бала көтерген орта

жастағы бір әйел шықты. Шықты да, жөн-жол сұраудың орнына қарсы қарап тұрып, тыр-тыр қасынды. Біз күдайы жолаушы екендігімізді айтып, үйдің жанына түнектіндігімізді білдіріп, шай қайнатып беруін сұрадық. Әйел әжептәуір тыжырынқырады да, мұрнынан «пыс»-қа ма, «пыш»-қа ма ұқсас бір дыбыс шығарып, үйге кіріп самауырға су құя бастады. Біз үйдің жанына киіз төсеп отырдық. Үй көнетоз киіз үй. Іші кедей, мәңгі жуылмаған ыдыс-аяқ. Өмір бойы көз жасы сұртілмеген сағалсағал самауыр. Басында сөзге сараң үй иесі әйелден біз оны-мұныны сұрай берген соң бірте-бірте үні шығайын деді. Ерінің бір жұмыспен тауға Сусамырға кеткенін, жаз шығысымен елдің малдылары тауға Сусамыр жайлауына көшіп кетіп, етекте кедейлер, диханшылар ғана қалатынын, ерінің «құлақтарға» ерегісіп, екі жылдан бері «батырақ» болып жүргенін үйге кіріп-шығып жүріп бізге сөйлеп берді. Қатын ері туралы сөйлегенде ылғи ерінің атын атап сөйледі. Қатынның мұнысы біздің жолдасымыздың біреуіне ерсірек көрінді білем:

– Бәйбіше, қырғыз-қазақтың әйелі ерінің атын атамаушы еді. Сіз манадан еріңізді атап отырсыз, мұның мәнісі қалай? – деді жолдасымыз.

– Шырағым, бұрын біз де атамайтын едік, мына батырақ болғаннан бері еріміздің атын атап, «сен» деп сөйлейтін болдық, – деді қатын.

Ол арада самауыр қайнап, шай ішуге кірістік. Қатынмен әңгімеліздің өрісі артық ұзап кете алмады. Біраз үн демей отырдық. Жан-жақты қою қараңғылық бүркеп, ауа бірталай салқындаған еді. Жанымыздығы үйір-үйір болып жатқан асқар ертегінің алыбындай қалғып, үйқыға кеткен сықылды еді. Қараңғылық сол мелшиген мылқау

қара таулардың қойнынан жылжып шығып, етекті корғасындаі еріп жылжып бара жатқандай еді...

Біраздан көрші үйдің баласы болса керек, біздің жаңымызға жасөспірім бір жігіт келді. Келісімен жігітті «ырлап (жырлап) бер» деп қолға ала бастадық. Жігіт жуырда үн шығара қоймады, «ыр білмеймін» деді. Арқасын қиқандатты, басын қасыды, мұрнын сіңбірді, қақырды, түкірді, не керек, бірталай өзі де қажыды, бізді де қажытты, тіпті өкшелеп қоймаған соң, ақыр үн шығарды, сөз бар ғой тез өлеңін айтты.

*Әулиеата Меркіні,
Ырлаттым одан бергіні.
Тілі бұрау қазақтан,
Зекетбай, таппадым сендей селкіні, –*

деп ырлады жігіт, тағы осындаі бір-екі ауыз «Зекетбайды» айтты да, тұра салып зытты, біздің де оны тоқтатқымыз келген жоқ. Іссіз отырған соң ермек керек, айналып қатынға келдік. Қатын: «Сендерге кеңес керек болса, мынау үйдегі кемпірді шақырып алып келіп берейін», – деді. Біз мақұлдадық. Ұзамай кемпір келді. Алпыстан асып, еңкейген жұдырықтай қара кемпір екен. Кәрілік бар денесін қаусатқан, жалғыз-ақ екі көзінде бұрын заулап жанған оттан сөнер-сөнбес болып қалған үшқындар жылт-жылт етіп түрғандай еді. Кемпір бастан-аяқ жөнімізді сұрап болған соң, оны ақырын сөзге алып кірдік.

Кемпір бір қыздың жайын кеңес кылып сөз бастады. Біздің ұққанымыз біреудің қызы айттырылған жеріне көңілі толмай, өзі ұнатқан біреумен қашыпты. Одан ел қанша құғын-сүргін қылып, айырып алса, қыз «дүние-

де тірі жүрмеймін» деп у қорғасын (у шөп) ішіп өлгелі жатқанда шешесі тірілтіп алады. Не керек, қыз қанша бұлқынса да, елдің талқысына шыдамай, зарлай-зарлай көнілі қаламаған елге барады, барғанымен не керек, барған түні ауылдың жанындағы шоқыдан жарға құлай-ды. Сонан ауруға айналып барып өледі...

– Үкімет араласып, қыздың басына бостандық алып беріп сүйгеніне қоспады ма? – деді біреуіміз.

Кемпір басын қалтақтатып, біраз отырып:

– *Ақ қоян қашар беркіне,
Ақсұңқар қоймас еркіне,
Қыз қуанар қызыл шырай көркіне,
Қырық жылқы қоймас еркіне,* –

деді. Басқа сөз айтқан жоқ. Кемпірдің әңгімеге аузының ебі барын байқаған соң сөзді өткен күнге бұрдық. Қырғыз-қазақтың жақын-жаттығын сурадық.

Кемпір баяулап сөзге кіресті:

– Шырактарым, бұрынғы заманда Алаш аға деген адам болыпты. Сол Алаш ағаның екі ұлы бар екен: ұлкени – қырғыз, кішісі – қазақ. Қырғыз сотқар, тентек екен, қазақ момын, аңқау екен. Алаш ағаның тұңғышы қырғыз ерке болып, жасында шолжаңдап тілін бұрап сөйлеп, өскенде де сақаулау болып қалыпты. Қырғыз бен қазақ тете өскен, аға-іні бірін-бірі сықақ қылғанда қазақ қырғызды «сақау қырғыз», қырғыз қазақты «манқа қазақ» дейді екен. Осы сықақ қырғыз-қазақ арасында әлі бар фой. Сөйтіп, қырғыз-қазақ ер жеткен соң қартайып келген Алаш аға екі ұлына енші бермекші болыпты. «Сендерден басқа кім бар, бар дүниені

қақ бөліп алындар», – депті. Мына сөзді есіткен соң тентек қырғыз қақ бөлгеннің жөні осы деп, сабаның құр піспегін ала жөнеліпті. Қырғыз сол кеткеннен тауға шығып кетіпті. Қазақ Алаш ағаның ордасында қара шаңырақта қалыпты. Қырғыз, қазақтың жақсылары бас қосқанда осы күнге шейін: «Біз құр піспек алыш кеткенбіз, қазақта алынбаган еншіміз бар», – деп қалжың қылысады. Сабаны алыш қалған қазақ ұшан-теніз бай болғанда, қырғыздың малы артық өспейді және қазақ байдың ұрпағы ұйытқылы ынтымақты болғанда, біздің қырғыз баласы алтыбақан ала ауыз болыпты. Осы күнде де: «Қазақ байдың баласы бұрынғы ұйытқысынан айырылған жоқ», – деседі ғой.

(Кемпірдің: «Қазақ байдың баласы әлі ұйытқысынан айырылмапты», – деген сөзін Әулиеата, Пішпек қырғыздарының бізге ұшырағаның бері-ақ айтты. Қырғыздың осы күнгі бір ақсақалы Құлқажы айтады: «Біз бұрын қазақты «алты ауыз аламан ел» деп білуші едік. Қазақтың ұйытқысының берік екенін мынау бостандықтан бері байқадық», – дейді. Бұл сөздер Әулиеата, әсіресе, Пішпек үйездерінде «Қосшы», батырақ ұйымдарының дұрыс қойылмауынан, осы ұйымдардың атын жамылған бұзақылардың көбеюінен туған болуға мүмкін. Қалайда бұл сөздер қырғыз-қазақ елінің арасы алыстап емес, жақындаған бара жатқанын көрсетеді. Жақындық бірін-бірі құрметтеп тумақшы ғой).

Кемпірді ескі сөзге қайта салып жіберу үшін актабан шұбырындыда қырғыздың бар-жоғын сұрадық.

Кемпір ойланып:

– Оны анық білмеймін, бірақ бұрынғыдан қалған мынадай сөз бар:

*Ол күндерде аспаннан
Қар жаумаган, қан жауган,
Қырғыз-қазақ бірге ауган.
Қырғыз Қусар¹ кіргенде,
Қазақ баласы қайың сауган.*

Кемпір ақтабан туралы басқа сөз айта алмады. Әрі бері сөйлеп, басты кеңестері байи бергенде, кемпірді жаяу шумаққа (ертегіге) салдық. Жұдырықтай кемпіріміз жаяу шумаққа келгенде жорғалап кетті:

– Бар екен, жоқ екен, аш екен, тоқ екен, тау тобықтай екен, жер тоқымдай екен, ала қарға азаншы, қара қарға қазаншы екен, бөрі бөкеуіл, түлкі жасауыл екен, қаз кернейші, тауық сырнайшы екен, – деп шұбыртып алып кетті кемпір.


Кемпір бір шумақтан екінші шумаққа көшті. Жаздын қысқа түні жылжып өтіп, таң біліне бастады. Салқын жел есіп, қараңғылықты қамшылап қап-қара болып тұрған таулардың қойнына қуалағандай болды. Алыста намазға тұрған сопының ақ сәлдесіндей, Алатаудың қарлы қиясы ағара берді. Қарсымыздың жұдырықтай қара кемпір екі көзі жылтырап:

– Солай, шырақтарым. Алаш ағаның қырғыз-қазақ баласымыз гой, жортқанда жолдарың болсын, маған бірекі қайнатым шай беріндер, – деді. Шай бердік, кемпір тұрып намазына кетті.

Жарлы құздарға бет алып, Алатаудың қойнына біз де кірдік.

¹ Қусар – Хиссар болса керек, Бұхар жерінде.

АУДАРМАЛАР



КӨҢІЛДЕ ҚАЙҒЫ ҚАЛДЫРМАС
(Арабтан)

Көңілде қайғы қалдырmas
Қандай да болса үш нәрсе:
Көкорай шалғын, ағын су,
Әдемі жарың әсіресе.

БАЛА МЕН ҚҰС
(Орысшадан)

— Жыршы құс, тілімді алып, келші мұнда,
Жасыл шөп, жасыл ағаш қалсын онда.
Қапаста жаның тыныш отырасың,
Жазы-қыс жейтін үрік бәрі қолда.
Мен сені жан досындаі қадірлеймін,
Ерінбей, тамағынды әзірлеймін.
Мөп-мөлдір саф күмістей, тәп-тәтті су
Күнде ерте, жалғаны жоқ: «Әзір!» — деймін.
Ақ құмың керегінше даяр қылам,
Кем-кетік жерің болса, даяр тұрам.
Жаз жетсе — қорқынышсыз, қыс уайымсыз,
Далада мың қорқыныш, сұық боран.
Аушы да мылтығымен ата алмайды,
Қаршыға жақындауға бата алмайды.
Күн ұзын жырың жырлап отырасың,
Басқа жан мұндай рақат таба алмайды.
— Жоқ, мырза, бұ мақтаған қапасыңа,

Кірмейтін боран, сұық лапасыңа
Бермеймін қалың ағаш, өзен-суды,
Келсе де мың бір пәле бұ basыма!
Жайнаған түрлі гүлмен кең даламды,
Қай жаққа ұшсам-қонсам ен даламды,
Балақай, ас-сұыңмен сыйланам деп,
Жанымнан, өз еркімнен құр қалам-ды.
– Кең дала, қалың ағаш, аққан бұлак,
Сүйкімді маған-дағы жасыл құрақ.
Құсеке, соны ойлаши, сұық болса,
Қыласың үсіместей қайда тұрақ?
– Кетемін онда ұшып жылы жаққа,
Қысы-жаз қар жаумайтын біздің баққа.
Қар кетіп, сіздің жақта жылы болса,
Қайтадан ұшып келем ескі таққа.
– Адассаң жазатайым жолдан шығып,
Құр тоңып өлмейсің бе боран соғып?
– Шырағым, оның ұшін қорқа қойма,
Жасаған жол көрсетер қайырымы көп.

ЕРТЕҢГІ СӘУЛЕЛЕР
(Орысшадан)

Көкте жүзіп жарық күн,
Нұрын шаша бастады.
Оянсын деп жер жүзі,
Алтын сәүле тастады.
Бірінші сәүле ұшты да,
Бозторғайды оятты.
Сескеніп, сасып торғайың,
Жалмаң қақты қанатты.

Көтеріліп аспанға,
Көктем жырын жырлады:
(Кірісті іске шаттықпен,
Жалқауланып тұрмады).
«Қалай жақсы ертеңгі
Саф ауада демалу,
Таза, жақсы аудан
Бұ денеге ем алу!»
Екінші сәуле ұшты да,
Барып түсті қоянға.
Шаттықпенен секірді
Секситіп күлақ қоян да.
Шықты шөпке секіріп,
Ертеңгі тамақ іздеді.
Жұмсақ, тәтті сұлы шөп
Көп ішінен көзdedі.
Үшінші сәуле тауықтың
Ұясына дәл түсті.
«Күкареқу» деп әтеш те,
Қақты қанат, сілкіді ұсті.
Тауықтар ұшып ұядан,
Қыт-қытқа басып, шөп-шарды
Аралап, іздең бір тынбай
Арасынан құрттарды.
Төртінші сәуле араның
Ұясына түсті дәл.
Балауызды ұядан
Шықты жимақ болып бал.
Терезеге отырды,
Қанатын түзеп оңтайлад.
Зұм-зұм ұшты, жөнелді,
Бал жиямын деп ойлад.

Иісі жақсы шөптерден
Ерінбей-талмай бал жияр.
 Өлеңін айтып күніреніп,
 Жібектей шөпте хал жияр.
Бесінші сәуле тұп-тура
Тұскен екен балаға –
 Еңбексіз, жалқау, еріншек,
 Істен қашқан шалаға.
Откір сәуле көзіне
Оятам деп түссе де,
 Айналған, жатқан, ұйықтаған,
 Қыбырсыз дүние көшсе де.

* * *

Ойлап тұрсаң, мінеки,
Дәл осындай біздің жай.
 Сәулесіне білімнің
 Басқа жұрт ашқан көзін-ай.
Өнерлікпен көкке асқан
Көре алмадық азын-ай.
 Жамылдық, жаттық, ұйықтадық,
 Келдік өлер кезіне-ай!

ШАЛДЫҢ ҮМІТІ
(Кольцов)

– Ертеп мінсем бір жүйрік ұшқыр атты,
Шапсам, ұшсам сұңқардай құстан қатты,
Жалпақ дала, кең теңіз бәрін өтіп,
Қуып жетіп, қайтарсам жастық шақты.

Солқылдаپ жігіт болып кейін қайтсам,
Жаңғыртып ен даланы өлең айтсам!
Қартайғанда, «кет!» деген бұраң белмен
Бұрынғыдай айқасып бірге жатсам!

— Жоқты күтпе. Оқ қайтпас, бір атқан соң,
Қайтып татар нәрсе емес, бір татқан соң.
Ізі жоқ іздел табар, құр қаңғырма,
Күнбатыстан күн шықпас, бір батқан соң!

ТҮТҚЫН
(Лермонтов)

Абақтыдан күтқарып,
Сәулесін күннің көрсетші.
Қаракөз жанға қызы салып,
Қара жал жүйрік ат берші.

Жас сұлуды жүрекке
Қысып әуел сүйейін.
Сонан соң ырғып жүйрікке,
Желдей ұшып гулейін.

Есік берік, әйнек те,
Дариға, бірақ тым биік.
Қаракөзді аулақта
Жатқан шығар жат сүйіп.

Жасыл қырда ерігіп,
Жүгендің жүр ғой тұлпар-ат
Құйрық-жалы төгіліп,
Бос ойнақтап, көңілі шат.

Жоқ жұбаныш, жалғызын,
Жалаңаш тас – айналам.
Шашады әлсіз жарығын
Сөнетін оттай сорлы шам.

Естіледі жалғыз-ақ
Ар жағында есіктің
Күзетші жүр үнсіз, сак,
Аяғын басқан есеппен.

Әбу Фирастан

Жау женді, берік қамады,
Кісендемін – тұтқынмын!
Тамшылап қаным ағады,
Сарғайтасың өтпей, күн!

Еш дыбыс жоқ, қара тұн,
Жұлдыздар әлсіз сәулесін
Шашып тұр... Естіп талған үн,
Таныдым шешем дауысын.

Көптен енді қан жұтып,
Шақырасың, қарт анам.
Тұтқын боп, қолдан ерік кетіп,
Бара алмай тұр жан балаң!

Сабыр қыл, анам, сарғайма
Дамылсыз зарлап күні-тұн.
Қуан, қыл шүкір Құдайға,
Иманым үшін тұтқынмын.

КҮН ШЫҒАДЫ Да БАТАДЫ
(М. Горький)

Күн шығады да, батады,
Абақтым қара әрі тар.
Тұнде, күндіз күзетшілер
Тереземді бақылар.

Бақыландар, мейілдерің,
Қаша алмаймын мен сорлы.
Жүрек ерікке ұмтылады,
Үзе алмаймын шынжырды.

Ай, шынжырлар, шынжырларым,
Сендер – темір сакшылар.
Үзе алмас та, сындыра алмас
Сендерді асқан батырлар.

Қара қарға, қара қарға
Неге төніп келесің?
Көзің сұзіп, күтпе бекер,
Мен сенікі емеспін.

АРАБТАН

Қаһармен қарғып, шапшып, ақырып ұмтылған,
Арыстанға қарсы шапқан ерлерің –
Барқылдаған бір төбеттен қаймығып,
Қалайша іздер таса, сая жерлерін?!

Аудармалар

* * *

Жақсы-ақ, ау, дін, дүние жиылса егер,
Бұл дүние ол дүниеде мақсат табар.
Қу кедей Құдай білмес дінсіз болса,
Аза да, боза да жоқ, босқа шабар.

* * *

Жазғытүрим көл боп жауған жаңбырың
Жомарт ердің бергеніне жете алмас:
Қапшық-қапшық алтын-күміс ер берер,
Тамшылаудан жаңбыр асып кете алмас.

* * *

Тамаша-ау жазғытүрим жеткенінде,
Көк жылап, мазақ қып жер күлгениңдей.
Жайнаған жердің жүзі алтын-күміс,
Сақтық қып ерте Тәңірі көмгениңдей.

* * *

Сопысынба, қара жүрек бол да қал,
Тізе көрсөң қара жүрек адамнан.
Көп наданның мәжілісіне кез келсен,
Білем деме, болып көрін наданнан.

* * *

Басқа келген корлыққа
Жалғанда жан шыдамас.
Шыдап тұру зорлыққа
Арлы жанға ұнамас!
Қу қазықты жаны жоқ
Алмасақ егер есепке,
Корлыққа намыс-ары жоқ,
Шыдайтын жалғыз есек те.

* * *

Сендей сұлу тірі жан
Көргенім жоқ жалғанда,
Сендей бала таба алмай,
Талай ана арманда!

Кемшіліксіз сын-сымбат,
Көп артықсың хордан да.
Жаратылдың еркінмен,
Еркінде Құдай салған да!

ДӘРІГЕР
(Дмитриев)

Маған айтты бір дәрігер:
– Таба алмассың бір аурұ
Ұнамады деп айтқан
Мен істеген ем-дәру.

Ойладым: «Иә, дәрігерім,
Теріс деп ісің кім айттар!
Айтуға да қаратпас,
Өлім келер, тіл байлар!»

ОРМАН ПАТШАСЫ
(Гете – Жуковский)

Қараңғы салқын түнде кім
Аяндамай, желеді?
Жанында жас ұлы бар,

Жолаушы жортып келеді.
Әкесіне дірілдеп
Тығылды бір уақ нәресте.
Құшактап қысып баласын
Жылтытады қарт әке.
«Неге қорқып тығылдың,
Айтшы, көзім қарасы?»
«Көз алдында жарқ етті,
Жан ата, орман патшасы.
Сақалы оның қоп-қою,
Қара тәж киген Қарахан!»
«Жоқ, жаным, су үстінде
Тұман гой ол ағарған!»
«Мойнынды бұр, балақай,
Маған қара, нәресте.
Не тілесен, менде бар
Сансыз қызық көп нәсте!
Хош иіске толтырар
Феруза гүлдер маңайын.
Бұлактарым – меруерт,
Саф алтыннан сарайым!» –
«Жан ата, орман патшасы
Сөйлеседі менімен,
Меруерт, маржан қуаныш,
Береді алтын кенімен!»

«Жаным, жаңылыс естіпсің,
(Береген патша ол неткен?!)
Жел ғой ол жаңа оянып,
Жапырақты тербеткен».
«Келші маған, нәрестем,
Тоғайымның ішінде

Сұлуларым көрерсің,
Көрмеген ондай түсінде.
Ай жарықта сұлулар
Тоқтаусыз ойнар да ұшар.
Тылсымды ойын, бал шумен,
Сәулем, сені ұйықтатар!» –
«Жан ата, орман патшасы
Шақырды қара қастарын!
Арасынан бұтақтар
Шұлғиды қыздар бастарын!»
«Қорықпа, балам, қаранғы
Тұнде жоқ еш корқыныш.
Ол – ақ шашты ағаштар,
Жай ғана тұр ғой тып-тыныш!»
«Жараланды жүрегім,
Ғашықпын, бала, көркіне.
Енді маған келерсің!
Қоймаспын, сірә, еркіне!» –
«Жан ата, орман патшасы
Қуып бізге жетті ғой.
Келіп қалды мінекей,
Қысылдым, демім бітті ғой!»
Жолаушы енді қысылып,
Шаппайды, ұшып келеді.
Қайғырады нәресте,
Нәресте жылай береді.
Құйындастып жолаушы,
Үйіне ұшып келіпті.
Бірақ оның қолында
Нәресте жолда өліпті.

**БҰТАҚ
(Мятлов)**

Айтшы, бұтақ, қай жаққа,
Жолың болсын, жүзесің?
Толқыннан таудай қорықпастан,
Тенізді түпсіз кезесің!
Апырм-ай, жаным, байқай көр,
Ашулы теңіз мерт қылар.
Шамаң бар ма теңізben
«Білгенің қыл!» – деп серт қылар?
Бұтақ дейді: «Тенізден
Сақтану маған не керек?
Мен – күрыған бір дене,
Жоқ енді менде тіршілік!
Ата-анам – ағаштан
Айырды мені жауыз жел.
Енді мейлі айдасын
Тілеген жаққа су, дауыл.

**ЕКІ БЕТИҢ, СҰЛУ ҚЫЗ...
(Гейне – Фет)**

Екі бетің, сұлу қыз,
Розадай ойнап, жанып тұр.
Жас жүрегің бірақ мұз,
Жүрегімді қарып тұр.
Мұның бәрі өзгерер,
Көрерсің әлі-ақ, сұлу қыз,
Жүрегіңе жаз келер,
Екі бетте орнар қыс.

АЙРЫЛДЫМ СЕНЕН, ЖАН СӘУЛЕМ
(Гете)

Айрылдым сенен, жан сәулем,
Көргө енді жоқ үміт.
Бірақ соңғы сөздерің
Кетпейді естен боп үмыт.

Жапанда жалғыз жолаушы,
Аспанда торғай жырласа,
Көзі көкте, тілегі –
Көріп жақын, тыңдаса...

Мен де сондай қапамын,
Тогайға, қырға қараймын.
Қайғымен жалғыз күніреніп,
«Жан-жарым!» – деп жылаймын.

КҮННІҢ БАТУЫ
(Генрих Гейне)

Толқынданған дарияға
Қызырып оттай күн батар.
Жұқа, ақшыл бұлттар
Құрмет қып оны ұзатар.

Қарсыда, кара бұлттан
Қайғылы аппақ туар Ай.
Тұманды көкте жыбырлар
Жұлдыздар ұсак ұшқындай.

Аудармалар

Баяғы ерте заманда
Бұларда артық бақ болған.
Ай әйел боп, Күн – ері,
Толықсып тұрған шақ болған.

Нұрлары балқып екеуі
Қосылысқан бір мезгіл.
Айнала жүлдіз – балалары –
Жайнаған өңшең алмас гүл.

Жайнатып бақытын қоймаған,
Өтірік, өсек жайылған.
Көрместей ғып бір-бірін,
Дүшпан қып бұларды айырған.

Осы күнде тәқаппар
Күн көкте жалғыз жайнайды.
Сәулесіне алтын мәз болып,
Күн ұзын көкте ойнайды.

Бақыты мол адамдар,
Көрмеген қасірет жамылып,
Оған еш зат тең қылмас,
Тәнірі қып hatta табынып.

Тұн болса, аппақ қайғылы
Қорқып қана Ай туар.
«Апалап» ерген артында
Балалары – жетім жүлдиздар.

Бақытсыз, жанған жас қыздар
Қайғыда оны ес көрер:
Мұңын жырлап аулақта,
Аңы, ыстық жас төгер.

Айнымас әйел көңілмен,
Айбынды Күн күйеуін –
Ұмытқан жок Ай сорлы
Әлі күнге сүюін.

Кешкі мезгіл көп уақыт
Дірілдер, қорқар, ағарар.
Жұқа бір бұлт астынан
Батқан Күнге ол қарар.

Жүргегі жанып, мұңайып,
Көзінен Күнді батырад.
Айтатындаі өтініп:
«Тоқта! Балалар шақырад».

Тәқаппар Күн қарамас
Мұңды Айдың түсіне.
Онан жаман қызарар,
Ашу сыймай ішіне.

Айыпсыз Айға қарамай,
Жатары барып тұл төсек.
Күн мен де Айды айырған
Не қылмас дейсің бұл өсек!

**САРГАЙЫП КЕЛГЕН ЕГІН
ТОЛҚЫНДАНСА
(Лермонтов)**

Саргайып келген егін толқынданса,
Жас орман, жел күнірентіп, әнге салса,
Жапырақтың жасыл ләzzатты саясында
Бақшада мойыл қаймақ жасырынса.

Себілген алмас шықпен шын хош иіс,
Сары алтын – ерте, яки қырмызы кеш.
Бір топтың қолтығынан күліп қана
Бас иіп, есендессе күміс ландыш.

Секіріп салқын бұлақ ойнап сайда,
Батырып көмескі тұс, тұманды ойға,
Шапқылап шықкан жерін әңгіме ғып,
Былдырлап ақ бетінен сүйгізсе Айға.

Сол уақыт жай табады асау жаным,
Сол уақыт жадырайды қас-қабағым.
Шын бақты тапқандай боп осы жерде-ақ,
Көремін көк жүзінде Жасағаным...

СҮНҚАР ЖЫРЫ **(Максим Горькийден)**

Сары бас жылан таудың қиясына өрмелей шығып, бір дем қапсағайда иіріліп теңізге қарап жатты.

Жоғары көкте Күн жарқырап, тау ыстық демін көке жіберіп тұрды. Тәменде толқындар тасқа соғылып жатты.

Таудың қапсағайында, қараңғыда, жан-жағына шашырап, тасқа соқтығып, күркіреп, теңізге қарай бет алып, бұлак сарқырап жатты.

Ақ шашты алыптай бұлак көбігі бұрқырап, тауды бұзып, ашумен ұлып, теңізге құлап жатты.

Бір мезгілде сары бас жылан иіріліп жатқан қапсағайға көктен төсі жаралы, қанаты қанды сұнқар құлап түсті....

Сұнқар бір саңқ етіп, жерге құлап, әлсіз ашумен төсін тасқа соқты...

Сары бас жылан сескеніп, жалма-жан өрмелеп шетке кетсе де, біраз байқап тұрып, құстың екі-үш-ақ минут өмірі қалған екенін білді...

Содан соң ол жаралы құстың жанына жылжып келіп, тұра көзіне ыскырып қалды:

– Немене, өлейін деп жатырсың ба?

– Иә, өлейін деп жатырмын! – деді сұнқар ауыр ухілеп. – Мен өмірімді ерлікпен өткіздім!.. Мен бақыттың не екенін білемін!.. Ерлерше алыстым мен!.. Мен көкті көрдім... Сен өмірінде көкті жақыннан көре алмайсың! Ей, бейшара!

– Жә, көк деген не? – Бір бос жер... Мен оған қалай өрмелеп шығайын? Маған осы мекенім ұнайды: жылы, демді!

Сары бас жылан ер құсқа осылай дәп жауап беріп, ішінен сұңқардың есаландығына күліп қойды. Және мынадай бір ой жүргізіп алды: «Ұш, өрмеле – бәрібір барлық зат жерді құшпақ, барлық зат топыраққа айналмақ...»

Бірақ ер сұңқар кенет қағынып, біраз көтеріліп, қапсағайдың жан-жағына көз салды.

Сұр тастардың арасынан су жылап шығып, қараңғы қапсағайда әуе тишу еді, шірік іісі шығып тұрды.

Барлық күшін жиып, қасірет-зармен санқылдал жіберді сұңқар:

– Уа, дариға-ай! Көкке енді бір көтерілсем!.. Жауымды төсімнің жарасына жаңыштар едім... Мениң қаныма тұншығып өлер еді ол!.. Әй, соғыстың сайраны-ай!..

«Сұңқардың осынша қүніренуіне қарағанда, көкке шығу тегінде жақсы болуға тиіс-аяу» – деп ойлады сары бас жылан.

Ойлады да ер құсқа айтты:

– Сен мына қапсағайдың шетіне жылжып бар да, тәменге құла, кім біледі, қанатың қағуға жарап, көксеген көгінде біраз тұра аларсың...

Сұңқар селк ете тұсті де, тәқаппарлықпен бір саңқ етіп қалып, тайғақ таста тырнағы тая-тая жардың шетіне келді.

Келді де, қанатын жайып, кеудесін кернеп бір дем алып, көзін оттай ойнатып, тәменге қарай домалап кетті. Домалағанда, тас үстінде сырғанаған тастай, қанатын сындырып, жүнін жұлғызып, тез домалап кетті...

Домалап келе жатқан сұңқарды бұлақтың толқыны қағып алып, қанын жуып, көбікке бөлеп, теңізге зырқыратып алып жөнелді.

Теңіздің толқындары, қасіретпен күрілдеп, тасқа соғылып жатты... Бірақ теңіздің бетінде құстың өлігі көрінбеді...

Сары бас жылан қапсағайда сұңқардың өлімін, оның көкке құмарлығын ойлап жатты...

Жатты да, жанды ылғи бақыт қиялымен еркелететін көк майданға қарады.

– Өлген сұңқар мынау түбі жоқ, қиыры жоқ көк шөлде не көрді еken? Сол сұңқар сықылдылар өлсе де, өздерінің көк көксулерімен неге жанның тыныштығын алады? Көкте не көреді еken олар? Көкке біраз ғана ұшып шығып, көктің сырын мен де біліп алар едім-ау.

Айтты да, істеді. Дөп-дөңгелек болып иіріліп әуеге атылып кетіп, күн сәулесінің ішінде жіңішке жібектей жарқ ете түсті.

Әрмелеу ұшін туған жан ұша алмақ емес!.. Жылан мұны ұмытып, тасқа шып етіп құлап түсті. Бірақ өлген жоқ, құліп жіберді...

– Көкке ұшудың қызығы мынау еken ғой! Қызығы құлау еken ғой!.. Эй, есер құстар!

Жерді білгісі келмей, қасірет шегіп, олар көкке ұмтылады.

Істық шөлден өмір іздейді. Ол бір бос жер ғой. Онда сәуле көп, бірақ тірілерге тамақ жоқ, тиянақ жоқ. Тәкаппарлық неге? Теңсінбеу неге? Бұлар оларға, өздерінің тілектерінің есаландық еkenін бүркеу ұшін, өздерінің тұрмысқа жарамсыздығын жабу ұшін керек пе? Есер құстар... жоқ, олардың сөзі енді мені алдай алмас... Енді өзім бәрін білем: көкті көрдім мен... Көкке ұштым, көкті өлшеп шықтым, құладым, оныменен қирағаным жоқ, бірақ өзіме өзімнің сенімім артты. Мейлі

Аудармалар

жерді сүйе алмайтындар өздерінің есалаңдықтарымен бола берсін. Олардың жел сөздеріне енді сенбеймін. Жер баласы жеріммен болам мен.

Сары бас жылан, сөйтіп, өзіне-өзінің көнілі толып, тас үстінде иіріліп жатыш қалды.

Теңіз жарқырағаннан жарқырап, толқындары қаһармен жерді сабап жатты.

Толқындардың жолбарыстай күніренуінде ер Сұнқарды жоқтаған жырау бардай.

Толқындардың ұруынан жартастар дірілдеді, қаһарлы жырдан көк дірілдеді.

Ерлердің ессіздігін жырлаймыз біз!

Ерлердің ессіздігі. Тұрмыстың тұпкі түйіні – осы. Ер сұнқар! Жауларыңмен қарсыласып қансырадың... Күн келер – сенің ыстық қаныңың тамшылары тұрмыс қарандырылышында үшқында жарқырап, талай ержүректерге жарық пен азаттықты аңсататын от берер!

Өлсең өл! Сен бірақ ерлердің жырларында өлмессің. Жарыққа, азаттыққа жөн сілтейтін айбынды үлгі бояларың! Ерлердің ессіздігін жырлаймыз біз!..

ЖҰРТЫН СҮЙГЕН ЖҮРЕК

Теңізден таудың жалына ұқсаған түсісүүк. ауыр, қара бұлт көтеріліп, қырға түнеріп, төніп келе жатты. Оның қиясынан кішкене бұлттар жырылып, ілгері озып, жұлдыздарды бір-бірлеп сөндіріп отырды. Теңіз шуылдаپ тұрды. Жанымыздағы үзім бауында біреулер сүйіскендей, сыйырласқандай, күрсініскендей... Жат бір иіспен танауды қытықтап, тамырларға тиіп ауа тарайды. Бұлттардан жерге түскен қою көлеңкелер жерде сырғанап, еңбектеп, жоғалып кетіп, тағы көрініп тұрды.

Ай сөніп, оның орнында ақ ақықтай тап қалды. Ол тапты да көшкен бұлттар әлсін-әлсін біржола жоқ қылышп, жауып тастап тұрды. Ішіне бір нәрсені тығып, өзі жасырынған сықылды болып, қорқынышты қара түсін алған алыс қырда кішкене ғана зенгір оттар жылт-жылт етіп тұрды. Бұл оттар кірпік қаққанша жылт етіп, сөніп тұрды. Қырда жоқ іздел жайылып жүрген бірталаі адам әлсін-әлсін шырпы тұтатып, ол шырпиларын жел сол сағатында-ақ үрлеп сөндіріп тұрған секілді еді. Ойды ертегіге қарай бұратын жат зенгір от тілдері еді бұлар.

– Ұшқындар көресің бе? – деп сұрады менен Изергиль.

Мен қырға қарай қол сілтеп: .

– Анау зенгір ме? – дедім.

– Иә, солар... Ұшып жүр екен ғой әлі! Жә!.. Мен мына оларды көре алмаймын. Мен осы күні көп нәрсені көре алмаймын.

– Бұл ұшқындар неден? – деп сүрадым кемпірден.

Мен бұл ұшқындар туралы бұрын біраз ертегі естісем де, Изергиль кемпірдің әңгімесін тыңдағым келді.

– Бұл – Данконың жанған жүргегінің ұшқындары, от болып жанып кеткен бір жүрек болған баяғыда... Мынау ұшқындар содан. Мен саған бәрін айтайын... Бұл да ескі ертегі... ескі. Бәрі ескі! Баяғының бай екенін байқайсың ба?.. Бұл заманда еш нәрсе жоқ – баяғыдағыдай іс те жоқ, адам да жоқ, ертегі де жоқ... Бұл неліктен? Қане, айтшы? Айта алмайсың... Сен не білесің? Барлық жастар, сендер, не білесіңдер? Ehe-ehe... Баяғыға қырағы қарау керек. Онда бар жұмбақтың шешуі бар... Міне, сендер қарамайсындар да, өмір мәнісін білмейсіңдер... Мен осы құнгі өмірді көрмей отырмын ба? Жоқ, көзім көмекі болса да, бәрін көріп отырмын! Менің көріп отырғаным мынау, осы құнгі адам бар өмірін бақастыққа, ит тартысқа құрбан қылып отыр. Бар өмірін желге жіберіп, өздерін өздері ұрлап тауысқан соң тағдырға жылайды, ол жерде тағдырдың не кінәсі бар? Әркім өзіне-өзі тағдыр! Мен осы күні әр түрлі адам көремін, бірақ қайратты ерлер көрмеймін! Олар қайда? Сұлулар да азайып барады.

Осы заманда қайратты ерлер меи сұлулардың жоқтығы туралы ойға қалып, кемпір жауап іздегендей, қаранды қырға қарады. Басқа бір нәрсе сұрасам шетке шығып кетер деп, мен үндемей, әңгімесін күтіп отырдым. Себебі – Изергиль өткен күндерін есіне түсіре бастаса, философиясының тегеуріні астында жоғалып кетуші еді. Дұрысы – Изергиль философиясы жүгенсіз, жабайы философия болғанмен, замана ұсталықпен

орап тастаған, бас-аяғы табылмайтын, түрлі түске болған домалақ жіпке ұқсайтын еді.

Изергиль әңгімеге кірісті.

* * *

«Дәл қай жерде екенін білмеймін. Баяғы заманда бір ел болыпты. Бұл елдің мекенінің үш жағын тірі жан өтпейтін ормандар қоршап алып, төртінші жағы ашық қыр екен. Уайымсыз, құшті, қайратты, қанағатшыл еді бұл ел... Бір мезгіл бұл елдің басына ауыр заман келді: әлдекайдан бір жат ел пайда болып, бұларды орманнның ішіне қарай тықсырып қуды. Орман іші батпақ һәм қаранды еді. Неге десең: кәрі орман еді, бір-біріне оралып, шырмалып, қалған бұтақтар арасынан күн көрінбейтін еді, күннің сәулелері қою жапырақтар арасынан тәменге, батпаққа зорғағана жол табатын еді. Бұл сәулелер батпақ суға түскен соң, сасық иіс көтеріліп, ел қырыла бастады. Қатын, бала жылауда болып, ерлер ауырды, қалың қасіретке түсті. Қалайда болса, бұл орманнан шығу керек. Шығуға екі-ақ жол бар, не ілгері, не кейін. Қейін жүрсе, алдында – буындық-буындық тамырларын жабысқақ ми-батпаққа терең жіберіп, жуан бұтақтармен бірін-бірі құшақтап, дәу ағаштар түр. Бұл ағаштар күндіз сұрғылт қара көлеңкеде қозғалмай, үнсіз тастай қатып тұрып, кеш болып от жағылғанда қозғалып, жақыннан халықтың үстіне төніп келе жатқандай болатын еді. Айналадан күндіз-түні серпілмейтін қою қарандылық ен қырға, жарыққа әдеттенген мынау елді басып өлтіретіндей, таптап тастайтындей болып тұрды. Ал енді, қатты жел ағаш бастарын сабалап, қалың орман қолтығына жаудан жасырынған

елге өлік басында жырау айтқан сыйылды күбірлеп күрілдегенде, қорқыныш тіпті күшеттін еді. Бұл ел қайратты болған соң өлімге басты байлап, жеңген жаумен соғысар-ақ еді, бірақ олардың қасиетті тілегі бар еді. Соғыста бәрі қырылса, қасиетті тілек те жарыққа шықпай қалады ғой, міне, сондыктан олар ұзын тұндерде батпақтың сасығымен уланып, орманның мылқау күйін тыңдал, ауыр ойларда болды. От басында осылай ойлап отырғанда, жан-жақта секіріп, ұнсіз билеп жүрген көлеңкелер оларға көлеңке емес, орман менен батпақтың жын-перілері ойнап, билеп жүрген секілді көрінеттін еді... Ерлер ауыр ойда болды. Жыландай жүректі соратын қасіретті ойлар сыйылды адамның жан, денесін еш нәрсе жабықтырып, қажытпақ емес; жұмыс та, әйел де ондай қажыта алмайды. Ойлардан ерлер қажиды. Қорқыныш туып, зорайып, күшті қолдарды кісенеді. Сасық істен өлгендерді жоқтап және қорқып, құр жаны қалған тірілердің тағдырын ойлап, жылап, азан-қазан болған әйелдердің шуы қорқынышты тіпті күшетті. Сөйтіп бастап ақырын, соңынан қаттырақ болып, орманда қорқу сөздер де шыға бастады... Өлімнен қорыққан ел, құлдыққа көніп, өздерін де, қасиетті тілектерін де жауларына құрбан қылмақшы болысып қалып еді. Дәл сол мезгілде Данко шықты да, жалғыз өзі барлық елді құтқарды».

Шамасы, кемпір Данконың жанған жүрегінің әңгімесін көп айтса керек: оның аузынан сөздер майда, ұзын жіпке ұқсан төгіліп отырды. Оның қарлыққан, қырылдаған даусынан құлағыма қуғын көрген ел батпақтың сасық уынан ішінде қырылыш жатқан орманың шуы естілгендей болды...

«Данко сол елдің сұлу бір жас жігіті еді. Сұлу адам ер болады. Данко жолдастарына, елінің азаматтарына айтады:

– Бір домалап кеткен тасты құры оймен кейін қайта-руға мүмкін емес, түк қылмаған адамға түк те болмайды. Күшімізді неге құр ой мен қайғыға запы қыламыз?! Тұрындар! Орманның ішімен жүріп отырып, шетіне шығайық. Дүниеде шетсіз нәрсе жоқ қой, бір шеті болу керек! Жүрейік! Жә! Ей!..

Халық оған қарады да, оның артық туған ер екенін білді. Неге десеңіз, оның көзінде қайрат пен от жарқырап тұр еді.

«Жол баста!» – деді халық.

Данко бастады».

Кемпір сөзін тоқтатып, қырға қарады. Қырда қарандылық қоюланғаннан қоюланып бара жатыр еді. Әлдекайда алыста жылт-жылт етіп тұрған Данконың жанған жүргегінің ұшқындары көзді ашып-жұмғанша шешек жарып, солып тұрған зенгір гүлдерге ұқсап тұрды.

«Данко елін бастап алып жүрді. Оған бір сенген соң халық артынан тегіс ерді. Машақтты болды бұл жол! Айнала – қап-қараңғы, батпақ қомағай шірік аранын ашып, аяғын аттаған сайын адамдарды жұтып, ағаштар тас қимадай жолды бөгеді. Бұтақтары жыландай бір-біріне оралған, тамырлары жан-жаққа тарам-тарам жайылған ағаштар арасынан әр адам аттаған сайын көп тер, көп қан төгілді. Ұзак жүрді олар... Орман қоюдана берді, күш кеми берді!.. «Тәжірибесі жоқ жас бізді әлдекайда алып бара жатыр» – деп, халық Данкоға күнкілдей бастады. Данко жарқын жүзбен, қайратпен оларды бастап бара жатты.

Бір мезгілде орман үстінде күн күркіреп, ағаштар қорқынышты мылқау күбірге кірісті. Орман іші, дүние жаратылғаннан бері болып өткен тұндердің бәрі жиылғандай қап-қараңғы болды. Кішкене адамдар дәу ағаштардың арасында кетіп бара жатты. Дәу ағаштар шайқалып, сықырлап, ашулы әнге салып, күрілдеп, орман үстінде ұшып жүрген нажағай орманды салқын көк отпен жарық қылып, дереу жоқ бол кетіп, адамның құтын ұшырып тұрды. Қараңғылық қапасынан қашқан адамдарға нажағайдың салқын оты мен жарқ-жарқ етіп тұрған ағаш та құжыр-құжыр ұзын саусақтарын созып, саусақтарын тығыз тоқылған аудай біріне-бірі айқастырып, оларды жолдан тоқтатпақшы болып тұрған тіріше бір нәрсе сыйылды көрінді. Кетіп бара жатқан халыққа бұтақтардың қараңғы саласынан қап-қара, сұп-сұық қорқынышты бір нәрсе қарап тұрғандай көрінді. Машақатты жол болды бұл. Халық қажып, жасып қалды. Бірақ олар жасығандарын мойындарына алуға арланып, ашу-ызалары қайнап, алдарында жолдарын бастап келе жатқан Данкоға дұрсе қоя берді. «Сен жол бастау біл-мейсің!» – деп оны айыптады.

Қажыған, ызаланған халық тоқтап, орманның шуы һәм дірілдеген қараңғылық астында Данконы тергей бастанды:

«Сен түкке тұрмайтын адамсың! Бізге жаусың сен! Бастаймын деп бізді қырып бітірдің, енді сен аман қалмайсың!» – деді халық.

Нажағай ойнап, күн күркіреп, олардың сөзін қолданады.

– Өздерің «баста!» – дедіндер, мен бастадым! – деп олардың қарсы алдында кеудесін керіп, Данко күр-

кіреді, – Менің қайратым бар, сондықтан сендерді бастадым! Ал сендер? Сендер өздерің өздерің үшін не қылдыңдар? Сендер құр жөңкілдіңдер, ұзақ жолға қайраттарыңды сақтай алмадыңдар! Сендер қой сықылды құр жөңкіліп жүруді ғана білдіңдер!

Мынау сөз халықты тіпті жындандырып жіберді.

«Өлтіреміз! Өлтіреміз!» – деп ұлыды халық. Олардың айқайына ән қосып, орман күрілдей берді, нажағай қарандылықты парша-парша ғып жырта берді. Данко азап шегіп, артына ерген адамдарына қарап, олардың бәрінің қан ішер аңға айналғанын көрді. Айналасында адам көп еді, бірақ біреуінің бетінде де адамшылық әсері жоқ еді. Олардан енді аяу күтүге мүмкін емес екендігі білінді. Сол уақытта Данконың жүрегінде ашу қайнап кетті. Бірақ елін аяғандықтан, бұл ашу тағы сөнди. Ол ез елін қатты сүйестін еді. «Мен болмасам, бұлар қырылып қалар» деп қорықты. Сондықтан елін құтқарып, жеңіл жолға жеткізу тілегімен оның жүрегі от бол жанды да, сол күшті оттың сәулелері оның көздерінде ойнап кетті... Халық Данконың көздеріндегі отты ашу оты деп ойлап, өздеріне ұмтылғалы тұр деп сезіктеніп, қасқырдай құлақтарын тіге қойып, оңай ұстап алып өлтіру үшін бір-біріне тығызысып, Данконы жақындалап, қоршай бастады. Данко халықтың бұл ойын білді. Олардың бұл бұзық ойы Данконың жүрегінде қасірет туғызған соң, оның жүрегі, тіпті, күшті лаулап жанды.

Орман қап-қара жырау айтып, күн күркіреп, жаңбыр сабап тұр еді.

«Елім үшін не істер екем мен?!» – күннен күшті құркіреді ер Данко.

Сөйтті де, ол тез қолымен төсін сөгіп, ішінен өзінің жүрегін суырып алып, жоғары көтерді. Бұл жүрек күн-

дей, Күннен де артық жарқырап жанып тұрды. Мынау зор ел махаббатының шырағы мен орман жарық болып кетіп, шуынан тоқтай қалды, қараңғылық жүректің жарығынан күлпарша болып, қалт-қалт етіп барып, орманның қою жеріне, батпақтың шірік аранына барып құлады. Таң қалған халық тас болып қалды. Жанған жүргегін жоғары көтеріп ұстап, артына ерген елінің жолын жарық қылып: «Жүріндер!» – деп айқай салып жолға тұсті ер Данко.

Халық таң-тамаша қалып, оның артынан жөңкіліп еріп кетті. Орман таңғалып, басын шайқап, тағы шуылдай бастады. Бірақ бұл шуыл жүгірген халықтың дүбірімен жоқ болып кетті. Жанған жүректің тамаша көрінісіне қызығып, халық қуанып, қайрат бітіп жүгіріп отырды. Әрине, әлде болса да, өлгені өліп жатты, бірақ зарлану, жылау-сықтау болған жоқ. Данко халықтың алдында еді, оның жүргегі заулағаннан заулады, заулағаннан заулады!

Бір мезгіл орман ашыла бастады. Ұзамай-ақ семіз, мылқау дәу артта қалды. Данко мен оған ерген адамдар Күн сәүлесі һәм жаңбырмен жуылған таза ауа дариясана кірді. Арттарында – орман үстінде күн күркіреп тұр, алдарында – алтын күн ойнап, еркін қыр еркелікпен күрсініп, жаңбырдың жауhaarларымен себілген шөптер жылтылдалап, алтындей жарқырап өзен жатыр... Күн батып бара жатқан шак. Батып бара жатқан күннің сәулелері толып тұрған өзен қып-қызыл. Данконың сөгілген төсінен саулап тұрған қан сықылды.

Өлім алдында қайсар ер Данко кен қырға қырандай бір көз салып, азат жерге қуанышпен бір қарады да,

күлді. Күлді де, жығылып, жан берді.

Артта қалған ағаштар ақырын сыйырласты, Данконың қаны тамған шөптер анау сыйырға сыйыр қосты. Қуаныш сол. Қеуделерін үміт кернеген халық Данконың өлгенін байқамады. Оның денесінің жанында заулап жанып жатқан жүрегін де көрмеді. Жалғыз-ақ, бір сұнғыла адам байқап еді, бірақ екінші бір нәрседен қорқамын деп мынау ер жүректі аяғымен басып кетті. Жүрек ұшқын болып шашырады да сөнді...

– Міне, дауыл болар алдынан қырда жылтылдайтын зенгір оттар сол жүректің ұшқындары!

Кемпір әдемі ертегісін бітірген кезде қыр, тіпті тып-тыныш еді. Ол да ешбір сый сұрамай, ел үшін жүрегін жандырып өлген ер Данконың ерлігіне таңдаңып, қатып қалған сықылды еді. Үзім салынған астаяға арқасын сүйеп, кемпір қалғиды. Мен оған қарап, «Оның есінде енді қанша ертегі қалды екен?» деп, ойға баттым. Мен Данконың жанған жүрегі, сансыз сұлу күшті ертегілер ойлап шығарған адамзаттың қиялы, ерлері һәм айтарлық істері мол баяғы заман туралы және күшті адам мен көрнекті істерге кедей осы күнгі қайғылы заман туралы, өлік жаратылған жүректі адамшықтардың бар нәрсеге күліп қарайтын салқын сенбеуге, имансыздыққа бай сорлы замандары туралы ауыр ойларға баттым...

Қатты үйқыға кірген Изергиль кемпірдің жырым-жырым көйлегімен ойнап ескен жел оның кеуіп қалған төсін жалаңаштап тастады. Мен оның қураған денесін киіммен жауып, өзім оның жанына жерге жаттым. Қыр тып-тыныш һәм қараңғы еді. Көкте салмақпен, ерініп бұлттар жүзіп жатты... Тенізден қасіретті мылқау шу естіліп тұрды.

АНА

Көк темір киінген қалың жау бірнеше қаланы құрсаудай қоршап алып, қамап тұрды. Тұн сайын жағылатын от қап-қара қараңғылық ішінен сансыз қызыл көздерімен қаланың қорғанына қарайтын еді. Қызыл көздер қалаға қарап сүйсініп жалынады. Оттың бұлай, андығандай ылғи жанып тұруы қаланы қап-қара ойға батырды.

Қала халқы қорғаннан жау құрсауының жыландаған жиырылғанын, от айналасында жаудың қап-қара көлеңкелерінің ойнағанын көріп тұрды. Жаудың бабындағы аттарының кісінегені, кару-жарактарының күңгірі, қарқылдаған күлкілері естіліп тұрды. Женуіне күмәні жоқ жаудың қуанышты әндері қалаға айқын келіп тұрды. Жаудың күлкісі мен әнін естуден ауыр не азап бар?

Қалаға су беріп тұрган барлық бұлақтарға жау өлексе таstadtы, үзім бауларын қүйдіріп жіберді. Даланы таптап таstadtы, бау ағаштарын қырып салды. Сөйтіп, барлық беті ашылып қалған соң қалаға жаудың доп-зенбіректері шойын мен қорғасын себе бастады.

Соғыстан қажыған аш қол тар көшелерде тұнжырап жүріп жатты. Үйлердің терезелерінен жаралылардың ыңқылы, жанталасқан сандырағы, әйелдердің Аллаға сиынып сақтанғаны, балалардың шулап жылағаны тасыған судай даға төгіліп тұрды. Халық үрейі ұшып, күбірлеп қана сөйлесіп, бірінің сөзін бірі боліп: «Жау от қойған жоқ па?» – деп тақақтап, тыңдалап тұрды. Әсіресе, тұндерде, тым-тырыста ыңқыл мен жылау шуы ашығырақ-ашығырақ шыққанда, алыстағы таулардың үңгірлерінен қаракөк көлеңкелер еңбектеп шығып, жаудың қолын басып, жасырынып, қаланың қирап жатқан қорғанына қарай бет алғанда, таулардың сорайған қара

тістерінің үстінде өткір қылыш дал-дал қылған мыс қалқандай болып ай туғанда, әсіресе, осында тұндерде өмір үміті біржола үзілгендей болатын еді.

Ешқайдан күткен жәрдемі болмай, бейнеттен, аштықтан қажыған халық күн санап үмітінен айрылып, қеудесін қорқыныш кеулең, анау айға, таудың сорайған тістеріне, үнгірлердің қап-қара аранына, шулап жатқан жаудың қолына қарайтын еді: бұлардың бәрі оларға өлімді ойлататын еді. Жалғыз жүлдіздар оларды жұбатып, жылы жұзбен жарқырайтын еді. Халық қорқып отты үйде тұтата алмағандықтан, көшелерді қоп-қою қарандылық басып кетті. Сол қарандылықта өзеннің теренінде жүзгөн балыктай, басына қара жамылған бір әйел үнсіз ғана бара жатты. Халық оны көріп, бірінен-бірі сұрады:

– Ананың өзі ғой?

– Иә, сол.

Көрген халық оның бетіне келе алмай, не қақпалардың астына жасырынып қалды. Болмаса, төмен қарап, жанынан жүгіріп өтіп кетті. Жалғыз-ақ, қарауылшылардың бастықтары оны былай деп сақтандырды:

– Тағы көшеге шықтыңыз ба, монна Марианна! Бай-қаныз, мұндай уақытта оққа ұшу оңай. Кім жазалы екенін ешкім тексермейді де...

Ірілікпен басын жоғары көтеріп жіберіп, кідіріп, күте қалды. Бірақ қарауылшылар не оған бата алмады, не әйелге қол көтеруді өздеріне ар көрді, қалайда өте берді. Қарулы адамдар өлексені айналып өткендей, әйелді алыстан айналып өтіп жатты. Әйел қаланың барлық бақытсыздығынан жаралған мылқау бір қара болып, қарандылық ішінде көшеден-көшеге жылжып, жапа-жалғыз жүре берді. Оның артынан қалмай қасіретті

ұндер еңбектеп бірге жүрді: ыңқыл, жылау, жырау, жауды жеңу үмітінен айрылған қолдың тұнжыраған күбірі.

Азамат һәм ана еді бұл әйел. Ана ұлы менен ұлты туралы ойлап жүр еді: қаланы қиратып жатқан қолдың бастығы оның ұлы еді. Қайғысы жоқ қатал ұл. Жуырдағана бұл ана анау ұлына, өзі туып-өскен һәм ұлын тауып, өсірген тұрағы – қаласының халқына көмек үшін өзі салған қорған деп, өзінің ұлтына берген бағасыз сыйы деп қарайтын еді. Ұзілмейтін ұзын сансыз жіптермен ананың жүрегі – ескі тастарға, бабалары үйлер салған, қаланың қорғанын қалаған ескі тастарға, туган-туысқандарының сүйегі жатқан жерге, ұлтының ертегілері, жырлары, үміттеріне – ананың жүрегі берік байланған еді. Ананың сол жүрегі жақын адамын жоғалтып жылауда еді. Жүрегі таразы сықылды еді. Бірақ ұл махаббаты мен ұлт махаббаты екеуін күндіз-түні салмақтап, қайсысы ауыр, қайсысы жеңіл екенін біле алмады.

Ана осы халде тұндер бойы көше кезіп жүре берді! Танымған адамдар қара жамылған ананы «бәрімізге жақындаған өлімнің өзі ғой» деп қорқысты, таныған адамдар ұлтын сатқан ұланның анасынан әдейі аулақ жүрді.

Бір уақытта қалың қорғанның түбінде, бір мылқау түкпірде ана екінші бір әйелді көрді: бір өліктің басында шөкелеп, жердің төмпешігіндей қозгалмай, қасіретті жүзбен жүлдіздарға қарап дұға оқып отыр екен. Оның төбесінде, қорғанның үстінде, қарауылшылар ақырынғана құбірлесіп, мылтықтың оқтары қорғанның тас тістерін тістеп, тістерін шықырлатқандай.

Ұлтын сатқан ұланның анысы сұрады:

– Ерің бе?

– Жоқ.

— Аға-інің бе?

— Балам. Ерім өлгелі он үш күн болды. Мынау бүгін...— деді де, өліктің анасы тағдырға разы болған тұрмен айтты: — Мәриям ана бәрін біледі. Бәрін көріп тұр. Мен оған шүкіршілік қыламын.

— Не үшін? — деп сұрады бірінші әйел.

Анау жауап берді:

— Ұлым ұлтты үшін құрбан болып отыр. Бұрын менің көнілімде құмән бар еді. Өз елінің үстіне бастап жау алып келіп, әрі Құдайдың, әрі адамның душпаны болған, жел өмірдің ғашығы, жел көңіл Марианнаның ұлындай менің ұлым да жел өмір, атақ үшін елін сатып кете ме деп қорқушы едім. Ләнет жаусын Марианнаның ұлына! Оны көтерген ананың құрсағына ләнет жаусын!

Марианна бетін жапты да, кетті. Ертеңіне ертемен қаланы қорғап тұрған қолға барды да айтты:

— Менің ұлым сендерге жау болып кеткені үшін не мені өлтіріндер, болмаса қақпаны ашындар, мен ұлымға кетейін...

— Сен азаматтығың бар әйелсің, туған жер саған қымбат болуға тиісті. Сенің ұлың біздің жауымыз болса, сенің де жауың.

— Мен анамын. Ұлымды сүйемін. Ұлымның мұндағы болғанына өзімді кінәлі деп білемін.

Қорғаушы қол біраз кеңесті де, мынадай сөзге келді:

— Ұлыңның күнәсі үшін сені өлтіруіміз адамшылыққа жатпайды. Мынау ауыр күнәнің жолына ұлынды сенің өзіңің салмағаныңды біз білеміз. Сенің қасіретіңің ауыр екенін де шамалаймыз... Бірақ мынау қалаға сенің кепілдікке де керегің жоқ. Ұлың сені керек қылмайды ғой, ол малғұн сені ұмытқан шығар. Күнәнді өзін

мойның алсаң, сол жаза саған жазалыққа татыр. Бізге өлімнен де ауыр көрінеді бұл жаза.

– Иә, ауырырақ... – деді ана.

Қол қақпаны ашып, әйелді қаладан шығарып жіберіп, оның туған жерінде, өзінің ұлы қанға тұншықтырған туған жерінде, қалай кетіп бара жатқанына қарап қалды. Ана аяғын зорға көтеріп аттап, ақырын ғана кетіп бара жатты. Жолшыбай қаланы қорғап қаза тапқан ерлердің өліктеріне тәжім қылышп, қирап жатқан түрлі қару-жаракты аяғымен жиіркеніп теуіп жіберіп бара жатты, ананың бәрі-ақ қан төгетін қаруды жек көріп, жаудың қолын қайтаратын қаруды ғана қабыл көрді ғой.

Ана шапанының астына толық бір кесе су тығып алып бара жатқандай, қаттырақ бассам суды шайқап төгіп алармын деп қорыққандай болып, ақырын бара жатты. Алыстаған сайын кішірейе берді. Қорғаннан қарап тұрған қолға қаладан үмітсіздік, қасірет сол әйелмен бірге шыққандай көрінді.

Ана орта жолға жеткен соң басындағы бүркенгенін алып, қалаға ұзак қарап тұрғанын қол көріп тұрды.

Жаудың қолы далада келе жатқан жалғыз қараны бай-қаған соң, бірнеше адам сақтықпен оған қарсы жүрді. Келіп, кім екенін, қайдан келе жатқанын сұрады.

– Сендердің қолбасшыларың – менің ұлым, – деді ана.

Бұл сөзге қолдың біреуі де құмән қылмады. Қол ананы ертіп алып, жүріп, жолшыбай оның ұлының ақылдылығын, ерлігін көтеріп мақтап отырды, ана басын иместен тыңдал бара жатты. Бірақ таңданған жоқ, оның ұлының өзі солай болуға тиіс еді ғой.

Ана ұлына келді. Тумастан тоғыз ай бұрын білген ұлына, ылғи ғана жүргегіндей тербеткен ұлына келді. Келсе, ұлы өзі жібек пен барқытқа, қару-жарағы асыл

тастарға көмілген. Дұрыс, осылай болуға тиісті еді. Ана ұлын ылғи түсінде де осылай көруші еді: бай, атақты, жалпы халыққа сүйкімді.

– Ана, – деді ұл, анасының қолын сүйіп, – менін ісімді мақұлдағаның ғой, сен келдің. Енді мынау малғұн қалаңы күні ертең аламын...

– Өзің туған қаланды... – деп есіне салды ана.

Жортқанда ылғи жолы болып жүргеніне есірген, зор атаққа сусаған ұлан жастықтың жүгенсіз жалынымен жалындал сөйлеп берді:

– Мен жаһан үшін туғанмын. Жаһанды таң-тамашаға қалдыру үшін туғанмын. Мына қаланы мен сен үшін ғана аяп тұр едім. Болмаса бұл қала аяғыма кірген шөгірдей бақытқа, атаққа бара жатқан жолымды бөгеп тұр еді. Енді таң атсын! – Қайсарлардың ұясын қиратайын...

– Әрбір тасы сенің бебек күнінді білетін, әлі күнге ұмытпаған ұяны... – деді ана.

– Тастан мылқау ғой. Ол тастанға адамзат тіл бере ал-маған болса, мен барлық тауға тіл берем. Тау-тасты өзімді мақтатып, күнірентіп қоям. Менің тілейтінім осы...

– Елді қайтесің? – деп сұрады ана.

– А-а-а, елді ұмытқаным жоқ мен. Анам, маган да ел керек, ердің ерлігі елдің ғана есінде қалады ғой...

– Ер деген кім? Өлімге ерік бермей, өмір құрған, өлімді жеңген адам, сол – ер! – деді ана.

– Жоқ! – деді ол, – құрушы адам ер болса, қиратушы да ер... Өзің ойлашы, Рим шаһарын Ромул салды ма, Еней салды ма, біз оны білмейміз. Ал енді Аларих сықылды Римді қиратқан ердің аты бізге айқын белгілі...

– Ол ерлердің болса, ауызда өшіп бара жатқан аты ғана бар. Римнің өзі көз алдымызда әлі тұр ғой, – деп есіне салды ана.

Ұлы мен ана күн батқанша осылай сөйлесті. Бірақ уақыт озған сайын ұлының ананың сөзін бөлуі сирей берді, анасы да төмен иіле берді.

Ана – жаратушы, құрушы. Ана – қорғаушы. Ананың алдында қираптуды, бұзуды айту оған қарсы айту болып табылады. Ұлан мұны білмеді. Ананың Тәңірі берген қасиетін жоққа шығарды.

Ана – ылғи өлімге қарсы. Кімде-кімнің болса да үйіне өлім кіргізген адам – ананың жауы.

Жүректі өлтіретін атақтың салқын сәулесі көзін қаптаған ұлан мұны көрмеді. Өзі құрған, өзі қорғаган өмірге біреу қастық қылса, ананың қатал, бірақ есті аң болып кетуін де ұлан білмеді.

Басын бүгіп отырған ана қолбасының қымбатты шатырының етегінен қаланы көрді. Қазір соны қираппақ болып отырған бөбектің бойына біткен шағындағы тәтті минутын өткізген, осы бөбектен босанғандағы бейнеттерді кешірген қаланы көрді.

Қаланың қорғанына, мұнараларына күннің қызыл сәулелері қан төгіп тұрғандай еді. Қала – бір жаралы жандай, оның сансыз жараларынан қызыл қан шапшып тұрғандай еді. Уақыт озды. Қала өліктей қарай берді. Қаланың үстінде, аспанда өлікке жаққан шырақтай жұлдыздар жағылды. Жаудың көзіне түспесін деп қорқып, от жақпаған қараңғы үйлерді, қараңғылыққа, сасық ііске, өлім күткен адамдардың күбіріне толған көшелерді – ана бәрін көрді, бәрін. Туған ел, туған жер ананың аузынан не шығар екен деп, бәрі көшіп оттың алдына келгендей болды. Ана енді өзін барлық ұлтының анасы деп сезді.

Таудың қара қияларынан бұлттар сырғып түсіп, өлім-

ге байланған қалаға қанатты қалың жылқыдай шабуыл жасады.

– Егер түн қолайлы – қараңғы болса, біз бәлки осы түнде-ақ қаланы шабармыз. Күндіз қару-жарап жарқылданп көзді шағылдырғанда, күн шақырайып турғанда, кісі өлтіру қолайсыз болады,— деді ұлы, қылышын жалақтатып.

Анасы айтты:

– Мұнда кел. Басынды менің көкірегіме қой да, өзінің бөбек күнінде қайырымды, қайғысыз болғанынды, жүрттың берінің сені жақсы көргенін есіңе түсіріп жатып, тынық...

Ұлы тілін алып, тізесіне жатып, көзін жұмды.

– Мен атақты сүйемін және мені осындағы қылышындағы үшін сені ғана сүйемін...

– Әйел сүймейсің бе? – деп сұрады анасы, басын төмен бүгіп.

– Әйел деген көп қой. Бірақ тәттіден тез шыққан сықылды адам әйелден тез безіп кетеді ғой.

Ананың ең соңғы сұраганы:

– Сен балаң болуын тілейсің бе?

– Баланың керегі не? Біреуге өлтірткізу үшін бе? Мен сықылды біреу балаларымды өлтірмекші. Ол маған ауыр болады ғой. Ол уақытта мен қартайып, қуатым кеткен болам. Олардың кегін ала алмаспыйн.

– Сен сұлусың, ұлым, бірақ нажағай сықылды сенің де жемісің жоқ,— деді ана күрсініп.

Ұлы күлімсіреп:

– Иә, нажағайдай...— деді.

Деді де, анасының көкірегінде кішкене бөбектей қалғып кетті. Сол уақытта ұлын қара шапанымен жауып, жүрегіне пышақ сұғып алды. Ұлы селк етті, сол сағат-

Аудармалар

та өлді. Ұлының жүргегінің қай жерде соғып тұратынын білетін ана ғой ол. Баласының өлігін қажыған қарауылшыларға қарай домалатып жіберіп, қалаға қарап деді ана:

– Ұлт үшін ананың қолынан келетін істі түгел істедім. Өзімнің ұлымның жанында қалдым мен... Екінші ұл табу уақытынан өткенмін. Менің өмірім енді ешкімге керегі жоқ.

Ұлының жылы қаны, дұрысы, өзінің жылы қаны суынбаған әлгі пышақты ана енді өзінің кеудесіне қадады. Қадағанда дәл жүрекке қадады. Ауырган жүрекке дәл қадау оңай болмақ...

ТЕМІРДІ ЖҰМСАРТҚАН АНА

Бар нәрсені женетін тірліктің бұлағы әйел-ананы мақталақ!

Бұл жерде сөз Темір туралы. Өмірінде жаудан жеңіліп көрмеген сайыпқыран, жұлдызы онынан туған ақсақ барыс туралы. Гәуірлер оны Темірлан деп атаған. Бүткіл дүниені қиратам деген ойы болған адам туралы сөз болмақшы.

Ақсақ Темір жер үстінде елу жыл жүрді¹. Елу жыл бойына пілдің аяғы құмырсқаның илеуін тапағандай оның темір аяғы талай шаһарларды, мемлекеттерді тапады. Оның жүрген жолдарынан жан-жаққа адам қаны қызыл өзен болып акты. Жеңілген елдердің сүйегінен биік мұнаралар жасады ол. Күш сынасып, ажалменен жекелесіп, тірлікті қиратты ол. Ұлы Жәңгірді алғаны үшін ажалдан кек алмақшы болды. Құтырған Темір ажалдың асын тартып алмақшы болды. Ажал малғұн аштан, азадан өлсін деді ол.

Жауыз шын халқын жеңіп, қайтып келе жатқан Темірді, оның Жәңгір ұлы өлгең соң, Самарқан халқы қара салып, бастарына күл-топырақ сеуіп қарсы алған күннен бастап қайсар Темір Отырада ажалменен айқасып, ажал оны жыққан сағатқа шейін отыз жыл бойына бір езу тартып күлмеді. Осылай отыз жыл бойына жұмған ернін бір ашпай, өмір бойына ешкімге бас имей, тірі жанды жүрегі аяу дегенді білмей өмір сүрді Темір.

Ажал оның алдында бас иетін – жалғыз күшті, әйел-ананы мақталақ! Бұл жерде ана туралы бір шындық айтылмақшы. Жерді қанға тұншықтырған болат Темірдің, ажалдың әрі қызметкери, әрі құлды Темірдің сол ананың

¹ Ақсақ Темір 1333 жылы туған, 1404 жылы өлген (басқарма).

алдында бас иіп, кішірейгені айтылмақшы бұл жерде. Әңгіме былай болған.

Ақсақ Темір Қанығұлдың әдемі алабында сауық құрып жатыр еді. Қалың бұлттай гүлдер жапқан Қанығұлдың алабын Самарқандың ақындары «гүлдердің махаббаты» деп атаушы еді. Бұл алаптан зор шаһардың занғар мұнаралары, мешіттердің зенгір күмбездері көрініп тұруши еді.

Жабылған кең желеуіш сықылданып, сол алапта бәрі де жауқазын гүлдей он бес мың отау-шатыр құрылған. Әр шатырдың үстінде әуелеп тұрган гүлге ұсап, жүзден жібек жалау желкілдеп тұр.

Сол шатырдың ортасында, күндердің ортасында тұрған ханшадай Ақсақ Темір көрегеннің шатыры тұр. Бұл шатыр төртбұрышты, кеңдігі жүз адым, биіктігі үш найза. Ортасында адамның жуандығындаған он екі алтын бағана бар. Төбесінде зенгір күмбез. Шатыр қара, сары, зенгір түсті жол-жол жібектен тігілген. Кекке көтеріліп кетпес үшін бес жүз қызыл баумен жерге бекітілген. Төрт бұрышында төрт күміс қыран құс тұр. Ал күмбездің астында, шатырдың дәл ортасында бесінші қыран отыр. Бұл қыран хандардың ханы, өмірінде жаудан жеңіліп көрмеген Ақсақ Темір көрегеннің өзі еді.

Үстінде аспан түсті жібектен тігілген кең киім. Ол киімге меруерт себілген. Себілген өңшең әр меруерт бес мыңдан аса қоймас. Иә, аса қоймас!.. Оның ақ шашты аруақты басында ақ бөрік, ақ бөріктің шошақ төбесіне қып-қызыл жақұт орнатылған. Шошақ төбе тоқтаусыз шайқалғанда қанды көзі әлем біткенді ішіп-жеп бара жатқандай.

Ақсақтың беті мың рет қанға малынып, тот басқан жалпақ сапы сықылды. Көздері қысық болса да, бар

нәрсені көретін қырағы. Бұл қысық көздердің оты қояншық ауруды өлтіретін, гәуірлер оны зұмріт деп атайды. Арабтың сүйген тасы зұбәржеттің салқын сәулесіне ұсайды. Ханның құлақтарында сұлу қыздың ерніне ұқсайтын цейлонның қып-қызыл жақұттарынан жасалған сырғалар.

Жерде баға жетпес кілемдердің үстінде шарапқа то-лып үш жұз алтын құмыра һәм хандардың сауығына керек басқа түрлі заттар самсал тұр. Темірдің артында сырнай-кернейшілер отыр. Жанында қатар отырған тірі жан жоқ. Төменде, аяқ жағында туысқандары, хандар, бектер, қолбасылар отыр. Ханға бәрінен жақын Керманни отыр. Өзі мас. Кермани ақын еді. Жиһанды қиратқан жиһанкөр Темірдің бір уақытта:

— Кермани! Әгәр мен сатылатын болсам, сен маған қанша берер едін?— деген жер жүзіне қорқыныш пен өлім себушінің сұрағына:

— Жиырма бес әскер берем,— деп жауап берген екен.

— Мынау не дейді? Бұл мениң белбеуімнің ғана бағасы гой!— деп таңғалып Темір ақырыпты.

— Мен сол белбеуінді ғана ойлап отырмын. Сен өзің түкке тұрмайсың,— депті Кермани.

Хандардың ханымен, жер жүзіне жауыздық һәм қорқыныш себетін адаммен ақын Кермани осылай сөйлесетін еді! Темірдің атағынан шындықтың досы ақынның атағын артық көрелік біз. Жалғыз-ақ Тәнірісі бар, ол Тәнірісі – сұлу айтылған шындықтың тұра сөзі болған ақындарды мақталық біз. Шын ақындардың жалғыз Тәнірісі – сұлу айтылған шындықтың тұра сөзі ғой!

Солай, Ақсақ Темір Қанығұлдың алабында сауық құрып жатты. Халық мәз-мейрам болып, есаландып, өткен күндерді, жорықтарды, ерленіп еске алыш, хан-

ның шатырының алдында сырнай-керней гүрілдеп, халық шуылдап, ойнап жатты. Шұп-шұбар киінген сансыз сайқымазақтар секіріп, балуандар күресіп, ойыншылар да денелерінде бір тал сүйек жоқ сыйылды иіліп, майысып, арқанда ойнап, батырлар адам өлтірге бәсекелесіп, найзаменен сайысып, біреулерін қызыл, біреулерін жасыл түске бояп, біреулерін қорқынышты, біреулерін мазақ қылышп, пілдерді шығарып, халық мәз-мейрам болып жатты.

Тап сол сағатта – Темірдің ерлері Темірден қорыққаннан, Темірдің атағының айбатынан, жорықтан қажудан, шараптан, қымыздан мас болып отырған тап сол есалан сағатта – ың-жыңың ішінен, бұлт ішінен шыққан нажағайдай сұлтан Баязитті жеңген жауынгердің құлағына қыранның саңқылдағанындай бір әйелдің айқайы келді. Өлімнен аза шеккен, сол азаның кесірінен адамзатқа һәм барлық тірлікке қатал болып кеткен Темірдің жанына таныс дауыс еді бұл.

– Мынау зарлы дауыс кімдікі екен, біліндер! – деп бұйрық қылды Темір.

Шабармандар келіп айтты:

– Усті-басы шаң, жалба-жұлба бір қатын, өзі есалаң сыйылды. Арапша сөйлейді. Ханға жібер, үш ықылымның ханына жібер деп қасарып тұр.

– Алып келіндер! – деді хан.

Ханның алдына әйел келді. Жалаң аяқ, үстінде күн жеп қойған киімдердің жалба-жұлбасы шыққан, жалаңаш төсін жабу үшін қара шашы тарқатылған. Беті мыс сыйылды, көздерінде қайрат бар. Ақсаққа созылған қара қолы дірілдемейді.

– Сұлтан Баязитті жеңген сенбісің?! – деп сұрады әйел.

– Иә, мен! Мен оны да жеңгендін. Басқа талайды да

женгемін. Әлі женуден қажығаным жоқ. Сен не айт-пақшысың, әйел?

— Тында!— деді әйел.— Сен талай істі істесең де құр адамсың. Ал мен – анамын! Сен өлімге қызмет қыласың, мен өмірге қызмет қыламын. Сен менің алдында жазалысың. Міне, мен саған сол жазанды жу деп келіп отырымын. Маған жүрт сенің ұраның «күш – әділдікте» деген деп айтты. Мен бұған нанбаймын. Бірақ сен маған әділ болуға міндеттісін. Неге десең, мен – анамын!

Әйелдің шанышпа, соракы сөздерінің артындағы жасырын күшті сезгендей хан ақылды еді. Ол айтты:

— Отыр да, сөйле! Мен тындаимын!

Әйел кілемнің үстіне, хандардың қатарына ыңғайланып отырып, мына әңгімені айтты:

— Мен Салдырне¹ деген жерденмін. Ол алыста, айдалада, оның қайда екенін сен білмейсін! Менің әкем де, ерім де – балықшы. Ерім бақытты еді. Сондықтан сұлу еді. Оны бақытқа қандыратын мен едім. Менің бір ұлым бар еді. Жер жүзінде ең сұлу ұл сол еді.

— Менің Жәнгірім сықылды, – деп күбірледі қарт қыран.

— Ең сұлу, ең ақылды менің ұлым! Ұлым алтыға келгенде, жағаға теңізде жүретін мұсылман қарақшылары келіп, әкем мен ерімді һәм басқа көп адамдарды өлтіріп, сол ұлымды алып кетті. Міне, төрт жыл болды, жерді шарлап сол ұлымды іздеп жүрмін. Мен енді білем. Ұлым қазір сенің қолында, неге десең Баязиттің қолы қарақшыларды ұстап алған. Сен Баязитті женіп, оның барлық затын алғансың. Енді, сен, менің ұлымның қайда екенін білуге міндеттісің, ұлымды өзіме тапсыруға міндеттісің!

Халықтың бәрі құліп жіберді:

¹Салерно – Оңтүстік Италиядағы қала және порт.

– Мынау есалаң ғой! – десіп Темірдің хандары мен достары, бектер мен қолбасылар күлісті. Бірақ әйелге қоңыр салқын тұспен Кермани қарап тұрды. Таң қалып Темір де қарап тұрды.

– Бұл ана болғандығынан есалаң ғой, – деп күбірледі мас ақын.

Жиһанның жауы Темір айтты:

– Әйел! Сонау жат жерден, дарияларды, өзендерді, тауларды, ормандарды өтіп қалай келдің сен? Саған андар қалай тимеді, көбінесе андардан жауыз болатын адамзат қалай тимеді? Қолда күш бар шағында, жауға тастамайтын қорғансыздардың жалғыз досы – қару да жоқ қой қолында! Саған нануым үшін, таңқалуым сені ұғуға кесел болмас үшін маған осылардың бәрін білу керек.

Қандай берік бөгөу болса да, махаббатты аттап өтетін, барлық жиһан емшегін емген әйел ананы мақталық! Адамның бар жақсылығы қүннің сәулесі мен ананың ақ сүтінен келеді. Бізге өмірді сүйгізетін осылар.

Әйел Темірге айтты:

– Жолда бір ақ дарияға ұшырадым, дарияда арал көп екен. Балықшының қайықтары да көп екен. Сүйгенінді іздесен, жел оңыңдан шықпай ма?! Дарияның жагасында тұрып, өскен адамға өзеннен жүзіп өту оңай ғой... Таулар? Мен тауларды байқағаным жоқ...

Сол жерде мас Кермани масайрап кетіп, соғып жіберді:

– Сүйген жанға тау дегенің дала ғой...

– Жолда орман болды ма дейсің ғой... Иә, болды. Орманда қабан, аю, сілеусін һәм құт ұшырып, ылғи жер сүзіп жүретін бұқалар ұшырады. Екі қабат маған барыс қарады. Көздері сениң көздеріндей еді. Бірақ андардың да жүрегі бар ғой. Мен олармен сенімен сөйлескендей

сөйлестім. Олар менің ана екендігіме нанды. Аяғандары емес пе, күрсініп теріс қарап кетті. Сен аңдардың өз балаларын сүюін, сол балалардың тірлігі мен азаттығы үшін олардың жауларымен алышуын, сен білесің бе?

— Солай, әйел! — деді Темір. — Мен білем, аңдар, көбінесе адамдардан күштірек сүйіп, жауларымен адамдардан гөрі табандырақ алышады.

— Адамның бәрі – анасының баласы ғой,— деді әйел балаша. Неге десен, әйелдің жаны жұз есе бала ғой.

Әйел айтты:

— Әркімнің анасы бар ғой. Арам да, кімнің болса да ұлы ғой, қарт-ау, білесің бе, сен? Сені де, бір инсан әйел тапқан. Тәніріңе таңданарсың, анаңнан сен де танбайсың, қарт!

— Солай, әйел! — деді көтеріліп ер ақын Кермани. — Солай. Өңкей бұқадан бұзау тумайды. Күнсіз гүл гүлдемейді. Махаббатсыз бақыт болмайды. Әйелсіз махабbat болмайды. Анасыз ақын да болмайды, ер де болмайды.

Әйел тағы айтты:

— Бер баламды өзіме. Неге десен, мен – анамын, сүйемін ұлымды...

Әйелге құлдық ұралық! Мұсаны, Мұхаммедті, зор пайғамбар Исаңы тапқан сол әйел ғой. Жауыздардың Исаңы өлтіргені рас. Бірак, Шарафатдин айтқандай, ол тірілмек. Шамда тірілмек, Шамда!

Бізге қажымас қырандар тауып беретін әйел. Анаға құлдық ұралық! Аристотель сол әйелдің ұлы, Фердауси, балдай тәтті Сағди, у қосылған шараптай Омар Хайям, Ескендер мен Соқыр Ғұмар – осылардың бәрі сол ананың балалары, бәрі ананың сүтін ішкен. Бойлары бетегеден аспайтын күндерінде солардың әрқайсысы қолдарынан

ұстап, жетектеп өмірге кіргізген сол ана. Өмірде ауызға аларлық барлық әр зат сол аналардан.

Қалаларды қиратқан ақ шашты алып ойға кетті. Ақсақ жолбарыс, Темір көреген ұзак үндеңей отырды. Бірталайдан соң барлық халыққа былай деді:

– Мен – Тәңірі құлы Темір, тиісті сөзді ғана айтамын! Мен өмір сүрдім, өмір бойына табанымның астында қара жер құніреніп келді. Осы қолыммен отыз жыл бойына ажалдың егінін қиратып келемін. Қиратуымның мәнісі сол – мен ажалдан, ұлым Жәңгірдің кегін алмақпын. Ажал малғұн менің жүргегімнің құнін сөндірді ғой... Меніменен жауларым өздерінің хандықтары – қалалары үшін алысты. Бірақ ешкім, еш уақытта адам үшін алысқан жоқ. Адамның өзінің менің көзімде бағасы да болған жоқ. Адам деген не? Менің жолымда неге тұр ол? Оны мен білгенім де жоқ. Міне, мен – Темір женғен соң Баязитке мынау сөзді айтқанмын: «А, Баязит, байқайсың ба, патшалық та, адам да Тәңірінің алдында түк емес еken. Қарашы, Тәңірі әкімшілікті екеумізге беріпті. Сен қыли, мен ақсақ!» Баязитті маған кісендер алып келгенде, Баязит кісеннің салмағына шыдай алмай тұрғанда, осылай деп едім мен оған. Мен бақытсыздықта ұрған Баязитке қарап осылай деп, өмірдің ескі жұртқа шығатын жусандай ащылығын сездім.

Мен – Тәңірі құлы Темір – тиісті сөзді ғана айтамын. Міне, менің алдында бір әйел отыр. Мұндай әйелдер сансыз ғой. Осы әйел маған бұрын білінбекен сезімдер ояты. Ол маған өзінің теңіне сөйлегендей сөйледі. Және өтінбейді! Бұйырады! Үқтym мен һәм көріп отырмын – бұл әйелдің неліктен осынша қайратты еkenін. Ол сүйеді. Оның ұлының қалай жұз жылдар бойына сөнбейтін жалын туатын тірліктің бір ұшқыны еkenін, оған осы

махаббат білгізіп отыр ғой. Пайғамбарлардың бәрі бала болмап па? Ерлердің бәрі әлсіз нәресте болмап па? Он көзімнің нұры, Жәңгір-ай, кім біледі, сенің мандайыңа тағдырда жерді жылтызып, жерге бақыт себу жазылған шығар-ая? Мен жерді қанға тұншықтырдым, қанға беккен жер іркілдеп түр ғой!..

Талай елдерді еңіреткен ер тағы бірталай үндемей ойлап отырып, ақырында былай деді:

– Мен – Тәнірі құлы Темір – тиісті сөзді ғана айтамын! Қазір үш жұз адам аттанып, маған қараған жердің бәрін кезіп, мынау әйелдің ұлын тапсын. Әйел осында күтеді. Онымен бірге мен де күтемін. Кімде-кім баланы алдына мінгізіп алып келсе, ол адам бақытқа жетеді. Бұл сөзді Темір айтып отыр. Осылай ма, әйел!

Әйел бетіне түскен қара шашын қолымен қағып жіберіп, ханға қарап күлімсіреп:

– Солай, хан! – деді.

Сол уақытта қайсар қарт отырған орнынан түрегеліп, үндемей әйелге басын ұрды. Сол уақытта ақын Қермани қатты қуанған бала сықылданып, мынау өлеңді соғып жіберді:

Көкте жауһар сансыз жұлдыз жарқырап,
Жерде гүлдер гүл-гүл жайнар балбырап.
Қай жер сұлу жұлдыз, гүлді жырлаудан,
Сүю жыры – сұлу дейді әркім-ақ.
Талма түсте күннен сұлу не десен,
Ғашық айтар: «Сүйгенім ғой, жан-шырақ!»

* * *

Қара тұнде жұлдыз сұлу – білемін.
Алтын күнмен күндіз сұлу – білемін.

Маған барлық үлбіреген гүлдердей
Бота көзді бір қыз сұлу – білемін.
Сол жанымның бір жымиып күлгени,
Күннен сұлу, көремін де күлемін.

* * *

Солай, талай сұлу-сұлу жырлар көп,
Бірақ жалғыз жырдай сұлу бір жыр жоқ.
Бұл сұлу жыр жырлар өмір бұлағын,
Бұл бұлағың – кіп-кішкене жүрек иесін
Бар адамзат жырлаған бір ана деп!..

- Осылай деп жырлайды ақын Кермани.
Ақсақ Темір ақынға айтты:
– Солай, Кермани, әділдікті, шындықты айтуға сенің
аузынды епті қылғаннан Құдай қателескен жоқ екен.
– Иә! Құдайдың өзі жақсы ақын фой! – деді мас Кер-
мани.
Әйел жымиып күлді. Хандар, бектер, қолбасылар һем
басқа солардай балалар әйел-анаға қарап, бәрі де күлді.
Осы айтылғанның бәрі – шын. Осы сөздердің бәрі –
ақиқат. Осылардың бәрін өзіміздің аналарымыз біледі.
Сұрандар, олар айтады:
– Иә, осының бәрі шын! Біз ажалдан күштірекпіз!
Жиһанға бір тоқтамсыз данышпандар, ақындар, ерлер
тауып беретін біз. Жиһанға барлық жақсылықты себетін
біз. Иә, ажалдан күштіміз біз! – дейді олар.

ХАН МЕН ҰЛЫ

...Қырымда Мұсәлайма Асбап деген хан болған. Ол ханның Толайық Әлхалла деген ұлы болған...

Әр-бутыс ағашының қызыл күрең бойына арқасын сүйеп отырып соқыр татар тіленшісі мынау сөздермен ескі әңгімелері көп жарты аралдың ескі ертегілерінің біреуін бастады. Оның айналасында заман қиратқан хан сарайының сынық тастары үстінде қызыл ала шапан, алтынмен кестеленген төбетей киген бірталай татар отырды. Кеш мезгілі еді. Құн ақырын ғана теңізге құлап бара жатты. Оның қызыл сәулелері қираған сарайдың мандағындағы жасыл шөптердің қара қабаттарынан өтіп, мұк жамылған жабысқақ жасыл бүліске оралған тастардың үстіне алтын тап болып тұнып тұрды. Әу, кәрі шынар ағаштарының қолтығында жел зуылдан, шынардың жақырақтары сыйдырап тұрды. Әуеде көзге көрінбей, сылдырап бұлақ ағып жатқан сықылды еді.

Соқыр тіленшінің даусы әлсіз еді, дірілдеп тұрды. Оның тас сықылды бетінің әжімдерінде тыныштықтан басқа нәрсе білінбеді. Жатталып қалған сөздер оның аузынан бірінің артынан бірі құйылып тұрды һәм тыңдаушылардың көз алдында өткен күндердің күшті сезімге бай картиналары тіріле берді.

Соқыр айтты:

– Хан қарт еді, бірақ оның нарамында әйел көп еді. Ол әйелдердің бәрі де қартты сүйетін еді. Себебі, оның әлі күші қайтқан жоқ еді, оты сөнген жоқ еді. Оның құшағы әлі әйелді қүйдіруші еді. Әйелге ердің шашы ағарғаны, бетінің әжімденгені есеп емес, тек ер құшағында әйелді өртей білсе. Кімнің құшағы отты болса, әйел соны сүй-

mek. Сұлулық – терінің майдалығында, беттің қызылдығында емес, сұлулық күште.

Ханды бәрі сүюші еді. Бірақ хан Днепр даласында қолға түскен бір казак-орыс қызын ғана сүюші еді. Өзінің зор һарамындағы барлық әйелдің ішінен сол казак-орыс қызын артық еркелетуші еді. Һарам ішінде әйел көп еді. Онда түрлі жерден жиналған ханның үш жүз қатыны бар еді. Олардың бәрі де жазғытұрғы гүлдей сұлу еді. Бәрі ерке тұрмыс ішінде еді. Хан оларға ылғи тәтті тамақ пісіртуші еді һәм оларға тілеген уақытта ойнауга, билеуге рұқсат беріп қойып еді...

Хан өзі сүйген казак-орыс қызын өзінің жанына – биік мұнарага шақырып алушы еді. Бұл мұнарадан теңіз көрінуші еді һәм онда казак-орыс қызы үшін әйелді еліктіретін нәрсенің бәрі бар еді: тәтті тамақ, ұлде мен бұлде, алтын, түрлі-түсті тамдар, музыка, алыс жерлердің қолға түспейтін құстары һәм ғашық ханның жалынды құшағы. Осы мұнарадан хан казак-орыс қызымен алданып, ауыр тұрмысынан тынығушы еді. Және ұлы Әлхалланың орыс даласында қасқырдай жортып, орыс елінің зәресін алып, ол елді өлімге, қанға, тұтінге көміп тастап, ылғи көп ойынмен, жаңа құндермен, жаңа атақпен қайтатының біліп, өзінің мемлекеті, хандығы үшін уайымы жоқ еді.

Құндердің бір күні Әлхалла орыс елін шауып қайтып, оның құрметіне үлкен той жасалды. Бұл тойға Қырымның бектерінің бәрі жиналып, ойын-сауықтың егі-шегі болмады. Мырзалар қолдың күшін сынау үшіп тұтқындардың көздерін көзделеп, жақ, мылтықтан атысты. Арак-шарап ішісіп, хандықтың дінгегі, жаудың албастысы Әлхалланың ерлігін мақтасты. Ұлының атағына қарт хан да қуанышты еді. Қарт хан ұлының мынадай ер

болғанын көріп һәм өзі үлкен сол хандықтың мынадай күшті қолға көшетінін ойлап қуанышты еді. Қуанышы тасып, ұлына өзінің қанша жақын көргендігін көрсету үшін сол тойда бектер, мырзалар алдында қолына шарап құйылған кесе ұстап отырып, хан ұлына айтты:

– Мениң мейірімді ұлым, Әлхалла! Бар мақтау Тәңір-ге болсын һәм оның пайғамбарының аты ауыздан түспегей еді!

Отырған адамдардың бәрі күшті дауыспен құнірентіп пайғамбарға салауат айттысты. Сонан соң хан айтты:

– Тәңірі қадір ғой! Тірі күнімде менің жастығымды, ер ұлымды тірілтті. Мен нұры кеткен көзіммен көріп отырмын. Күндерде бір күн менің көзімнен күн жасырынар, жүрегімді құрт қажалар. Бірақ мен мынау ер ұлымда тірі болармын! Тәңірі – зор, Мұхамед – оның шын пайғамбary! Мениң жақсы ұлым бар, оның күшті қолы, батыр жүрегі, ашық ақылы бар. Атаңың қолынан не алғың келеді, Әлхалла? Айт, не тілесен, соны беремін...

Қарт ханның сөзі бітер-бітпесте-ақ, қараңғы тұнгі теңіздей қара көздері жарқ етіп, тау бүркітінің көзіндей көздері от боп жанып Толайық Әлхалла түрегелді.

– Маған орыстың тұтқын қызын бер, алдияр ата!

Хан бірталай үндемей қалды. Жүргегінің ойнағаны, тулаганы басылғанша үндемей отырды да, берік күшті дауыспен:

– Ал! Мынау той өтсін. Сонан соң аласың,— деді.

Ер Әлхалла қып-қызыл болып кетті. Оның бүркіт көздері мынау зор қуаныштан жанып кетті. Тік тұра келіп, атасы ханға айтты:

– Беретінінді білем, алдияр атам! Білем мұны... Мен – сенің ұлыңмын. Мен – сенің құлыңмын. Мениң қаным-

ды сағат сайын бір тамшыдан алып тұр. Мен сен үшін жиырма өліммен өлемін.

– Маған ешнәрсе керек емес! – деді хан һәм оның жауды көп шапқан, атақпен тажданған, бұл қунде ақ шаш жапқан басы қеудесіне иілді.

Тойды тез тарқатып, хан мен ұлы екеуі біріне-бірі сөз қатпай сарайдан шығып, нарамға кетісті.

Тұн қаранды еді. Көкті жапқан құрсау кілемдей бұлттар айды да, жұлдыздарды да көрсетпей тұрды.

Қараңғыда ата мен ұл ұзак жүрді. Бір мезгілде хан асығып сөйлей:

– Менің өмірім күн санап сөніп барады. Көрі жүре-гімнің соғуы баяулап келеді. Қеудемде от азайып келеді. Өмірімді жылтырып, оған жарық-сәуле беріп тұрған ка-зак-орыс қызының ыстық құшағы еді... Айтшы маған, Толайық, айтшы ол саған сонша керек пе? Оның орнына жүз қатынымды ал. Жоқ, барлық қатынымды ал!...

Толайық Әлхалла үндемей үйіледі.

– Менің қанша өмірім қалды? Менің енді өмірім аз қалды ғой... Сол орыстың қызы – менің өмірімнің ең соңғы қуанышы. Ол мені біледі. Ол мені сүйеді. Енді ол кеткен соң, мен шалды кім сүйеді, кім? Ешкім де сүй-мейді, Әлхалла, ешкім де...

Әлхалла үндемеді...

– Сенің оны құшақтағаныңды, оның сені сүйгенін көріп отырып, мен дүниеде қалай тұрмақпын? Әйел ал-дында ата да жоқ, ұл да жоқ, Толайық. Ұлым-ау, әйел бәрімізге де еркек деп қана қарайды ғой. Аз ғана қалған өмірім азап ішінде өтеді ғой... Денемдегі ескі жарала-рымның бәрінің аузы ашылып, қансырасамшы, мынау тұнді көрмесейші, ұлым!

Ұлы ұндемеді... Екеуі нарамның есігінің алдына тоқтап, ұндеспей ұзак тұрысты. Айнала қап-қараңғы еді. Көкте бұлттар жарысып, жел ағаштарды шайқап, жырлап, зуылдаپ тұрды.

– Ата, мен оны көптен сүйем... – деді ақырын ғана Әлхалла..

– Білем, оның сені сүймейтінін де білем... – деді хан.

– Мен оны ойласам, жүргегім ойнап кетеді...

– Енді менің солған жүргегімде не қалады?

Екеуі тағы сөзді қойысты. Әлхалла уһіледі.

– Иә, данышпан молла маған дұрысын айтқан екен. Әйел ерге ылғи зиян келтіреді. Әйел сұлу болса, басқа ерлерді ғашық қылып, ерін күншілдік азабына салады. Көріксіз болса, оның ері басқа әйелдерге қызығып, азап шегеді. Ал енді әйел көрікті де болмаса, көріксіз де болмаса, ер оны түзей алады. Бірақ үйленгенде өзінің қателескенін біліп, ер тағы азап шегеді... – деп еді данышпан молла.

– Жүрек ауруына данышпандық дауа емес, – деді хан.

– Бір-бірімізді аялық, ата...

Хан басын көтеріп, ұлына қайғымен қарады.

– Өлтірелік оны... – деді Толайық.

Хан біраз ойлап, болар-болмас күбірлеп:

– Сен менен де, онан да өзінді артық сүйесің, – деді.

– Сен де солайсың...

Екеуі тағы тоқтасты.

– Иә, мен де солаймын! – деді хан қасіретпен. Хан қайғыдан бала болды.

– Қайтеміз? Өлтіреміз бе?

– Оны саған бере алмаймын. Бере алмаймын! – деді хан.

– Менің де енді шыдарлық шамам қалмады. Не жүрөгімді суырып ал, болмаса оны бер маған...

Хан үндемеді.

– Болмаса, оны таудан теңізге тастайық.

– Таудан теңізге тастайық! – деп ұлының даусының жаңғырығындай ұлының сөзін айтты да қойды хан.

Осы сөздерден соң екеуі нарамға кірді. Онда еденде құлпырған кілем үстінде казак-орыс қызы ұйықтап жатыр еді. Қарт ханның көзінен жас сорғалап, күміс сақалында меруерттей ойнап тұрды. Әлхалла көзі жайнап, тістеніп, нәпсісін зорға тыбып, казак-орыс қызын ояты. Қыз оянып көзін ашты. Сол уақытта оның үлбіреген беті алқызыл таңдай еді. Ашылған көзі шешек жарған гүлдей еді. Қыз Әлхалланы байқамай, қызыл ернін ханға тосты.

– Сүй мені, қарт қыран!

– Киін... бізben бірге жүресін, – деді хан қубірлеп.

Сол арада қыз Әлхалланы көрді. Және қыранның көзіндегі жасты да көрді. Есті еді ол: бәрін білді.

– Барайын. Барайын, – деді ол. – Анаған да жоқ, мынаған да жоқ, солай бекіттіндер ғой? Ер жүректі адамдар осылай бекітуге тиісті, барайын.

Үшеуі біріне-бірі сөз қатпай, теңізге жөнеді. Жолдары тар соқпақ еді. Жел зуылдаپ, гүілдеп есіп тұрды... Қыз тым нәзік еді, тез шаршады. Бірақ қайсар еді. Шаршаганын аналарға айтқысы келмеді.

Бір мезгілде Әлхалла қыздың кейін қалғанын көріп, оған:

– Қорқып келесің бе? – деді.

Қыз оған отты көзбен бір қарап, қанға боялған аяғын көрсетті. Әлхалла қолын созып:

— Кел, мен сені көтеріп алып барайын!— деді. Қыз бірақ өзінің қарт қыранының мойнынан құшақтады. Хан құстың қауырсының көтергендей көтеріп алып жүрді. Қолында бара жатқан қыз ханның көзіне ти-месін деп, ағаштың бұтақтарын қолымен қағып отырды. Ұзақ жүрді олар. Бір мезгілде теңіздің күрілі естілді. Соқпақпен мыналардың артынан келе жатқан Толайық сонда атасына айтты:

— Мені ілгері жібер, болмаса сенің желкене қанжар қа-дағым келіп келе жатыр!

— Ілгері оз, Алла мынау ойың үшін саған не жаза қы-лар, не кешер – өз еркінде. Сенің атаңмын, мен сені ке-шейін. Сүю дегеннің не нәрсе екенін білем мен.

Міне, үшеуінің алдында теңіз жатыр. Төменде шеті-қиыры жоқ қою қара теңіз жатыр. Жердің етегінде теңіздің толқындары күніреніп, өлең айттысады. Жардың шыңырау етегі қаранды, сұық, қорқыныш. Хан қызды сүйіп:

— Кош бол!—деді.

Әлхалла да:

— Кош бол!— деп иіліп қошасты.

Қыз толқындар күніреніп жатқан шыңырауга қара-ды да, екі қолымен кеудесін қысып, кейін қарай шегініп құлап кете жаздағандай болды:

— Лақтырындар мені,— деді қыз.

Әлхалла оған қолын созса да, тартынып қалды. Сонда қарт хан қызды құшағына алып кеудесіне қатты қысып сүйіп, басынан жоғары көтерді де, қия жардан төменге тастап жіберді.

Төменде сылдырап, жырласып жатқан толқындар-дың шуынан екеуі де қыздың суға барып түскенін ести алмады. Ешбір үн жоқ. Еш нәрсе естілген жоқ. Хан

тастардың үстіне етпетінен жатып, ұн демей төменге, шынырауға, қаранды түпсіз шынырауға қарады. Төменде теңіз бұлттармен араласып, теңізден толқындардың күніренген шуы жүзіп жоғарыға шығып жатты. Есалан жел ханның ақ сақалымен ойнап, елбелендей өтіп жатты. Жатқан ханның жанында жүзін екі қолымен жауып, ұн демей, қозғалмай Толайық тұр еді. Уақыт озды. Көкте жел айдаған бұлттар біріне-бірі тіркеліп, жүзіп оза берді.

Теңіздің қия жарының үстінде жер бауырлап жатқан қарт ханның ойларында түнерген қара бұлттар еді ол.

– Кетейік, ата,— деді Толайық.

– Тұра тұр...— деп бір нәрсені тыңдалап жатқан адамдай сыйырлады хан.

Тағы бірталай уақыт озды. Төменде толқындар күрілдеп, жел ағаштарды шуылдатып, қия жарға қарғып тұрды.

– Кетейік те, ата...

– Тұра тұр біраз...

Толайық Әлхалла:

– Кетейік, ата!— деп бір айтпады, әлденеше рет айтты. Хан қалған өмірінің қуанышын жоғалтқан жерден қозғалмады. Бірақ дүниеде бар нәрсенің бір соны бар ғой. Хан да тұрды. Қайратты қайсар хан тұрып, қабағы түсіп, күніреніп:

– Кетейік пе?.. – деді.

Екеуі кетіп бара жатыр еді. Хан бір мезгілде тоқтай қалды.

– Ә, мен неге кетіп барамын, қайда кетіп бара жатырмын, Толайық?— деп ұлынан сұрады хан.

– Енді маған өмір не керек. Мен қартпын. Мені енді ешкім сүймейді. Сені ешкім сүймесе, дүниеде тұруың бекер ғой.

— Сенің атағың, байлығың бар ғой, ата.

— Маған сол қыздың бір сүюін бер де, менің балығымды, атағымды бәрін сен ал. Бұларың өлі зат, жалғыз тірі нәрсе – әйелдің махаббаты ғой. Мұндай махаббаты жоқ болса, ол адамның тірлігі де жоқ. Тіленші ол. Оның өмірі – аяныш өмір. Қош бол, ұлым! Өміріңін түнінде де, күнінде де Алланың рақметі сенің басыңдан арылмасын...

Осы сөздерді айтып, хан теңізге қарай бұрылды.

— Ата, — деді Толайық, — Ата!... — Басқа ешбір сөз айттылмады. Тегінде, ажал бетіне қарап құліп тұрган адамға, оның жанына, өмірге, тірлікке, махаббат салғандай ешнәрсе айта алуға мүмкін емес қой.

— Жібер мені...

— Алла...

— Ол біледі...

Жардың шетіне хан жылдам басып келді де, шынырауға құлап кетті. Ұлы ұстап қалмады. Ұлғіре алмай қалды. Теңізден тағы еш нәрсе естілген жоқ – не ханның суға барып түскені, не бір үн. Жалғыз-ақ төменде толқындар шуылдаپ, жел гүілдеп, өздерінің тамаша, тағы әндеріне салып жатты. Толайық Әлхалла үндемей төменге ұзак қарап тұрып-тұрып, даусын шығарып:

— Маған да осындей ер жүрек бере гөр, әй, Алла! – деді.

Сонан соң сол қараңғы түнде сарайға қайтты...

Міне, Мұсәлайма Асбап осылай өлген соң, орнына Қырымда Толайық Әлхалла хан болған.

АҚБОЗАТ
(Мамин Сибиряктан)

Бұқарбай жас еді, ақымақ еді. Ақымақ адамды ерін-беген екінің бірі алдаң жеп кете береді ғой. Бұқарбай да осылай болды. Әкесі өлгенде Бұқарбай көп дүниеге ие болып қалып еді. Жап-жаңа үй, бір қос жылқы, көп қой, тағы басқа мал. Жас Бұқарбай атадан қалған мынау мал өмір бойы жатып жесем де таусылмайды ғой деп, өмірін ылғи жолдастарымен ойын-сауықта өткізетін болды. Басқалар жұмыс қылады. Бұқарбай сауық құрады. «Не керегінің бәрі бар. Маған жұмыс қылып не керек? Кедейлер жұмыс қылсын», – дейді Бұқарбай.

Шешесі ылғи басын шайқап: «А, Бұқарбай, мына қылығың жақсы емес!» – дейтін еді...

Шешесі бұлай дегенде, Бұқарбай ішінен: «Өмір бойы үйден шықпайтын, бие сауудан басқа ешнәрсе білмейтін әйел не білуші еді» – деп ойлайтын еді. Шіркін, алаңғасар жастық-ай! Бұқарбайдың жас жүрегі аласұрып ойнай берді. Қанша сауық құрса да оған аз көрінеді. Байдың досы көп болады ғой. Бұқарбайдың да досы көп. Досының біреуінен біреуі артық. Достары күні-түні Бұқарбайдың қасында, қойын жейді, қымызын іshedі, мырзаны мақтасады. Ойын-сауықтың, тіпті, қызық болуы үшін қымыз, қазы, қозыдан басқа қант, шай, ұн тағы қаланың басқа түрлі тәтті тамақтары керек қой. Бұларды алдыруға ақша керек. Бұқарбай кәрі шешесіне білдірмей атадан қалған ақшаны құрыта бастады. Қартайған соң ақшаны өзі де табады-мыс.

Күндердің бір күні ақша да бітті. Бұқарбай үйірлеп малды сатуға ойлады, бірақ шешесінен ұялды. «Кемпір жылап жұртқа шағар», – деді. Сөйтіп, ауылдындағы көр-

шілерінен қарызға ақша ала бастады. Жұрт бай адамға қарызды қуана-куана береді ғой. Көршілер береді, Бұқарбай алады. Бұқарбай бастапқы кезде алған қарызын есептеп жүрді. Соңынан есептеуді де қойып алды. Бәрібір берген кісі ұмытпайды ғой.

Екі жыл өткен соң бір көршісі: – Қарызымды қашан бересің? – деді.

– Қазір ештеңем жоқ, ақша тұскенде берем ғой...

Біреуінің ғана бастап қарызын сұрауы мұн екен, бәрі сұрай бастады. «Бер де бер. Қалтанда бір тиын жоқ болса, нені бересің». Бұқарбай енді ойға тұсті. Ай, бірақ кеш тұсті-ау! Басқа не лаж бар, бар сырды шешесіне ашуға тұра келді. Кемпір қатты жылады. Жылап отырып:

– Мен саған айтып едім ғой, Бұқарбай! Енді қалай қыласың? Мені қойшы, ... мен асарымды асап, жасарымды жасағанмын. Сенің бар тілеуің алдында ғой... Ай, Бұқарбай, Бұқарбай!.. – дей берді.

Бұқарбай көмек сұрап ескі жолдастарына барып еді. Олардың ешнәрсесі жоқ. Болғанымен бере ме, жасырып, жоқ десті. Бірақ Бұқарбайды аяғанда қалай аясты... «Берген қарыздарын тақақтап сұрап жүрген бұл не деген соғылған көршілер! Күте тұруға шамалары келеді ғой!» Не керек, сөз көп, бөз жоқ. Сылдыраған сыпайы сөз көп, сылдыраған бі р тиын жоқ. Күн санап Бұқарбайдың күйі жаманға айналды. Ақшадай алған қарызға малын сата бастаса, кедей болып қалатын. Ақырында қарыз берген көршілер биге арыз берді. Би жас Бұқарбайды шақырып алып сұрады:

– Мына борыштарынды мойныңа аласың ба?

– Алам.

– Мойныңа алсан, төлеу керек.

– Төлейтін ақшам жоқ.

Ақсақалды билер өзара біраз ақылдасып алыш, «Бұқарбайдың бар мал-мұлкін қарыз бергендерге бөліп беру керек», – деп билік айтты. Жас жігіттің аяулы екені рас, бірақ басқа шара жоқ. Бұқарбайды би де аяды. Әйткенмен ештеңе істей алмады: ақымақшылықты түзету қынғой.

Билер Бұқарбайдың үйіне келіп, атадан қалған мал-мұлікті борыш иелеріне үлестіріп бере бастады. Атаның ұзақ заман жиған байлығы бір күнде бу болып ұшып кетті. Үйді, жасауды, қойды, жылқыны, барлық мал-мұлкін бөлісіп алысты. Талауға түскен малда құн бола ма, борыш иелері бергендерінен он есе артық алды.

– Маған не қалады? – деп сұрады Бұқарбай билерден.

– Саған сап-сая екі қолың қалады. Бұрын жас болдың, ақымақ болдың. Енді еріксіз ақылды боласың. «Мал қадірін білек ауыртып тапқан білер», шырағым.

Жас Бұқарбай түнеріп басын төмен бұкті. Атадан қалған дүниені аяп кетті. Алайда таласпады: билердің билігі әділ еді. Бірақ борыш иелерінің біреуі ең ақтықта қалған бір көк тайды ұстай бастағанда Бұқарбай үнде-мей түрып қала алмады. Бұл жылқының ішінде бір белгілі тұқымнан бітімі бөлек бір тай еді. Борыш иелері де мынау тайдың сүйегін танып, әрқайсысы «мен алам, мен алам», – десті.

– Жоқ, тайды сендерге бермеймін! Бар малымды алдыңдар, үндеғенім жоқ. Жалғыз тайды бермеймін.

Борыш иелері барып биге арыз қылды. Би абайлап тындауды да, айтты:

– А, жігіттер, сендер шынында да бергендеріңен көп алдыңдар. Енді оның жалғыз тайын алмақшысындар. Қазақ баласы жаяу қалса, тірі қорлық емес пе? Ұялсаңдаршы...

Бұқарбай анадай жерде жылап тұрды. Осындаі қорлықта түсірген өзінің ақымақтығынан ұялып тұрды. Би Бұқарбайды аяп кетті, көк тай оның өзінде қалсын деп билік қылды.

Көк тайдың ноқтасының сабағын Бұқарбайдың қолына ұстасып тұрып би айтты:

— Көк тайдың Есекқырғынның тұқымынан екенін есінен шығарма. Арқада алдына мал салмаған Есекқырған еді фой ол. Мынау тайды көзінің қараашығындай көр, Көк тай тірі болса, барлық малына татыр...

Бұқарбай қайырымды биге рақмет айтып тағы жылады. Бұжолы қуанышпен жылады. Енді оның алдында үміт бар... Қолдарынан келсе, борыш иелері Бұқарбайдан ен даланы да, көкті де тартып алмақшы еді-ау.

II

Кәрі шешесі мен ұятынан басқа, Бұқарбайдың еш нәрсесі қалған жоқ. Бақытсыз ұлының қайғысын молайтпайын деп, кемпір даусын шығармай жасын төге берді. Жылап отырып айтты:

— Байлық та, кедейлік те еңбекке байлаулы. Күйіну жарамайды... Сен әлі жассың, түзеліп кете аласың... Мениң саған ақтық айттар ақылым мынау: осы өзіміздің елден, шамаң келсе, алысқа кет. Кешегі күні бай болып, толықсып тұрган елінде бұғін тіленші болып, тентіреп жүруден ауыр қорлық жоқ. Мениң ақтық ақылым осы, Бұқарбай. Мен енді апаңның қолына барам. Күйеу жаман жігіт емес қой, кемпірді қуып жібермес...

Жалғыз туған шешесін де асырай алмайтын күйге тұскенине Бұқарбай тағы бетінен оты шығып ұялды.

Жас Бұқарбайға ақымақтық арзанға тұскен жоқ...

Қоштасып жатқанда шешесі Бұқарбайға айтты:

— Сенің мынау тайыңның асылдығын ешкім де білмейді, Бұл — асыл тұқымнан... Қолыңдан шығарма. Неғана берсе де тайыңды айырбастама. Бұл жабайы ат болмайды, даланың жүйрік желі болады, жақтан атылған оқ болады...

Бұқарбай шешесінің аяғына жығылып қоشتасы. Қалың жұрттың ішінен Бұқарбайға жақсылық тілеген жалғыз-ақ шешесі болды.

Ақтық қорлығын, актық көз жасын тірі жан көрмесін деп Бұқарбай ауылдан қаранды түнде шығып кетті.

Көк тайды жетектеп Бұқарбай баяу келе жатты. Көк тай белгілі боздардың тұқымы еді. Мандаіында қара жұлдызыға ұсаған төбелі бар еді... Бұқарбайдың төбесіндегі зенгір көк алтын жұлдызбен кестеленген көк шатырға ұсап тұрды. Дәл кілемдей болып алдында ұшы-қиыры жоқ дала жайылып жатыр. Бұқарбай ойга кетті: жердің бетінде тұру үшін бір қуыс шынымен-ақ таба алмай ма?

Бұқарбай бір жеті жүрді, екі жеті жүрді, үш жеті жүрді. Көп ауылды өтті. Бұл ауылдарда ешкім оның кім екенін білмеді. Сондықтан оның ауыр ойы серпіліп, көңілі тынышталған бастады. Жастық қайғыдан тез құтылады ғой. Бұқарбай Сасықбай деген байға жылқышы болып жалданды. Тайымды жылқыға қосып қояйын деп Бұқарбай байға сөйлесті:

— Мейлі, жүре берсін. Дала кең ғой. Сенің бір тайыңа жер жетпес дейсің бе... Бірақ, мынау тайыңның оңған жері жоқ қой: сирағы шидей...

Бұқарбай үнде мейді. Сасықбай малдың сүйегін танымаушы еді. Ұзақ жол жүріп келген көк тайдың шынында түрі жаман еді. Сасықбай бірақ ішінен ойлап қойды: тай есіп мінуге жараса жылқыны өзінің тайымен бақтырамын деп. Әркім өз пайдасын көздейді ғой.

Ауыл үлкен еді. Сасықбайдың ауылында үш қос жылқы бар еді. Бұқарбай жылқышы атанып, бірінші рет жылқыға барғанда қатты қуанды: өмір бойына өз еңбегін сініріп, тамақты бірінші рет ішті ғой. Бұқарбай тұн сайын таң атқанша ат үстінде жүріп жылқы бақты. Адамның өз еңбегімен тапқан тамағының қанша қымбат екенін Бұқарбай сонда білді.

Сасықбай сараң еді: малшыларға тамақты тек аштан өлместік қылышп қана беруші еді.

Жылқы бағу онша ауыр жұмыс емес қой. Бірақ, не күндіз, не тұнде тыныштық болмайды. Малшының ұйықтағаны қалғығаны ғой. Бұқарбай жылқышының күніне тез көндігіп кетті. Ол да бір ақ киіз қалпақты, жыртық шалбар, жыртық тонды жылқышы болды да қалды. Бұқарбай сонда да көрген күніне күйінген жоқ. Бір жұбанышы көк тай еді. Басқа жылқышылардың менікі де-ген тайы да жоқ қой. Бұқарбайдың көк тайды сылап-сипай бергеніне жылқышылар құлуші еді. Сасықбай таң қалушы еді. Бұқарбай тайын суға жүздіріп, жал-құйрығын тарап, балаша тайын айналдыра беруші еді. Тай Бұқарбайдың артынан күшік сыйқылды қайда барса, сонда барып, еріп жүруші еді. Жылы сөйлеген, болмаса жекірген дауысын – бәрін ұғушы еді. Бұқарбай тайымен адаммен сөйлескендей сөйлесуші еді.

– Бұл елде екеумізді ешкім білмейді... Онысы жақсы. Сенің иең көп ақымақтық істеді ғой... Ештеңе емес, түзелерміз...

Шет елде оны ешкім ескермейді деп Бұқарбай бірақ қате ойлады. Сасықбайдың бойжеткен кызы бар еді. Мешіт сұлу. Қыздар кейде жұрт көзіне ұнамсыз нәрсеге де ауғыш болады. Мешіт сұлу да күн сайын жылқы құлатып келе жатқан Бұқарбайға қарайды да тұрады.

Бұқарбай да байдың қызына қарай бастады. Қараған сайын қыз Бұқарбайға ұнай берді. Сөйлеспей-ақ екі жас жүрек біріне-бірі жақындаپ қалды.

Бұқарбай, бірақ, өзіне мынадай деп ақыл салушы еді: «Бұрынғы ақымақтықтарың да жетер, енді ақылды бол, Бұқарбай... Сасықбайдың қызының қалыңына канша сұрайтынын білесің бе? Күлкі болма, Бұқарбай!.. Байдың қызын алатын сендей сорлы емес қой...»

Кейбір іңірде Бұқарбай жаны қоңыр тартқанда жер ошақтың басында отқа қарап отырып, өзі шығарып қоңырлатып мынадай өлең айтушы еді:

Есіктен күліп тұрып сұлу қарап,
Жігіттің жүргегіне жара салар...
Ер жігіт желдей саулап кетсе алысқа,
Қапаста сұлу сорлы жылап қалар.

III

Осындаі үш жыл озды. Ұзақ үш жыл. Үш рет жазғытурым даланы қызғалдақ жапты. Шілденің ыстығынан даланың шөбі үш рет күйді. Қыс үш рет барлық нәрсені қармен бүркеді. Алайда Бұқарбай бақытты еді. Неге десен, оның көк тайы өсіп ат болды ғой. Қандай сұлу ат болды: қамыс құлақ, серке сан, жібек жал. Бестісінде жүні айдай аппақ бозға айналды. Бұқарбай енді «Ақбозат» деп ат қойды. Ақбозатты бұрынғыдан бетер сылап-сипап, айналып-толғанатын болды. Қойнына жататын қалыңдығынан бетер атты мәпелегеніне жылқышылар тағы күлді. Күлсе күлсін. Бұқарбай ең алғаш мініп шабысын көргенде, қуанғаннан жүрегі ойнап кетті: бұл жылқы емес, жел еді.

«Жоқ. Тағы бір жыл жүріп, толып алты жасар ат болсын. Онан соң мен бір байдың керуеніне жолбасшы болып кірермін... Жұмысы жеңіл, тұрмысы еркін. Онан соң өмір ондалып кетер. Шыда, Бұқарбай, көп қалған жоқ» – деп ойлады Бұқарбай.

Келесі жылы керуенмен кетем деген ой Бұқарбайға берік орнады. Бірақ, бұл ойын ешкімге айтқан жоқ. Кетуге кетпек болды. Әттең, Мешіт қалады-ау! Кім біледі, қызы мұны осы күні ескермейтін де шығар. Бірақ Бұқарбай қыздың күйдіріп қарайтын қара көзін, сылдыраған құлқісін, күн жүзін ұмыта алmas!

Елде Мешітті алам деген жігіт көп еді. Талай қиыр жерлерден жаушы келіп еді. Бірақ қарт Сасықбай «қызыым қымбат» деп сұраған қалың малының санын өзі де білмеуші еді. Әйткенмен де қыздың өмірі қысқа ғой. Қызынан айырылар уақыт жетті. Кімге беремін деп Сасықбай ойлады-ойлады, ойлады. Ойын бекіте алмады. Сұраған жігіттердің бәрі де жақсы болғанмен, сұлу Мешітті бәріне де қызып беру қыын. Шал ойлап-ойлап жұрт жиып, ат шаптырмақшы болды. Кім бәйгеден озып келсе, Мешітті сол алсын. Бозбалалар бұған қуанды. Бәрі де өзінің атына сенеді ғой. Дәмелі бозбалалардың аттары шынында ығай мен сығай еді. Бозбалаларды желіктіру үшін Сасықбай жар қылғызды:

– Бәйгеден кім келсе, ол келсін, маған бәрібір... Мейлі бір малшы келсін, Мешіт сонықі.

Сасықбайдың мынау бәйгесінің хабары Арқаның талай жеріне жайылды. Елдің әңгімесі осы болды. Бозбалалардың бәрі-ақ Мешіттен дәмелі болып, аттарын жаратады.

Сөйтіп, бәйге күні жетті, Сасықбайдың ауылына маңайдағы елдердің кәрі-жасы қалмай қаптап келді.

Кімге бақ қонар екен? Мешіт сұлуды кім алар екен? Қызық көргелі келген қалың жұрттың ішінде маңайдағы елдің бәріне қадірлі бір қарт би де бар еді. Табақ тартылып, ас-су ішілген соң, жиылған жұрт ат жібергелі ауылдан анадай қырға шықты. Жүйріктегіне мініп бозбалалар шықты. Ең соңынан Ақбозатқа мініп Бұқарбай шықты.

– Мынау ақбоздағы кім? – деп сұрады жұрт.

Қызынан жаман жылқышының дәмелі болғанына ренжіп:

– Бұл менің жылқышым ғой. Есер шіркін атын зорықтырады-ау, – деп немкұрайды жауап берे салды Сасықбай.

Ақсақалдардың қаулысы бойынша дәмелі бозбалалардың бәрі аттарына бала мінгізбей, өздері шабатын болды. Шабушылардың бәрі топтың алдына тізілген соң қарт би айдаушылар қосып беріп, қолындағы жалауды бір көтеріп қалды. Жігіттер желе жөнелді. Олардың артынан Бұқарбай да жөнелді. Ақбозат әлі жасырақ қой деп көпке шейін Бұқарбай бәйгеге қосылуға бекі алмап еді. Ақылға салып, қосу жарамайды десе де, жастық шіркін билеп алып кетті: ауылдан шыға бергенде байдың үйінің есігіне көзі түсіп, есікте Мешіт сұлуды көзі шалып қалып еді. Мойнындағы алқасы жарқ-жүрк етіп, Ақбозатқа мініп кетіп бара жатқан Бұқарбайға қарап жымын пүліп қалды. Ірілікпен құлған сықылды. Дәмелі бозбала көбейген сайын арудың ірілігі ұлғая береді ғой.

Жұрт атты елу шақырымға айдады. Белгілі жерге барып жеткен соң айдаушылар аттардың бәрін қатар тізіп «Ал!» деп жіберді. Аспанды шаң жауып кетті. Бұқарбай Ақбозаттың басын тартып келеді. Сонда да жігіттерді біріндеп тастап келеді. Тастан-тастан Бұқарбайдың алдында үш-ақ жігіт қалды. Алтындей сары бір те-

кежәуміт жүйрікке мінген үш жігіттің біреуі алыс кетіп барады. Бұқарбай Ақбозаттың басын босатыңқырап, еki жігіттен оп-оңай озып кетті. Алдында енді біреу қалды. Бұқарбай тақымды қысты, астындағы ат ілгері ұшып бара жатқандай. Жер кейін қарай зырқырап бара жатқандай. Алыста бұлдырап қалың топ көрінгендей. Ақбозат текежәуміттің құйысқанын тістеп қалды. Қабыргаласты. Текежәуміттің ырс-ырс етіп дем алғаны естіледі. Екі аттың басы қаз-қатар... Бұқарбайдың жүрегі аузына тығылды: екі-ақ шақырым жер қалған. Ай, текежәуміт озғызса.. Бұқарбай ердің алдыңғы қасына жата қалып, қолымен Ақбозаттың көзін сұртіп-сұртіп алғып, айқайды салып жіберді. Ақбозат жақтан атылған оқтай, қырда ойнаған қояндай ағып кетті. Бұқарбай қалың топтың айқайына кіріп қалды.

Бұқарбай озып келді. Өзгенің бәрі кейін қалды. Жұрттың бәрі Ақбозатқа жабырлап, айналып-толғана бастады. Кейбіреулер аттың басы, көзін сүйіп жатыр. Бұрын жұрт мұндай жүйрік көрген емес.

– Бала сенікі! – деді карт би Бұқарбайға.
– Иә, Мешіт оныкі, қалың мал төлесе... – деді саспай Сасықбай. – Мейлі қазір алсын, мен сөзімнен қайтпаймын, озып келгенмен, кім болса да қалың мал төлемек қой...

Өмірінің осындай қуанышты құніндегі мынау қайғыдай Бұқарбай өмірінде қайғы көрген жоқ еді. Жұрттың бәрі оған: «Ай, ырысты жігіт», – деп қызықса, ол өзін-өзі қарғайды... Иә, қандай жүйрікке мініп қашсан да. малғұн кедейліктен құтыла алмайсың ғой. Ауылға келген соң тәкаппар Мешіт сұлу да Ақбозаттың мойнынан құшақтады.

IV

Бәйге Бұқарбайды бақытсыз қылды. Ол өзінің ауыр еңбегімен тапқан тыныштығын жойды. Енді жабайы жылқышының тұрмысы оған ауыр көрінді. Жұрттың бәрі оны құндейді. Ол сорлы ылғи Мешітті, сұлу көзді сұлу Мешітті ойлады.

Сасықбай айтты:

– Міне, саған бір жыл. Мен сөзімде тұрам, сен калың мал тап. Бір жылда таба алмасаң, мен Мешітті басқа біреуге беремін...

Мұндай сөзді есіткеннен Бұқарбайға денесіне пышақ сұғу жеңіл болар еді-ау. Ана жерде Мешіт те қарап жынып күліп тұр! Мешіт Ақбозатты жақсы көріп кетті. Ылғи келіп өз қолынан жем береді.

Кәрі Сасықбай да Ақбозатты ойлай бастап еді. Бес жуз жылқысы бар, үш мың қойы бар, сұлу қызы бар. Мал мен басы түгел... Бірақ, мынадай жүйрігі жоқ. Ақбозаттың атағы Арқаның талай жеріне жайылып кетті. Талай жігіттер талай жерден мынау тамаша атты құр көру үшін келетін болды. Ақбозаттың мынау атағы кәрі Сасықбайдың үйқысын қашырды. Ол ылғи Ақбозатты қалай қолға тұсіруді ойлайтын болды. Сараң бай бірнеше рет Бұқарбаймен былай сөйлесіп байқады:

– Бұқарбай, атыңды сат маған. Жылқыдан таңдал жиырма жылқы ал. Қойдан таңдал жиырма қой ал.

– Жоқ, – дейді Бұқарбай.

– Оған қосып үстіңе ақ үй көтеріп берейін.

– Жоқ...

– Күміс ақшаны алдыңа жаяйын, екі уысыңа сыйғанша ал.

– Жоқ...

Мағжан

– Үстіңе бір жібек бешпет, екі жібек қаптал жабайын.
– Жоқ...
– Енді не керек саған?
– Маған ешнәрсенің керегі жоқ, бай... – дейтін еді
Бұқарбай қасарып.

Бірақ бір күні кешке Бұқарбай:

– Жарайды. Барлық айтқанының үстіне Мешітті қо-
сып бер, – деп айтып салды.

– А-а! Сенің есің дұрыс екен... Бұл болмайды.

– Өзің біл, бай. Атымды алмасаң, маған тым жақсы.

Сасықбай қасарған жылқышыға ашулана бастады:

«Мынау өзі бір атым бар деп, кісіні танымай кетті
гой... Арқада басқа жүйрік жоқ па екен?..»

Сасықбай қанша ойламайын-ақ десе де, Ақбозат оның
онынан шықлады. Мал-мұлік бәрі өзінде түгел. Енді
оган не керек? Ақбозат керек. Ақбозат оның қолында
болса, Арқада тірі жанға бәйге бермей отыrsa... Мұндай
жүйрік жоқ қой Арқада... Шал ұйқысынан айырылып, не
қылуға білмей, кәдімгідей жүдеп қалды. Өзінің қанша
байлығының өзіне қадірі болмай қалды...

Ақырында Сасықбай ауырып төсек тартып жатып
алды. Ас-су ішпейді. Ұнлей береді. Бір күні Мешітті
шақырып алышпайтты:

– Әлгі қасарған есекті шақырып алышпайтты, сөй-
лесейін деп едім.

Бұқарбай есікten кіре, шал айтты:

– Мен сенің қасарғанынан ауырып қалдым... Есек
сықылды ақымақ адам екенсің! Жас күнім болса, мен
сенің атыңды барымталап алар едім, не керек... Қасарған
айуан, мына сөзімді тында: мал-мұліктен тілегеніңді ал,
оның үстіне... Мешітті ал.

Бұқарбай шалды сыйлап, басын бұқті де, айтты:

– Сасықбай, сен көп беріп менің барымды алмақшысың... Ақбозат атақты Есекқырғанның тұқымынан. Тіленші болып ауылдан шығып бара жатқанымда шешем маған: «Не берсе де, тайыңды берме!» – деп еді... Алайда, мен ойланайын...

– Шық, қасарған шіркін, ойлан! – деді шал қатты күрсініп.

Бұқарбай үйден шыға келіп, Мешітке жолықты. Ол босағада тұрып бәрін естіп жылап тұр екен.

– Сен мені сүймейсің, Бұқарбай... – деді қыз сыбырлап. Әлі жуырда ғана Бұқарбайды мазақ қылып күліп жүрген қыз еді ғой ол.

Бұқарбайды Сасықбайдың берем дегені, жалынғаны жұмсартқан жоқ. Қыздың жасы жұмсартты. Масадамдай сенделіп ол малшылар үйіне келді. Басы айналып не қылуға білмеді.

Бұқарбай малшылардың жыртық, былық үйінде ойлан жатыр. Көз алдында қыздың жас төгілген беті. Қыздың тәтті даусы. Өзінің сол арада аяп кеткені – осылар тұр. Үйдің артында өзінің барлық қазынасы — Ақбозаттың жер тарпып тұрғаны естіледі. Не қылуға білмейді Бұқарбай. Өзге малшылар үйиқтап жатыр. Жалғыз-ақ Бұқарбай бір күнәлі адамдай азап шегіп жатыр, жас жүрегі аласұрады... Ақырында жас жүрек женді. Бұқарбай Ақбозатты Сасықбайға бермек болды.

Бұқарбай осы ойға жаңа бекі бергенде, тыстан Ақбозаттың кісінегені естілді. Бұқарбай үйден жүгіріп шығып үлгірмеді. Аттың қатты дүбірі естілді. Бұқарбай бұл дүбір ненің дүбірі екенін білетін еді ғой... Ақбозатты ұры мініп алып, желдей құйындарып кетіп барады.

Бұқарбай байлаулы тұрған байдың бір бедеуіне міне салып қуа жөнелді. Астындағы бедеуді төпеп қуып ке-

леді. Алдынан аттың дүбірі естіліп келеді. Ол арада таң да атып қалды. Бұқарбай алыстан Ақбозатты көрді. Апымай, мынау шынымен Ақбозат па? Ақбозаттың, алдына мал салмайтын Ақбозаттың шынымен бір жабайы бедеуге жеткізгені ме? Бұқарбай тағы біраз шауып еді, ұрыға, тіпті жақындаپ қалды. Жете бергенде Бұқарбайдың жүрегі қанға толып кетті. Шыдамады. Айғай салып жіберді:

– Өй, сайтан, атты қор қыльш келесін... Қамшы салма! Екі көзін сұрт!..

Ұры Бұқарбайдың айтқанын қылды. Сол арада Ақбозат оқтай ағып көзден жоғалып кетті. Бұқарбай астындағы бедеу зорыққанша шапты... Бір мезгілде ат-матымен жығылып, Бұқарбай өксіп-өксіп жылады. Кәрі Са-сықбайға бермек болғаны үшін оны қасиетті Ақбозаттың киесі ұрды ғой. Махаббат оның көзіне шел қаптатты ғой...

V

Бұқарбай ауылға үш күннен соң қайтты дегенде, оны жүрт танымай қалды: мейлінше жүдеген, көздері жынданған адамның көзіндей болған.

– Ақбозатты маған берген болсан, мен оны сақтай білген болар едім. Сен қасарған есексің, Бұқарбай. Сен айуандай ақымақсың, Бұқарбай... – деді шал күйдіріп.

– Енді мені шығар, Сасықбай.

– Бақытсыз байғұс, енді сен қайда барасың?

– Ақбозатты іздеймін... Мен онсыз тұра алмаймын.

Мешіт бірақ бұлай ойламады. Ол Бұқарбайды қатты сүйді. Қыздың жүрегі байлықты іздемейді ғой. Мешіттің өзі Бұқарбайға келді де айтты.

– Бұқарбай, сен қайда барсаң, мен де сонда барамын...
Мен сені сүйем.

Бұқарбай жылап қоя берді. Мешіт оның басын тізесінің үстіне салып, Бұқарбайды қыздың қылықты сөздерімен уатты. Бұқарбайдың атынан айырылып байғұс болғанын ойлап, тіпті, қатты аяды. Қайратты қыз әкесіне барып:

— Мен Бұқарбайдан басқа ерге тимеймін. Бұқарбай жабайы жылқышы емес, асыл жігіт, — деді. — Маған байлықтың керегі жоқ. Мен өзім сүйген жабайы жылқышының-ақ қатыны болам, — деді ер қыз.

Сасықбай ашуланып, қызын үйден қуып шықты. Қыз бірақ тағы келіп, әлгі сөзін қайта айтты. Сасықбай бұрынғыдан қатты ашуланып:

— Жарайды, қасарған қу... эне Бұқарбайың. Менің разылығым жоқ. Саған теріс батам... Анау қасарған есек тірі жүреп десе, енді менің көзіме көрінбесін.

Тіл алмаган баласына атаның қайсысы қатты сөз айтпайды, Сасықбай да қызына көп қатты сөз айтты. Алайда, атаның жүрегі ұзамай жұмсап қалды.

«Мешітке отау көтеріп берейін... Малшылармен бірге тұра алмайды ғой. Қасарған қудың отау берерлік қылығы жоқ. Қайтесің енді...»

Отау артынан Сасықбай қызына үйірлеп жылқы, қоралап қой, тағы басқа көп мүлік берді. Сасықбай бере береді. Бұқарбайға бірі де керегі жоқ. Берсе де, бермесе де – бәрібір.

Бұқарбай ақ отауда сұлу Мешітпен бірге тұра бастады. Бірақ, [көнілі] бір көтерілмейді, ылғи қайғылы. Атын сағынады. Тұндерде Бұқарбай ояна салып жынданған адамдай ұшып тұра келеді. Ақбозаттың дүбірін естіп оянады... Міне, алдында жақын кетіп барады. Эне, желдей құйындарып барады... Бұқарбай соңға таман осында дүбір естіп оянып, ес-түсін білмей, байлаулы атқа міне

салып, шауып-шауып, біраздан соң қасірет басып, беті запырандай сарғайып салбырап қайтатын болды.

Бұқарбайға байлықтың да қызығы жоқ. Оның үстіне ауылға домбырасы бар бір соқыр өлеңші келіп, Ақбозаттың өлеңін айтып, Бұқарбайдың қайғысын тағы молайтты. Ақындар Ақбозатты мақтап өлең шығарған екен:

Судай сұлу Ақбозат,
Мойны қудай иілген.
Желден озған атқан оқ,
Қыран ғой алғыр түйілген.

– Естисің бе, Мешіт? – деп уһледі Бұқарбай. – Мынау менің Ақбозатымды айтып отыр ғой. Әлі тірі ғой, шамасы... Ай, сорлымын ғой мен!.. Сол қазынамды сақтай алмадым-ау...

Соқыр өлеңді соғып отыр:

Жүйрікке баға жете ме?
Жігітке жүйрік жан-жардай.
Байлық, бектік немене?
Жүйріксіз жігіт сор мандай!

Бұқарбай кәрі Сасықбайға келді де, айтты:

– Мен кетем, ата...
– Қайда?
– Білмеймін. Әйтеуір енді шыдар шамам қалған жоқ...
– Мешітті қайтесің?
– Ол күте тұrap... Маған ешнэрсе керек емес.

Бұқарбай елден ел, шөлден шөлді кезуге кетті. Көрінген жылқының ішінде боз мал көрсе, жүрегі аузына тығылады. Келеді, қарайды, Ақбозат емес. Тағы кезіп кетеді.

Тұн сайын үйықтап бара жатса, Ақбозаттың дүбірі естіледі. Ақбозат алыстан орап Бұқарбайды айнала береді. Бірақ, жақындамайды. Күнде түнде көкте Темір-қазық жүлдізын айналатын Ақбозат сықылды. Күнде үйықтайын десе, Ақбозат айналады. Ия, Бұқарбайдың Ақбозаты... Бұқарбай қүтеді... Күн санап Ақбозат жақындаған айнала бастады. Бұқарбай ас-судан қалып жүдеді, құр сүйегі қалды.

«Енді тез...» – дейтін еді өзі-өзіне.

Сол кездे Арқаға бір хабар жайылды: Бір жынданған жігіт ылғи кезіп жүреді дейді. Бір боз ат іздейді еken де-ген. «Боз ат іздеген жынды жігіт келеді» деп қатындар балаларын қорқытатын болды. Түнде ұшырап қала ма деп үлкендер де қауіптенетін болды. Өзі бір уақытта әр жерде көрінеді дейді. Талайлар көріпті.

Еріккен бозбалалар жындыны ұстап алайық деп талай жиналышып іздеді. Бірақ, Бұқарбай оларға ұшырамады.

Ақырында Бұқарбай мүлде халден тайып, үш күннен бері шөлде бір құдықтың басында жатыр. Тұн болды. Тағы Ақбозат айнала бастады. Енді, тіпті жақын айналып жүр. Әттең, Бұқарбайдың көзін ашып, атына қарауға шамасы жоқ... Таң атты. Төртінші тұн жетті. Бұқарбай құдықтың басында сұлық жатыр. Кенет жап-жақын дүбір естілді. Бұқарбай көзін ашып жіберсе, басында Ақбозат тұр. Бұқарбай қуанғанынан айқай салмақшы болды. Бірақ болар-болмас күрсінуге-ақ шамасы келеді...

* * *

«Жындыны аулап» жүрген жігіттер құдық басында Бұқарбайдың өлігін тапты. Сіресіп қалған екі қолымен киіз ақ қалпағын кеудесіне қысып жатыр еken.

БАЛШЕБЕК БАЛАСЫ
(П. Дороховтан)

Бірінші тарау

1

Атасының кеткеніне бір ай болып қалды.
Мешке атасының сүгіретіне қарап отырып-отырып
улкен кісідей курсінді.
– Апа, атам қашан келеді?! Сағындым, – деді.
– Жуырда келеді, құлымым, келеді.
Мешке апасының сөзіне нанды. Атам жуырда келіп
қалады гой деп күтіп жүрді.

2

Бір күні түнде катты есік қақсан дыбыс естілді. Мешкенің апасы төсектен ұшып тұрып, шапанын жамыла салып, есік ашты. Үйге алдында әпесер, онан кейін мылтық ұстаған салдаттар сау етіп кіріп келді. Салдаттар келе-ақ төсек-орынды, сандықты ақтарып апалаң-топалаң қылды. Тарс-тұрс, ерсілі-қарсылы сапырылышып, еденге былш-былш қақырып, сіңбіріп, самбырлап сөйлесіп, үйді бастарына көтерді.

Мешке оянып, көрпеден басын қылтитып қарап жатыр.

Әпесер биік үстел үстінде тұрған Мешкенің атасының суретін көріп, жиіркенгендей, бет-аузын тыжырып барып суретті қолына алды.

– А-а, батырдың өзі гой! – деді.

Мешкенің апасы әпесерге:

– Суретке тименціз. Сізге оның керегі жоқ қой, – деді.

Әпесер қабағын керіп, келемеж қылып құліп:

– Бұл сасық сізге неменеге керек? – деді.

Мешкенің апасы ыза болып, ерні дірілдеп, көзі мөлтілдеп жасқа толды.

Мешке төсегінен көйлекшең атып тұрып, апасының жанына келіп, құйтымдай жұдырығын түйіп, әпесерге:

– Апама тиме! – деп айқай салды.

Әпесер:

– Мына бокмұрынды қара! – деп қарқылдап күліп, Мешкенің мұрнын қысты.

Мешке әрі мұрны ауырып, әрі ызаға шыдамай жылап қоя берді. Аяғымен еденді теуіп қалып, әпесерге:

– Ақымақ! Шық үйден! – деді.

Салдаттар кеткен соң, анасы Мешкені алдына алып құшақтап, көпке дейін жылап отырды.

Мешке апасына:

– Жылама, апа. Атам келген соң, бөрін атама айтамыз, – деп жұбатты.

3

Бір күні апасы бір жерге барып келемін деп кетті. Үйге қуанышты болып қайтты. Келе сала Мешкені алдына алып сүйді.

– Құлымым-ау, құлымым. Атаң тірі екен! Мен жаңағана біліп келдім.

– Қайда екен?

Апасы еңкейіп Мешкенің құлағына сыйырлады:

– Балшебектермен кетіпті.

Мешке балшебектердің кім екенін, атасының неге кеткенін, бәрін білген кісімсіп басын изеді.

– Атам келер ме екен?

– Келеді, қалқам, келеді. Бірақ, қалқам, ақылды бол.

Атаңың қайда кеткенін тірі жанға тісіңнен шығарма.

Мешке басып изеді. Эрине, ол біреу қыл бұрау салып сұраса да, атасының балшебектермен кеткенін айтпақ емес.

4

Тұрмыс күннен-күнге ауырлай берді. Апасы Мешкеге сұт сатып алып ішкізуді қойды.

Бір күні Мешке сұтті тым аңсады.

– Апа, біз неге шәйді қарадай ішеміз, неге сұт сатып алмаймыз? Менің сұт ішкім келеді! – деді.

Апасы күрсініп:

– Ақша жоқ, қарағым, – деді.

– Ақша неге жоқ?

– Осы күні қызметім жоқ. Бір орынға кірсем, ақша болады.

– Сонда сұт сатып аласың ба?

– Алам, қарағым.

– Ендеше, тезірек бір қызмет тапсанышы.

5

Бір күні апасы ертемен кетіп, кешке бір-ақ қайтты. Үйге жадырап күліп кірді.

– Мешкетай, мен қызмет таптым. Енді саған сұт сатып алып беріп тұрамын.

– Қызметті қайдан таптың?

– Кеперетіп дүкеніне қызметке кірдім.

Содан байлай Мешкенің апасы кеперетіп дүкенінде қызмет қылатын болды. Енді Мешке да күн сайын сұт ішетін болды.

Бірақ бір күні апасы жұмыстан жабығынқы болып қайтты да, ертеңіне жұмысқа бармады.

Мешке таң болып апасынан:

- Апа, кеперетіпке неге бармайсың? – деп сұрады.
- Жай, қарағым.
- Басың ауыра ма?
- Жоқ, жаным.

Мешке апасының көзі мөлтілдеп жасқа толып тұрғанын көрді. Жылағанын Мешке көрмесін деп апасы теріс қарады. Мешке апасының алдына отырып, мойнынан құшақтап:

– Апа, айтшы, неге жылайсың? Саған біреу тиді ме? – деді.

Апасы Мешкеге: «Сенің байың балшебек» деп әкімдердің оны қызметтен шығарып тастағанын айтты.

- Әкімдер дегенің кім? Ең үлкен әкім кім?
- Қалشاқ.

Мешке қабағын түйіп, ішінен: «Асықпа, бәлем. Өскен соң Қалшақ біткеннің мойнын үзермін» – деді.

6

Қызметтен шығып қалған соң апасы жаман жасыл сандықты әлсін-әлсін ақтарып, базарға киім-кешек шығарып сататын болды. Сол ақшаны тамаққа жұмсады. Мешкеге сүт те сатыш алып беріп тұрды.

Бір күні апасы Мешкеге:

- Көр-жердің бәрін сатып, бұл қаладан кетпесек болмайды, – деді.
- Қайда кетеміз?
- Басқа бір қалаға барамыз. Онда, бәлкім, атаңнан хабар алармыз.

Мешке қуанып:

- Жарайды, апа, тезірек кетейік, – деді.

Апасы көйлек-көншек сыйылды нәрселерді бір қолтық қылышп буып, базарға кетті. Сатып жолдық ақша қылышп алышп, түнде бержабай жалдап Мешкемен екеуі кемеге мініп жүріп кетті.

Екінші тарау

1

Мешке ұлken кемеде ойнап жүгіріп жур. Бір асқа түседі, бір ұске шығады. Кеме өткір темір тұмсығымен суды тіліп жүзіп барады. Толқындар аузынан ақ көбігі шұбырып келіп кеменің темір тұмсығын, төсін жалайды.

Кеменің тап тұмсығында көк көйлекті біреу тұр. Қолындағы ұзын сырықты әлсін-әлсін суға малышп, тартышп алышп:

— Төрт!.. Төрт жарым!.. Төрт жарым!.. Бес... – деп айқай салышп тұр.

Кеменің ішінде төменде темір тормен қоршалған бір ор бар. Орда жарқ-жарқ еткен ұлken бір дөңгелек зуылдан айналышп тұр.

Мешке анадайдан дөңгелекке қарап тұр. Торға жақын баруға қорқады.

Мешкемен қатар ұзын бойлы қара сақалды біреу тұр, Мешке бұрын көрген адам емес. Түрі ашулы адам сыйылды, бірақ көзқарасы жылы.

— А, балақай, неге жақын бармайсың? Қорқасың ба?

Мешке:

— Ие, қорқам,— деді.

Жат адам қолынан ұстап Мешкені тордың жанына алышп барды. Ордың түбінде, зуылдаған дөңгелектің жа-

нында қолына шүберек ұстаған бір адам жүр. Көмір сатын көмірші сықылды бет-аузы қап-қара.

Мешке:

– Ағай, мынау көмірші ғой, ие, – деді.

Ағай күліп жіберді.

– Жоқ, бұл – мәшинеші, мынау мәшинені басқарып кемемізді жүргізіп отырған осы кісі.

Мешке:

– Менің атам да мәшинеші еді, – деді.

– Атаң қайда?

Мешке жаңындағы ағайға жалт қарады. «Атаңның қайда екенін ешкімге айтпа», – деген апасының сөзі есіне түсе қалды. Ағай Мешкеге жылы жүзбен қарап, күліп, Мешкені еркелетіп басынан сипап тұр.

«Жақсы кісі ғой. Айтсам айттайыншы» деп ойлады да Мешке:

– Атам балшебектермен кетті. Анау күні түнде біздің үйге салдаттар келді. Апама ақырды. Апам түн бойына жылады. Біз енді басқа қалага бара жатырмыз, – деді.

– Атың кім?

– Мешке.

– Атаң аты кім?

– Метірей ИбанҰлы Кеселоп.

Жат ағай Мешкені тағы басынан сипап еркелетіп:

– Бар, Мешке, апаң бара ғой. Апаң қайда? – деді.

– Жоғарыда.

Мешке жүгіріп жоғарыға шығып кетті.

Ұзамай ұзын бойлы адам да жоғарыға шықты. Кеменің үстін айналып журді де, апасымен отырған Меш-

кені көріп, анадай жерге барып, сүйеніп тұрды. Төменге қарады. Төменде ылғи мұжықтар отыр. Бәрінің жанында бірдене салған қапшықтары бар.

Мешке:

- Ағай, мыналар қайда барады? – деді.
- Жұмыс іздел қалаға барады.
- Неге?
- Тамақ керек. Ақша табу керек. Нан сатып алу керек.
- Үйлерінде наны жоқ па еken?
- Жоқ болғаны фой.

Мешке томсарып ойланып тұрды.

- Анау отырған сенің апаң ба?
- Ие.

Ұзын бойлы адам Мешкенің апасының жанына барып отырды. Мешкеге қарап басын изеп:

– Қылышты, зерек бала еken. Бар нәрсені сұрап білуге ынталы, – деді. Мешкенің апасы құлімсіреді. – Жолыңыз оң болсын, қайда барасыз?

Әйел бара жатқан қаласын айтты.

- Онда туыскандарыңыз бар ма?

Әйел:

- Жоқ, – деп күрсініп, басын шайқады.
- Болмаса, танысыңыз бар шығар?
- Жоқ.
- Олай болса, мен сізге бір таныс кемпірдің тұрағын жазып берейін. Соған барып түсерсіз.

Мешкенің апасы жат адамға күдіктеніп қарады. Жат адам күдікті көзқарасты байқады да, әйелдің жанына жылжып жақындал отырып, күбірлеп былай деді:

– Жәй әншнейін сөйлескен болып отыра беріңіз... Мен еріңіздің жолдасымын.

Әйел сұрланып, бозарып кетті. Сыбырлап:

– Тірі ме? Тірі ме? – деді.
– Тірі. Балшебектермен бірге шегініп Ресейге кетті.
– Рас па? Дұрыс па?
– Ие. Ақтардан шегінгенде, мен сіздің еріңізben бірге едім. Ол кемеге мініп кетті. Мен үлгіре алмай қалдым. Енді, міне, актардың арасында жасырынып жүрмін.
Әйел жат адамға тағы қарады.
– Менің кім екенімді сіз қайдан білдіңіз?
Жат адам құліп, Мешкеге қарап басын изеп:
– Өзінің атын да, атасының атын да маған Мешке айтты, – деді.
Апасы Мешкені құшақтап, көкірегіне қысты.
Жат адам қалтасынан қағаз, қарындаш алып, бірдене жазып, қағазды Мешкенің апасына берді.
– Міне, әлгі таныс кемпірімнің тұрағын жаздым, кемпірге бір-екі ауыз сөз жаздым. Тура соған барып түсініз. Жайлыш қоныс болады.
Жат адам осылай деп тұра келіп, Мешкені басынан сипап еркелетіп, төменге түсіп кетті.

Үшінші тарау

1

Мешке мен апасы енді Анна кемпірдің үйінде тұра бастады. Қунде іңірде Мешке оку құралынан әңгімелер, өлеңдер оқитын еді. Апасы мен Анна кемпір атасының жайынан ақырын әңгімелесіп отырушы еді. Бұлардың әңгімесінен Мешке алыста кеңес үкіметі деген жер бар екенін білді. Балшебектер сонда тұрады екен. Мешкенің атасы да сонда екен. Өздері тұрған Сібірден кеңес әскеріне, атасына баруға болмайды екен. Қалшақ жібермейді екен...

Бір күні Анна кемпір бір жаққа барып, үйге келісімен Мешкенің апасына былай деді:

– Бір таныс адам жасырынып кеңес жеріне, балшебектерге кетпекші. Хат жазып, содан беріп жіберу керек.

Мешкенің апасы қуанып, дереу отырып хат жаза бастады. Мешкеге:

– Мешкетай, сен де атаңа хат жаз, – деді.

Мешке жалма-жан ойынды тастай беріп, қарындаш, қағаз алыш, әліппедегі ірі-ірі әріптермен былай деп хат жазды: «Атама көп сәлем. Ата, денің сау, амансың ба? Біз, апам екеуміз, аман-есенбіз. Анна деген әжем бар. Әжем мені жақсы көреді. Кітап сатып әпереді, Апам мені күн сайын көшеге шығарады. Әжемнің «Доп» деген күшігі бар еді. Біреу нанға ине салып беріпті. Бір-ақ күнде өліп қалды. Ата, өзің неге хат салмайсың. Хат салсайши, бірақ хатты менің өзіме жеке жаз, апама бөлек жаз. Ата, мен мынау хатты өзім жазып отырмын. Ешкім былай жаз деп айтқан жоқ, Ата, біз сенен хат күтеміз, апам да күтеді, әжем де күтеді, мен де күтем. Ата, тез жаз, тез. Жазған: Мешкен».

Екі күннен кейін Мешкелердің үйіне қара тон киген, басында қоян құлақшыны бар, аяғында қонышы ұзын пимасы бар біреу келді. Апасының да, Мешкенің да хатын алыш кетті.

Айнала қар басқан мидай дала. Жолсыз даламен қара тон киген, қоян құлақшыны бар, пималы біреу кетіп барады. Бір мезгілде жел қатайып, боран соғып кетті. Жел жаяу жолаушының қарсы алдынан. Долы жел бетке сабап, қар қақалдырып жүргізбей келеді. Жолаушы бірақ боранды тындармай, құлақшының баса киіп алыш, тура

тартып барады.

Жел күшегенен күшайді. Күрілдеді, дүрілдеді. Секіріп биледі. Өкіріп тулады. Шықырып, ысқырып, қарды бұрқыратып боратты. Алай-дүлей қылды. Тістеніп төніп қеліп жолаушыға: «Батырамын, қатырамын, үсітемін, өлтіремін, қа-а-йт!» – дейді.

Жолаушы тыңдаған жоқ. Кетіп барады. Ол неге қайтын! Төс қалтасында Мешкенің хатын атасына тапсыру керек қой. Ай, қалың қарға малтығып жолсыз жермен желге қарсы жүрудің қыындығы-ай! Жолаушы шаршады. Қалың қардан аяғын зорға суырып, ілбіп келеді. Бір мезгілде демалайын деп тоқтады. «Кішкене демалып, әл жиып алайын. Болмаса мұлде әлден тайып, ауылға жете алмай қалармын. Ауыл енді жақын болса керек», – деді. Сөйдеп, жолаушы қар үстіне отыра кетті. Біраз отырған соң үйқысы келе бастады. «Қой, журу керек. Ұйықтасам, қайтып оянбаспын, қатып қалармын», – деді. Сөйтіп тұрайын деп еді, иығынан бірдене басқандай меңзен болып тұрғысы келмеді. «Жарайды, кішкене отыра тұрайын, соナン соң жүрермін», – деді. Көзін жұмды. Ішіме жел кірмесін деп, еңкейіп бүрісіп отырды.

Боран бұрынғыдан қатайып кетті. Ызғырық жел ысқырып, сақылдап күліп, санын шапақтап секіріп, ұршықтай үйіріліп тұр. Жолаушының құлағына қобыздың үні естілгендей болды. Жолаушы қобыздың қүйін тыңдал отырып үйықтап кетті...

Таң ата жел басылды. Боран ашылды. Жарқырап күн шықты. Дағаны басқан қар жұлдыздай жымындал, ақ оқадай жалт-жұлт етіп жатыр...

Қоян құлақшынды жолаушы анадайдан дөңге қонған қара құсқа ұсан шөкип отыр. Қара тонның астында, қатып соқпай қалған жүректің үстінде, төс қалтада Мешкенің атасына жазған хаты бар.

Төртінші тарау

1

Мешкенің әкесі – Кеселоп жолдасқа балшебектер үлкен бір жұмыс тапсырды: «Қалشاқ жеріне барып, онда қалған балшебектерді тауып алып, оларға бұлай-бұлай деп айтып, өзің мұнда, кеңес жеріне қайтып келі», – деді.

Мешкенің әкесі қуаныш ыразы болды: «Жұмысты да орындармын, қосағым мен Мешкемды да көріп қайтармын», – деді.

Сөйтіп, Кеселоп жолдас жол жабдығына кірісті.

«Наташам мен Мешкетайым қатты сағынған шығар-ау. Енді көрісеміз. Қалай қуанар екен!» – деп, өз-өзінен күліп қояды.

2

Кеселоп жолдас Қалшақ жерінің шетіне шойын жолмен үш күнде келді. Енді жасырынып жаяу мынау қар жамылған жалпақ даладан көзге түспей аман өтсе, Сібірге кіреді. Сібірге кірген соң қатын-баласын қалайда тауып алады фой. Кеселоп Мешкемды жуырда көремін гой деп қуаныш, өз-өзінен күліп келеді. Көңлі қуанышқа толғандықтан, күшіне күш қосылғандай болыш, соны қарды бөгөу көрмей тұра тартып келеді. «Тек Қалشاқ қарауылшыларының қолына түсіп қалмасам жарар еді», – деп жан-жаққа қараныш келеді.

Бір мезгілде алыста бір қара көрінді. «Бұл не болар екен», – деп ақырынырақ жүріп, көзін алмай қараға қарап келеді. Құс па, адам ба, біліп болмайды.

Жақындалап келді. Қараса, еңкейіп отырған адам. Үстінде қара тон, басында коян құлақшын, аяғында үлкен пима. Белуарынан аса қар басып қапты. Кеселоп жақындалап келіп, отырған адамның бетіне қарады. Өлген адам. «Өй, бейшара-ай», – деп аяп, күрсініп біраз тұрды да, Кеселоп жөніне жүріп кетті. «Кім біледі, сорлының мен сықылды сағынған баласы бар шығар-ау», – деп ойланып келеді. Бір мезгілде тоқтай қалды. «Кім біледі, қалтасында қағаз-мағаз бар шығар, кім екендігін, қайда шыққандығын жазған. Біліп, бәлкім, туыскандары ұшырап қалса, айтуым керек қой», – деді.

Кеселоп өлген адамға қайта келіп, қалталарын ақтарды. Төс қалтасынан бірнеше хат сұрып алды. Хаттың адрестерін оқи бастап еді, бір мезгілде таң-тамаша болды. Беті құбылып, қолы дірілдеп кетті. «Бұл не тамаша? Кеселоптің өзіне жазылған хат! Өні ме, түсі ме? Жоқ, өні». Хаттың тысында: «Мәскеу, Метірей Иванұлы Кеселопке» деген ап-ашық жазу тұр. Қол – қатынының қолы. Кеселоп дірілдеп, жалма-жан канпертті жыртып, ішінен екі хат алды: біреуі – зайдының, біреуі – Мешкенің хаты.

Мешкенің хатын оқығанда жүргегі аттай тулап, қолы қалшылдан, қағазды дұрыс ұстап тұра алмады. Хатты оқып болған соң, бүктеп төс қалтасына салып, Мешкенің хатын тапсырған өлген жолаушыны тағы аяп күрсініп біраз тұрып, жөніне жүріп кетті. Енді, әрине, қатын-баласының қайда екенін білді.

Қас қарайып барады. Алыстан ауылдың оты көрінди. Ауылға соқпайын деп Кеселоп аттанар жағына қи-

сая жүрді. Бір мезгілде қарсы алдынан сайдан үш адам шыға келді.

– Тоқта, кімсің?

Кеселоп жолдастың жүрегі шапшып тамағына тығылғандай болды. Біреу басынан сұық су құйып жібергендей болды. «Ақтар ғой, енді не қыламын?» Салдаттар Кеселопты қоршап алды.

Тоқта кімсің? Қайдан келесің?

– Інішектер, өз адамыңмын. Балшебектен қашып келемін!

Салдаттар қарқылдап күлді:

– Оп-оңай нандыра қоямын деп тұрсың-ау, тағы не өтірігің бар, соқ! – деді.

– Бастыққа алып бару керек. Кім екендігі, қайдан келе жатқандығы сонда мәлім болады. Максимып, сен алып бар, – десті.

Максимып деген салдат Кеселопті алып жүрді. Кеселоп алдында, салдат мылтығын кезеңіп артында келеді. Кеселоп бастыққа жеткенше қалайда қашып құтылу керек деп ойлап келеді. Бастыққа барған соң, сөз жоқ, абақтыға жабылады. Мүмкін атып та тастар.

Босатпас па екен деп салдатқа сөз қатты:

– Інішегім, жолымнан қалдырмай жіберсең дұрыс болар еді! – деді.

Салдат:

– Сөзді қой. Жүре бер! – деді.

Екеуі ауылға келіп қалды. Ауылдың тап іргесінде өзенге салған тар көпір бар екен. Көпірдің ортасы кезінде Кеселоп кенет бұрылып салдатты итеріп кеп жіберді. Салдат қалпақтай түсіп, омбы оппа қарға жоқ бол кетті. Кеселоп жан дәрмен-пәрменімен ұшып жүгіріп, бір үй-

дің сыртында үйілген мая соломға барып тығылды. Кеүлеп кіріп, құлағын түріп жатты.

Мылтық атылды. Айғай-үйқай дауыс шықты. Біраздан соң дауыс, дыбыс басылып, түн болған соң, салом ішінде жылынып, маужырап, жылынып ұйықтап кетті. Тұнімен, ертеңіне қунімен сол жерде болды. Ертеңіне қас қарай саломнан шығып, ептеп ауылдан құтылып, жөніне жүріп кетті. Ұзамай бір үлкен тақтай жолға тұсті.

Тақтай жол таң ата шойын жол ыстансасына алыш келді. Пойызды құтіп, белет алыш, пойызға мініп, аман-есен екі құнде қатын-баласы тұрған қалаға келді.

Бесінші тарау

1

Қалада Кеселоп Ыломыб деген ескі жолдасын тауып алыш, соның үйіне тұсті. Ыломыб балшебекке іштен тілеулес адам еді.

Кеселоп келген құні-ақ қатын-баласы тұрған үйді іздеп тапты. Қошениң бұлар тұрған үйге қарсы екінші жағымен әлденеше ірет жүріп, «не қатынымды, не Мешкемді көрмес пе екенмін» деп терезеге қарады.

Алыстан болса да көрсе, мейірі қанарап еді-ау. Үйге кіріп барса, Наташа мен Мешкесі қалай қуанар еді! Жоқ, кіруге жарамайды. Шыдау керек. Кім біледі, үйде бөтен біреу бар шығар. Мешке да әлі есі кірмеген жас бала. Атам келді деп біреуге айтып қояр. Мешке ә дегенде танымас еді. Бұрын сақал, мұртты адам, енді тап-тақыр қылыш қырған. Иә, танымас еді. Дегенмен даусынан таныр еді.

Кеселоп терезеге қарап тұрып-тұрып, ауыр күрсініп, пәтеріне кетті...

Бұдан кейін тағы әлденеше ірет осылай көшеде тұрып, терезеге қарады. Бір күні терезеден Мешкені көріп қалғандай да болды. Өзінің осы қалада екенін қатынына қалай білдірудің жайын ойлады: «Хат жазсам ба екен. Жоқ, жарамас. Хат басқа біреудің қолына түсіп қалуға мүмкін. Поштада хатты аштын да шығар. Жоқ, хат жазуға жарамайды».

2

Әрі ойлап, бері ойлап, Кеселоп ақыр аяғында осы қалада қатын-баласы барлығын Үломыб жолдасқа айтты.

– Сен іретін тауып қатыныма хабар қыл, – деді.

Үломыб:

– Жарайды. Мен іреттейін, – деді.

Сол күні кешке Үломыб Кеселоптің қатыны тұрган үйге барды.

– Маған Наталья деген әйел керек еді, – деді.

Наташа жат адамға қарап таң болды.

– Іздеген адамыңыз менмін. Сізге не керек?

– Сізге айтатын сөзім бар еді.

Наташа боп-боз болып кетті. «Бұл не айтпақ? Әлде ерінен хабар әкелді ме екен?»

– Не сөз? Айтыңыз!

Үломыб көзімен Мешкеге ишара қылды да:

– Мүмкін болса, көшеге шыққаныңыз дұрыс болар еді, – деді.

Наташа Мешке алдында айтуға жарамайтын сөз екендігіне түсінді де, киініп көшеге шықты. Денесі қалашқалш етіп, мұздап кеткендей болды.

Ыломыб:

– Бір адам сізге жолықпақшы. Сізді білетін адам, – деді.

Наташа тоқтап ойлады: «Мынау, бұрын, тіпті көрмеген адамға сенуге болар ма екен? Әлде алдаң торға түсірем деген жұмыс па?» Әрі ойлаң, бері ойлаң, Наташа ақырында тәуекел қылмақ болды. Бәлкім, ерімнен бір хабар алармын деген үміт еліктірді.

– Жарайды, жүріңіз.

Екеуі Ыломыбытың үйіне келді. Ыломыб [Кеселоп] тұрған бөлменің есігін ашып:

– Міне, осында кіріңіз, – деді.

Наташа жүрегі тулап бөлмеге кірді. Сақал-мұртын қырған бір адам құшағын жайып қарсы шықты.

– Наташа!

– Метірей, Метірей!

Наташа ерінің құшағына кіріп, әрі жылады, әрі құлді.

– Метірей, қорғаным!

– Наташам... Жүдеп қалған екенсің... Тұрмыстарын қалай болды? Мешкем қалай?..

Наташа еріне бастан кешкен оқиғаның бәрін айтып шықты.

Метірей мен Наташа былайша сөз байласты: Наташа Мешкені алып сүгірет көрсететін театрға киноға бармақ болды. Кеселоп та сол театрға барыш, алыстан болса да қарашибі – Мешкесін көрмек болды.

Наташа пәтеріне қайтқанда Мешке ұйықтап жатыр еді.

Ертемен оянған соң, Мешкенің есіне кеше келген кісі

түсіп, апасына:

– Апа, кешегі кісі саған не айтты? – деді.

Апасы жымып күлді.

– Ол кісі кешке таман Мешкені алыш киноға бар.

Мешкеге ойын көрсет деп айтты, – деді.

Мешке анасына сеніңкіремей қарады.

– Шын ба, апа?

– Шын, шын.

Кешке екеуі киноға барды. Кеселоп те келіп, бұлардың артында тұрып белет алыш, сурет көрсететін үлкен бөлмеге кіріп, Мешкенің артында тұрған орындыққа отырды.

Мешке суреттерге қарап, жазылған сөздерді буынға бөліп дауыстап оқып отыр. Қылышы балдан тәтті.

Кеселоптің суретте жұмысы жоқ, көnlі, көзі Мешкеде. Құлының алдына алыш, құшақтан, иіскеп-сүйгісі келіп барады. Бірақ, не керек, бұлай қылуға жарамайды.

«Әттең, дүние-ай, көз алдында отырған, көз нұры құатынды, балдай бөбөгінді құшақтан сүйе алмағандықтан өмірде ауыр не бар дейсін!»

Анасы бұрынғы әдетінше Мешкені күнде серуенге алыш шығып жүрді. Бірақ енді ылғи Кеселоп тұрған көшеге алыш баратын болды. Мешке мұның мәнісін біле алмады. Ол қаланың үлкен көшесінде серуен құруды жақсы көретін еді. Онда дүкендердің әйнектеріне қойған суреттерге қарайтын еді.

– Апа, үлкен көшеге неге алыш бармайсың? Ылғи жаман көшеге алыш барасың?

– Бәрі бір ғой, қарағым. Қайта кісі аз жүретін көшениң ауасы жақсы болады.

Кеселоп тұрған үйдің тап қарсысында, көшениң қарсы қабырғасында бір ағаш орындық түрушы еді. Сол орындық тұсына келгенде апасы:

– Мешкетай, шаршадың ба? – дейтін еді.

– Жоқ, шаршағам жоқ.

– Мен шаршап қалдым. Кішкене отырып дем алайық.

Сөйтіп, екеуі орындыққа отыратын. Кеселоп әйнекке келіп зайыбы мен Мешкесіне қарап тұратын.

Наташа мен Мешке отырып-отырып, қайтпақ болып тұрғанда, Кеселоп үйден шығып, көшениң екінші қабырғасымен бұлардан сәл кейінірек жүріп отыратын. Дүкендердің маңдайындағы ірі жазуларды Мешкенің дауыстап тұтыға-тұтыға оқығанын тындалп, төбесі көкке жеткендей болатын. Атасы Мешкенің жүзін анық көрсін деп Наташа тоқтап, көшениң Кеселоп келе жатқан қабырғасындағы ірі жазуларды нұсқап:

– Мешкетай, анау жазуды оқи аласың ба? Ай, оқи алмассың, – дейтін.

Мешке:

– Иә саған, оқи алмас! Мен қазір оқып берейін! – деп қарсы қабырғаға бұрылып, тәштиіп тұрып, қабағын түйіп, тұтыға-тұтыға оқи бастайтын. Сонда атасы Мешкесінің жүзін анық көріп, құлышын құшақтап, иіскең сүйгендей болатын.

Бір күні апасы Мешкеге хат әкелді.

– Мешкетай, міне, саған атаңнан хат келді, – деді.

Мешке ұшып апасына барды:

– Қане, қане, бер!

Апасы бір жапырақ қағазды ұстата берді. Қағазға ірі әріптермен мына сөздер жазылған еді: «Қарашығым, Мешкетайым. Міне, саған өзіңе жеке хат жаздым. Сенің хатыңды алдым. Мен аман-есенмін. Сені қатты сағындым. Жуырда қайтамын. Бірақ, «атам келеді» деп тірі жанға айтпа. Айтсан, мен қайта алмай қаламын. Апаңа, әжеңе көп сәлем айт. Апаң мен әжеңнің тілін ал. Қалқам, құлышым, бауырыма басып қысып-қысып сүйемін. Жазған: атаң».

Мешке хатты күн бойына әлденеше қабат оқып шықты. Күннің бойына бұрынғыдай жадырап ойнамай, бірдеңені ойлап жүрді. Түнде шешініп жатайын деп отырып, хатты апасына беріп:

– Апа, мынау хатты тығып қой. Біреу-міреу көріп қой-масын, – деді.

– Кім көретін еді?

– Тағы салдаттар келсе... кім біледі... – деді.

Анасы құлімсіреп:

– Жарайды, жаным, тығып қояйын, – деді.

Көзі үйқыға кетіп бара жатып, Мешке:

– Апа, мен атамның хат жазғанын тірі жанға айтпаймын, – деді.

– Жарайды, қозым, айтпа... енді үйықтай ғой, еркем.

Мешке түн бойына жақсы түс көріп, ылғи құлімсіреп жатты.

Бір күні апасы Мешкеге:

– Серуенге шығасың ба? – деді.

– Жоқ, қазір шыққым қелмейді.

– Атқа мініп жүргің келе ме?

– Келеді.

– Ендеше, жүр.

Екеуі шығып бержаяй жалдап бір жаққа қарай кетті.

Бір мезгілде үлкен бір үйдің қақпасының алдынан тоқтап, екеуі бержабайден түсті.

– Апа, біз қайда барамыз?

– Осы үйге қонақ болғалы келдік. Қонақ болғың келе ме?

– Келеді.

Екеуіне Ыломыб есік ашты. Құліп, Мешкені еркелетіп арқаға қақты. Мешкені қолынан жетектеп, апасы мен екеуін бір бөлменің есігін ашты:

– Қане, жігіт, үйге кір, – деді.

Мешке кіре беріп еді, сақал-мұртын қырған ұзын бойлы бір кісі Мешкені көтеріп алғып, құшақтаң сүйе бастады.

– Құлым, Мешкетайым, айналайын, айналайын! – дейді. Мешке аң-таң болып ожырайып бетіне қарап тұрды да:

– Ата! – деді.

– Ие, ие, атаңмын, күнім, атаңмын. Жуырда келемін деп жазып едім ғой. Міне, келдім.

Мешке алаканымен атасының қырған сақалының орнын спипап:

– Ине сықылды ғой. Сақалың қайда? – деді.

Күн батып, қас қарайғанша Мешке атасының жанында болды. Жұрт орынға отыра апасы:

– Кәне, Мешке, қайтайық, – деп еді, Мешке кішкене томсарып тұрып жылап қоя берді.

– Атам қайтпаса, мен де қайтпаймын.

Мағжан

— Мешке, жаным, маған үйге баруға жарамайды, мен тағы кетемін.

— Мен де сенімен бірге кетемін!

Атасы күлді:

— Жоқ, құлыным. Сен өсіп үлкे-е-н жігіт болғанда, балшебек боласың. Сонда екеуміз ылғи бірге жүрөміз, — деді.

Өксіп жылап тұрған Мешке көзінің жасын сұртіп: — Жарайды, ендеше, мен тез өсіп, балшебек болайын, — деді.

БАЛА

I

Монғол жері ашулы, аш, жүдеу аңға ұсайды. Тасы да аң, сұзы да аң, жазаласа, елбелендеген көбелегі де аң. Оның да есі-дерті қыбын тауып шағып алу.

Ал, монгол адамының жүргегі, құлыш-мінезі қандай екені мәлім емес. Аң терісін киім қылышп жамышып жүреді деседі. Қытайға ұсайды деседі. Орыстан аулақ кетіп, Нұрқүй шөлінің ар жағына барып, тұра бастаған деседі. Жазаласа, Қытайдан, Үндістаннан әрі өтіп, бір белгісіз, ылғи жаз болып тұратын мәңгі жасыл тағы да-лаға кетеді-міс деп те аңыз қылышады.

Монғол жеріне Ертіс бойының орысы да келген, қазағы да келген. Казак-орыс соғысынан қашып көшіп келгендер. Қазақтың жүргінің қандай екені мәлім, кептірген қарын сықылды. Түкке тұрмайды. Бер жағынан қарасаң, ар жағындағы нәрсенің бәрі көрінеді.

Ақ көңіл, аңқау ел ғой. Қазақ монғол жеріне асықпай-саспай, малын айдалап, қатын, бала-шағасын, ауру-сырқауын бәрін артып көшіп келген.

Орыстар, орыс болғанда ылғи алпамсадай, еңгезердей мұжықтар, өздері қалап келген емес. Оларды ақтар қуып әкелген. Жолшыбай тау-тасқа нашарлары өліп-қырылып, ылғи ірілері іріктеліп қалған, мал-жандары, қора-қопсысы, барлық мұлкі ақтардың қолында қалып, жазғытұрым желігетін қасқырдай зығырлары қайнап мұжықтар қостарының, шатерларының ішінде жатып даланы ойлайтын, Ертісті сағынатын.

Мұжықтар елу шамалы. Бастықтары – Сергей Селиванов деген. Бұл отряд Селиванов жолдастың қызыл гвардия отряды деп аталатын.

Мұжықтардың іштері пысты.

Қия құзды шыңыраулы тауларда ақтар қуып келе жатқанда көнілдерінде таудай қауіп болып, іш пысуға мұрша жоқ еді. Шөлге шығып алған соң қауіп-қатер серпіліп, іш пысуға айналды.

Мынау монғол даласы Ертіс даласына ұсауын ұсайды-ау: құм, тырбиган тікен, көшкен бұлты жоқ, тұнжырап төніп тұрган көк. Бірақ мұның бәрі жат, өз даласындей емес, жайқалған егіні жоқ тағы дала.

Әсіресе қатын жоқтығы қызын болды.

Тұн сайын мұжықтар эйел туралы неше түрлі была-пыт әңгімені сапыратын, ал, шыдауға тіпті қызын болған шақтарда аттарын ерттеп мініп алып, ауылдың сыртында жүрген қазақ қатындарын аулатын.

Қазақ қатындары орыстарды көргеннен-ақ шалқалап жата кететін. Көздерін тарс жұмып алып тырп етпей жататын қазақ қатынына жақындық қылу мұжықтарға көнілді емес, малмен жақындық сықылды болатын.

Қазақтың еркектері мұжықтардан қорқып, шөлдің ішіне қарай көше беретін. Орысты көрсе айқай-ұйқай болып, мылтықтарын оқтайдын, бірақ атпайтын, шамасы ата білмесе керек.

Отрядтың карташысы Афанас Петрович Турбашев бала сықылды жылауық адам еді, беті де дәл баланың бетіндегі: бір уыс, бір қылтанак жоқ, жып-жылмағай, май жаққан қалаштай қызыл шырайлы жылтыр бет. Бірақ аяғы түйенің сирағындаи серейген ұзын, ұзын да болса сіңірлі, шалымды аяқ.

Афанас Петрович атқа мінгепде айбынды болып кетүші еді. Мойны ішіне кіріп, жауырыны күжірейіп, шүгедесі шығып, ашулы, айбарлы болып көрінетін.

Троица кезінде отряд үш адамды – Селиванов, Афанас Петрович және Древесин деген ұшеуін – даланы кезіп шапқылық шалғын іздеуге жіберді.

Жан-жақтың бәрі теніздей толқыған сағым.

Жоғарыдан, көктен жерге ыстық жел құйылыш тұр. Жердің ыстық лебі аспанға атып тұр. Адамның да, аттың да денесі күйіп, кезеріп қатып қалған. Өз денесі қара тастай өзіне ауыр.

Селиванов қырылда:

– Биыл шапқылық шалғын қандай екен? – деді.

Екі жолдасы Селивановтың Ертіс бойын айтып келе жатқанын атамай-ақ білді.

Селдір сақалды үш мұжық үндеспей келе жатыр. Даланың шәбін жеп қойған күн олардың даусын да жеп қойғандай, үндеспейді. Шанышқы, қармақтан балықтың денесіне түскен жарадай көздері ғана жыртияды.

Афанас Петрович қана жыламсырағандай болып:

– Апырмай, биыл онда да құрғақшылық па екен? – деді.

Дауысы жылап тұр, беті бүлк еткен жоқ, бірақ Афанас Петровичтің астында шөлдеп, босаңсып келе жатқан аттың тостағандай екі көзі мөлт-мөлт етіп жасқа толып келеді.

Осылай киік салған сүрлеумен шұбап шөлде үш партизан келе жатты.

Жан-жақ буалдырланып, бықсып, тұншығып жатқан құмдар, құм сасыған тыншу жел адамның кірмеген жерін қоймай келеді. Тер бүрк ете түсейін деп-ақ келеді-ау, бірақ күйіп кезерген теріден өтіп сыртқа шыға алмайды.

Кешке жақын бір ойпат жерден шыға бергенде Селиванов батысқа қарап қолын сілтеп:

– Біреу келе жатыр-ау, – деді.

Шынында көз үшінда, құм белдің үстінде қызғылт шаң көрінеді.

– Қазақ шығар.

Древесин мен Афанас Петрович таласа кетті. Древесин: «Жоқ, қазақ болмайды. қазақ Селиванов жатқан сай маңына жақын жүрмейді» – деді. Афанас Петрович: «Сөз жоқ, қазақ, мынау қазақтың шаңы, қою шаң», – деді. Қызғылт шаң жақындан келген соң үшеуі де:

– Жоқ, жат адамдар... – десті.

Иелерінің даусынан аттар алдында жау бар екенін сезді. Үйренген аттар құлақтарын жымитып жата қалды...

Сирақтары сырықтай сорайып арық аттардың бүйтіп дөнкиіп жата қалулары өздеріне де ерсі көрінген шығар. Ұялғаннан ба екен, кім білсін, тостаған көздерін тарс жұмып, ентігіп, демдерін жиі-жій алғып жатыр.

Селиванов пен қазынашы Афанас Петрович баттауықтың шетінде қатар жатыр. Афанас Петрович мұрны пыспыс етіп жылап жатыр. Қатерлі уақытта қорықпасын деп, Селиванов Афанас Петровичті ылғи өзімен қатар жатқызуышы еді. Қазынашының балаша кемсендеп жылауы Селивановқа қызық көрінуші еді.

Сүрлеумен келе жатқан қызғылт шаң сүйыла берді. Арбаның тарсылы естілді, арбаға жегілген аттардың бу дақтаған шаңға ұсап желбіреген қара жалы көрінеді.

Селиванов:

– Орыс... – деді. Кейін жатқан Древесинді шақырды.

Тоқыма жаңа қорапта екі адам отыр, бастарында қызыл жиекті картоздары бар. Шаңнан беттері көрінбейді.

Аудармалар

Қызыл жиек картоздар сары шаңның ішінде өздері жүзіп келе жатқан сықылды. Қорапта сорайып мылтық көрінеді. Қамшымен ат айдаған қол көрініп-көрініп кетеді.

Древесин ойлап тұрып:

– Офицерлер ғой... Бір жұмыспен шыққан шығар. Экспедиция... – деді де, ауызды қисайтып, көзді қысып қалып:

– Біз бұларды әкесіне көрістірейік... – деді.

Арба келе жатыр. Құйрығымен шаң бүркүратып ізін жауып тастап отыратын тұлкідей арба өзінің ізін шаңмен жауып келеді.

Афанас Петрович жыламсырап:

– Өлтіріп керегі жоқ қой, жігіттер... Тұтқын қып алу дұрыс қой, – деді.

– Өз жаның аяулы емес қой, шамасы... – деп Селиванов ызбар көрсетті. Сөйтті де, түйме ағытқандай үн шығармай мылтықтың құлағын ашты.

– Бұл жылайтын жер емес... – деп, Селиванов сөзді шорт кесті.

Бұлардың әсіресе жынын келтірген нәрсе мынау болды: мұжықтарды өздері қырып тастайтында болып, еki офицердің сопиып екеуден-екеу шығуын қарашы...

Бір офицер орнынан тұра келіп, жан-жаққа қаранды. Жөнді ештеңе көре алмады. Шаң сарғайған шөптерді сабап жортып жүрген кешкі қызыл жел. Баттауықта малдың өлексесіне ұсаған екі қара көрінеді.

Арба да, дөңгелектер де, адамдар да, олардың ойлары да қызғылт шаңның ішінде...

Мылтық атылды...

Екі картоз біріне-бірі қақтығып қорапқа топ ете түсті. Қиып жібергендей делбеге сылқ ете түсті...

Аттар ытып кетті, ала жөнелді. Ұзамады, қара суга

түсіп, ақ көбіктері бұрқырап, бұлшық еттері дірілдеп тоқтай қалды.

– Өлді ғой... – деді Афанас Петрович.

Мұжықтар келді. Қарады.

Қызыл жиекті картоз киген екеу өліпті. Екеуі бірінен-бірі сүйеніп отыр. Шешкен күләпарадай бастары артқа қарай былқ-сылқ етіп жатыр. Екеудің біреуі – әйел, шашы тарқатылып кеткен. Шаңмен шашының жартысы сары, жартысы қара болып көрінеді. Тар күрте көйле-гінің астынан екі емшегі бұлтиып тұр. Древесин:

– Өзі айыпты, картоз кимеу керек еді. Қатын екенін білсек өлтірер ме едік... Бізге керектің бірі қатын ғой... – деді.

Афанас Петрович:

– Түү!.. Сен итсің! Буржуйсың!.. Сенде түк адамшылық жоқ! – деп бажылдан қоя берді.

– Тоқтаңдар, – деді Селиванов, – біз адам талайтын ұры емеспіз, мынау халық мүлкін жазып алайық, қағаз берші.

Тоқыма қораптың ішіндегі «халық» мүлкін жазып жатқанда, қораптың алдынан, көзденің астынан бір бала шықты. Орыстың сары бас баласы. Коңыр көрпенің бір бұрышын құйтымдай қолына қысып апты. Емшек еміп жүрген бәбек. Кемсендеп жылайын деп ыңырсып жатыр.

Афанас Петрович балаға төніп түсіп:

– Ә.. Қарашы... Бұл өзінше сөйлегені-ау... – деп әуке-лендеп жұр.

Қатынды қапыда өлтіргендеріне тағы өкіністі. Қатынның киіміне тиген жоқ, еркектің үстіндегі киімін сыптырып алғып, тырдай жалаңаш анадай құмға апарып тыға салды.

Қайтқанда Афанас Петрович арбада келе жатты. Қолында бала. Тенселіп, баланы әлдилеп, қоңырлатып:

Бұлбұл, бұлбұл, бұлбұлтай,
Шырылдайды боз торғай.
Бұлбұлтайым сайрауы-ай... –
деп, бұлбұлтайға басып келеді.

Афанас Петрович тұған ауылы – Лебяжьені, малы, қора-қопсысы, қатын-баласы есіне түсіп, солқылдан жылап келеді.

Бала да жылап келеді.

Күн күйдірген сұйық, сырғанауық құмдар ысылдан, құрсініп, құңғренгендей, бұлар да жылағандай, монғолдың аласа, шымыр аттарына мінген екі партизан жортып келеді. Бұлардың беттерін де күн жеп қойған, жандарын да күн жеп қойған.

Сүрлеудің екі беті күн тұншықтырган тырбық жусан. Жусан құм сықылды ұсақ, көзге ілінбейді.

Құм жусан сықылды ұсақ, азы.

Әй, иненің көзіндегі сығырайған сүрлеулер-ай!

Әй... азы құмдар-ай!.. Әй... қайғылы аңға ұсаған монғолдың жері-ай!

Қосқа келген соң офицердің мұлкін қарасты. Кітаптар, темекі салған қалтадағы бір жарқыраған саймандар. Біреуінің үш ұзын аяғы бар, төрт бұрышты бір мыс қобди.

Партизандар келді, қарады, ұстап қарады, көтеріп салмақтап қарады.

Партизандардан қой майының иісі мұңқіп тұр. Жұмыс жоқ болған соң, тек ет жей берген. Киімдері бәрі май. Бұлардың ішінде томпақ бетті, еріндері қаймыжықтай

Мағжан

Дон казак-орыстары да бар. Ұзын қара шашты, қара-сұр, ізбес кендерінен келгендер де бар. Бәрінің аяқтары доғадай қисық. Бәрі де сөйлегенде қырылдаپ тамақтан сөйлейді.

Афанас Петрович үш аяқты, мыс басты қобиды көтеріп алды да:

– Телескоп, – деді. Көзді жұмып жіберіп:

– Жақсы телескоп. Бірнеше миллион тұрады. Жігіттер, телескоппен айды қарап, айда алтын тауларын тапқан ғой. Жуып әуре болатын емес, ұн сықылды тап-таза алтын дейді, үйліп жатқан. Тек қабыңа сала бер...

Қала көрген бір жігіт қарқылдаپ күліп:

– Өй, айуанның суайтын-ай!.. – деді.

Афанас Петрович ашуланып қалды:

– Мен суайт па? Мен өтірік айтам ба? Өй, оңбаған са-сық! Өй...

Темекіні бөлісіп алып, саймандарды Афанас Петровичке берді. «Қазынашы ғой, реті келсе қазаққа бір нәрсеге айырбастар», – десті.

Афанас Петрович саймандарды баланың алдына жа-йып салып:

– Ойна! – деді.

Бала қарамайды, шырылдай береді. Олай да, былай да қойып қарады, өзі қара суға тұсті, жоқ, бала уанбайды.

Аспазшылар ас әкелді. Май, ботқа, сорпа исі аңқып кетті. Етіктерінің қонышынан Семейдің жалпақ қасығын суырып алысты. Қос тұрган жер тапталып, тақыр болып қалған. Бұлардың жатқан жері шұңғыл сай еді. Қарауылшы анадай белде ат үстінде тұрып айғай салып тұр:

– Маған қашан?.. Қарным ашты... Менің орныма біреуің келіндер!

Тамақ жеп болғаннан кейін естеріне тұсті: «Ойбай,

балага ас беру керек қой». Бала бір тынбай шырылдап жатыр.

Афанас Петрович нан шайнап аузына салып, сілекейін ағызып, баланың сілекейі шұбырып тұрған құйтымдай аузына салды. Өзі ернін балпылдатып:

– Пи, пи, пи... Әйда, жұт, күшік, жұт... – дейді.

Бала ернін жұмып теріс қарайды. Ерні жұмулы: «м-м-м» деп, мыңқылдан мұрнымен жылайды.

Мұжықтар жиналып баланы қоршап тұр. Бірінің басынан бірі үніліп балаға қарайды. Бәрінде де үн жоқ.

Күн ыстық, қой майынан еріндері де, беттері де жылт-жылт етеді. Көйлектері ағытылған. Бәрі жалаңаяқ. Аяқтары моңғолдың сары құмындай сарғылт.

Біреуі:

– Сорпа берсе қайтер еді?— деді.

Сорпа сұтысты. Афанас Петрович саусағын сорпаға малып баланың аузына апарды. Майлыш сорпа баланың ернінен сорғалап қызыл көйлегі мен көрпесіне ағып жатыр.

– Жоқ, сорпа да сұрамайды.

– Бұдан күшік ақылды. Күшік саусақтан сорады...

– Е, ол ит баласы, мынау адам баласы ғой...

– Па, шіркін, тауып айттың-ау...

Отрядта сиыр жоқ, бие бар екен, бие сүтін бермек болысады. «Тағы да, жарамас. Балага бие сүті жақпас, ауырып қалар!» деседі.

Бәрі, екеу-үшеу болып, арбаларының арасына таралды. Бірінің әңгімесі – баланың жайы. Афанас Петрович ана арбадан мына арбаға жүгіріп елбелендей жүр. Үстіндегі шапаны да жыртық, сығырайған екі көзі де жыртық. Дауысы шырылдаған баланың даусындай. «Енді мен не қылам» деп, анау нәрестенің өзі жүгіріп жүрген сықылды.

Мағжан

– Не қыламыз, ә? Іштеңе ішпеді ғой. Бірдеңе қылу көрек қой!..

Еңгезердей елу мұжық мынау бармақтай бөбекті не қылуға білмей, салдары суға кетті.

– Қатын болмаса еркек бала асырай ала ма?!

– Әрине.

– Қатынның қолынан, бәлкім, бір қойды тік көтере жеп қояр еді-ау...

Селиванов сход жиды да, айтты:

– Христиан баласын малдың төліндей көріне көзге өлтіруіміз жарамайды. Әкесі буржуй болса, буржуй шығар, балада не кінә бар?!

Мұжықтар макұлдай түсті:

– Иә, балада не кінә болсын.

Древесин қарқылдан күлді:

– Асырандар, асырандар, өскен соң айға ұшып барап.

Алтын тауларына...

Мұжықтар күлмеді. Афанас Петрович жұдырығын түйіп, шырылдан қоя берді:

– Иттің иті екенсің!..

Сол арада Афанас Петрович тұрган жерін тепкілеп-тепкілеп жіберіп, қос қолды ербендетіп бұлғап-бұлғап жіберіп, шырылдан кеп қалды:

– Сиыр, сиыр керек бұған. Сиыр...

Мұжықтардың бәрі шу ете түсті:

– Иә, сиыр болмаса өлеңді...

– Қалай да, сиыр табу керек!

– Сиыр болмаса ұшпаққа ұшуы хақ...

Афанас Петрович қайратқа мініп, қажырланған іс-петте болып:

– Жігіттер, мен сиыр әкелуге барамын... – деді.

Қалжыңқой Древесин:

– Ертіске, Лебяжьеге баратын шығарсың...

– Ертіске барудың түк қажеті жок, езбе қырт! Мен қа-
заққа барамын!

– Сиырды телескопқа айырбастап аласың ғой?..

Афанас Петрович жұдырығын ала ұмтылып:

– Әй, иттің баласы, шошқасың сен. Адамзаттың про-
вокаторысың сен. Тұмсықтан періп жіберейін бе? – деп,
булығып шиқылдап қалды.

Екеуі бірін-бірі күтіп, кезектесіп боқтаспай, бажыл
боқтасқа кірісken соң, жиылыстың бастығы Селиванов:

– Болар!.. – деп, екеуін тоқтатты.

Дауысқа салып, Древесин, Афанас Петрович, тағы
бір үш адам казак ауылына барып, сиыр қуып келсін деп
жиылыс қаулы қылды. «Реті келсе, екеу қуып келсін. Бе-
секеу болса да, көптік қылмайды. Ет те таусылған көрінеді
ғой...» десті.

Барымташылар мылтықтарын қанжығаларына бай-
лап, алыстан қазақ деп айтсын деп, бастарына қазақтың
түлкі тымағын киіп жолға шықты. Қалғандары: «Құдай
қолтықтасын!..» деп қалысты.

Баланы көрпеге орап, арбаның астына көлеңкеге жат-
қызысты. Баланың жанына отырғызған бір бала жігіт
бір жағынан баланы ойнату үшін, екіншіден өзі қызық
көріп, анадай тырбиып-тырбиып тұрған жусандарға на-
ган, мылтықтан әлсін-әлсін тарс-тарс еткізіп атып отыр.

Әй, моңғолдың көнілсіз құмдары-ай!.. Қадалып жер-
дің бетін тырнап тұрған, күн күйдірген көк тастар-ай!..

Орыстар ылғи құммен келе жатыр. Тұн. Құмнан күй-
ік иісі, жусан иісі шығады. Ауылдың иттері мылқау қа-

раңғылыққа қарап қасқырға үріп жатыр.

Қасқырлар қараңғы түнде қалаға қарап ұлиды. Қырғын болып, қан сасып жатқан қалаға қарап ұлиды. Қазақтар қырғыннан қашқан.

— Малымызды қырмай, аман алып қалар ма екенбіз?..
— дескен.

Жасыл түсті қамашау қараңғылық құмдардың үстінде қанатын жайып, қалықтап тұрғандай. Құмдар қаранғылықты әрең-әрең ұстап тұрғандай. Қараңғылық қазір қанатын қағып батысқа қарай қалықтап кететіндей.

Ауылдан тезектің иісі, айранның иісі келеді. Жерошақ біткеннің айналасында бықсыған отқа үңіліп, аш-жалаш қазақтың балалары отыр. Балалардың жанында қабырғалары ырсиып, тұмсықтары сорайып иттер тұр. Үйлері шөмелеге салған шөп сыйылды. Ауылдың арты — көл, қалың қамыс.

Орыстар қамыстың ішінде тұрып ауылға, жерошақтың басына қарай батырлатып атып-атып жіберді.

Жер-дүние жаңғырығып кетті. Қазақтар киіз үйден атып шығысты. Үрейлері ұшып:

— Ойбай, ойбай, ақ орыс па, қызыл орыс па?.. Ойбай!
— деген айғай шу ете түсті.

Еркектері жалма-жан байлауда тұрған аттарына мінді. Ауылдың қотаны дүрсілге толды. Даลา дүрсілге толды, Қамыстар жаңғырығып, қыр үйрегіндей қырылдап:

— Ақ, ақ... — десіп қалды.

Бір ақсақалды адам шаба жөнелгенде, жер ошақтың басында атынан ауып түсіп, қазанда қайнап тұрған сүтке басы көміліп кетіп, құлышнадай даусы құраққа шығып, домаланып ол қалды. Оның жанында бір сабалак жұнді төбет ыстық сүтке қорқа-қорқа тұмсығын тығып жатыр.

Байлауда тұрған аттар шүркырап қоя берді. Қорада тұрған қой қасқыр тигендей ерсілі-қарсылы жөңкіліп, дүркіреп астан-кестен болды. Сиырлар пысылдалап, дереу жиналыш қалып, өкіріп қоя берді.

Сорлы қазақ қатындары орыстарды көрген соң кез-келген жерге шалқасынан жата кетісті.

Арсыз Древесин күліп:

– Е, біз айғыр ма екенбіз? Біріңен түсіп, біріңе... – деп қарқылдан күледі.

Древесин сопақ құтысына сүт құйып алды да, қамшысын үйіріп, үйдің жанына бұзауларын қосып сиырды айдал келді. Байлаудан босанған бұзаулар шешесінің жұмсақ желінің тұмсығымен нұқып-нұқып, ернімен емшекті қысып алдып, жалма-жан сорпылдатып еміп жатыр.

– Бейшаралар аш қой!..

Сөйтіп Древесин сиырларды қуып кетті.

Афанас Петрович ауылды бір айналып шығып, енді кетейін деп ынғайланғанда, сап етіп есіне емізік тұсті:

– Ойбай, сайтан-ай, емізікті ұмытып кетіппіз ғой!
Емізік керек қой.

Афанас Петрович енді үй-үйді кезіп емізік іздеуге кірісті. Біткен үйде от жоқ, қараңғы. Афанас Петрович жер ошақтан шаланы алдып, ұшқынын шашыратып жарқ-жүрқ еткізіп, өзі тұтіннен жөтеле-жөтеле үй-үйді кезіп, еміздік іздел жүр.

Бір қолында – жарқ-жүрқ еткен шала, бір қолында алтындар.

Емізік табылмады. Үй сайын текемет, сырмақтың үстінде беттерін жаулықтарының етегімен жауып, шалқасынан сұлқ болып бейшара қазақ қатындары жатыр. Бала-шаға у-шу.

Афанас Петрович ашуланып бір үйде жас келіншекке:

Мағжан

– Емізік тауып бер, ит, емізік, емізік!... – деп, жекіріп айтай салды.

Жас келіншек жылап қоя берді. Жалма-жан пай камзолының түймесін ағытып, көйлегін көтере бастады...

– Не керек? Ал, ал...

Жанында киіз ұстінде шоқпыт бірденеге оралған жас баласы шырылдап жылап жатыр.

Келіншек көйлегін көтеріңкіреп, екі аяғын ыңғайлай бастады...

– Ал, ал...

Сол арада Афанас Петрович келіншектің емшегіне қолды салып кеп қалып, қуанып ысқырып жіберді:

– Да, емшегі қандай!..

– Не керек? Не?..

– Керек-мерек білмейді, әйда жүр! – деп, Афанас Петрович келіншектің сүйрей ала жөнелді.

Шала қолынан түсіп кетті, үйдің іші қап-қараңғы болды.

Далаға алып шығып, келіншекті алдына алды, сөйтіп Селивановтың қосына тартып берді. Әлсін-әлсін келіншектің емшегін ұстап, қысып-қысып қояды.

Афанас Петрович қосқа жақындай бергенде-ақ:

– Таптым, жігіттер. Шырағым, мен табамын ғой... – деді. Осыны айтқанда Афанас Петровичтің қуанғаннан екі көзі жасаурап тұр еді.

5

Қосқа келіп тұсқен соң, бір-ақ білінді. Келіншек қолтығына қысып баласын ала келіпті. Афанас Петрович тұнде мұны байқамапты.

Мұжықтар:

– Мейлі. Сүт екеуіне де жетеді. Сиыр да бар, қатын да еңгезердей қатын ғой... – десті.

Қазақ келіншек тірі жанға сөз қатпай, ылғи ызбармен түрады. Екі баланы да тірі жанға көрсетпей аулақта емізеді. Екі бала қос ішінде текемет үстінде жатыр. Біреуі – сары бас, біреуі – қара домалақ бала. Екеуі ән қосып шырылдайды.

Бір жетіден кейін жалпы жиылды болғанда, Афанас Петрович айтты:

– Жолдастар! Бір сұмдық бар, сұмдық! Мынау салдақы қазақ қатын екі баланы тең емізбейді екен. Емшегін әуел өз баласына беріп қактатып алады екен де, біздің балаға сарқынын ғана береді екен. Мен көріп қалдым.

Мұжықтар жиналып келіп қарады. Балалар кәдімгі бала, біреуі – сары бас, біреуі – қара домалақ. Бірақ орыс бала қазақ баладан нашарырақ сықылды көрінді.

Афанас Петрович екі қанатты жайып жіберіп:

– Мен бұған Васька деп ат қойып едім. Мына қарашы... - Алда, салдақы-ай... – деп, елбелендеп болып жүр.

Древесин мойнын мыжырайтып, құліп:

– Эй, Васька-ай, шыр жұқпапты ғой... – деді.

Мұжықтар бір таяқты алып, арбаның көтерулі түрған жетегіне қолденең асып байлап қойды. Безбенниң арқауындағ болып, таяқтың екі басы тең тұрды. Таяқтың екі басына екі баланы асты. Жөргекке оралып, қыл арқамен таяққа асылған екі бала ән қосып шырылдап тұр.

Балалардан бала иісі шығады. Қазақ келіншек арбаның жанында тұр, не екенін білмейді, жылай береді.

Мұжықтар үндеспей қарап тұр.

Селиванов:

– Жібер! – деді.

Афанас Петрович таяқтан қолын тартып алды. Орыс бала сопаң етіп жоғары шыға келді.

Афанас Петрович қалшылдап, булығып:

– Қара ауыз күшік-ай, жалғыз ішіп семірген ғой!.. – деді.

Жерден қойдың бір қу басын алып, орыс бала жаққа салды. Екі бала теңелді.

Мұжықтар гүілдесе бастады:

– Мынау салдақы өзінің баласын біздің баладан бір бастың салмағындай артық емізіпті ғой!..

– Оны қашанғы аңдып отырарсың!..

– Мынау салдақы қанышер екен!..

– Екі баланы тең еміз деп, емізген сайын аңдып отыра алмаймыз ғой, – мұжықтардың тоқтағаны осы болды.

– Иә, аңдып отыруға болмайды.

Біреу:

– Қайтсін, ішінен шыққан шүбар жылан ғой... – дей беріп еді, Афанас Петрович жерді тепкілең, шиқылдап қоя берді:

– Өзің не оттап тұрсың? Қара домалақ қазақ бала үшін біздің орыс өлсін дейсің бе?!

Мұжықтар Васькаға қарады. Балапандай бүрісіп, аяқ-қолы шидей болып, шашы үрпіп, сары бас бала жатыр.

Мұжықтарда ұн-тұн жок, не қылуға білмей, салы суға кеткендей болып тұр.

Сөйтіп тұрғанда, Селиванов Афанас Петровичке айтты:

– Сен оны... Нет... Өлтір... Қазақ баланы айтам. Қазак орасан қыргын көрген ел емес қой... Бір баланы аяп қайтэміз?!

Мұжықтар Васькаға қарасты да, үндеңей тарасты.

Афанас Петрович қазақ баланы қолына алып, бір жыртық қапқа орады.

Шешесі дауыс қылып, ұлып қоя берді. Афанас Петрович аса батырмай келіншекті ауызға бір қойып, казак баланы қырға қарай алыш жөнелді...

6

Екі күннен кейін мұжықтар қатын отырған қостың алдына жиналышып, ептеп басып, бірінің сыртынан бірі мойнын созып қостың ішіне қарап тұрды. Қостың ішінде қазақ келіншек сары бас баланы емізіп отыр.

Қазақ келіншектің жүзінде тұрмыстың не сұмдығына болса да көнгендік көрініп тұр. Көзі қысық көз, сұлының дәніне ұсайды. Устінде пай камзолы бар, аяғында кестелі мәсісі бар.

Бала томпиган бетін емшекке шап-шап еткізіп, быртиған қолымен камзолдың жағасын шиыршықтан ұстап алыш, тырбиган аяғын шолтаңдатып емшек еміп жатыр.

Мұжықтар даланы басына көтеріп қарқылдалап құліп қарап тұр.

Афанас Петрович балаға елжіреп қарап, жыламсыраған дауыспен:

– А, Васька қалай-қалай емеді?! – деп қояды.

Қостың сыртында монғолдың ұшы-қиыры жоқ даласты далиыш жатыр. Далиған дала жылжып жүріп, бір жаққа кетіп бара жатқандай.

Ашулы, аш, жүдеу, қайғылы аңға ұсаған далиған монғол даласының қайда жүріп бара жатқанын кім білсін.

ӨЗ ӨМІРІМНЕҢ ӘҢГІМЕ (Максим Горькийге арналған)

I

Адамға өз өмірін әңгіме қылудан ауыр қайғы жоқ.
Өмірде сүюден күшті қуаныш жоқ.

Бір күнде Бату мен Шыңғыс ханға қоныс болған Қарақұрым даласында бұл күнде құм көшіп, жел жортып жүр.

Сол Қарақұрымға жел айдал мен де бардым. Қарақұрымды басып өтіп кеттім.

Өмірде не баянды – бәрі өтеді. Бірақ адамзат Қап тауының артында қайғыға айналмайтын мәңгігеге қуаныш бар деген үмітпен ғана өмір сүреді ғой. Жыл сайын жазғытұрым жерге жасыл шөп шығады. Жыл сайын күз жетіп, шөп сарғайып солғанда тырналар күніреніп қоштасып Мысырға ұшып кетеді!..

II

Әкемді көрмегеніме сегіз жыл болып еді, 1918 жылдың жазында көрдім. Мектеп қимасының сыртына менің алдыннан шықты. Қаусаған шалдың кезерген ерні күлімсіреді. Қаптан тігілген дамбалын көтеріңкіреп қойды да, кенқілдеп жылап қоя берді. Беті жүз жыл ұдайынан жылаған адамның бетіндей.

Менің ойымда әкем емес. Көңілімде қуаныш та жоқ. Менің ойымдағы Омбыдан қашып шығатын күні көргенім: шанды қамашау көшелер толып лек-лек болып арбалар өтіп жатты. Жетпіс шамалы арба өткен соң, мен қаладан шығып кете бардым.

Өтіп жатқан арбаларға қарап тұрғанымызда Антон Сорокин:

– Бұлардың бәрін чехтар атқан ғой... – деді. Атса атқан шығар. Болмаса, бәрі Кулемзиннің жанында болған соғыста майданда өлген шығар (бұл күнде анығын білген шығарсың, Антон Семеных?)

Осынау өліктерді арбалап алып өткені сәске уағы еді. Өліктердің үстін Ертістің қызыл құмы басып қалған. Сол қызыл құм мені де басқан. Шыбын жанды сүйретіп қашып шығып бара жатқаным демесең, мен де өлікпін...

Тар көйлегі тырсып, шешемнің қарны шертип тұр. Беті күздікүнгі шөптей құп-қу. Маған елжіреп қарап тұр.

Маған:

- Тағы қандай ат қойып алдың? – дейді.
- Василий, – деймін.

Шешем қарадай сескеніп сөзін қоя қойды: менің өз атым да, әкемнің аты да басқа болып тұр гой.

Шешемнің артында бетімен ыржиып күліп есалаң інім Палладий тұр. Аяқ-қолы шидей. Қарны қабақтай (көк бауыры ісіп кеткен, безгек, тағы толып жатқан науқастары бар). Көзінің ағы – көк сұр. Қараышы – сары.

– И-и-и... – деп сықылықтап мыңқылдан күледі.

Шешем менің жастыққа тігіп әкелген мылтығымды тығып қойып жүр.

Әкем, әкемнің аты Вячеслав Алексеич, ол елбелендер маған өзінің қыстық астығын көрсетіп жүр. Бойы менен тапал, бұрылыш менің көзіме қарап:

– Қыстан шыға алармыз, Василий Семеных, ә... Сенің атың толып жатыр-ау, бай адамсың-ау, ә... – дейді.

III

Үш күн Ертіс бойындағы казак-орыс поселкілерінің іісіне қарық болдым: тезек іісі, казактың тегене құйрық қойының шуаш іісі, қурап, сылдырап, сорайып тұрған қамыстардың арасындағы бетіне тұзы шығып жатқап шақаттардың иісі...

Құс атуға шықтым. Он оғым бар еді, бір қапшық үйрек атып алдым. Бір оқ ұмытылып алынбай мылтықта қалып қойыпты. Кешке мен лапастың астында әңгіме жазып отырсам, Палладий мылтықты алып ойнап тұрып әкемді басып сапты.

Әкем үстелдің жанында жатыр. Кенеп көйлегін қан жауып кеткен. Оқ желкесінен тиіпті. Терезеден көк шыбындар кіріп, қанға үймелеп, әкемнің бетіне қонып жатыр...

Біраздан кейін мен ас үйге кіріп едім, інім әкемнің асына жұмсалатын мейізді тазартып аршып отыр екен. Палладий маған қарап ыржыып:

— Всеволод, мейіз жейсің бе? Міне, үлкенін қара-шы... — деді.

Мен атып әкелген үйректер де әкемнің асына жұмсалды. Үйректерді кілең кекілдері көздеріне түсken казак-орыстар жеді. Жеп отырып әкесін атқан Палладийға қол іс қыламыз деңкіреп қорқытып қояды. Сыбап боқтап отырып шоқынып қояды. Палладийдің сасық сықылығынан жиренісп тыржиып теріс қарайды. Сөйтіп отырып казак-орыстар шешеме айтты:

— Тегі осы ауылдан кетулерің оң болар. Мынау үлкен ұлың да... жүріс-тұрысы ұнамайды... әкесі марқұм, Вячеслав Алексеич, патшаны құрметтеп-ақ өткен адам еді...

Мен тағы қаштым.

IV

Дала. Құм. Буалдыр шөл. Тезек иісі. Құм шөлде сексиіп-сексиіп сексеуіл тұр. Бір сексеуілдің басында күшіген отыр. Күшігеннің бауыр жұні үйпалақ, кей жері түлел түскен.

Арбада шешем мен інім Палладий отыр. Шешемнің аты – Ирина. Жолдың екі жағында – телеграм бағандарының түбірлері, телеграм сымының үзіктері. Бұл – Жетісудың қара жолы.

Қарағанның бұтақтарында адамның ішектері ілулі тұр. Ішектер кеуіп қалған. Бұларды дынғырлататын жел мен күшіген. Домбыраға тақсан-ақ сөйлем кетейін деп тұрған, сымдай мінсіз болып сыйырылып кеуіп қалған адам ішегі... Бұл ішектерді домбырасына тағып кім шертер екен?

Казак-орыс жерге таласып, мұжықпен соғысып жатыр ғой. Казак-орыстар қолдарына мұжық түссе, қарның жарып жіберіп, бір таяқтың басына мұжықтың ішегінің ұшын іліп алыш, ұршықтай үйіріп, ішекті таяққа орай береді дейді. Мұжық қарқылдан күледі дейді. Казак-орыстар оған қарап қарқылдан күледі дейді... Сөйтіп, мұжық күлкіден өледі дейді.

– Е, мұжықтар қайтеді екен?

– Олар да қолдарына казак-орыс түссе, қарның жарып жіберіп, ішектің ұшын таяққа іліп алыш орайды дейді. Сонан соң ішекті таяқтан тарқатып алыш, казак-орыстар қара жолдың бір жақ бетіндегі қарағанға, мұжықтар екінші жақ бетіндегі қарағанға іліп қояды дейді. Екі қолыңа да, қарашы, ішек ілінбеген қараған жоқ қой...

Айсаның дініндегі орыс адам ішегін қүнге қақтауды Шыңғыстың монғолдарынан, Ақсақ Темірдің түрікпен-

дерінен алған. Тырбық аяқ, тершең Мәскеу елі қысық көзден үйренген.

...Алдымызда шұбатылып қазақтың көші кетіп бара жатыр. Май көрмеген арбалары шиқылдап барады, түйелері балп-балп басады. Қазақтар бізге қарамайды, көздері батыс жақта. Біз жанасалап өте бердік. Көздері кірлі орамал сыйылды боп-боз. Шешем:

— Мыналар қырғыннан қашып барады ғой, — деді.

— Қайда?

— Кім білсін, Қытайға ма, Үндістанға ма. Өздері де білмейтін шығар. Аштық айдалап, әйтеуір кетіп барады ғой.

Айналамыз – құм. Көк те құм. Құм сыйылды сарғылт сұр. Қарағандарда сүргіден түскен жұқа-жаңқадай құрысып адамның ішектері ілулі тұр.

Жолдан жөнді шаң шығаруға да шамалары келмей ілбіп артымызда қазақтар келеді. Өздері де, түйелері де, арбалары да ілбиген. Қазақтарда үн жоқ, жан-жаққа бұрылып қарau жоқ, тек тік келе жатыр.

Біз де келе жатырмыз. Менің де үндеғім келмей келеді. Бірақ үндеуеге болмай отыр. Осы қашқанда қайда бара жатқанымыз маған мәлім болғанмен, шешеме мәлім емес. Баратын жеріміз оған жат. Сондықтан өз-өзінен қорқып келеді. Әлсін-әлсін күрсініп: «Әй, қайдан білейін... әй, қайдан білейін», — деп сөйлей береді. Онан кейін, оған ұқтырмақ болып, оны жұбатпақ болып мен сөйлеймін. Шешемнің артында қызыл ала кенеп алашаны жамылып отырған Палладий сық-сық күледі. Ұзап ілгері жүрген сайын Палладийдің сыйылығы үдеп келе жатыр. Мынқылдан сыйылтықтауды қойып шиқылдап қояды:

— И-и-и...

V

Бір күн жүрдік, екі күн жүрдік, ылғи көретініміз: құм, қараған, қазақ. Бір қазақтың түйесі сылқ етіп құлады да, өлді. Қазақтар түйеге кідірген де жоқ, тіпті байқамаған іспетті болып тарта берді. Өлген түйенің арбасында үш бала бар екен, қазақтар үш балаға да қайрылған жоқ. Балаларды алып басқа көлікке мінгізуге шама да қалмаған ғой, тегі... Ұзамай екінші бір арбадан бір әйел түсті. Көштен қалып қойды.

– Бұл кім?

– Ана балалардың анасы.

Мен атымызды тоқтаттым. Арбаға келдім. Үш қазақ нәресте ауыздары аңқиып, еріндері кезеріп, шөлге қарап көздері бозарып, демді зорға алып демігіп отыр. Үш нәрестенің қасында шүкип, шөкелеп шешесі отыр. Кір жаулығы қыңырайып басынан түскелі тұр. Шашынан аттың, терінің иісі келеді.

Төртеуі де өлім алдында. Жандарында бір түйір та- мақ, бір жұтым су жоқ.

Мен:

– Мыналарды мінгізіп алайық, – дедім.

– Ат өзімізді әрең сүйреп келеді ғой.

– Сандықты тастармыз.

Мен нәрестелерді көтеріп алайын деп еңкейдім. Қазақ қатыны тұруға шамасы жоқ, сырғып келіп, балаларына жабысып, қырылданап:

– Әрі кет... кет... кет... – деді.

Мен қатынга не оймен нәрестелерді көтеріп алмақ- шы болғанымды айттым. Қатын көгеріп, сазарып, қал- шылданап, құмды тырнап, басын көтеріп бетіме қарауға шамасы жоқ, аяғыма қарап ашулы көзі тесіп барады.

Мағжан

Сөйткенше болмады, қатын ұмтылып қалып ұзын аю тырнағымен бетімді осып алды.

Шешем шашынан ұстап қатынды жерге бір қойды. Шешем мен қазақ қатыны көгеріп, сазарып, тістеніп, бірінің бетін бірі тырнап, жұлышып жатыр. Мен екеуін арашалап жүрмін. Інім арбаның үстінде сап-сары шидей қолын ербендетіп, тышқанша шиқылдап сыйылықтап отыр:

— Ти-ти-ти...

Үш бебегін құшақтап қазақ қатыны қалды. Шешем арбаға, інімнің жанына келіп отырды. Үн-тұн жоқ, еле-гізіп батыс жаққа қарай береді.

Буалдыр шөлден аңызғақ көк иіс келеді. Телеграм бағандарының үстінде бауыры жүндес бір бүркіт қа-лықтап жүр.

Алдымызда — қарағандар, түйелер, іңір.

Адамға өз өмірін әңгіме қылудан ауыр қайғы жоқ.

...Бұдан көңілді де нәрсе жоқ.

САЙ

I

Аксинья моншаның артындағы мая шөптің етегіне барып, көйлегін шешіп тастап, өзінің денесіне қарады: терісі сүйегіне жабысып қалған, денесінің түсі шикі жидек сықылды сарғылт және денесінен күздікүнгі қураған мұқтің іісі шыққандай.

Аксинья күрсініп:

– Бұл неліктен бұлай болды? – деді.

Үстіндегі аспан аппақ. Сүттен де ақ. Жер аспанга азызғын атып, көкке борсыған иісін, күлімсі лебін жіберіп түр.

Ауылдың басқа адамының бәрі енгезердей, сап-сау, сеп-семіз. Бетіне шертсөң, каны шапишип шығайын деп тұрғандай. Жүргенде алшаң-алшаң басады. Мұртынан күледі. Уайым да жоқ, ой да жоқ, жағалары жайлай!

Аксиньяның ері Петр де – сол жаны тыныш көптің бірі. Жұз жыл жыртылмаған қара топырақтай қаба қара сақалын желк-желк еткізіп ылғи айтатын сөзі:

– Жігіттер, биыл егіннің шығысы шығыс-ақ. Құдай берді! – дейді.

Және сөйлегенде қалай сөйлейді, жер ошақ қазған бұқадай күр-күр етеді.

Аксиньяның қайын атасы Емелыч баяғы Қазанның ханындай бір маңғаз. Төбесі тақыр ескі моладай басы айна жалтыр. Және ішіне көмілген қалмақтан қалған қазынаны тірі жанға көрсетпей мелшиіп сақтап тұрған сол молаға ұсап, ойын да адамға айтпайды. Мейлінше сөзге сараң адам.

Үстіне кигені қазақтың ала шапаны. Аяғында мәсі. Жүргенде құрдай жорғалайды. Жеккені жорға, қағаздан жасағандай жеп-женіл транпеңкесі бар. Қаладан ылғи түрлі асыл зат тасиды.

Алып келген нәрсесін әшекейлі қалайымен қапталған сандығына салып, жымың-жымың етеді. Жымың-жымың етеді деген жай бір сөз. Әсте беті күлмейді, жалтыр төбесі жымияды.

Қала туралы сөз қозғалса, Петрдің айтатыны:

– Мейлі, бөліне берсін. Біздің шаруамыздың мұрты сынбайды. Қаланың құтырғандары тентіреп бізге келеді.

Аксинья алдынан өте беріп, ерінің көзіне қарағанда, Петрдің көзі оған суалып құрып қалып үнірейіп тұрған апандай болып көрінуші еді. Тұнде Петр Аксиньяны қысып құшақтап, жаншып, бетіне сілекейін тамызып, пысылдағанда, Аксинья Петрге қарамай көзін жұматын еді. Петрді жан алғыштай жек көруші еді.

Аксиньяның қайын енесі Фекла кемпір мая шөпті жағалап, жұмыртқа ізден жүр. Был тауық жұмыртқаны жаман салады. Кез келген жерге тастап кетеді. Фекла құрап тұрған шөптің етегін, борсыған, қоңырсыған қиқымды ақтарып жүр. Сеніп қызыл иегіне жабысып қалған ерні қолындағы құ шөптей судырап:

– Аксинья, сен естідің бе, Ресейде туған баланың бәрі быыл аяқсыз болып туып жатыр дейді гой, – деді.

– Білмеймін.

– Білмеймін! Әрине, білмейсің! Бұрын үлкенді сыйлау, үлкеннің сөзін тыңдау бар еді. Бұл күнде бәрі өзі біліп туған! Атасының басын біледі!.. Әрине, білмейді!.. Жұрт азды ғой.

– Әже, мениң жүрегім қобалжи береді. Жан тыныштығым жок.

– Шіркеуге барып садақа бер. Не болмас дейсің. Заман бұзылды ғой. Тажал шығып, Ресейді жалмап жатыр. Қиямет-қайым болды ғой.

Борсыған қиқымды ақтарып жүріп, сөлден кейін Фекла кемпір тағы сөйлемеді:

– Әттең, шамам жоқ. Болмаса орманға барап едім. Сен барсаншы.

– Аю көрмеппін бе? Орманда нем бар?

– Санырауқұлақ жина! Қала халқы нан орнына санырауқұлақ жеп жатыр дейді. Қырылсын иттер! Санырауқұлақ жинасаң, мақпал көйлекке айырбастап алмайсың ба? Мақпал болмаса, жібек көйлекке айырбастасаң бірдеңең кете ме?..

Емеліч қарттың үйі – үлкен үй. Әйнектері кішкене, іші қара көлеңке. Тағы тастардан қалай салған тас күркеси қылды. Үй маңынан ашытқан нан иісі шығады. Жаз бойы әйнек жабылған емес. Тишу.

Ашаршылық басталған кезде қаладан бос қаптарын сүйретіп қаусаған, ерні кезерген өңшең аштар келіп қайыр сұраған болатын. Ауыл:

– Құдайдан сұра, Құдай береді! – деген.

Сонан кейін аштар ауылға келмейтін болған. Бұлар келуден тоқталған соң, үретін адам жоқ болып, ауыл иттерінің іші пысатын болған. Бірен-саран келген қаланың қайыршылары ауылдың барқылдап қарсы быртиған төбеттеріне күншілікпен қарайтын.

– Төбетке бір күнде беретін тамағын бізге бір жетіде бермейді, – десетін.

Ауыл халқы:

– Өз сазайың. Тоқтық іздесең тыныш жүрер едің, – дейтін.

Жалпылдақ төбеттер жалбаңдап қайыршылардың жыртық шапанының етегін жырым-жырым қылып: «сыйымыз осы, енді келме» деп шыгарып салатын.

II

Аспан сарғылт қызыл түске кірген апақ-сапак уагы еді. Құмнан қызыл жел есті. Орыс ауылына шөлден қазақтар келді.

Үлкен дөңгелектері арбаңдаған қазақ арба шиқылдап ауылды шуға толтырды. Арба сайын түте-түте болған текеметке оранып, қаққан қазықтай кеүіп, сеніп қалған қазақ жатыр.

Бір кесім ет жоқ, терісі сүйекке жабысып қалған. Тек сорайған сүйек, үстеріндегі далба-дұлба тондарын, бет-аузын бәрін құм басып қалған.

– Нан – клеб, нет – жоқ... – деседі.

Үндері көп моланың арасынан жетімсіреп жүдеп, баяу ескен желдің үніндей.

– Клеб нету?..

Мұжықтар тозанды түк басқан жалаң аяқтарын балпита басып, жиылышып қазақтарға қарап тұр. Кейбіреулері жақындалап барып қазақтың кеүіп қалған терісін сипап, тырнап қарайды. Бұлай кете беріп:

– Адам болмайды... – деседі.

Петр қазақтарға:

– Кетіндер!.. – деді.

– Нан нету? Клеб нету? – десті қазақтар.

Жыртық күпілерінің жабағысын жел жұлышп ұшырып әкетіп жатыр. Түйе жүн тұмақтарының жабағысы да түте-түте болып тұтіліп түсіп жатыр. Түйелері – қу сүй-

ек. Өркештері бос mestей мыжырайып, терісі құрысқан көндей қатпар-қатпар болып қалған.

Аксиня есік алдында тұрып қазақтарға қарап жылап тұр. Бұрын жүдеу Аксиня жылаған соң тіпті жүдеу көрінеді. Ауру емшекті бала емгендей, Аксиняның жүрегін ой еміп тұр.

Фекла кемпір, қолында сүт шелегі бар, өте беріп тоқтап, Аксиняның жылап тұрғанын байқап, бастыра байлап алған бас орамалын босатып, Аксинядан:

– Шіркеуге барып садақа бермедің бе? – деп сұрады.

Анадай жерде көтерем түйе бақырып тұrmай жатыр.

Аш қазақ көтерем деп әуреленеді, мұны Аксиня көріп тұр.

– Эй, аяныш-ау...

– Е, кімді аяп тұрсың тағы?

– Мынау аш қазақтардың күні қараң ғой!

Кемпір қолындағы шелекті күнгірлетіп, зәрленіп былай деді:

– Е, мұндай тентірегендер аз ба? Бәріне бере берсең түгің қалмас. Жұмыс қылғылары келмейді, аш болмағанда қайтеді! Оларды не қылайын деп едің, қой әрман. Малды Ертіске айда. Суаратын адам жоқ. Шөлдеп тұр ғой. Тентіреген тіленшіні жаңа көріп пе едің?

Аксиня малды айдап шықты. Қақпаның алдында Петр тұр екен. Үндеген жоқ, бұрылып малды өткізіп жіберді. Петрдің жанында Аксиняның қайын атасы Емелың тұр. Беті күлмей, жалтыр төбесі жымың қағып, сөзін санап, салмақпен былай деп тұр:

– Мен оларға астыққа түйелерінді айырбаста дедім. Ақымақтардың айырбастағысы келмейді. Аз бересің дейді. Ол тентіреген мұндардың бір түйесіне бір пұт бидай аз болып па?..

– Керегі не... Қып жіберу керек.

– Оның дұрыс. Қып жіберу керек. Елге оба таратар.. Қытай обадан қырылып қалыпты дейді ғой! Олардың ішінен де большевик шығып, түбіне сол большевик жетіпті...

– Әке, қалаға қашан жүресін?..

...Қазактар арбаларының жаңында жерде отыр. Бұйра шашты казак-орыс жігіт шалғы темірден жасаған селебе пышақпен нан кесіп жатыр. Кескен наның асықпай-саспай бір маңызбен жерде отырған қазактарға лақтырып тұр.

Қазақтар жерге түскен нанды жанталасып шөпмөбімен асап жатыр. Нан шайнағанда барлық денесі – мойны, иіні, қеудесі, аяғына дейін қимылдайды.

Бұйра шашты жігіт нанды лақтырып тұрып:

– Аса! Аса! – деп қояды.

Қозғала алмай арбада жатқан қазактар көзін сүзіп мөлиіп қарап жатыр.

Қазақтар көзінің сілекейге ұсаған сорасын сүртіп:

«Рақмет, Санке, рақмет», – деседі..

Суға айдалған сиыр тозаң басқан тұмсығын суға тығып сораптап Ертістің жылы сүнина қанды. Көздері дәңгелек тұңғиық қара суға бензеді.

Бұйра шашты Санька нанды кесіп қазактарға лақтырып тұр.

– Аса! Аса! Құдай бір, дін басқа!

– Дұрыс – берне! Дұрыс – берне! – деп қазақтар мынқылдайды.

Санька мал суарып келе жатқан Аксиньяны көрді.

Беті Арқаның бозындай аққұба бозбала. Бұйра шашы желк-желк етеді. зенгір зор көздері су құйған тостағандай мөлт-мөлт етеді.

– Уа, женге, жайың қалай?

Аксиня қызырыңқырап езу тартты. Денесі көтеріліп кеткендей болды. Шілдеде ыстықтаған денеге салқын су тигендей болып барлық денесі сергіп кеткен тәрізді болды.

– Шүкір, қайнам...

Аксиня кете барды.

Сонан кейін аспан қызығылт көк түске кіріп, жерді делсал ғып жаншып, тишу тұн басқанда, Аксиня бұғып барып өз үйінің астық сарайына кіріп, бір қапқа астық салды. Қапты әрең көтеріп, бір қолымен жерге таяна-таяна, демігіп, өзер дегенде қазақтың қосына алып барды.

Қазақ маңынан айран иісі мен тезек иісі мұнқіп кетті. Қазақтың аш иттері қарлыққан дауыспен қырылдалап үре бастады. Аксиня қорқып кетті. Қапты қоя салып, өзі кейін қаша жөнелді.

Қазақтар қапты көріп, алып барып арбага салып жауып тастады.

...Жүгіріп келе жатқан Аксиняның аяғы шөпті жа-пырып келеді. Баласының жыртық жағасын жөндеп қойып жатқан шешедей, жел жапырылған шөптерді тұрғызып, түзеп қойып жатыр.

Қараңғы терең сайлардан қорыстың, сасық судың, долананың жүректі жаратын ауыр иісі келіп тұр.

Тұстікке кетпек болып топтанып жүрген үйрек иісі де шығады...

Аксиняның қеудесіне шер толып келеді. Бірақ неліктен бұлай болғанын Аксиня біле алмады. Кетпек болып топтанып жүрген үйрек иісін екінің бірі сезе бермейді гой. Сезсе де, бұл иістің не мәнісі барын біле бермейді ғой...

III

Сай иірілген жыландаі болып ауылды қоршап алған.
Ауылдың қонысы май қара топырақ. Сайдың шөбі – ну,
мал таптырмайды. Сайды жайлаган сиырдың сүті қай-
мақтай қою, балдай тәтті.

Саңырауқұлағы тоқтының құйрығындаі. Черняев
деген атаман баяғыда осы жердің саңырауқұлағын пат-
шаға сый қылып жіберіпті деседі. Бірақ саңырауқұлақ
патшаның ішіне жақпайтын болып, маңайында жүрген
молдалар жепті дейді. Черняев атаманға патша саңы-
рауқұлақ жібергендігіңе деп ылғи гауһартас орнатылған
кемер белбеу жіберіпті.

Сайды басып шығатын жол шіліктің ішімен, балапан
қайыңды аралап, түстікке қарап кетеді...

Қалаға шұбырған аш қазақ пен біздің базаршыл Еме-
льч қарт болмаса, жолға шөп шығып кететін түрі бар.

Жолдың екі қабырғасы жаппай біткен жусан мен
кәрікыз. Абырынан айырылған кәрікыз арбаның дөң-
гелегіне жабысады.

Аксинья сиыр айдап келемін деген сылтаумен күн
сайын сайға баратын болды.

Бала қайың, тырбық тікендердің арасымен келе жа-
тыр. Сайдың сасық іісі етегіне жабысып, жоғары өрме-
леп, шашының арасына толып келеді. Алдында аруақтай
болып, тек кірпік қағып арбасында сұлық жатқан аш қа-
заққа ұсал, жіп-жіңішке болып созылып, жалғызырап
жүдеп, жол жатыр.

Дөңгелекке қадалған кәрікыздай миына ой қадалып
келеді, ашы жусан жегендей жүрегін шер жеп келеді.

– Жасаған-ау...

Аксинья күніреніп зарлап келеді:

– Жасаған-ая! Мынау күн күйдірген даладай сенің көзінді де күйік шалған ба? Қала халқы тас-топырақ жеп жатыр дейді ғой...

Аксиньяның көзіне жалаңаш ыстық тастың ұстінде бір адам келе жатқан тәрізді болып елестеді. Инеліктей қатып қалған, ілбиген біреу тәнтіректеп, желдің лебімен ақ селеудей тенселеді. Даусы қыр-қыр етіп тамағынан шығады. Күш-қуаты қалмаған. Аяныш болғанда, өзекті өртейтін аяныш...

– Жасаған-ая, неліктен бұлай болды?.. Біздің ауыл астықтың астында жатыр... Пәленше шақырым маңайдың бәрі жайқалған егін... Сонда да бұларга аз көрінеді... Өзі тойса да, көзі тоймайтын өңшең қомағай... Өңшең жауыз... Жалмауыз...

...Бір бұйра шашты аққұба жігіттен басқаның бәрі мейірімсіз, қайырымсыз, тас жүрек... Аксиньяның көзіне басқа тірі жан көрінбейді. Көз алдында осы жігіт қана. Әне, қызыл ала шалбарлы аққұба ашаң жігіт аш қазақтарға наң кесіп беріп тұр. Үлкен зенгір көздері қазақтарды аяп, толып тұрған тостағандай мөлт-мөлт етіп тұр...

Аксиня бұта-бұтандың арасымен күніреніп келе жатыр. Тікенді тырбық бұталардан ауыр ойдың, қалың қайғының иісі тарағандай. Сайдың аранынан ылғал иісі шығады. Шөпті, талды, қызылдау қайыңды, патшаға сыйға жіберілетін саңырауқұлақты – барлық өсімдікті сай сиқырлы лебімен өзінің аранына тартып тұрғандай...

Аксиньяның жүрегін сорып келе жатқан мыналар: бұйра шашты бозбала, шөп басып жатқан жіңішке жол, аш қазақ шұбырған құм-шөл, әсіресе, қала. Ілбиген, науқас нәрестеге ұсаған қала...

Сол ілбиген науқас нәрестені қолына алып, көкірегіне қысса, емшегін емізсе! Аш бөбек емшек көрген соң, қуанып құліп-жылар еді-ау... Аш-жалаңаш бөбекті жүрегінің жылысымен жылытар еді-ау... Бөбек шидей қолын шолтандатып емшекті қарман, әрі жылап, әрі құліп, өксіп-өксіп емер еді-ау...

Аксинья құніреніп жылап келеді:

– Жасаған-ау, сенің көзінді де күйік шалды ма? Неге көрмейсін! Көзің қайда, Жасаған, көзің!

Ұзын қияқ шөптер аяғына оралып келеді. Кей бұталардың мәуесі топ-топ етіп түсіп жатыр. Ана жер, мына жерден үйректің барылдағаны естіледі.

– Жасаған-ау, көзінді күйік шалған шығар?..

Тәнірінің тілі байланған, ұн демейді. Құлағы керен болған, түк естімейді. Тек сайлар ғана қомағай аранын ашып, сасық лебін жіберіп, ежелгі сасық сөзін сөйлеп тұр.

IV

Аксиньяға ауылдың сыртында бұйра шашты бозбала кез болды. Зенгір көзі көгілдір көкке ұсайды.

– Серуендең жүрсің бе, Аксинья жеңге?

– Сиыр іздеп жүрмін...

Бұйра шашты бозбала бір мәуелі бұтаның жанында тұр. Бұта да бұйра. Бұтаның балбыраған мәуелері салбырап тұр... Аксиньяның көзі бұйра шашты бозбаланын мәуе сықылды елбіреген ерніне түсті...

Аксинья қызарып төмен қарады да, тағы ақырын салмақпен көзін көтерді.

Бұйра шашты бозбала да бір қызарып, бір бозарып кетті. Терең сайдың түбіндегі қара көлеңкедей бұйра

шашты бозбаланың жанын қара көлеңке ойлар қаптап кетті.

Екеуі басқа сөзге келмеді, айырылысты. Аксинья сайға, бозбала ауылға кетті.

Келесі күні Аксинья тағы сай бойлап келе жатса, алдында бір бұтанаң түбінде бұйра шашты бозбала отыр, Қөнілі шат, жүзі жарқын. Аксиньяға қарап алақанын жайып күліп:

– Сауда қылып жүр ме? – деді.

Күлгені келемеж қылғаны ма, жоқ, күндеғені ме, белгісіз.

– Біздің үйдің кісілерін айтасың ба?

– Ие.

– Е, қалаға барып, астыққа асыл нәрселер айырбастап әкеліп жүр фой.

– Петр да сөйтіп жүр ме?

Аксиньяның көз алдына жүз жыл жыртылмаған қара топырактай қалың қаба сақалды Петр келді. Петрдің жүрісі – ағаш орнынан көшкендей арбаңдаған жүріс. Еңгезердей Петр қазір көкірегін жанышқандай болып Аксиньяның көкірегі ауырған тәрізді болды... Қазаның ханына ұсаған атасы Емелыч та Аксиньяның көз алдына келді..

Бұйра шашты бозбала сақ-сақ күледі.

– Не болды, қайнам?

– Ауылға иттен өзгенің бері толып кетті-ау. Орыс дейсің бе, қазақ дейсің бе, тіпті тамаша!

Сәл тұрып Аксинья былай деді:

– Қайнам-ау, менің жан тыныштығым жоқ. Неліктен екенін білмеймін.. –Шаруаларында әрекет бар ма?

– Жоқ!

– Мылжың кемпір мазаңды алатын шығар?

– О да емес!

– Енді не?

– Білмеймін. Өзім де білмеймін. Әйтеуір тыныштығым жоқ...

Бұйра шашты бозбала мырс етіп куліп, аяғын жи-
нанқырап, бірденеге онтайланқырағандай болып:

– Болса болар... болса болар... – деді.

Бозбаланың бет-аузы құбылып, қолы дірілдеп, ерні
дымданып дертіп кетті.

Қолын Аксинъяның санына салды, қайта тартып алуға
шамасы болмай қалды...

...Мұнан кейін бұйра шашты бозбала да тап Петрғе
ұсап сілекейін ағызып, тамызып Аксинъяның арық денесін
жанышты, езді. Онан кейін тағы Петр ұсап пысыл-
дал, шалқасынан түсіп сылқ етіп жата кетті.

...Аксинъя бір уыс шөп жұлып алып, бозбаланың жұ-
мулы жатқан көзінің үстіне салды.

Куаныш алқымына тығылып булықтырған тәрізді
ыстық үнмен сыйырлап Аксинъя:

– Шөптің қурап қалғанын көрдің бе? – деді.

Бұйра шашты бозбала теріс қарап қырынан жатты.
Көзінің үстіндегі шөп жерге түсті.

– Күз болып қалды ғой. Курамай...

Аксинъя күрсініп, сайдың арғы жар қабағына қарады.
Жарқабақтың шөбі көгеріп, тағы шабуга келіп өсіп қа-
лыпты. Бала қайындар дір-дір етіп, көкке қолын созып
түргандай.

– Санька, мен саған бір сөз айтайын. Екеуміз кетейік!..

– Қайда?

– Мынау жауыз, жалмауыз жүрттың ішінде тұра ала-
тын емеспін... Жанымның тыныштығы жоқ... Кетейік...
Сен өзгедей емес, ақ көңілсің. Адамға қайырымдысың...

Бұйра шашты бозбала тұра келіп, тап Петрge ұсап екі аяғын керіп, талтайып тұрды. Қалғыған адамдай құжырайып, басын қисайтып, манызды кісімсіп былай деді:

– Бұл сөзді еріңе наразылықтан айтып тұрсан, оның жарасы жеңіл. Басыңнан таяқ айырмайтын болса, айрылам десен, оңай-ақ айрыласың. Бұл күнде закон жеңіл фой. Кетуге, әрине, болады. Бірақ, қайда кетеміз?.. Кететін жер жоқ!..

Желкесін қасып, былш еткізіп бір түкіріп алыш, тағы былай деді:

– Сен байыңнан сұрашы: қорасында біраз бөрене жатқан көрінеді, сатпай ма екен?.. Жұмысшы жалдамақ едім, қызметкер жақсы адам таба алмай жүрмін. Өзіңе мәлім: бұл күнде жұмысшы оңбай кетті фой...

– Не дейсің, Санька? Мен сөзіңе түсіне алмадым..

– Үй салмақпын!

Саньканың аузынан мынау сөздердің шыққанына Аксинья аң-таң қалды. Төбесінен сұық су құйып жібергендей, біреу денесіне біз сұғып алғандай болды. Жүргі қобалжып, аласұрып ойнап кетті. Аксинья ақырын да болса ышқынып шыққан дауыспен:

– Аш қазақтар шы?.. Санька жаным-ау!.. Күні кеше аш қазақтарды аяп нан беріп тұрған сен емес пе едің? – деді.

Бұйра шашты бозбала қарқылдан күлді.

– Ойбай, Аксинья, қазақ дегенің бір қызық!.. Титығы құрып, аштан қатқан немелерді кенірдектетіп бір тойғызайын, қайтер екен дедім. Үйден үлкен бір бөлке нанда алып шығып, кесіп лақтырып тұрмын. «Аса! Тезірек қылғы!» деп қоямын... Жеп-жеп, айуандардың тап сол жерде үшеуі өліп қалды. Аха-ха-ха...

Осылай деп қарқылдан бұйра шашты бозбала Ак-

синъяның көзіне тікелеп қарады. Аксинъяның ойлы, мұнды көзінен бүйра шашты бозбала ешнәрсе көрген жоқ. Аксинъяның жанын зәрлі жыландаі ауыр ой шағып тұрғанын Санька сезген жоқ:

— Ертең жексенбі. Біздің үйге қонақ келеді. Қолым боламайды. Сен дүйсенбі күні осы жерге кел. Жарай ма?

Бүйра шашты бозбала осылай деп өз жөніне кете барды.

...Аксинъя етбетінен жерге сылқ етіп құлап, сар да-ланы зарға толтырып, шырағынан, үмітінен айрылған анадай күніреніп дауыс қыла бастады.

Тап төсіне бір тал алабота тұра келген екен, жығыла кеткенде алабота бырт етіп сынып қалды. Курап тұрған басқа шөптер де бырт-бырт сынды. Сарғайып, қурап тұрған бордың сынығындаі Аксинъяның үміт құсының қанаты сынды. Домбыраның қатты бұралған шегінін шарт етіп үзілгеніндей үміті үзілді...

Сайдың аранынан қоңыр іңір жылжып шығып, шөптерді, бұталарды қара желегімен бүркеп, тұла бойын түк басып, тағы болып жапанда жүдеп жалғыз жатқан сүрлеу жолдың бетіне қара кебін жапты...

ТЕМІРБАЙ

Темірбай текеметтің үстінде ұйықтап жатыр еді. Үйге ұлы жүгіріп кіріп, жеңінен тартып оятып, жыламсырап:

– Эке, әке! Ат жоқ, – деді.

Темірбайдың ұйқысы қанып қалған болса да, баласының көзінде жеңіл мінезді, ұшқалак адам болып көрінгісі келмей, маңғазданып ыңыранып екінші жансасына аунап жатты. Панданған, ыңыранған дауыспен:

– Кет әрі, ұйқымды бөлме, – деді.

Ұлы жыламсырап, мыңқылдаپ, аттың тұсауды үзіп кеткенін айтып, қолындағы тұсаудың үзігін әкесіне көрсетіп тұр.

– Ат жоқ деймін, әке, ат жоқ!

Темірбай былқ етпей, тағы біраз жатты. Сөлден кейін түрегеліп, тұсаудың үзігін қолына алып қарап, керегенің басына іліп қойды. Соңан соң өз-өзіне былай деді:

– Бұл орыс құргырдың соғысы қашан тоқтар екен? Дамбал мұлде ілуге жарамай қалды. Көйлектің сиқы мынау: қарының қабаққа ұсап қасқайып көрініп тұрғаны... Тұр!.. Атасына нәлет...

Аттың ауыл маңынан алысқа ұзап кетпейтінін Темірбай білетін. «Қолға тұратын жуас ат, жаяу-ақ барып, құрық та алмай-ақ ұстап алып келемін ғой», – деді.

Беліне бір құрды буа салып, қолына жүген алып, үй ішіне бір көз салды да шығып кетті.

Темірбайдың ауылы жеті-ақ тұтін. Бәрі саңырауқұлақ-қа ұсап жалбырайып жатқан қара сұр лашық. Ауылдың сыртында желіде жеті үйдің төрт-бес құлышы тұр. Қабағы қатқан, қабырғасы ыржиган, сирағы шидей өңшең арық құлышын мөлдіреген көздерін шала жұмып қалғып

тұр. Ауыл маңайы тезек пен қой-ешкінің шуаш иісіне толған.

Желіден әрі – дала. Аяқты қүйдіретін құм. Тоқымдай бұлты жоқ боз аспан. Әлі ұлы сәске еркін бола қойған жоқ, сонда да күн ыстық. Кешегі тұс уағындағы аңызғақ ыстықтай.

Теміrbай малмандал келе жатып ойлап келеді. Үйде бірер қайнатымдай-ақ шай қалды. Мұны не қыламын? Казак-орыстарда шай бар шыгар.. Шайға қай қойды айырбас қылсам екен?... Осылай Теміrbайдың ойы шайда келе жатқанда, тышқан көзі жылт-жылт етіп, атты іздел жан-жақты шолып келеді. Бір мезгілде өкшесіне бірдене батқандай болды. Отыра қалып, мәсісін шешіп қараса, өкшесі сөгіліп кетіп, содан құм кіріп келе жатыр екен...

Теміrbай ернін шошитып:

– Түү-у!... – деді.

Қурап тұрган шөптен бір уыс шөп жұлып алыш мәсісінің жыртығына тығып, қайта киді. Шөпті жұлып алғанда, биыл жазғытұрымнан бері жауын болмағаны, күздің жақындап қалғаны ойна келді. Теміrbай: «А-ай» деп ауыр құрсініп, есіне үйдегі шаруасы түсіп, атты тезірек тауып алыш қайтайын деп жылдамырақ жүріп кетті.

Бір мезгілде, шамаласа, ауылдан бес-алты шақырымдай ұзап кетіпті, ат көрінбейді. Тағы жарты шақырымдай жер жүрді. Әрі күннің ыстығы, әрі жаяу жүріс Теміrbайды шаршатты.

Жатып сәл тынығайын деп бұрылып қараған бұтасының ішіне кірді. Бұта қою. Қою болғанмен тырбық қарағанның көлеңкесі шамалы. Қарағаннан қарағай иісі аңқып тұр. Теміrbай қисайып еді, үйқысы келді. Аңы насыбайды ауызға толтыра салып былш-былш түкірді,

маужырады, ойы тәтті тұманға айналды, көзі ілбие бастады. Қолымен құмды жиып төмпешік қылып, шапанын шешіп бүктеп, төмпешік құмның үстіне салып жастанды. Айналдырып киген тері шалбардың бауын босатынқырап қойды. Өрім-өрім кірлі сиса көйлекті жөндеуге келгенінше жөндеп қойды. Сөйтіп, қор ете түсіп, әрі қатты, әрі тәтті үйқыға кіріп кетті.

Бір мезгілде құлағына аттың дүрсілі және шәугімді шәугімге ұрғандай шаңылдаған бір дауыс келіп, Теміrbай оянып кетті. Басын жұлып алып алдындағы ойпатқа қарады.

Теміrbай жатқан қараған бұтасына қарай он бір салт келе жатыр. Анықтап қараса, он бірдің бәрі атты болып үйқылы көзге көрінген екен, екеуі жаяу екен. Жазала-са, бір жаяудың басында бөрік те жоқ. Тоғыз салттың екі жаяуды алдына салып айдал келеді. Тоғыз салттың бірталайы Теміrbайға таныс адамдар, сол маңайдағы қала-лардың казак-орыстары. Он бірдің ішінде таныс адамдар болған соң, Теміrbай енді бұтадан шығып, сәлемдесуге онтайланып қозғала беріп еді, шаңылдаған дауыс тағы шықты.

Бір казак-орыс ат үстінде ырғалып қылышпен мыл-тықтың мойнына ұрып:

– Еділ өзен – кең өзен,

Көк теңізге тең өзен, – деп өлең айтып келе жатыр.

Казак-орыстың есер мұрты едірейіп, жалпақ беті жалпиып құліп келеді. Өзінің өлеңіне, өзінің үніне, қылышты мылтыққа ұрып шаңылдатқанына өзі мәз болып келе жатқанға ұсайды.

Теміrbай тағы біраз тесіліп қарап тұрып тоғыз казак-орыстың тұяғынан мылтықты екенін, екі жаяудың қарусызың құр қол екенін көрді. Теміrbай енді: «Қой, қа-

рағаннан шықпауым қайырлы болар» деді.

Екеуді айдал тоғыз салт сайға түсті. Екі иығына ақ бірдене жapsырып алған, арда емген құнаның құйрығындей сақалы жылт-жылт еткен бір казак-орыс орысшалап бірдене деді. Мұнан кейін казак-орыстар атып түсіп, аттарын матастыра бастады.

Теміrbай мыналар шай қайнатып ішкелі жүр-ау деп шамалады. Сөйтіп, қарағаннан тағы шыққысы келді. Бірақ тағы ойға түсті: «Кой. Шықпайын, а деп көрген-нен шығу керек еді. Манадан бері қорқып, бұғып отырды деп мазақ қылар», – деді.

Теміrbайдың өмірде ең қатты жек көретіні: «Теміrbай – жаман» деген сөз еді. Бұл арада да қорықты деген сөзді естуді өзіне ар көрді. Тұрмады, отырған жерінде отыра берді.

Бір жастау казак-орыс мықыр сапты екі темір күректі қолына алып, біріне-бірін ұрып, қатқан балшығын түсіріп, екі жаяуға берді.

Екі жаяудың біреуі жалаңбас. Ұзын бойлы адам. Бұттында қара шалбары бар. Балагын етікке салмаған. Сақал-мұртын қырған. Қыр мұрынды. Кеудесін керіп, қабағын қарс жауып тұр. Шалбарының балағы қолқылдаған кең. Етігінің басы көрінбейді. Устінде төрелердің түймесіндегі жалтыр түймелі шолақ шапаны бар. Көйлегінің жағасы баяғы шалбардың жағасындай иығын жауып тұр. Көйлегі ақ кенеп. Жабудай жағасы көк кездемeden салынған. Көк жағаның қырқа жиегі ақ жолақ. Бетін қарақошқылдандырып құн жеп қойған. Ыстық Түркістанның өз тумасы емес, шеттен келген адам екендігі көрініп тұр. Құн өтіп жалаң басын күйдіріп тұрғанға ұсайды. Құнге күйіп боп-боз болып кеткен кірпігін әлсін-әлсін қағып, қысып-қысып көзін жұма береді.

Екінші жаяу – аласа бойлы адам. Тұсі сұрлау. Жалпақ бетті. Таңқы мұрын, түрік ерін. Өз бетімен тектен-текке күліп тұратын түрік ерін. Киімі казак-орыстардың киіміндегі: шапан, шалбары күздігүнгі сарғайған шөптей сарғылт боз, тәбесінде татардың тәбетейіндегі сексиіп тұрган қызыл жиекті жекей картоз.

Иығына ақ бірдене жапсырып алған казак-орыс адымдап үш адым жерді өлшеп, жерді теуіп, тағы бірдене деп орысшалады. Аласа бойлы жаяу төре тепкен жерді қолындағы күрекпен шұқыды. Казак-орыс шегініп, тағы жер тепті. Аласа жаяу тағы сол жерді шұқыды. Екінші жаяу күректі қолтығына қысып, теріс қарап кірпік қақпай қырға қадалып қарап тұр. Мынау жаяудың жүзінде қайғы барын, болмаса жай бір ой барын Теміrbай айырып біле алмады.

Казак-орыстар жантайып самбыр-самбыр сөйлесіп шылым тартып жатыр. Сөздеріне қазақ сөзін қосып сөйлейді. Теміrbайдың ұққаны: бұлар шапқы туралы, шапқыны шалдардың әділ бөлмегендіктері туралы сөйлесіп жатқанға ұсайды. Бір казак-орыс жалаңбас жаяудың қырға қарап қадалып тұрганын байқап қалып, жаяуға жұдырығын түйіп жекіріп қойды.

Жалаңбас жаяу бұрылыштың жолдасына қарады. Тапал адам төрт бұрышты қылышты жерді өлшеп алышп қазғалы жатыр. Әлгіде күрек басымен шұқығаннан шыққан қара топырақ сайдың кілемдегі түрлі жасыл шөбінің ішіне тастаған кішкене қара қобидидың қақпағына ұсайды.

Мұнан кейін екі жаяу күректерін оңтайладап ұстап жерді қаза бастады. Казак-орыстар жантайып шапқының жайын сөз қылышты жатыр. Иығына ақ бірдене жапсырып алған казак-орыс екі жаяудан анадай үш адымдай жерде отыр. Қолында мылтық. Қылышты тізесінің үстіне са-

лып қойған. Өмірінде бірінші рет үлкен төренің үйіне қонақ болып отырған адамдай жүзі гүл-гүл жайнайды. Сербек мұртын сылап, ширатып, ұшын едірейтіп қойған. Жүзінде ыстық күн, панасыз даладан қажып, көлеңкесі мол орманы бар еліне кеткісі келгендей те көрініп тұр. Казак-орыс көлеңкеге барып жатсам ба еken деп, Теміrbай жатқан қарағанға да қарап-қарап қояды. Қарағанмен арасы 20-25 адым жер еді, тұрып баруға ерінді ме, болмаса орнынан тұрып кетуге жарамайтын болды ма, қалайда қарағанға бармады. Қазақша малдас құрып, быртиған күшті қолымен мылтықтың түбін қапсырып ұстап отырған күйінде отыра берді.

Екі жаяу бүкірейіп жерді қазып жатыр. Дым қара то-пырақ атып, былш-былш етіп түсіп, үйіліп жатыр. Қазылып үйілген тоғырақ үп-үлкен төмпе болып қалды. Жердің не үшін қазылып жатқанын Теміrbай әлі білмей отыр.

Аласа бойлы жаяу қолындағы күргегін орга түсіріп алды. Ұзын бойлы дереу еңкейіп, күргегін алып берді. Тапал күргегі түсіп кеткенде таңқы танауы қусырылып, ренжіп қалып еді, жолдасы алып берген соң, танауы делдиіп қуанып қалды.

Ұзын бойлы тоғырақты серпіп алысқа атады. Зордың күшімен тек еріксіз жұмыс қылып тұрғаны көрініп тұр.

Казак-орыс:

– Жақын! Мына жерге таста! – деп, қолымен тұртіп көрсетіп қойды. Казак-орыстың мұнысы Теміrbайға ұнады, «шаруадар адам екен» деді. Тоғырақ қайтадан шұқырға салынатын болса, алыс тастау бекер ғой. Текке жұмыс болады ғой деді. Ұзын бойлы казак-орыстың сөзін тындаған жоқ, әдейі ерегіскендей тоғырақты алышқа лақтыра берді. Ұзын бойлының мұнысын Темір-

бай бет-аузын тыжырып, ұнатпай қалды. Казак-орыс ұзын бойлыға қайтарып ештеңе деген жоқ. Соңан соң Теміrbай: «Шамасы қазына жұмысы той. Өз жұмысы болса бұлай нем кетеді деп қарамас еді» деп ойлап қойды. Тапалдың жұмыс қылуы тәуір. Асықпай-саспай күргеіне топырақты толтырып салады да, шұқырдың аузына ақырын аудара береді. Аударған сайын күрекпен топырақты былш еткізіп ұрып, түрік ерні таңқия түрліп күлген тәрізді болады. Тапал әрі-беріден соң-ақ терлеп. омырауын ағытып, білегін сыбанып алды. Ұзын бойлы шолақ шапанын шешіп, лақтырып жіберді. Әлгіде келе жатқанда өлең айттып, Теміrbайды ұйқыдан оятқан жалпақ бетті жас казак-орыс шапанды қағып алды. Теміrbай казак-орыстың шапшаңдығына таң қалып, қарадай қорқып шошып кетті. Жалпақ бетті казак-орыс шапан енді менікі болды дегендей шапанның асты-үстін аударып қарап, жолдастарына көрсетіп жатыр.

Бұтаның түбінде қозғалмай отырғандықтан және ыстық соғып, Теміrbайдың басы ауырып кетті. Теміrbай бұрын бір нәрсеге ойын тоқтатып көп ойлаған жан да емес қой. Теміrbайға ой да осал тиіп тұрган жоқ. Оның үстіне шөлдеп те отыр. Бірақ қайткенмен қарағаннан шығып, аналарға көрінуге жүргегі тұрмайды.

Теміrbай көзін жұмды. Бірақ көзін жұмған соң жүргінің қобалжуы, елегізіп қорқуы қайта күшейгендей болды. Казак-орыс қазір қарағанның ішіне кіріп Теміrbайды тауып алып:

— Сен мұнда жасырын тыңшы болып тұрсың ба? — деп жер тепкілеп жекіретіндей көрінді.

Теміrbай тағы көзін ашып, жұмыс қылып жатқан екеуге қарады.

Тапал тегі шаршаса керек, қалтасынан бір кірлі шүбөректі суырып алып бетін сұртіп, алқынып екі иығынан дем алып, басын көтеріп жан-жаққа қарады. Көзі қызырып қанталап, бетінің қаны қашып көгілдір түске кірген. Ұзын бойлы қабағын түйіп қарап: «Қаз!» дегендей орды көрсетті. Тапал алқынған күйінде тағы қаза бастады. Шапқы жайын сөз қыла беру казак-орыстарды жалықтырды білем, олар біртіндеп шұқырдың басына келіп ұніліп қарап, боқтап-боқтап қойысады. Теміrbай орысша боқтауды билетін. Кімді боқтағандары анық белгілі болмаса да, Теміrbай: «Осылар жұмыстың өнбекенін боқтап тұр-ау» деп ойлады. Қарай-қарай Теміrbай да жалықты. Осылар тезірек қазып болып кетсе екен, Теміrbай да үйіне қайтып, тұндігі жабық, іргесі түрулі лашығына кіріп, далдұл болып шешініп салқындар еді. Арқасын сандыққа сүйеп текеметтің үстіне отырып, жалғыз биенің саумалынан бір тостаған тастап алар еді. Онан кейін пәленшекен, түленшекендердің үйіне барып, көрген-білгенін айттар еді. Болмаса өзі бармай-ақ, пәленшекендерді шақыртып та алар еді.

Теміrbайдың басында осындағы ойлар отыр. Бірақ бұлар бертінгі ойлар. Теміrbайдың миын ә дегеннен бері бұрғыдай бұрап, шаяндай шағып отырған түпкі ой мынау:

«Бұлар мыпау орды неге қазып жатыр? Не үшін?
Кімге деп?»

Міне, осы ой қазір жазғытұрым тасыған өзендей тасып, өсіп, Теміrbайды билеп алды. Өзен басып су астында қалған жағадағы талдың анда-санда қылт-қылт етіп көрініп-көрініп кететін басындағы, ауылы, малы, ұлышуралы ой анда-санда бір соғып кетеді.

Теміrbайдың басы айналып, көзі қарауытып кеткен-

дей болды. Казак-орыстардың қолындағы мылтық, жерді тырнаң жатқан екі курек, иығына ақ бірдене жапсырып алған төре – осылардың бәрі әп-сәтте біріне-бірі қосылып, ертегіде айтылатын жеті басты жалмауыз қияптына кіріп, Теміrbайдың тап алдына келіп, іріген аузынан шіріген лебін бұрқ еткізіп:

– Екі жаяу қазір атылмақ!... – дегендей болды.

Ордың неге қазылып жатқанын Теміrbай енді білді. Білген соң мүлде үрейі ұшып кетті. Теміrbай, біресе, жат-жапанда жалғыз өзі адасып жүргендей болды. Біресе, мынау кісі өлтіргіштермен бірге өзі кісі өлтіргелі жатқандай болды. «Жоқ! Өлтірмендер!» деп айтуға шама жоқ. Теміrbайдың жүрегі ойнап аузына тығылып, арам ет жегендей жүрегі айнып, тамағы жыбырлап, құсқысы келді.

Екі қызыл орыс әлі қазып жатыр.

Ор тереңдеп, тапалдың белуарынан келіп қалды. Енді ордың ішінде тұрып екі адамға қазуға тар болып қалған соң, жалаңбас адам ордан шығып, құба жонға шөккен нарға меңзеп жатқан белге қарап тұр. Теміrbай ұзын бойлы қызыл орыс тегі біреуді құтетін шығар деп ойлады. Өлімге басы байланған екі адамды қатты аяп кетті.

– Ай, біреу көрінсе игі болар еді, – деп Теміrbай да құба жонға қарады.

Ешкім көрінбейді.

Жусап жатқан өңшең көк шулан қойдай болып қызылт құмның бетін жаппай жауып жатқан жусан көрінеді. Сұйық сұтке меңзеген аспан жерге төніп, жылжымай, тырп етпей табандап тұрып, аңызғағын аямай төгіп тұр. Ыстық ауа толқынданған торғынға ұсан кәдімгідей көзге көрінеді. Ұзын бойлы адам құба қырға әлі қадалып қарап тұр. Басқа шара болмаған соң, құба қырдың қой-

нына көңілмен, көзбен ұшып кетпек болып қомданып тұрған тәрізді. Теміrbай ұзын бойлы адамның еңгезердегі денесіне, ескі етіктің қонышындай күн жеп қойған бетіне көзін алмай қарауға шыдамады.

Казак-орыс жекіріп ұзын бойлыны боқтап-боқтап жіберді. Ұзын бойлы орға атып түсті. Жалпақ бетті тапал ордан шығып, бұз да құба жонға қарады. Бірақ қадалып қарамады, бұрылышп, үйілген топырақтың ұстіне отырып, біреу зорлап, қорқытып күлдіргендей бас терісі ыржиды.

Иығына ақ бірдене жапсырып алған казак-орыс орысшалап бірдене деп ақырды. Басқа казак-орыстар құлкі-қалжындарын тыиып, қоңыр салқын түс алғып, атып түрді, Қолдарына мылтықтарын алғып, желіге байлаған құлындағы қаз-қатар тізіле қалды. Бастықтары ақырып-жекіріп, балағаттап бүйрек қылса, сүйсініп, көңілденіп орындастындықтары көрініп тұр. Жұмыс бітіп қалды, енді күнге қақталудан құтыламыз деп көңілденгендіктері де көрініп тұр.

Төренің айқайын, казак-орыстардың дүрсілдеп тізіліп жатқанын естіп, жер қазып жатқан екеу ордан атып шықты. Ұзын бойлы қолындағы құрегін пәрменмен ана-дай лақтырып жіберді. Қүрек жамбасынан жерге қадала қалды. Екеуі жұлып алғандай біріне-бірі жалт қарасты да, ордың шетіне қатар тұра қалды.

Теміrbай:

– Енді атады-ау! – деді.

Осынау казак-орыстардың кім екенін, аты-жөнін білуі, солармен кейін тағы жолығып амандасу, соларды енді танысым-білісім деу Теміrbайға мейлінше бір масқара жұмыс болып көрінді. Теміrbай жер бауырлап жатты. Жүрегі тарс-тарс соғады. Жүректің соққанынан астын-

дағы жер дүнкіп дұрс-дұрс соққандай. Басы зырқылдалап, күн ызгарлы аяз болғандай денесі мұздап кетті.

Ұстанып жатқан бір бұтақ сырт етіп сынып қалды. Қуаты құрып, қаны қашып, аузы аңқиып, аузынан сіле-кей ағып, Теміrbай қадалып қарап жатыр: сегіз казак-орыс мылтығын оқталып, екеудің қарсы алдында қаз-қатар тізілді. Бастық казак-орыс анадай жерде көйлегінің жағасын ағытып, ақырын бұйрық бергелі дайындалып тұр.

Ұзын бойлы қол алыспақ болып тапалға қолын берді. Тапал қолды алып, қысып ұстап тұрып, амалсыз тартып алғандай қолын ақырын тартып алды да, теріс қарады. Ұзын бойлы шүлғыған аттай иегін көтеріп қалып, іл-гері қарай бір адым аттады. Сол арада бастық казак-орыс ақырып қалды. Бұл ақырғанда сегіз казак-орыс батыр-бұтыр еткізіп бірден атып жіберді. Теміrbай дереу көзін жұмды. Сегіз оқ Теміrbайдың өзіне атылғандай болды. Жазаласа, бір жақ иіні дуылдалап ашып ауырып кеткендей болды...

Біраздан кейін Теміrbай көзін ашып қараса, екі жаяу жоқ. Екі казак-орыс күрекпен орга топырақ салып жатыр. Бұлар да топырақ салуды ұзамай тоқтатып, күректің басын етіктің табанына сұртіп тазартып алып, матастырған аттарын босатып, аттанып, анадай кетіп бара жатқан жолдастарына қарай шаба жөнелді.

Теміrbай қараганнан шықпай аңырып бірталай отырды. Бір мезгілде тұра келіп, бұғып басып ордың жанына барды.

Атылған екеудің денесі көрінбейді, топырақ басып қалған. Тек біреуінің бес саусағы сорайып шығып тұр. Оқ тигенде орга шалқасынан құлап, қолы жоғары созылған күйінде қалғанға ұсайды. Қол – сәл сарғылттау

ақ қол. Бас бармағының бауыры жара, қан.

Теміrbай екеуге көр болған орды жаба түсейін деп еңкейді. Еңкейіп, қолы топыраққа тие бергенде, ойына сорайып тұрған салалы ақ қол келіп, үрейі ұшып, кейін шегініп ыршып түсті. Жығыла-сүріне жан-дәрмен қаша жөнелді.

Теміrbай қашып келеді. Басында мың түрлі ой най-загайдай ойнайды, жарқ етеді, жоқ болады, тағы жарқ етеді...

Мынау қашып келе жатқан бұрынғы Теміrbай емес, басқа Теміrbай. Бұрынғы ештеңемен жұмысы жоқ, мұмын шаруа Теміrbай анау екеумен бірге мынау көрге көмілген тәрізді. Төңкерістің тау-тау толқынының бір мұрты Теміrbайды да қаққан тәрізді... Соғыстың, төң-керістің, ақ пен қызылдың кім екенін, не екенін Теміrbай енді үққан тәрізді...

ЖОЛЫГУ

Жазғытүрғы уақыт. Жан, дененің балқыған шағы.

Сайлардың, борсыған шөптердің үстінде қалқығандай болып, қанатын анда-санда бір қағып қалықтап жүрген құстарға елжіреген қуанышпен қарап келе жатырмын. Қалықтап жүрген құстардың көлөнкелері салмақпен сыр-ғанап бара жатқап шойыннан құйылған бір нәрсегерге ұсайды.

Достарымның сүйектері шөлде қалды. Тұл қалған тұлпарларды жел қуып кетті. Алайда жаныма жалғызық батпайды. Жіңішке сүрлеумен баяғы Қарақорымның жұртына бара жатырмын. Бір кезде Шыңғысханға орда болған Қарақорым ғой ол. Алдынан Күн, артынан Ай туып тұрғанда, анды бір жерде жатып аулаймын деп, барлық Орта Азияның азын Зарафшан өзенінің алабына айдатқан Шыңғыс қой ол. Тәжіктер осы күнге дейін көлкіген сулы саз күріш егіндіктеріне арықтан су жіберіп жүріп, жыл сайын сол Зарафшан алабынан қанша арқар, құлжаның сүйегін, қабанның сойдиган-сойдиган азуларын тауып алысады деседі.

Тірі қалған достарым жан-дәрмен тезек теріп, калап, тұтатып, бықсытып, монғолдың азы шәйін қайнатысып жатыр. Қасымда Тоқай, Салат, Әмір бар, мен ілгері жүріп барамын.

Сүрлеу жүрген сайын жіңішкегіп келеді. Әрі-беріден соң мұлде киік сүрлеуіне айналды. Тікенді тырбық бұталар атымның төсін тілгілеп, етігімді түте-түте қылып, екі өңірімді шүрк-шүрк қылып жыртып келеді. Артымда келе жатқан Тоқай тебінгідей көзілдірік киген орыстың, жолшыбай Шыңғыстың қалайша аң аулағанын айтқа-

нын, Шыңғыстың тас жүрек, қан құмар Шыңғыс аталғанын өлең қылып айтып келеді.

Бір мезгілде бір төбенің басына шыға келдік. Алдымыздағы аңғарда баяғыда қираған Қарақорымның тастары жатыр. Бір күнде Қарақорымның қара көлеңкесі барлық Орта Азияға түскен. Бұл күнде енді қираған үйлердің талқан болып қалған тастарының жан-жағына түсетін жөнді көлеңкесі де жоқ. Тастардың үстіне монголдың тырыбық тікен шөптері шығып кеткен.

Бір күнде сыйаттанып жүрекке түскен жарадай көзі сыйғрайған бидай өнді монгол жарлық қағаз орнына Шыңғыстың жүзігін белбеуінің бұрышына түйіп алыш, Қарақорым қақпасынан шауып шығып, онға бұрылып, Ертіс пен Обты басып, дарияға бет алыш құйындар таңады. Солға бұрылып, Еділді басып, поляк елінің меңіреу ормандарына жол тартқан. Әшекейлі кілемдер алыш келгелі аттың маңдайын Иранға қойып, шөлдерде желдей ескең.

Бұл күнде құлаққа ұрған танадай тын-тыныш.

Інірдің ылғалды сарғылт көк караңғылығы бірте-бірте жылжып, жоғары көтеріліп, екі үзенгіме жармасып келе жатыр. Еңгезердей екі қара төбет етігімнің табанын жалап келе жатқан тәрізді.

Тоқай:

– Жүре. береміз бе? – деді.

Мен:

– Ие, жүре береміз, – дедім.

Сол арада астымыздағы атымыз осқырып-пысқырып, елегізіп тоқтай қалды. Атым құлағын қайшыландырып алған, дұрс-дұрс соққан жүргегі екі аяғымды теуіп-тартып, теуіп-тартып тұр. Ердің алдыңғы қасына жата қалыш, алдымыздағы топ шілікке қарадым. Мүмкін, апа-

нына асығып қайтып келе жатқан қасқыр шығар. Болмаса, Балқаштан шөлге жортуылға шыққан жолбарыс шығар. Жан-жағымызды бір майда тыныштық басқан. Біреу жерді жұмсақ жүнгө бөлеп қойған тәрізді. Төмен жүріп бара жатқан бұлттар түйенің жабағысына ұсайды. Атым пысқырып, жер тарпып, тып-тын болып тыңдал тұрады да, қалш-қалш етіп кетеді. Өстіп тұрғанда, жібекті жыртқанда шығатын үндей, су-су етіп ысылдаған бір үн шықты.

Бір тастың үстінде шырағдан жарқ ете түсті, дөңбек қара тас бітулі тұрған тас үйдің бір қабырғасы сыйылды болып көрінді.

– Да, кім бар? – дедік.

Астымдағы ерім де, қолымдағы мылтықтың құлағы да сатыр-сұтыр етіп қалды. Соңғы уақытта тұнді-тұнгे ұрып, ақтардан қашып жүріп, күмәнді бір дыбыс естілсе-ақ, алдымен ерде оңтайланып отырып алып, дереу мылтықтың құлағына қол салуға әбден әдеттеніп алғамын.

Үн тағы шықты. Қажыған қарттың ажал сағатында қырылдаған сыйырлағанындай. Қараңғы тұнде алдындағы қойын қасқыр қырып кеткен қойшының есі адасып, қырылып қалған қойын шәй-шәйлап қарлықкан дауыспен қырылдағанындай. Қырылған қойдың қайтпасын қойшы бейбақ біледі-ау. Оның ендігі айқайы есінен адасып дағдарған, жанталасып жатқан адамның қырылдаған үні ғой. Осындай күйдегі осынау қойшының қара тастай ауыр қайғысына ортақ кім болады? Құйрығын қысып, қыңсылап айналып келіп қойшының етегін жалай беретін ауылдың сабалақ жүнді тәбеттері ғана болады ғой. Алдында, ана жер, мына жерде де теңкии-теңкии жатқан қойдың өлекселеріне қарап есі шығып, шәй-шәй-

лап қырылдап қойшы тұрады. Қойдың бүркүраған жұндерін жел дыбысын сездірмей жорғалап келіп сыптырып алып кетіп жатады.

Мен ұн демей тұрмын. Атым жер тарпып пысқырып тұр.

Тастың үстінде көрінген шырағданның жарығы қалшқалш етеді. Қызыл-жасыл жалыны қалыңдай тұсті. Сөйтті де, шырағдан лап етіп сөнді. Мен тағы айқайладым:

– Да, кім бар?

Тоқай сыйырлап:

– Тоқтай тұр, аға, байқалық... – деді.

Тағы ұн демей тұрмыз.

Сол арада шілік сыйдырлай бастады.

Жоқ, мынау – адамның жүрісі. Біреу нығыз-нығыз басып келе жатыр. Менің ойыма Қарақорымның қанқұмар ханы келді. Келе жатқан адамның аяқ басысы тым баяу. Дем алысы бір түрлі қатты, тас жүрекпен дем алған сыйылды.

Атым шегініп кетті. Жерге жабысып еңбектеп жүрген сыйылды болып бүткендең шіліктен бір қаршыға келді.

Шықты да, қырылдаған дауыспен маған:

– Да, сен кімсің? Қызыл орыспысың? – деді.

Мылтығымды көтеріп оқталып:

– Ие, қызыл орыспын, – дедім.

Шіліктен шыққан адам қырылдап:

– Олай болса, мен сенің табаныңа топырақ боламын.

Саған айтатын сөзім бар, – деді.

– Айт.

Шіліктен шыққан адамның қолындағы шырағдан тағы жарқ ете тұсті. Май иісі мұңқіп кетті. Май иісімен бірге өлік иісі де шықты. Менің жүрегім де алыш-ұшып тұр, ауыздықпен алысып атымның жүрегі де алыш ұшып тұр.

Шіліктен шыққан қазақ былай деді:

– Уа, баран мінген жолаушы, мен саған айтайын. Бір күнде мынау жусан басып жатқан Қарақорымның ұсталары алдаспан қылышты ақ патшаның ұсталарынан анағұрлым артық соғатын болған. Мұны теріс деп тірі жан таласа алмайды. Менің айтайын деп тұрган сөзімнің шындығы да осындай. Сендер ақ патшаны өлтірдіңдер гой. Бұларың жарайды. Ақ патша неге өлтірілді деп айтатын жан мен емес. Мен өзім ұстамын. Кедей жатақ қазақ ұста болады-дағы. Орыс қаласының жанында қара лашығым бар. Лашығымда құрулы тұрган көрігім бар. Менің ұсталығым – тұқымымызға дарыған ұсталық. Арғы атам Қарақорымның баяғы айтулы ұсталарының бірі болса керек. Менің бес сиыр, екі атым бар еді. Бесон қой, ешкім бар еді. Сегіз жыл дегенде қалың малын әрең төлеп болып қатын алыш едім. Өзің кедей болсан, қалындығың көрікті болса және бірінді бірің сүйетін болсан, сегіз жыл түгіл, сексен жылға болса да шыдамай амалың бар ма. Алғаным ару еді. Жүрісі – айданда жүзген аққудай еді. Шаруа қылып олай-бұлай жүргенде, аяқта айран құйып әкеліп маған ұсынғанда, жүрегім алас ұрып аузыма тығылуши еді. Орыс шын сүюндің не екенін білмейді. Сендердің сүюлерің асau аттың бетімен лағып тулап шабуы сықылды. Сол алғаныммен арқар мен құлжадай тату-тәтті тұрып жатқан жайым бар еді. Менің арманым мал көбейтіп бай болу емес, қатынның арманы ханша болу емес еді. Екеуміздің де тілегіміз тек сүйіспеншілікпен өмір сұру еді. Бірақ дегеніміз болмады. Кешегі күні кешкे біздің Аютой сайына иықтары жарқыраған орыстарды ертіп қанша қалың қолмен би-болыс келіп, менің барлық малымды сойыс қылып қырып тастады. Қызыл орыс қарағым-ау, ол иттер малдың қанына тоймай, қосағымның әуелі екі емшегін

кесіп алып, онан соң қанын судай шапшытып кескілеп өлтірді... Барлық малымды тік көтере жау жеп кетті. Бағып-қақсан малымның сүйектері саудырап қотанда қалды. Сендерге тарту қылар тік басқан тұяғым қалған жоқ. Мен сендерге көрсеткелі қазалы болған қосағымды алып келдім. Аютой сайынан Қарақорымның жүртynа дейін жиырма шақырым жер қосағымның сүйегін арқалап келдім. Мақсұтым – қосағымның сүйегін жаза баспай тиетін бір мылтыққа айырбастау...

Қазақ өлікке жапқан кірлі көрпешенің шетін көтеріп өліктің бетін ашты. Өліктің сары балшықтай сап-сары бетіне шырағданның майы тамып кетіп, шыжылдап қоңырсы иіс шықты. Эйелдің аузын далитып қылыш тіліп кеткен. Қылышпен тілгілеп азаптау аз көрініп, малғұндар әйелдің бет сүйегіне шеге қағыпты. Тот басқан шеге сорайып тұр.

Әйелдің бетіне тамған майды жалаңаш қолымен сұртіп жіберіп, қазақ былай деді:

– Қосағымның аты Қаныкей еді. Болыс, жанындағы иықтары жарқыраған орыстардың арағын ішіп алып мас болып қылжындал, емшегін ұстай беремін дегенде, Қаныкей болыстың бетіне түкірді.

Қазақ осыны айтты да, еңкейіп, үзенгіме жақындал келіп, етігімді сүйе бастады.

– Қызыл орыс қалқам-ау, мылтығынды бер. Мен Қаныкейді жиырма шақырым жер арқалап келдім. Қосағымның сүйегін арқалап жүру ауыр да болса, ауыр болған жоқ.

Мен ұйықтап отырған құс түсінде күнді көріп отырған шығар деп ойлап тұрмын. Әне, бір құс ұшып кетті. Қанат қағуы шабандай. Шамасы, қанаты шықтан су болған-ау, қолымдағы тізгін де шықтан су болып қалып-

ты. Апырмай, басымдағы ойдай астымдағы атым неге ұшқыр емес!

Мен жалғыз жүріп кеттім.

Жінішке сурлеу мені жаудан аман қалып, шөлде тезек жинап, от жағып отырған достарыма алып келе жатыр. Шетсіз шөлде жылтылдаған аз фана от жалғызырап жүдеп, алыстан әлсіз ым қағады. Шық түсіп, шала сөніп, бықсуға бет алғандай. Шық қалың түсті ғой, қолымдағы тізгін су болғандай, мен келе жатқан сурлеу де су.

Оттардың маңайынан аттардың бір мұнмен, жұдеген ұнмен кісінегені естіледі. Достарымның самбыр-самбыр сөйлескенін естіп келемін. Қазір мен барысымен-ақ атты ондал ертеп алып, бетпақ құмға бет алып бойлап кетуге тиістіміз. Ақтың құғыншылары жақын.

Мен мылтығымды Қаныкейдің еріне беріп кеткемін.

Олар, Тоқай мен екеуі, Қарақорымның көп қаратасының біреуінің етегіне Қаныкейді жерлемек болып қалған.

Онан кейін екеуі бізге қосылмақ. Қаныкейдің ері келген соң, әрине, штабтың хатшысы оның аты-жөнін сұрап, жазып алады ғой.

Біз енді Қарақорымды басып өтетін сурлеуді тастап, бетпақ шөлдің қойнына кеуlep кірмекпіз. Таңды ескі молаға ұсайтын құм төбелердің, шөккен нарға бензейтін барқандардың ішінде қарсы алмақпыш. Таң сібірлей оянатын шөл құстарымен құм қойнында ұшыраспақпыш.

Таңнан кейін күн шығады. Сәске болады. Күн төбеге келеді. Жанды ой орайды. Жүректі шер шертеді. Қүрен құм біздің келген ізімізді күбірлеп сүйіп көміп тастайды,

Жазғытұрғы уақ. Жан-дененің балқыған шағы. Терен ойдың шырағданын тұтатар да шақ болды-ау!..

ШЫҒАРМАЛАРДЫН
ФАКСИМИЛЕЛЕРИ

